Сонда не істеу керек? Миллиондардың араласуын қажетсінетін революциялар мен соғыстар, өндірілетін ине мен түймеге дейін алдын ала болжаған жоспарлы экономика, империализмді іріп-шіріген капитализм деп білген идеология әрқашан ұшпаққа шығара бермейтініне XX ғасыр көз жеткізді. Біздіңше, қайшылық ұрындырған тығырықтан тұлғалар алып шығатын тәрізді. Қазақи ұғыммен айтқанда – екіншісі бірі. Мәселе шешілмесе, қоғам күйрейді, не осынау қайшылықтар мен қиыншылықтардан алып шығатын адам табылады. Күрмеуі күрделі құбылыстың шешіміне қол жеткізген ой мен әрекет иесін, басшыны, жасампаз жанды, халқы мен мемлекетінің беделін, күш-қуатын арттырған азаматты, біздің пікірімізше, Тұлға деген жөн. Тұлға – өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.б.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект. Тұлға дәйектеген ізашарлық нәтижені замандастары, кейінгі ұрпақ та кәдеге жаратады.

Көктей шолып қарайтын болсақ, ортақ түркі тарихында Тұлғалар жалғастығы үзілмегенін көреміз. Тарихи таным үшін методологиялық мәні зор үдеріс – осы. Парсы әскерін шөл далада адастырған Шырақ та, білім-ғылым қуып қиырға кеткен сақ ойшылы Анахарсис те, күй атасы Қорқыт та, энциклопедиялық білімді дәрігер Ибн Сина да, ағартушы И. Гаспыралы да, азаттық жолында құрбан болған С. Юлаев, Махамбет, Кенесары, М. Сұлтан-Ғалиев та шынайы Тұлғалар.

Тұлғаны тұлға еткен іргелі нәтиже, танымдық және қолданымдық бәсі жоғары теориялық-практикалық шешім алғашқыда ниет, арман, қиял түрінде көрініс береді. Осының бәрі түркі халықтарының ертегілерінде, аңыз-әңгімелерінде молынан орын тепкен. Бұл – утопиялық идея. Келесі саты -ықтималды идея, яғни жүзеге асуы бек мүмкін идея. Айталық, аспанда құстай қалқуды армандаған батыр бабаларымыз ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйенген нағыз ұшу аппараты түгілі қарапайым ұшу құралын түзе алмады. Аспан әлемін зерттеген Ұлықбек сынды тұлғаларымыздың теориялық-практикалық жаңашылдығы үшінші сатыға – шынайы идея сатысына, нақты нәтижемен көмкерілген идея биігіне көтерілмеді. Оған, біріншіден, түркі әлемінің XX ғасыр басындағы инженерлік-техникалық, экономикалық даярлығы мен мүмкіндігі шектеулі еді, екіншіден, утопиялық идеяның ықтималды идеяға, ықтималды идеяның шынайы идеяға және көздеген нәтижеге айналуы үшін интеллектуалдық ізденіске толы уақыт керек, үшіншіден, өміршең идеяны туындатушы, оны бір сатыдан келесі сатысына жеткізуші Тұлғалар сабақтастығы үзілмеуі қажет. Бұлардың бірде-біреуі Еуразиялық, Орталық Азиялық, Кавказдық, Османдық түркілерде орнықпады.

Жалпы, адам баласының санасы мен жүрегі мазалаған, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан утопиялық идеялардың басым бөлігі түбінде жүзеге асады. Өйткені олардың бастау бұлағында өмірлік қажеттілігін тереңінен ұғынған, замандастарын иландыра білген, қоғамдық санаға нық орнықтырған, орасан жауапкершілікті мойынына алған Тұлға тұр. Көптің үйреншікті өмір салты мен тіршілігіне

қозғау салатын, өзгеріс әкелетін Тұлғалардың ақыл-ойы мен әрекетінсіз тарих қарыс-сүйем алға баспас еді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол – ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған».

Халық пен тұлғаға методологиялық басымдық беру ортақ түркі тарихының ұлттық сипатын тереңінен ұғындырады, адами-өркениеттік көзқарасымыз бен бағыт-бағдарымызды адастырмайды, тұтастығымыз бен бірлігімізді нығайтуға қызмет етеді. КОКП билеген дәуірде тарихқа материалистік көзқарас ұлықталып, нақты адам, тіпті тұлға үлкен механизмнің кішкене тетігі орнына жүрді. Тарихтағы тұлғаның рөлін екінші қатарға ысырған жүйе елдің бірінші басшысы – бас хатшыны, әсіресе Сталинді жер-көкке сыйғызбай дәріптеумен өздеріне өздері қайшы келді. Пайғамбарлық пайғамбарға ғана жарасатынын ескермеді. Осының салдарынан миллиондардың тағдыры нақақтан қиылды, көбінің өмір жолын анықтау мүмкін емес. Қасіретті тарихтан тағылым алатын кез келді.

Ал ортақ түркі тарихындағы билік мәселесіне келсек, бұл орайдағы методологиялық позициямыз қоғамдық-гуманитарлық ғылыми ой-санада әлемдік қолдау тапқан ұстанымдармен, әсіресе саясаттану, құқықтану салаларының үздік жетістіктерімен үндесіп жатқанын қалаймыз.

Билік адамдар қауымын басқаруға бағытталады. Оның ең жоғарғы сатысы – мемлекеттік билік пен басқару. Күлтегін жазуында:

Жоғарыда көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда.

Екеуінің арасында адам баласы,

Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды, деген ғой.

Осынау жолдар – мемлекеттің анықтамасы, биліктің формуласы. Түркі халықтарындағы мемлекеттік билік пен басқарудың формасы, типі, субъектілері әлемдік үлгіден, заңдылықтан алшақ кеткен жоқ. Олардың ішінде әр кезеңде монархиялық, парламенттік, президенттік, президенттік-парламенттік басқарудағылары болған, кейбіреуі әлі де бар. Саяси режимнің авторитарлық, тоталитарлық, демократиялық жүйелерін бастан кешкеніміз тарихи факт.

Демек, Қазақстанның әр дәуіріндегі, ортақ түркі тарихындағы билікті зерттеу методологиясы екі міндетті шешуі керек: біріншіден, әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі екенімізді тиянақтау, екіншіден, түркі мемлекеттеріндегі билік формаларының, сала-салаларының өзіндік ерекшеліктері мен мәнді белгілерін, диалектикасы мен эволюциясын ажырата алу. Пайымдары мен дәйектері бойынша тарихи зерттеулер мен оқулықтар биліктің халқына, экономикаға, руханиятқа, сыртқы елдерге саясатында уақыт талабына, ұлттық қауіпсіздік және мемлекет мүддесіне сай келген-келмегенін аша алатын методологиялық парадигмаларды түзгені абзал. Әсіресе биліктің құқықтық өкілеттілігі, ауқымы мен шегі, атқарылуы мен жемқорлығы, жаңғыртылуы мен кертартпалығы, тиімділігі мен зардабы тарихи динамикада зерделенудің мәні зор.

Келесі методологиялық ұстаным биліктің шешімі миллиондардың тағдырын шарпитуының дәйектеуге саяды. Биліктің қолданылуы мемлекеттің атауымен, құрылымымен анықтала бермейді. Бұл орайда саяси билік иесі – қағанның, ханның, сұлтанның, президенттің, бас хатшының – позициясы айрықша маңызды. Елдегі жүйелер мен үдерістерді, саясат пен саяси институттарды, институционалдық пен институционалдық емес негіздерді анықтаушы – мемлекет басшысы, жақын шоғыры, партиясы. Қисапсыз тәжірибе көрсеткендей, билік өзі ұсынған жобаны, бағдарламаны орындатпай тынбайды. Бірақ бодан елдің билігі мен тәуелсіз елдің билігі жіберген қателіктер арасындағы айырмашылықты, саяси-идеологиялық өктемдік пен нарықтық қажеттіліктен туындаған шешімдерді, жаһандандудың ұлттық билікке түсіретін салмағы мен қысымын биік методологиялық өлшемдермен, ұғым-түсініктермен зерделей алсақ, қанеки. Сонда тұтас халықты айыптаудан ада, азаттықтың қадірін қастерлейтін, отансүйгіштік қасиеті берік ұрпақ тәрбиелеуге ортақ түркі тарихы септесетіні сөзсіз.

#### **4. Тарихты дәуірлеу**

Ортақ түркі тарихын, ұлт тарихын зерттеуге қойылатын жауапты методологиялық талаптың әлқиссасы – дәуірлеу мәселесі. Біздің ойымызша, осынау тарихты дәуірлегенде төрт құндылыққа баса назар қоюымыз керек. Олар, біріншіден, алғашқы адамдардың, тұрғындардың пайда болуы мәселесі. Осы сұраққа жауаптан кімнің маймылдан адамға айналғаны, кімнің адамнан тарағаны, кімнің автохтонды, кімнің келімсек екені тиянақталады.

Екіншіден, түркі халықтары этногенезінің мәселесі. Бұл сұрақтың мазмұнын түркілердің антропологиялық, нәсілдік, тілдік, рухани-дүниетанымдық, әлеуметтік, саяси тұтасу құпиясы, тарихқа табиғи-географиялық ортаның әсері, шаруашылық-мәдени типтің қалыптасуы мен сабақтастығы, этностың өзін өзі тануы құрайды.

Үшіншіден, алғашқыда түркілік, сол негізде кейін ұлттық мемлекеттің пайда болу және өмір сүру мәселесі. Мемлекеттің басты мақсаты – халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тарих аманатын ұрпақтан ұрпаққа жалғау, яғни қоғамдағы табиғи-ырғақты даму мен шынайы азаттықты сақтау.

Соңғы, төртінші құндылық жұмыр жер бетіндегі халықтардың даму деңгейі ешқашан біркелкі болмақ еместігінен туындайды. Этностың алшаң басып жүруі немесе әлемдік салқар көштің соңында салпаңдап шаңға көмілуі – бәрі дүниенің бірде ана өңірінен, бірде мына өңірінен жанартаудың жалынындай көрініс беретін өркениеттік өрлеуге, соған алыс-жақын орналасуға, бәсекеге қабілеттілікке көп байланысты екен. Адамзат баласын алып кемеңнің үстіндегі жолаушыдай елестететін болсақ, сол көліктің ілгері сүйретуші қуаты бірде ежелгі Египетте (Африка), Грекия мен Римде (Еуропа), ортағасырлар басында Азияда (байырғы түркілер), соңына қарай Еуропада (Ренессанс), бірде Америкада (АҚШ) орналасқанын байқай аламыз. Осы қуаттың нақ ішінде немесе соған жақын жайғасқан этностар кезінде тарихтан өз сыбағасын алып қалды, бәсекеге шыдамағандары әлдінің уысына түсті. Тіпті жұтылып кеткендері бар.

Мәнді айырмашылықтарына және үзілмеген сабақтастығына сәйкес, біздің ойымызша, ортақ түркі тарихы төмендегідей дәуірлерден тұрады:

1. Арғытүріктер дәуірі. Аумақта алғашқы адам пайда болғаннан байырғы түркі қағанатына дейін. Бірінші кезеңі *Homo sapiens* тарих сахнасына шығумен аяқталса, екінші кезең байырғы түркі қағанатының шаңырақ көтеруімен тұйықталады. Парсы державасы мен ғұндар Ұлы дала тарихына сақтардан кейін пәрменді ықпал етті. Әлем тарихына белгілі тұлғалары – Томирис, Зарина, Анахарсис, Аттила, т.б.

2. Түркі, араб, моңғол империялары дәуірі (VI-XV ғғ.). Алдыңғы дәуірде тамыр жайған түркі өркениетінің мығымдылығы соншалықты, ол араб, моңғол тәрізді жатжерлік басқыншылардың ырқына біржолата мойынсынбады. Ислам дінінің келуі бетбұрысты сәтке айналды. Түркі әлемі жаңа ахуалға бейімделе алды, бірақ өзіндік «Менін» жоғалтпады. Түркі этностары арасында тұрақтап қалғандардың түркіленуі, исламдануы, түркілік халықтардың қалыптасу үрдісі дәуірдің мазмұнын құрады. Күлтегін, Тоныкөк жазулары дәуір рухын бейнелейді.

3. Түркі ұлттық мемлекеттері дәуірі (XV-XIX ғ. аяғы). Көшпелі өзбек мемлекеті, Қазақ хандығы құрылды, Константинополь Осман империясының құзырына өтті. Өкініштісі техникалық-экономикалық артықшылық Еуропа мен АҚШ-қа құт әкеліп, ортақ түркі тарихы өзара берекесіздікпен, қақтығыстармен толықты. Әсіресе Әмір Темірдің Анкара түбінде Баязидті талқандауы түркілік әлеуетке ауыр тиді. «Ел айрылған», «Менен қалған мынау Еділ жұрт!», «Азаулының Стамболдан несі кем», «Елім-ай» өлең-жыр жолдары дәуірдің қилы тағдырын айшықтайды.

4. Түркі әлемінің әлсіреуі мен бодандық дәуірі (1991 жылға дейін). Осман империясы ыдырады, тұтас түркістан идеясы жүзеге аспады, КСРО-дағы түркі халықтары орыстандыру саясатынан зардап шекті. Көмескілене жаздаған азаттық идеясы Алаш қозғалысымен, Ататүрік реформаларымен, М. Шоқайдың қайраткерлігімен, М. Жалилдің «Маобит дәптерімен», О. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабымен, Д. Қонаевтың, Ш. Рашидовтың, Г. Алиевтің саяси кемеңгерлігімен түркілік сананы биледі.

5. Түркілік қайта өрлеу дәуірі. Тәуелсіз бес түркі мемлекеті дүниеге келді. Ғасырлар қарызын өтейтін шақ туды.

Қазақстан тарихының дәуірлері жоғарыдағы ұсыныстан тым алшақ емес. Кеңестік жылдарды, әкелген қасіреті қисапсыз болғандықтан, ақыры тәуелсіздікті жариялаумен тиянақталғандықтан өз алдына дербес дәуірлегенді жөн көрдік.

1. Ежелгі дәуірдегі Қазақ елі. Бұл дәуірдің мазмұнын, бағытын, нәтижесін анықтаған негізгі ілгерілеулер: а) қазақ жерінде алғашқы адамдардың пайда болуы; ә) *Homo Sapiens* тарих сахнасына шығуы; б) «неолиттік революция», яғни адамдардың өзіне қажетін табиғаттан алған дайын күйінде тұтынудан өндіруші шаруашылыққа өтуі; в) интеллектуалдық сілкіністі бастан кешуі; г) мемлекеттің пайда болуы. Хронологиялық ауқымы ж.с.д. 800 мың жылдан V ғасыр аралығын қамтып жатыр.

2. Түркілену, исламдану, қазақтану дәуірі. Бұл дәуірде Ұлы дала еліне келген, оның тағдыры мен тарихына зор әсер еткен этностар – қытайлар, арабтар, моңғолдар, сондай-ақ діндер мен діни ағымдар – зороастризм, христиан, будда – қанша көп болғанмен байырғы тұрғындар түп тамырынан ажырамастан, сақтардың, одан әрідегілер мен берідегілердің мұрагері ретінде тарих көшін жалғастырды, тәңірішілдік сенім-нанымын VIII ғасырда жеткен исламмен ұштастыра, өзінің

түркілерін, өзгелерді тұтастырумен тарих сахнасына қазақ атауымен, тілімен, ділімен көтерілді. Мыңжылдық тарих толқынында жоғалып кетпеді.

3. Қазақ хандықтары дәуірі. XV ғасырдың ортасынан аса ұлттық мемлекеттің шаңырақ көтеруімен XIX ғасырдың 50-жылдарына дейін созылған 400 жылға жуық осынау мерзім екі кезеңнен тұрады. Тәуке хан дүниеден өткенше, яғни классикалық кезең (1465-1715 жж.) ішінде қазақ қоғамына ғана тән шаруашылық, саяси, мәдени, әлеуметтік, дүниетанымдық, т.б. жүйе мен құндылықтар орнығып, олар бұрынғының жаңаша жалғасы ретінде тарихтың қозғаушы күші – этностың барша болмыс-бітімін анықтады. Саяси элитаның – топбасылары мен елбасыларының қажыр-қайраты, көрегендігі, кемелдігі халық мүддесімен үйлесім тауып, сыртқы саясат пен халықаралық қатынас үдесінен шығуымен әу бастағы ұлтарактай жер ұлан-ғайыр аумаққа айналды, аз халық көп болды, жалаңаш халық киінді, жарлысы байыды. 1715-1847 жылдар – сындарлы кезең. Біртұтас хандық ыдырады. Жер жат қолына өте бастады. Қазақ тілі мемлекеттік қолданыстан шықты. Нағыз жақсы мен жайсаңның тынысы тарылды. Тарихтың ұлттық реңкіне қатер күшейді.

4. Зарзаман дәуірі. Ресейге қазақтың үш жүзі толық бодан болғаннан басталып, Қазан төңкерісіне дейін созылды. Бұл кезең біздің санамызға «отарлау» деген ұғым-түсінікпен бекемделген. Патшалық қазақ қоғамын қайшылыққа, дағдарысқа ұрындырып, дәстүрлі негіздеріне балта шапты. Өлкеге ауыр кесел әкелгенін, оған өзінің кінәлі екенін арсыздықпен мойындамай, бар пәлені байырғы этносқа жапты.

5. Тоталитарлық зорлық пен кеңестік модернизациялау дәуірі. Большевиктер билеген 74 жыл ішінде Қазақстан тарихы көңілге қуаныш ұялататын жетістіктермен де, өзекті өртейтін өкініштермен де бедерленді. Қазақ мемлекеттігі қайта дүниеге келгенмен оның өз еркі өзінде болмады, Ата Заңымыз қабылданғанмен іс жүзінде жартыкеш күйде жұмыс істеп тұрды, өкімет халықтікі саналғанмен қалың көпшілік ел басқарудан, байлықтан шеттетілді, республиканың экономикалық қуаты артқанымен, ол еңбек адамының әл-ауқатын түзеуден гөрі әскери-өнеркәсіптік кешенге көп бағынышты еді, ұлт зиялыларын даярлау үздіксіз қуғын-сүргінмен ұштастырылды, ұлттық мәдениетке қамқорсыған қаулы-қарарлар Мәскеуде үсті-үстіне қабылданып, нақты өмірде қазақ тілінің, мектебінің, бұқаралық ақпарат құралдарының қолданым аясы, тынысы тарыла берді. Дүлей империяның ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында қалған қазақ зорлықтан, демографиялық апаттан жоғалуға шақ қалса да, кеңестік модернизациялаудың, әсіресе 1936, 1977 жылғы Конституциялардың мүмкіншіліктеріне қол іліктіре алды.

6. Азаттық дәуірі. 1991 жылдың 16 желтоқсанында ғасырлар бойы зорлық-зомбылықтың астында жүрсе де оптимизмін, М. Шоқай айтқандай, үміт, сенім, иманды жоғалтпаған, атамекенінен аумаған халқымыз тас қапасты бұзып, тәуелсіздігіне қол жеткізді. Содан беріде атқарылған істер ұлан-ғайыр. Азаттықтың әр жылы бодандықтағы, кеңестік жүйедегі ғасырларға бергісіз. Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Қазақ халқы мемлекет құраушы ұлтқа айналды, Қазақстан Республикасы әлем таныған дербес мемлекет ретінде қалыптасты.

Сонымен, дәуірлеудің теориялық-методологиялық негіздерін екі ауыз сөзбен түйіндер болсақ, біздің өткеніміз бен бүгініміздің тарих толқынындағы белестері алғашқыда қоғамның ішкі дамуымен тығыз байланыста, кейінде империя биігіне көтерілген қажеттіліктерден, XV ғасыр ортасынан ауа ұлттық мемлекет мүддесінен туындады. XIX ғасыр аяғынан беріде негізінен сыртқы әсердің күшімен бой көтерген демографиялық, идеологиялық, әлеуметтік және саяси үдерістермен ерекшеленді. Бұларға аумақтың табиғи-географиялық, геосаяси ерекшеліктері, шаруашылық-мәдени ресурсы ықпал еткені сөзсіз. Дегенмен, шешуші рөлде, тағдыранықтағыш тоғыста, алдыңғы шепте бірде этникалық, енді келесі сәтте саяси фактор алма-кезек табысып еді.

Тарихты зерттеудің ондаған методологиялық моделі түзілді. Олардың көбі еуропалық ғалымдардың қаламынан шықты. Араларында түркі өркениетін, көшпелілер мемлекетін бекерлегендер бар. Ғасырлар тоғысында бес түркі елінің мемлекеттік тәуелсіздікке қолы жеткенде, халық, билік, тұлға одағы Ата Заңмен бекемделгенде тарих тағылымын ескере, алға қадам басудың жауапкершілігі өте зор. Тағы да бірлік пен бірегейлік ауадай қажет екені сезілуде. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында Елбасы Н. Назарбаев былай деген еді: «Түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мирас еткен. Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтары ХХІ ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйгіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады». Бұл сөздер – өмір шындығы.



## ОМАРБЕКОВ Т.О.,

Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
ҚазҰҒА-ның Құрметті мүшесі, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

### ТАРАҚ ТАҢБАЛЫЛАРДЫҢ ТҮРКІЛІК ТАРИХЫ

Мәселенің бастаулары Шыңғысханның көшпелілерінің бір орталыққа бағынған мемлекеті кезеңінен де ары, терең тарихи тамырға жетелейді. Мұнда бір нәрсе даусыз. Тарақ таңбасын иемденген жоғарыда аталған қазақты құраған түркі тайпалары, олардың ішінде Тарақты да бар, өзара және моңғолдармен жақын қарым-қатынаста болған. Енді осы мәселені нақтырақ қарастыруға күш салайық. Алдымен әңгімені Жалайырдан бастаймыз. Кезінде Шыңғысханның екі ғасырдай бұрын Жалайырлардың тайпалық бірлестігі 10 рудан тұрғандығын Рашид-ад-дин атап көрсеткен еді. Олар: джат, тукраун, кунксаут, кумсаут, уят, нилкан, куркин, тулангит, тури, шанкут рулары<sup>1</sup>. Бұл рулардың қайдан шыққанын, тарихи тамырларын біз Жалайырдың тарихын арнайы зерттеген монографиялық еңбегімізде атап көрсеткенбіз<sup>2</sup>. Жалайырдың тарихын зерттеу барысында аңғарғанымыз, X-XI ғасырларда-ақ Жалайырлар жаңадан қалыптаса бастаған моңғол бірлестігінің солтүстік шығысындағы ең жақын көршілерінің бірі болған. Сондықтанда моңғолдарға Жалайырлар о бастан-ақ қоңсы болды. Кейінгі тарихи даму барысында Жалайырлар “ұнаған бол” атанған моңғолдарға қоян-қолтық араласқан және қызмет жасайтын тайпаға айналды<sup>3</sup>. Мұндай атау алғандардың кімдер екендерін алда нақты айтамыз.

Аталарына адал қызмет еткен Жалайырларды Шыңғысхан да өзінің бауырына тартты. Нәтижесінде Жалайырлар Шыңғысханның тұсындағы әлемдік жаулау жорықтарында моңғолдардың ең сенімді серігіне айналып, Шыңғысхан өзінің әскерлерінің бірқатар бөліктерін Жалайырларға басқартты. Мұның өзі Жалайырдың бұрынғы рулық құрамының күйреп, дүние жүзіне шашырап, ақырында аман қалған жұрнақтарының Шуманақ (Шудың күзетшісі), Сырманақ (Сырдың күзетшісі) деген рулық атаулармен жаңа құрылымға бірігуіне алып келді. Бұл XIY ғасырда орын алған тарихи процесс деп жүрміз. Осындай жаңа бірлестіктермен Жалайырлар жергілікті жерлерде моңғолдардың әкімшілік нұсқауларын жүзеге асыратын сенімді тайпа ретінде тарих сахнасына жаңа сапалық құрылыммен шықты. Мұның өзі кейінгі Қазақ хандығы тұсында, әсіресе, Есім ханның ықпалымен Қазақ хандығы “Есім ханның ескі жолы” аталған реформаның негізінде жүздік құрылымдарға бөлініп, мемлекетті басқарудың жаңа жүйесі енгізілген кезде Жалайырлардың Ұлы жүзге “ноқта аға” атануына алып келді.

“Ноқта аға” мәртебесінің белгілі бір жүзде шешуші, жетекші рөл атқаратын, яғни қазақтың хан-сұлтандарына жақын ықпалды тайпаларға берілгені белгілі. Рулық таңбаны зерттеу Жалайырлардың моңғолдармен ғана емес, жоғарыда аталған, ішінде Тарақты да бар, қазақты құраған басқа тарақ таңбалы тайпалармен де әлеуметтік-этникалық байланысты екендігін көрсетеді. Соларға нақтырақ тоқталар болсақ, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тарақ таңбалы төлеңгіттер (тулангиттер) ежелгі Жалайыр тайпасын құраған 10 рудың бірі болып табылады<sup>4</sup>. Төлеңгіттер кейінгі VIII-IX ғасырлардағы Ұйғыр қағанатының құрамына да “доланго” деген атпен енгенін жақсы білеміз. Төлеңгіттер тарихы зерттеуші Л.П.Потаповтың монографиялық зерттеуінде арнайы талданған болатын. Онда айтылған мәселелерді жүйелейтін болсақ, Төлеңгіттердің ата тегін Тарақтымен байланыстырып төмендегіше таратуға болады:



<sup>1</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. VIII т. 1-кітап. -А., 2007. -117 б.

<sup>2</sup> Сонда, -93-222 бб.

<sup>3</sup> Сонда, -???

<sup>4</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. VIII т. 1-кітап. -117 б.

Мәселені тереңдете зерттеген Л.П.Потапов теле этнонимінің Қытай жазбаларында ҮІ ғасырдың екінші жартысынан бастап кездесетінін оның кейде гаогюй атанғанын, сондай-ақ телелердің өздерінің ғұндардың тікелей ұрпағы болып табылатынын дәлелді түрде атап көрсеткен еді<sup>5</sup>.

ҮІІІ ғасырдағы ежелгі түрік ескерткіштеріндегі жазбаларда кездесетін тоғыз оғыз тайпалар одағы шын мәнінде теле тайпаларының конфедерациясы болып табылады. Тоғыз-оғыздар Шығыс тюркюрлермен көрші болғандықтан, олардың тұрмысы, тілі өте ұқсас болды. Яғни, телеңгіттердің атасы тоғыз-оғыздар шын мәнінде түркі тілді тайпалар болатын<sup>6</sup>. Теле одағының құрамында телеңгіттермен қатар басқа да түркі тілдес тайпалар болғаны белгілі. Сондықтанда телеңгіттердің арғы тегінің түркі тілдес екендігі ешбір күдік туғызбайды.

Жалпы қазақ халқын құраған тарақ таңбалы бес тайпаның ішінде (төре, жалайыр, төлеңгіт, тарақты-табын, тарақтының өзі) ежелгі тарихы терең, ұлыс ретінде белгілі тайпалар кімдер дер болсақ, алғаш төлеңгіттерді аузымызға алар едік. Оның себебі, ежелгі Қытай деректерінде жоғарыда аталған тарақ таңбалы тайпалар арасында алғаш ауызға алынатыны және басқа Тарақты тайпаларынан бірнеше ғасыр бұрын тарих сахнасына шыққаны осы төлеңгіттер. Олар Х ғасырда Қытай деректерінен белгілі болған Жалайырлардан да бұрын ҮІІ ғасырда жеке ұлыс ретінде көршілеріне белгілі болды. Ежелгі Қытай жылнамаларында төлеңгіттерге байланысты мынадай сипаттама айтылған: “телеңгіт (多览葛) 多滥 (телен) деп те аталды. Сір-енданың шығысында, Тоңра суының бойында, соғысқа жарамды он мың адамы бар. Енде жойылған соң, оның ағаманы іркін Телеңгіт Мар Құйғырлармен бірге сарайға келіп қол тапсырды. Оның жеріне Өнен тұтықтығы құрылды. Телеңгіт Мар оң қол тоқсауыл тай санғұн әрі тұтық болып тағайындалды. Ол өлген соң, Телеңгіт Себүк тай елтебер болып көтеріліп, мұрагерлік жолмен тұтық болды”<sup>7</sup>. Бұл дерек төлеңгіттердің ҮІІ ғасырдағы Құйғыр одағында жеке ұлыс болғандығын дәлелдейді. Олардың әскерлерінің саны 10 000 адамды құрауы бұл тайпаның жауынгерлік қуатын көрсетеді. Айта кеткен жөн, дәл осы Қытай деректерінде Байырқы тәрізді үлкен тайпалардың өздері де 10 000 әскер ғана шығара алатын. Оларда 60 000 түтін, яғни жанұя бар еді. Сондай-ақ, Бүркіт атты 30000 түтіні бар ірі тайпа да 10000 әскер ғана шығара алатын еді<sup>8</sup>. Егер ежелгі Қытай мемлекетінің солтүстігіндегі түркі тайпаларының арасында соңғы аталған екі тайпа ең беделді және қуатты тайпалар болғанын ескерер болсақ, онда солармен шамалас әскері бар телеңгіттің де оңай болмағанын байқар едік. Екінші аты “телек”, кейде “телен” делінетін телеңгіттердің арғы тегі туралы деректер де Қытай жылнамаларында едәуір нақты айтылады. Онда осыған байланысты мынадай мәлімет сақталған: “Телек – асылы ғұнның бір тармағы. (Таң Гаузу заманы) удының (618~626) алғашқы жылдарында Сір-енда, Қыбыт, Құйғыр, Тыба, Құрықан, Телеңгіт, Бүркіт, Байырқы, Тоңра, Ғұн, Сегет, Қоқсар, Қығыт, Едіз, Ақ септер Маңғар шөлдін теріскейіне бытырап қоныстанды. Олар түгелімен Телек ұлысына қарады. Сүй (Янди заманы) да-йе жылдары (605~617) Батыс түріктің Шора қағаны мықтап күшейгенде Телек ұлысы түгелімен соған бодан болды. Кейінірек Шораның аса ауыр алым-салығынан ығыр болды да, Телектер бірінен соң бірі бойларын аулаққа салды. Сонан Іліг іштей ыдырағанда Сір-ендаға қарады. (Таң Тәйзұң заманы) жынгуанның 20 жылы (646) Сір-енда жойылды. Тәйзұң Лиңжоуға аттанған сапарында Жиңяңға бірталай күн дамылдады. Сонда Телектің Құйғыр, Байырқы, Тоңра, Бүркіт, Телеңгіт, Сегет, Едіз, Қытан, Ғи, Ғұн, Қоқсар сияқты он бір арысы еншілерінен тарту-таралғы ұсынып, (патшаға) дат айтып: “Енда қағаны іргелі елге бас имеді. Ол қаныпезер, жөрелгісіздігінен құлыңыз бізге әмірші болудан қалды. Оның жаны жаһаннамға аттанып, елі торғайдай тозды. Құлыңыз біздің алды-алдымызға иелігіміз бар. Ендаға ермей, Көктің ұлы сізге бағыну үшін келдік. Шапағат нұрыңызды төгіп бізді хәндардан ұлық қойып басқарыңыз. Сөйтіп құлдарыңызды асыраңыз” деді”<sup>9</sup>. Көріп отырмыз, бұл мәлімет ҮІІ ғасырдың бірінші жартысына жатады. Телек одағы, онан соң Сір-енда басқарған бірлестік осы кезеңде ыдырай бастаған. Берекесі қашқан ел, ішінде Телеңгіт тайпасы да бар, Қытай патшасынан пана іздеген. Олар болса, жоғарыдағы үзіндіден көргеніміздей, бұл Түрік тайпаларына арнайы тұтық ұйымдастырып, оларды өзінің ықпалына қаратқан. Осыдан соң телеңгіттер қисыны кеткен бұл бірлестіктен шығып, Ұйғырлар одағына ойысты. Яғни, кейіннен қазақтың төре тұқымына қызмет жасаған төлеңгіттердің тарихи тамыры әріде, орта ғасырлардағы Ұйғыр қағанатымен тығыз байланысты болып табылады. Ұйғыр қағанатының өзі пугу, доланго, баегу, тунло, байси тәрізді тоғыз-оғыз тайпаларынан құралды. Оларды басқарған хуйхэ (ұйғыр) тайпасы болатын. Сондықтанда бұл қағанат шын мәнінде Түркі

<sup>5</sup> Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. Историко-этнографический очерк. -Л., 1969. -147-150 бб.

<sup>6</sup> Сонда, -154 б.

<sup>7</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2 кітап. -А., 2006. -217 б.

<sup>8</sup> Сонда, -215-216 бб.

<sup>9</sup> Сонда, -247 б.

қағанаты бола тұрса да және бұрынғы Шығыс Түрік қағанатының тікелей мұрагері болса да, Ұйғыр қағанаты атанып кетті<sup>10</sup>.

Ұйғыр қағанаты талқандалып, оны Қидан мемлекеті ауыстырғаннан соң төлеңгіттер Жалайыр одағына ауысты. Сөйтіп, ежелгі Жалайырларды құрайтын беделді он рудың біріне айналды. Осы кезеңнен бастап төлеңгіттерді Жалайырдың төлеңгіті (телегеті) деп атайтын болды. Дегенмен де шын мәнінде төлеңгіттердің тарихы Жалайырлардан да терең және олардан бұрын ұлыс болған дегенді тағы да айта аламыз. Бұл басымдық төлеңгіттер Жалайыр одағына кіргеннен соң да сақталған тәрізді.

Шыңғысханға және оның бабаларына Жалайырлар адал қызмет ете бастаған кезде төлеңгіттер де Жалайырлар тәрізді моңғолдарға сенімді серік болды деуге негіз бар. Сондықтан Шыңғыс тұқымдары қазақты құраған түркі тайпаларына таңбалар үлестіргенде төлеңгіттер де төре тұқымының өзінің таңбасы тарақты иемденді. Таңбасы біз әңгіме етіп отырған кейінгі Тарақты тайпасыменен бірдей болғандықтан, ал шығу тарихы Жалайырдан да әріде жатқандықтан, төлеңгіттерге байланысты бұрын Жалайыр тарихын зерттегенде айтқан пікірлерімізді осы жерде тағы да еске сала кетсек, артық болмас деп ойлаймыз. Онда мынадай жолдар бар: “Ежелгі Жалайырларды құраған 10 рудың қатарында төлеңгіттер де аталады. Зерттеуші Ю.Зуев төлеңгіттерге төмендегідей сипаттама береді: «*طوال نکقیت*» толангыт (кит. до-лань-гэ ta-lam-kat<talanqat~talanngat) – первоначально племя тиреков и уйгуров; обитало на восточных границах племен тонга и орхонских се-яньто; в эпоху монголов становится известным на Саяно-Алтае”<sup>11</sup>.

Көрсетілген аймақтар ежелгі жалайырлар мекендерінен қашық емес.

Ежелгі Жалайырларды құраған төлеңгіттердің (тулангиттердің) тарихи тағдырлары біршама айқын. Сондықтан С.Аманжолов “қазіргі қазақ және алтай төлеңгіттері ежелгі жалайырлардың төлеңгіттеріне сәйкес келеді” деген батыл пікірді айтады<sup>12</sup>. Төлеңгіттердің жалайыр құрамында болғанын Лубсанданзанның “Алтын тобчысында” кездесетін “Жалайырдың Телегеті” деген сөздердің кездесуі де дәлелдеп тұрғандай<sup>13</sup>.

Башқұрт тарихшысы Р.Г.Кузеев “Таварих-Гузида” дерегіндегі мәліметке сүйене келе төлеңгіт, урасут және коштеми (урыкат) тайпаларының биш кавм – бес тайпа деген атпен белгілі болғанын бұларды кезінде қырғыздармен соғыс кезінде Шыңғысханның бағындырғанын атап көрсетеді<sup>14</sup>. Мұнда айтылатын Алтайдағы төлеңгіттер мен жалайырлардың арасын Байкал көлі бөліп жатқан тәрізді. Тайпалардың көлді айнала көшіп жүргендерін ескерер болсақ, Жалайырлар құрамына кірген төлеңгіт осы аталған бес тайпа құрамындағы төлеңгіттердің бір бөлігі деп айтуға негіз бар. Биш кавм, яғни бес тайпа бірлестігіне кіретін төлеңгіттерді Р.Г.Кузеев моңғол тобына, тіптен “орман тайпаларына” жатқызады. Ол құрамында төлеңгіттер бар биш кавм тайпа бірлестігінің кейініректе башқұрттардың бишул тайпасының этногенезіне ықпал жасауы мүмкін дей келе, сонымен қатар бұл этнонимнің қазақтардың Ұлы жүзінде, өзбектерде, ноғайларда кездесетініне назар аударады<sup>15</sup>. Осының бәрі бізді төлеңгіттер жекелеген түркі халықтарының және олардың кейбір тайпаларының, соның ішінде жалайырлардың да қалыптасуына ықпал еткен деп айтуға итермелейді.

Алайда кейінгі қазақ төлеңгіттері туралы айтқанда мынаны да ұмытпаған жөн: ХХ ғасыр басында төлеңгіттер туралы шағын еңбек жазған Ф.Зобнин “төлеңгіттер деп бұрын және қазір қырғыздардан (қазақтардан – Т.О.) шыққан, кедейшілікке және т.б. жағдайларға байланысты өздеріне пайда түсіргенше сұлтандарға әрқашан жақын көшіп, онан соң оларды тастап, өздеріне тиімді басқа жаққа кетіп қалатындарды айтады”<sup>16</sup>. Осы еңбегінің келесі бетінде автор төлеңгіттерге мұнан гөрі анықтау түсініктеме береді: “төлеңгіттер деп сұлтандар басқа болыстардан қысымнан немесе кедейліктен қашып, сұлтандарды паналаған қырғыз (қазақ – Т.О.) кірмелерін қабылдады. Төлеңгіттер деп сұлтандар әртүрлі қызметке дайын адамдарды таныды. Бірақ төлеңгіттер сұлтандарға зорлықпен емес, өз еріктерімен қызмет жасады және олар сұлтандарды әрқашанда тастап кете алды”<sup>17</sup>.

Жалайырлар тарихын зерттегенде Рашид-ад-диннің төлеңгіттерге қатысты пікірлеріне де тоқталған болатынбыз. Онда ол Эргэнэ-хонға кетіп, сонда төрт ғасырдай өмір сүрген екі адамнан тараған ұрпақтарды әңгімелей келе, оларды Оғыз хан шежіресіне жалғастырып, яғни түркі тайпаларының ата-тегіне алып келеді<sup>18</sup>. Рашид-ад-диннің бұларды, яғни Оғыз ханнан тараған

<sup>10</sup> Кюннер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. –М., 1961. -33-34 бб.

<sup>11</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. -297 б.

<sup>12</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. 1. -46 б.

<sup>13</sup> Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II т. -105 б.

<sup>14</sup> Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. -М., 1974. -276 б.

<sup>15</sup> Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. -276 б.

<sup>16</sup> Зобнин Ф. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в Киргизской степи. 1902. -43 б.

<sup>17</sup> Сонда, -43 б.

<sup>18</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. VIII т. 1-кітап. -142 б.

түркілерді екі қауымға бөліп қарастырғаны белгілі<sup>19</sup>. Онда мынадай жолдар бар: “Олардың (Оғыз ханнан тараған ұрпақтардың – Т.О.) бір бөлегінің аттары анық белгілі емес еді, ал екінші бөлегінің аттары мәлім болатын.

Тағба: қауымның өздері де, олардың ұрпақтары да мәлім болды.

Қисм *аууал*, яғни әуелгі бөлек [Айтылмақшы] қауымдардың кім екендігін бұ заманда оларды моғол деп атады, бірақ олардың негізгі аттары моғол емес еді. Неден бұл соңғы заманда оларға моғол деп [ат тақты]. Олардың әрбір ұрпағы, көптеген қауым өсіп-өнді. Әрбірінің аталары мәлім және белгілі. Олар: **жалайыр, йесунит, татар, меркіт, күрлеуіт, тамғалық, тарғұт, ойрат, барғұт, құры, тулас, тума, бұлғашын, кермучин, орасут, теленут, кестеми, орианқа, құрқан, суқанья**<sup>20</sup>. Мұндағы Қадырғали Жалайыр бабамыздың Рашид-ад-диннен алған мәліметтері тарихи шындықты дұрыс көрсетеді деп ойлаймыз. Осында көрсетілген теленут тайпасы төлеңгіттер тайпасының бұрмаланған аты болып табылады. Бұған күмәнданудың еш реті жоқ. Жалайырлар тәрізді төлеңгіттер де кезінде моңғолдарға қызмет еткендіктен, моғол (моңғол) атанып кеткені тарихымыздан жақсы белгілі. Оны біз емес, Рашид-ад-дин де, Қадырғали Жалайыр да мақұлдап отыр.

Бұл айтылғандардан қандай қорытындылар туындайды? Біздің ойымызша, алғашқы ортағасырларда Алтайда өзіндік тайпа бірлестігін құрған төлеңгіттер этникалық құрамы біртекті болмағандықтан әртүрлі тайпаларға ыдырап кірме атанды. Олардың кейбір рулары осылайша ежелгі жалайырлар құрамынан көрінді. Бірақ моңғолдарға қызмет ету барысында төлеңгіттер ыдырап кетті. Олар бұрынғыша Шыңғыс тұқымдарына (төрелерге), сұлтандарға қызмет етумен болды. Осылайша Ф.Зобнин тарихын жазып отырған ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында төлеңгіттер ежелгі тайпадан біртіндеп әлеуметтік топқа айналды<sup>21</sup>.

Осы айтылғандардан аңғаратынымыз, біріншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, төлеңгіттер кезінде ежелгі түркі дүниесіне кеңінен мәлім үлкен арыс болған. Әр түрлі тайпалық одақтар, қағанаттар және мемлекеттік құрылымдар құрамына енген, Жалайырлардың Х-ХІІІ ғасырлардағы тайпалық одағын нығайтқан; екіншіден, біз білетін төлеңгіттер тарихы екі үлкен дәуірден тұрады. Оның алғашқысы – Шыңғысханға дейінгі төлеңгіттердің жеке арыс ретінде өмір сүрген қуатты кезеңі. Екіншісі – моңғол жорықтарынан кейін Жалайырлар тәрізді моңғолдарға адал қызмет жасаған және әр түрлі жорықтар барысында әр түрлі қолбасшылардың қарауына түсіп, бытырап кеткен төлеңгіттер. Енді төлеңгіт ұлыс ретінде өмір сүруден қалды. Алайда олардың ұрпақтары ата-бабадан қанға сіңген қасиет бойынша бұрынғысынша билеушілерге қызмет етуден бір танбады. Төлеңгіттердің шашырап кеткен соңғы ұрпақтарының жұрнақтары әлеуметтік топтар ретінде кейінгі қазақ хандарына да қызмет етті. Тегінде билеуші төрелерге қызмет етуге бейім тұрған төлеңгіттердің моңғолдардан бұрынғы бабалары байырғы төлеңгіт рулары Жалайырлармен бірге моңғол жаулауы тұсында ыдырап, қайта қалыптасқан кейбір қазақты құраған түркі руларының арғы тегін құрайды десек жалған сөйлей қоймаспыз.

Тағдырдың талқысына түсіп, моңғолдарға қызмет жасаған жалғыз төлеңгіттер мен жалайырлар ғана емес. Кезінде моңғолдармен бірге көшіп-қонып жүрген көрші тайпалар моңғолдардың күшеюіне байланысты оларға құл, жалшы, тіптен малай болуға мәжбүр болды. Сонымен бірге түркі тайпаларының тағы бір бөлігі тарих сахнасына Шыңғысхан тәрізді ерекше тарихи тұлға шыққан кезде, моңғолдармен шайқастарда жеңіліске ұшырап, еріксіз оларға бағынуға және қызмет етуге тиісті болды. Керейттер мен наймандардың тағдыры осының айқын көрінісі. Біздіңше, жалайырлар мен төлеңгіттер алғашқы топтағы моңғолдарға өз еркімен берілген түркі тайпаларының шоғырына жатады.

Айта кеткен жөн, моңғол билеушілеріне қызмет еткен моңғол-түркі тайпалары бірнеше әлеуметтік сатыларға жіктеледі. Алғашқы қоғамдық институт *өтэгу-богол* (моңғолша *ötegu-boγol* немесе *ötögu-boγol* – сөзбе-сөз айтқанда “байырғы құл”) деп аталады. Мұның екінші түрі де бар. Ол *ұнаған-богол* (*unayan boγol* – сөзбе-сөз айтқанда “ата-бабасынан бері құл”). Бұлардың айырмашылығын кезінде Б.Я.Владимирцов, П.Пеллио, И.Н.Березин, И.А.Златкин, Н.Ц.Мункуев тәрізді ғалымдар зерттеген болатын. Бұл зерттеушілердің пікірі мынаған келіп саяды. Алғашқы, яғни өтегу-боголдар билеуші рудың басыбайлы құлдары деген мағынаны білдіреді. Бұл тегінде ХІ-ХІІ ғасырлардан бұрынырақ орын алса керек. Ал Шыңғысханның заманында бұл екі ұғым біртіндеп бірігіп, бір ғана мағынаны бергені байқалады. Мәселе түсінікті болу үшін бұрын Жалайырды зерттегенде пайдаланған Б.Владимирцевтің төмендегідей пікірін қайталап келтіреміз: “В век Чингис-хана появляется, благодаря войнам и набегам, значительное количество завоеванных родов, они называются уже просто *bogol*, но скоро или через нескольких поколений они превращаются в тех же

<sup>19</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 1. -77 б.

<sup>20</sup> Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. -А., 1997. -24-25 бб.

<sup>21</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. ҮІІІ т. 1-кітап. -128-130 бб.










*unagan bogol*, как бы повторяя историю последних. Впрочем, в данном случае замечается и большое отличие, которое подробно будет рассмотрено ниже, о именно: новые *bogol'ы* часто становятся крепостными вассалами не рода, а определенного лица и служит ему и его дому.

Кроме того, монгольское родовое общество XI-XIII вв. знало и рабов, рабов-служителей; если они и не были рабами, напоминающими рабов у оседлых народов, то все-таки отличались от крепостных “вассалов”. Назывались они *otole bogol* “простые рабы” или *jala'u* “молодцы”. Последнее название лучше всего и объясняет их положение: это были ловкие прислужники в ставках, конюхи, etc”<sup>22</sup>.

Жалайыр тарихын зерттегенде атап көрсеткеніміздей, “унаған воол” категориясына, яғни моңғолдардың өздерімен туған-туыстай араласып жақын болып кеткендерге жалайырлардың және олардың құрамына кірген төлеңгіттердің де жатқаны белгілі. Кезінде Шыңғысхан бұл рулық-тайпалық бірлестіктерді бөлшектеп, әскери қызметке жегіп, таратып жіберді. Осыған байланысты бұл топқа жататын рулар шын мәнінде өздерінің бұрынғы моңғол билігіне дейінгі рулық құрылымдарынан мүлде дерлік айырылып қалды. Шыңғысхан құрған мемлекет жағдайында оған қызмет етуші түркі рулары қатты бөлшектеніп кеткендіктен, өздерінің бұрынғы беделді рулық тармақтарынан қол үзді. Осылайша көптеген рулардың аты шын мәнінде ұмытыла бастады. Алайда кезінде беделді болған ру-тайпалар аттары жойылып кете қойған жоқ. Ол туралы біз кезінде Жалайыр тарихын зерттегенде былай деп жазған болатынбыз: “Екі-үш ғасыр өткен соң бұрын осы тайпаларды құраған беделді рулардың тарихта атауы да ұмытылып кетті. Енді бұл тайпаларды мүлде жаңа рулар толықтырды. Алайда бұлардың өздерінен бұрынғы осы тайпаға кірген, бірақ кезінде ыдырап кеткен рулармен тікелей қандас туыстық байланыстары сақтала қойған жоқ.

Әрине, “унаған воол” тобына жататындар өздерінің руларын сақтап қалуға тырысып, тіптен ру таратылып жіберілген соң да оны қайтадан қалпына келтіру үшін күресті. Алайда моңғолдар үстемдігі жағдайында бұл аса қиын еді. Сондықтанда кезінде күшпен бөлшектенген жалайырлар, баяуттар және т.б. моңғол билігі кезінде амалсыздан бытырап көшіп жүрді”<sup>23</sup>.

Осылайша “унаған воол” тобына жататын моңғолдарға аса жақын және олардың сеніміне ие болған жалайыр, төлеңгіт тәрізді ру-тайпалар Моңғол мемлекеті тұсында өздерінің бұрынғы, даңқты ата-бабаларының рулық атауын есте сақтаса да, қайтадан бас қосып ежелгі тайпалық құрылымды қалпына келтіру аса қиын болды. Алайда ата-баба дәстүріне адал олар бұрынғысынша Шыңғысхан тұқымына ең жақын және адал қызмет етуші ру-тайпалар қатарында қалды. Қазақ тайпаларының ішінен бұл топқа ата-бабалары кіретін тайпалар біздің ойымызша төмендегілер<sup>24</sup>:

78. Сұлтан	 (А.Харузин, Н.Потанин)	 (И.Добросмыслов)	 (М.Тынышбаев)
70. Тарақты	 (М.Гродеков, С.Аманжолов, Н.Мыңжан)	 (Н.Потанин)	
12. Табын	 (А.Левшин, А.Мейер, И.Добросмыслов)	 (И.Казанцев)	
13. Тама	 (И.Казанцев)		
42. Жалайыр	 (М.Гродеков, М.Тынышбаев, С.Аманжолов, Н.Мыңжан, Х.Арғынбаев)		

Бұл кестеде көрсетілген сұлтандар қазақтың ешқандай жүздік бөлігіне кірмейтін Шыңғысханның тұқымынан тараған, қазақ даласына шашырап кеткен ерекше ақсүйектер тобына жататыны белгілі. Ал Тарақтыларға келсек, олар тарих сахнасына осындай атпен моңғол жаулауынан кейін жаңа рулық құрылымдар қалыптаса бастаған тұста шықты.

<sup>22</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. -Л., 1934. -68-69 бб.

<sup>23</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. ҮІІІ том. 1-кітап. -169-170 бб.; Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. -68 б.

<sup>24</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. ҮІІІ том. 1-кітап. -72, 74, 76-77 бб.

Жоғарыда атап көрсеттік, тегінде Тарақтылардың бабалары Жалайыр төлеңгіттерінен бастау алатын тәрізді. Бұған таңдануға болмайды. Өйткені зерттеу көрсеткендей, төлеңгіттер кезінде іргелі ру болған. Олар тіптен ежелгі Қытай жылнамаларына да белгілі. Бұл айтылып отырған кейінгі қазақ төлеңгіттері емес, Шыңғысханға дейінгі Моңғол үстіртінде өзін арыс ел ретінде мойындатқан Жалайыр төлеңгіттері.

Дегенменде мынаны да ескеру керек, кейінгі қазақ төлеңгіттерінің ежелгі төлеңгіттер атауын алғаны күдік туғыза қоймайды. Мұның қалайша бұлай болғандығына нақтырақ назар аударар болсақ, тарихи деректерден там-тұмдап мәліметтер таба аламыз. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деп жазады: “Төлеңгіт деген елдің нәсілі Алтайдағы Төлет көліндегі Алтайский горный қалмақ, яғни Алтайдағы тау қалмағы деп орыстардың айтатұғын қалмақ нәсілінен. Біздің қазақ бұл орта жүздегі төлеңгіт деген елді арғындардың атасы Дайырғожаның құлы дейді. Ол сөз рас болса, қалмақты қазақ шапқанда тұтқын болған төлеңгіт қалмақ болады. Әбілғазы хан сөзіне қарағанда, ойрат атанған қалмақтан және хан төлеңгіті деген бір сөз бар, ол нағыз төлеңгіт емес, ханға жиылғандар деген сөз”<sup>25</sup>. Мұнда Шәкәрім атамыз біраз мәселені ауыз әдебиетінің негізінде, ал кейбір деректерді ежелгі жазба мәліметтер негізінде араластыра беріп отырғанын байқау қиын емес. Дегенмен де бұл айтылғандарда біршама шындық бар.

Ежелгі төлеңгіттердің жұрнақтары ежелгі Жалайырлар тәрізді моңғол жаулауынан кейін бөлшектеніп кеткенін жоғарыда айттық. Осындай күрделі этникалық-саяси үрдістер барысында бұрын түркі тайпалары одағында болған, өздері де түркіге жататын төлеңгіттердің қалдықтары моңғол, кейініректе қалмақ құрамынан көрінетін болды. Бұл туралы Рашид-ад-диннің, Әбілғазының және Қадырғали Жалайырдың жазғандарында біршама баяндалған. Төлеңгіттердің ХҮІІІ ғасырда қазақ хандары мен сұлтандарының Алтайды жаулау барысында құлдыққа айналдырылған ру болып табылатынын Н.А.Аристов та атап көрсеткен еді<sup>26</sup>. Осы төлеңгіттер тегінде біз әңгімелеп отырған орта ғасырлардағы, моңғол жаулауынан бұрынғы Төлеңгіттердің жұрнақтары болса керек. Ал тарақ таңбалы жалайырлардың ежелден-ақ моңғолдарға қоңсы болып, қызмет жасағанын жоғарыда айтып кеттік. Сонымен қатар Тарақты-табынның да шығу тегі Орта жүзде “ноқта аға” Тарақты тайпасымен байланысып жатыр. Тегінде Тарақты-табындардың Тарақты тайпасынан бөлінгені туралы пікірдің қисыны бар тәрізді. Осы айтылғандардың бәрі жоғарыда кестеде келтірілген тарақ таңбалылардың тарихи тамыры моңғолдарға жақын “ұнаған воол” тобына алып баратындай.

Тарақ таңбалылардың ішінде әсіресе, жоғарыда айтқанымыздай, Төлеңгіттердің (Долангалардың) тарихи тамыры тереңде болғандықтан және олар Х-ХІІ ғасырларда Жалайыр одағында елеулі рөл атқарғандықтан, осы аталған екі тайпа барлық Тарақтылардың атасы және тарихи тамыры десек қателеспейтін тәріздіміз. Олай болса, Орта жүздегі Тарақтының да түп атасы Төлеңгіт (Доланга) деген тұжырымға келсек, тарих тамырына нақтырақ бойлағандай болар едік. Ежелгі Төлеңгіттер (Долангалар) Жалайыр одағына қосылғандықтан, олардың түркі тайпасы екендігі күдік тудырмауы тиіс деп ойлаймыз. Ал моңғол, қалмақ атанып жүрген Төлеңгіттер осы этностар құрамына ежелгі Төлеңгіттер ыдыраған соң кірме болып кіргендер десек тарихи шындыққа жақындағандай болар едік.

Сонымен бұл айтылғандардан шығатын “тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйіні” жоғарыда аталғандай, қазақты құраған тарақ таңбалы ру-тайпалар ежелден-ақ моңғолдарға жақын болған, оларға қызмет жасаған “ұнаған воол” тобына жататындар десек жалған сөйлемеспіз. Өйткені ата-бабасынан бері, сандаған ғасырлар бойы моңғолдарға қызмет жасаған, өздерімен мал-жаны араласып жатқан түркі руларына Шыңғысхан ұрпағы, яғни төре тұқымдары өздерінің тарақ таңбасын берді.

**КАЛЫШ А.Б.,**

д.и.н., профессор КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

### **РОЛЬ ВНУТРИ СЕМЕЙНЫХ ОТНОШЕНИИ В СТАБИЛЬНОСТИ БРАКА**

Известно, что на полнокровную жизнедеятельность современной сельской и городской семьи казахов и других контактирующих с ним этносов полиэтнического Казахстана существенное влияние оказывают не только социальный статус главы семьи, но и всех остальных ее членов. Например, говоря о внутрисемейных взаимоотношениях в современной казахской семье, необходимо

<sup>25</sup> Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. -А., 1991. -39 б.

<sup>26</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности //Живая старина, вып. III-IV. -98 б.

подчеркнуть ее традиционную внутреннюю сплоченность и исключительная крепость родственных уз.

Безусловно, на стабильное развитие семейно-брачных отношений влияет традиционные и новые факторы во взаимоотношениях супругов. Такие отношения во многом зависят от того, где проживают супруги: а) в сельской или городской местности; б) в моноэтнической или полиэтнической среде; в) в неразделенной или нуклеарной семье и т.д. Во всех первых случаях из перечисленных выше трех обстоятельств взаимоотношения супругов больше подвержены влиянию традиционных начал. Это и понятно, так как в сельской среде с моноэтническим составом населения под влиянием старшего поколения, близких и обществу молодежи и среднее поколение больше следует традиционным стереотипам поведения, направленным на сохранение семейного благополучия. Естественно, что даже при наличии указанных обстоятельств эти отношения бывают равноправными при наличии одинакового образовательного уровня и социального статуса супругов или в тех случаях, когда он высок у женщины.

Современные равноправные отношения, которое оказывают опосредственное влияние на стойкость семейного быта, мы наблюдаем в моногамных семьях, а также в полиэтнических селениях. Они во многом изменили статус женщины в семье. Такое новое общественное положение казахской женщины привело к кардинальному изменению ее роли в семье, коренным образом отразилось на ее семейных функциях, обусловило новый принцип распределения домашних обязанностей между членами семьи, между мужчинами и женщинами. Следует также отметить и то, что влияние производственной и общественной деятельности современной женщины на благополучное развитие семейной сферы является многогранным. Обогащая личность женщины, профессиональный труд повысил ее роль во всех сферах жизнедеятельности семьи, способствуя росту ее престижа не только внутри, но и за ее пределами.

Изменению такого отношения к женщине способствует и то, что в настоящее время нет прежнего жестко закрепленного характера разделения труда, теперь они в большинстве случаев основываются на максимальном учете личностных качеств супругов, их загрузки вне дома, состояния здоровья и др. Материалы полевых этнологических исследований статуса замужних женщин и женатых мужчин дают нам основание полагать, что тип распределения между работающими супругами обязанностей, форм кооперации трудовых усилий нередко зависит от взаимоотношений супругов, от удовлетворенности стабильным состоянием брака, уровня их культуры, характера микросреды.

Данный фактор, а также возросший культурный уровень женщин представляет возможность им больше внимания уделять социализации подрастающего поколения. Например, это позволяет им непосредственно осуществлять контроль за приготовлением уроков детьми, обсуждать вместе с мужьями семейные планы, т.е. выполнять функции, не свойственные им в прошлом. Этому способствует также и то, что определенная часть замужних женщин-казашек повышает свои общие знания, квалификации через сеть заочного обучения, в результате чего растет их престиж не только среди взрослых членов семьи, но и у детей [ПМА, XV-XVII].

В этой связи очень показательным является изменение положения невестки в трехпоколенных семьях. Так, во многих случаях, если она имеет более высокое образование, чем родители мужа, они прислушиваются к ее советам, считаются с ее мнением. Следует отметить, что традиционное разделение труда более устойчиво сохраняется в расширенных семьях, где пожилые родители живут с женатыми сыновьями или замужними дочерьми, племянниками вместе. В малых же семьях, состоящих из супругов и их детей, более или менее равномерная кооперация трудовых условий в домашнем хозяйстве происходит, как правило, более планомерно.

Теперь, перейдем к анализу взаимоотношений между родителями и детьми, а также другими членами казахской семьи. В настоящее время правовая, социальная и экономическая независимость взрослых членов семьи – фактическая у работающих, потенциальная – у учащихся, создают основу равноправия в решении многих важных семейных дел, которые благоприятно отражаются на стабильном развитии семейно-брачных отношений. Так, например, нередко при этом прослеживается большое влияние молодежи на образ жизни семьи и изменение привычек, включая приобретение бытовой и электрической техники, мебели и модных предметов, одежды не только себе, но и родителям, в организации и проведении досуга, различных семейных торжеств, включая прием гостей и т.п. Во многих казахских семьях, как сельских, так и городских, такое влияние представителей молодого поколения связано с более высоким уровнем ее образования и культуры, большей осведомленностью о том, что престижно и ценно в современных условиях.

Отметим то обстоятельство, что в настоящее время в отличие от прошлого существенно изменились взаимоотношения между старшим и младшим членами семьи. Их основу составляют не только лучшие образцы традиционных представлений, они строятся теперь на демократической основе, которые не исключают уважения и почитания старших младшими, родителями и детьми даже

в тех случаях, когда те принимают неверное или спорное решение. Участие младших совершеннолетних членов семьи в разнообразной домашней и производственной деятельности обеспечивают им фактическое равноправие и экономическую самостоятельность. Нередко в семейном совете наряду со взрослыми им принадлежит роль советчика, к голосу которого нередко прислушиваются и старшие [ПМА, XVIII-XX].

- Еуразияшылдық идеясы Еуразия кеңістігінде заманауи халықаралық қауіпсіздік сәулетін құруда тұжырымдамалық мәнге ие және әлемдік саясат сұрақтарында ең маңызды орындардың бірін алады;

- Н.Ә. Назарбаевтің еуразияшылдық идеясы қандай да бір елдің немесе саяси күштің доминант ретінде орын алуынан тәуелсіз. Оның негізіне барлық еуразиялық елдер мен олардың экономикалық қызығушылықтарының тең мәнді және теңбе-теңдігі қаланған;

- Еуразияшылдық идеясының басты қағидасы болып тарихи-мәдени әлеует, идеологиялық және рухани әлемді тану ретінде толеранттылық пен көпжақтылық табылады. Мұны республикамызда бүгін жүргізілетін ұлттық саясаттағы еуразиялық нығайтушы құрауыштар дәлелдейді.

- Идеологиялық негіз ретінде алдыңғы қатарға православиені қойған классикалық еуразияшылдыққа қарағанда заманауи Қазақстанның поликонфессиональді, құраушы әлеуетті еуразияшылдық идеясы барлық әлем діндері мен конфессиясының тепе-теңдігіне негізделген. Бұл елдің Президентінің бастамасы бойынша құрылған Қазақстан халық Ассамблеясы мен әлем діндерінің Форумы секілді қоғамдық құрылымдардан өз бейнесін тапты. Әр ұлтты, әр конфессиялық диалогтің әртүрлі формаларын реттей отыра, олар еуразия халықтарының рухани бірігуін, тілдердің, мәдениет пен діндердің тепе-теңдік полифониясының дамуына ықпал етеді.

Жаңа тарих кезеңінде Мемлекет Басшысы еуразияшылдықтың мәнмәтінін кеңейте түскені анық. Енді еуразияшылдық мәселелері тек қана ТМД елдерін ғана емес, сонымен қатар жалпы Еуропа мен Азияның өзара қатынастарын қарастырады. Қазақстан Президенті «барлық еуроазиаттық құрлықта жақсы көршілік, сенімдік қатынастардың» қажеттілігі туралы айтады. Нәтижесінде – Қазақстан «әлемдік оқиғалардың артқы жағында қалмайды». Керісінше, Қазақстан, «Еуразия орталығы бола отырып, үш тез өсудегі аймақтар – Қытай, Ресей және Мұсылман әлемінің арасындағы экономикалық және мәдени байланыстырушы ролін ойнайтын болады» [9].

1. Назарбаев Н. На пороге XXI века. Алматы, 1996ж. 100 б.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М, 1967. – 504 с.
3. Шарафаддин Ә. Тірлік үшін, бірлік керек. //Егемен Қазақстан//05.12.2000. №306
4. Еуразия Одағы Керек пе? //Жас Алаш. 16.12.2000. №151
5. Елбасы. Алматы. "Ана тілі". 1-9.96. 443 б.
6. Назарбаев Н.А. Президент Республики Казахстан о формировании евразийского союза государств. (1994 год)
7. Назарбаев Н.А. Президент Республики Казахстан проект евразийского союза: проблемы и перспективы интеграции.
8. Шекарасыз әлемге апарар жол (Н.Ә.Назарбаевтың еуразияшылдық туралы ой-пікірлері) // Мирас №1, 2008.
9. Трубецкой Н.С. Верх и низы русской культуры: Этническая база русской культуры//Исход к Востоку: Предчувствия и свершения: Утверждение евразийцев. София, 1921. Кн. 1.

### **ЖУМАГУЛОВ К.Т.,**

д.и.н., профессор, заведующий кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения,,  
**СЕКСЕНБАЕВА Г.А.** – д.и.н., доцент, КазНУ им. аль-Фараби,  
г. Алматы, Республика Казахстан

### **«ЮНЕСКО И АУДИОВИЗУАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ»**

В XIX столетии информационное существование человечества, помимо знаковых, начертательных форм документирования, имеющие тысячелетние корни и широко применяемые в наши дни, начали дополняться отличными от них, нетрадиционными формами документов, исходными видами которых, являлись фото- и кинодокументы.

В современном обществе, где создается значительное количество аудиовизуальных документов, они выполняют целый ряд взаимосвязанных функции информационно-пропагандистского, социального, познавательного, эстетического характера.

Сегодня трудно переоценить роль аудиовизуальных документов в духовной жизни общества, его идеологическое и нравственно-эстетическое воздействие на массовую аудиторию. Компьютеризация, широкое распространение массового телевидения, появление кассетного, кабельного телевидения, мультимедиа-продуктов – все это явления не только технического характера, но и в известном смысле культурологического масштаба. В XX веке, благодаря аудиовизуальным технологиям, создано культурное наследие нового типа. Были записаны ключевые события, аудиовизуальные носители стали новой формой культурного выражения и распространения памяти человечества. Аудиовизуальные материалы – это часть нашего культурного наследия, включающая большой объем информации, которую необходимо сохранить для использования в будущем. Условия хранения аудиовизуальных и мультимедийных носителей требуют особого внимания. Грязь, пыль, сквозняки, чрезмерная или изменчивая температура и влажность могут вызвать порчу носителей. Время жизни CD-ROM и магнитных лент непосредственно зависит от температуры и влажности в помещении, где они хранятся. Носители должны храниться отдельно, в соответствии с их химическим типом (например, магнитные ленты, грампластинки на 78 об./мин. и долгоиграющие, магнитные диски, оптические диски) с целью обеспечения наиболее подходящей температуры и влажности хранения, а также для упрощения тушения в случае возгорания. Кроме того, магнитные носители, такие как видео- и аудиозаписи на лентах, следует хранить вне воздействия магнитных полей. Так как аудиовизуальное наследие может быть утрачено в результате небрежного отношения, естественного разрушения и технологического устаревания, то в связи с этим возникает острая необходимость повышать осознание важности проблемы сохранения этих материалов среди широкой общественности.

Это главный вызов национальным архивам, а также университетам, библиотекам, музеям и хранителям личных коллекций. До сих пор высокая стоимость и технологическая сложность затрудняют хранителям архивов выработку собственной стратегии сохранения и управления коллекциями, они должны ждать дотаций и централизованных субвенций. В условиях все более

широкого внедрения цифровых технологий перед архивистами и специалистами других областей, имеющих отношение к ним, остро стоит вопрос о том, как сохранить аудиовизуальное наследие. Принятие Генеральной конференцией ЮНЕСКО в октябре 1980 г. Рекомендаций по сохранению движущихся изображений было важным моментом, начиная с которого фильмы, телевизионные программы и аудиозаписи были официально признаны как часть национального культурного наследия. Целью ЮНЕСКО является развитие аудиовизуальной архивной инфраструктуры, обучение специалистов и установление профессиональных экспертных центров, обеспечивающих защиту и сохранение аудиовизуального наследия человечества. Работая в содружестве с несколькими неправительственными организациями, которые составляют Координационный Совет Ассоциации аудиовизуальных архивов (Co-ordinating Council of Audiovisual Archives Associations, ССААА – головная организация международных неправительственных организаций, занимающихся сохранением аудиовизуального наследия) ЮНЕСКО поддерживает разработку политических решений и стратегических докладов по таким ключевым вопросам как копирайт, законодательство и технические стандарты; содействует распространению информации по проблемам аудиовизуального наследия; поддерживает проекты по аудиовизуальным архивам. С целью привлечения внимания к вопросу о значимости звуковых записей и изображений в качестве источников информации о последних 150 годах, а также к проблемам их сохранения и обеспечения доступа к ним для всех заинтересованных лиц и организаций, ЮНЕСКО выдвинул инициативы, как Всемирный день аудиовизуального наследия и Программу всемирной памяти, в рамках которых ведется кропотливая профессиональная деятельность специалистов по сохранению аудиовизуального наследия. Несмотря на то, что Рекомендация 1980 года способствует привлечению внимания к значимости аудиовизуального наследия и играет важную роль в сохранении для грядущих поколений этого зачастую уникального свидетельства экономического, политического и социального развития, необходимы дополнительные усилия, поскольку аудиовизуальные носители весьма уязвимы и требуют особого внимания для того, чтобы обеспечить их сохранность на долгий срок. Именно в этом контексте Генеральная конференция утвердила в 2005 году Всемирный день аудиовизуального наследия (World Day of Audiovisual Heritage) в качестве механизма для повышения общей информированности о необходимости принятия срочных мер для признания важности аудиовизуальных документов как неотъемлемой части национальной идентичности. Первое празднование Всемирного дня аудиовизуального наследия состоялось 27 октября 2007 года и с тех пор он входит в систему международных и всемирных дней ООН [1]. Темой Дня было объявлено «Аудиовизуальное наследие как свидетельства культурной самобытности», лейтмотивом которого явилось возможность задуматься о важной роли кино, телевидения и радио в распространении идей и информации и, следовательно, в развитии диалога между общинами во всем мире. По случаю его первого празднования, Коитиро Мацуура, Генеральный директор ЮНЕСКО отметил, что «... Культурное наследие позволяет нам не только лучше понять прошлое, оно также отражает культурную самобытность и культурное разнообразие сегодняшних общин, а аудиовизуальное наследие является, в частности, одним из главных средств, позволяющих познакомиться с ценностями и различными формами творческого самовыражения современных обществ» [2]. Усилиями государственных архивов и других заинтересованных лиц, в рамках празднования этого Дня повсеместно проходят: конференции, круглые столы и семинары; демонстрация аудиовизуальных материалов; конкурсы (например, конкурс на разработку логотипа Всемирного дня аудиовизуального наследия); культурные мероприятия с участием архивных учреждений, музеев и др. Темы Всемирного дня аудиовизуального наследия разнообразны и касаются вопросов значимости звуковых записей и изображений в качестве источников информации, а также проблем их сохранения и обеспечения доступа к ним. Этот день все архивы посвящают работе по разъяснению актуальности и необходимости решения вопросов организации, восстановления и хранения таких материалов.

В целях сохранения этого ценного документального наследия и повышения степени информированности нынешних и будущих поколений о его неопределимом богатстве, ЮНЕСКО приступила к осуществлению программы «Память мира». ЮНЕСКО учредила программу «Память мира» в 1992 г. Стимулом для этого послужило растущее осознание бедственного положения с обеспечением сохранности и доступа к документальному наследию в разных странах мира. Существовавшие веками проблемы еще более обострились в результате войн и социальных потрясений, а также катастрофической нехватки средств. Самая разная судьба постигла имеющие важное значение коллекции в разных уголках мира. Свою роль сыграли такие факторы, как грабеж и потеря целостности, незаконная торговля, разрушение, неадекватные условия хранения и финансирования.

«Память мира» – это документальное наследие (документированная коллективная память народов мира), которое представляет собой большую часть всемирного культурного наследия. С ее помощью можно проследить эволюцию мысли, открытий и достижений человеческого общества. Значительная часть «Памяти мира» хранится в библиотеках, архивах, музеях и хранилищах разных стран мира, и существенная ее часть находится сейчас под угрозой исчезновения. В результате аварийных или предусмотренных перемещений собраний и коллекций, конфискаций в качестве «военных трофеев» или других исторических обстоятельств происходит утеря целостности документального наследия многих народов. В одних случаях доступу к этому наследию мешают препятствия физического или политического характера, в других случаях существует угроза его порчи или разрушения. Существует постоянная угроза утери документального наследия в результате стихийных бедствий, например, наводнений и пожаров; из-за того, что большая часть такого наследия существует на носителях из природных, синтетических или органических материалов, подвергающихся химическим изменениям и разрушениям в результате катастроф, происходящих по вине человека, грабежей, аварий или войн; постепенного износа, который может быть результатом незнания или нарушения элементарных норм ухода, хранения и охраны. Разрушение аудиовизуальных и электронных материалов может происходить также в силу технической отсталости. Часто это случается по той причине, что главную роль начинают играть коммерческие соображения, мешающие разработке более надежных материалов или технологий обеспечения его сохранения. Осознание этих проблем привело к пониманию необходимости принятия безотлагательных мер. Хотя уже безвозвратно утеряна значительная часть документального наследия, еще можно успеть принять меры по обеспечению сохранности большей части оставшегося наследия. Возможности отдельных стран в этой области являются неравными, в том числе с точки зрения наличия специалистов и средств, необходимых для решения этой задачи. В рамках Программы «Память мира» обеспечивается признание документального наследия, имеющего международное, региональное и национальное значение, ведется реестр этого наследия и присуждается эмблема с целью его идентификации. Программа содействует обеспечению сохранности и не дискриминационному доступу. В рамках программы проводится кампания с целью повышения степени информированности правительств, широкой общественности, деловых и коммерческих кругов о важной роли документального наследия, необходимости обеспечения его сохранности и мобилизации средств. Работа по обеспечению сохранения и деятельность по расширению доступа не только взаимно дополняют друг друга, но также служат повышению степени осведомленности, ибо потребность в обеспечении доступа стимулирует работу по обеспечению сохранности наследия.

Программа «Память мира» преследует следующие три основные цели:

- Содействие обеспечению сохранности всемирного документального наследия путем использования наиболее соответствующих методов. Эта цель может быть достигнута путем оказания непосредственной практической помощи, распространения консультативных услуг и информации и содействия в подготовке кадров или привлечения спонсоров для осуществления актуальных и необходимых проектов.

- Оказание помощи в обеспечении всеобщего доступа к документальному наследию. Эта деятельность предусматривает содействие использованию в Интернете цифровых копий и каталогов, а также публикацию и распространение книг, компакт-дисков и оцифрованных видеодисков и другой продукции, по возможности на самой широкой и справедливой основе. В тех случаях, когда обеспечение доступа имеет последствия для хранителей музеев, то они должным образом учитываются. Сохраняется действие законодательных или других ограничений, касающихся обеспечения доступа к архивам. Обеспечивается уважение чувства принадлежности к культуре, включая хранение коренными общинами своих материалов и контроль с их стороны за доступом к ним. Права частной собственности гарантируются законом.

- Распространение во всемирном масштабе информации о существовании и значении этого документального наследия. Деятельность по достижению этой цели предусматривает разработку реестров «Памяти мира», привлечение внимания средств информации, публикацию популярных и информационных материалов. Созданный в 1997 г. Международный реестр «Память мира» насчитывает в настоящее время около 250 наименований документального аудиовизуального наследия, которые имеют всемирное значение. Программа «Память мира» исходит из той посылки, что некоторые объекты, коллекции, собрания и фонды документального наследия являются всемирным достоянием в той же мере, что и объекты выдающегося всеобщего значения, включенные в Список всемирного наследия ЮНЕСКО. Представляется, что в силу своей значимости они не могут ограничиваться какими-либо временными или культурными рамками, поэтому их надлежит сохранять для нынешнего и грядущих поколений и делать доступными в той или иной форме для

всех народов мира. В реестр «Памяти мира» входят и казахстанские материалы. Так, Архивный фонд Аральского моря содержит документы периода 1965-1990 гг., в которых представлены данные по экологическому кризису Аральского моря и преодолению его последствий. Это – уникальный информационный фонд для изучения Аральского моря и причин сокращения его размеров до 10% по сравнению с 60-ми годами прошлого века. «Архивные фонды Аральского моря» стали третьим объектом документального наследия от Республики Казахстан, наряду с рукописями Ходжи Ахмеда Яссауи и его учеников, а также архивными материалами о деятельности международного антиядерного Движения «Невада – Семей».

Таким образом ЮНЕСКО и другие заинтересованные организации призывает население всего мира обратить внимание на неудовлетворительное состояние аудиовизуальных архивных документов, на важность сохранения ценных архивных аудиовизуальных документов для будущих поколений и принятие необходимых мер по восстановлению и обеспечению долгосрочного хранения таких материалов.

- 
1. <http://anydaylife.com/calendar/323>
  2. <http://www.unesco.org>

**FABIO L. GRASSI,**

The director of the Eurasian research in department of history, culture and religion  
of university of La Sapienza, professor.  
Italy. Rome

#### **«EUROPA AND THE GREATER ASIA IN THE PAST AND NOW»**

Honourable Chairman and Participants,

I congratulate warmly in the day the 550 anniversary of the foundation of the Kazakh khanate with the People of Kazakhstan. The land of Kazakhstan was in the millennia a crossroads of various civilizations of great movements of peoples. The celebration of the 550 anniversary of the Kazakh khanate is a tribute of centuries-old history of Kazakhstan. I wholeheartedly wish to all Kazakhstan citizens unity, prosperity and wellbeing.

Subjects of my short speech are: the ancient relation between the territories of nowadays Kazakhstan – the core of Asia Maior – and Europe; and what – in my humble opinion – Kazakhstan can and must be for European culture now.

For European explorers, travelers, merchants, the earth of Central Asia was *par excellence* the land of the great spaces and of the great adventure. In his capital book on Aesthetics, the great German philosopher Georg Wilhelm Friedrich Hegel (1770-1831) wrote that Chinese civilization, contrarily to Ancient Hellenic civilization and Early Middle Age Europe civilization, had not got and could not have got a great epic literature because State had born in China too early and State tradition had never faded. So, due to the pre-eminence of agriculture, the European explorers, travelers, merchants once arrived in China found something familiar. Central Asia has always the land of great civilizations, nonetheless was more the land of the horse than the land of the plough. Therefore Central Asia did see great States, fine social buildings, but also travel, adventure, a mobile crucible of peoples, unforgettable epos. The Silk Road (actually several Silk Roads, whose some passed by nowadays Kazakhstan) was a matter of trade but also a matter of knowledge, of material and spiritual adventure.

Despite the well-known adventure of Alexander the Great of Macedonia, Ancient Romans had quite vague ideas on the world east of the great Parthian Empire. The Roman historian Florus describes the visit of numerous envoys, including "Seres" (probably people coming from Central Asia), to the first Roman Emperor Augustus, who reigned between 27 BCE and 14 CE.

Important contacts occurred between the 5<sup>th</sup> and the 8<sup>th</sup> century, when Turkic populations like the Huns and the Avars made important expeditions and established realms in Central and Eastern Europe. They participated to that great general movement of communities that forged the Europe as we think it now.

In 568 the Sky Turks, who ruled the better part of the nowadays Kazakhstan, sent an embassy to Constantinople to form an alliance with the Byzantines and commence the silk trade directly with them, bypassing the Persian middlemen. The offer was accepted by emperor Justin II and in August 568 the general Zemarchus left Byzantium for Sogdiana. The embassy, whose description is preserved by Menander Protector, was under the guidance of Maniakh, chief of the people of Sogdiana. After several ceremonies the envoys proceeded to a hollow encompassed by the Golden Mountain, apparently in some locality of the Altay Mountains. They found the khan surrounded by astonishing pomp – gilded thrones, golden

peacocks, gold and silver plate and silver animals, hangings and clothing of figured silk. They accompanied him some way on his march against Persia, passing through Talas or Turkestan in the Syr Daria valley. Zemarchus was present at a banquet in Talas where the Turkish khan and the Persian envoy exchanged abuse; but the Byzantine does not seem to have witnessed actual fighting. Near the river Okh (possibly Syr Darya) he was sent back to Constantinople with a Turkish embassy and with envoys from various tribes subject to the Turks. For several years this Turkish-Byzantine alliance subsisted, encouraging close intercourse: when another Roman envoy, one Valentinus, went on his embassy in 575, he took back with him 106 Turks who had been visiting Byzantine lands.

With the Islamization and Turkification of the better part of Central Asia, the ancestors of modern Kazakh people gained a better knowledge of the Land of Rum, i.e. the survived Eastern part of the Roman Empire, i.e. Byzantine Empire. Now the Turkic peoples looked mainly Westwards, to Mecca if not to Constantinople, also those Turkic peoples that had not left their motherland, the Greater Asia.

In the Early Middle Age, and especially in the first centuries of Islam, a precious role of intermediation had the Radhanites, Jewish merchants. The activities of the Radhanites are documented by Ibn Khordadbeh, the Director of Posts and Police for the province of Jibal under the Abbasid Caliph al-Mu'tamid, who ruled from 869 to 885, when he wrote *Kitab al-Masalik wal-Mamalik (Book of Roads and Kingdoms)*, probably around 870. Ibn Khordadbeh described the Radhanites as sophisticated and multilingual. He outlined four main trade routes utilized by the Radhanites in their journeys; all four began in the Rhone Valley in Southern France and terminated on the east coast of China. Radhanites primarily carried commodities that combined small bulk and high demand, including spices, perfumes, jewellery, and silk. They are also described as transporting oils, incense, steel weapons, furs, and slaves.

13<sup>th</sup> Century is the Century of the great Mongolian Empire, of the Pax Mongolica, of the zenith of importance of the Silk Road (actually Silk Roads, we said) and of the first peak of the great economical, demographical and cultural reprise of Europe, a reprise started in 11<sup>th</sup> Century and only temporarily stopped in the middle 14<sup>th</sup> Century due to the terrible Black Death, the great pandemy that travelled, alas, along the same Silk Road that had brought so many goods and knowledge. Before this calamity, in the 2nd half of 13th Century the Polo family had repeatedly travelled between Venice and China and the younger Marco had later left, with the intermediation of the Pisan Rustichello, the souvenir of his experiences. Once more the territories of modern Kazakhstan were recorded in European culture as a fascinating land, where, in a geographical environment so different from the one of the little Europe, brave and wise lords knew how to rule peoples, economies, religions.

With the Ottoman conquest of Constantinople, the great Geographical discoveries and the consequent radical changes in trade and economy, a decrease of interest towards Central Asia occurred in Europe. Tamerlan was still a well-known figure in European popular culture, but the advent of the great, long-living Khazak Khanate, the birth and the glory of a State clearly referred to a people rather than to a dynasty, were not subject of sufficient interest and study. Long time later European diplomacies will follow carefully Russian expansion in Central Asia and the consequent Great Game with the British Empire, but still with limited resonance in popular European culture.

And so, one of the duties of contemporary European culture is to acquire and transmit a deeper knowledge of post-Tamerlan Central Asia and in particular of the glorious history of Khanate of Kazakhstan so to understand, to learn and to teach nowadays Kazakhstan, a growing country with a glorious past, a country having with Europe growing relationship.

In an age where independent Kazakhstan, under the wise and philosophically inspired leadership of his President, scores so great a development and so great achievements in so many crucial fields, from economy to culture; in an age where independent Kazakhstan, in a World troubled by religious and political fanaticisms, prompts and accomplishes peaceful coexistence of identities and creeds, Europe must be sensitive to the intense call of Kazakhstan for intellectual cooperation and must look at Kazakhstan with utmost interest.

As an Italian scholar who has devoted his scholarly life to Ottoman political space and Turkic World and as an Italian scholar who since 2011 is member of the scientific community of Rome Sapienza University, i.e. member of the most important university in Italy, I am proud and happy to state that my university is ready and willing to give a strategic contribution to the enforcement of Italo-Kazakh scientific and cultural relations. With Al-Farabi University of Almaty we have recently signed a frame agreement and have ambitious common purposes. Let me here thank all the governance and staff of Al-Farabi University and personally prof. dr. Kalkaman Zhumagulov. He trains young Kazakhs into a fine appraisal of the roots of European culture. We hope to have in the future in Sapienza University and in Italy the exact correspondent of prof. dr. Kalkaman Zhumagulov, i.e. an authoritative scholar mastering and spreading the knowledge of Kazakh history, language and culture. We have a great task to fulfill and we are going to work on it. Thank you.

ТӨЛЕБАЕВ Т.Ә.,

т.ғ.д., дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖОЛДАР ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА КОНЦЕПЦИЯЛАРМЕН ПАРАДИГМАЛАР

Қазақстандық және жалпы дүниежүзілік тарихнамада жолдар тарихы мәселелері біршама нашар зерттеліп келеді. Кеңес дәуірінің соңында аздап басталып, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жақсы зерттелуге ден қойылған – Ұлы Жібек жолы тарихы мәселелері болды. Бірақ ежелгі және ортағасырлық кезеңдерде халықаралық экономикалық, мәдени, саяси қарым-қатынастарда маңызды рөл атқарған және тіпті сол Ұлы Жібек жолы мен оның тармақтарының негізі болған көптеген жолдар туралы мәселелер жекелеген зерттеушілердің еңбектерінде сөз болып отырады. Бірақ әлі де болса сол жолдар туралы арнайы зерттеу еңбектері жоқ. Бұл шағын мақалада біз сол мәселеге зерттеушілердің назарын аударуды мақсат еттік.

1977 жылы жарық көрген Қазақ Совет энциклопедиясында Ұлы жібек жолы туралы арнайы мақала жарияланған. Онда былайша анықтама берілген: «Ұлы жібек жолы – сауда, керуен жолдарының жалпы атауы, б.з.б. 2 ғ.-дан 16 ғ-ға дейін Орта Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстырды»<sup>1</sup>. Энциклопедияда Ұлы жібек жолы б.з.б. 2 ғасырда Чжан Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде ашылды деп көрсетілген. Ұлы жібек жолы Сианьнан Ланчжоу арқылы Дуньхуанға апаратыны айта отырып, бұл жерден оның екі жол торабына бөлінетінін жазады және оны былайша сипаттайды: «солтүстік жол Тұрпан, Қашғар, Самархан, Мервті, Ферғана алабын, ал оңтүстік жол Хотан, Жаркент, Балх және Мервті басып өтіп, Памирдің тау жоталары арқылы Үндістанға, сондай-ақ Таяу Шығысқа апарды. Мервте оңтүстік және солтүстік жолдар қосылып, одан әрі батыстағы «Ұ. ж. ж.» Ниса, Гекатомпил, Экбатан, Бағдад арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға, Тир мен Антиохияға дейін созылып жатыр»<sup>ii</sup>. Бұл жолдың атауының пайда болуы экспорт үшін арнайы дайындалған және Батыста жоғары бағаланған қытай жібегінің негізгі сауда тауары болғандығымен түсіндірілген. Бұл шындық еді. Мұнда Жібек жолының даму кезеңдерін көрсетуге де ұмтылыс жасалған. Онда 1-2 ғасырларда Ұлы жібек жолы арқылы сауда-дипломатиялық байланыстың мейлінші дамығандығы ерекшеленген. Бірақ жол қатынасының қиындығының Қытай мен Рим арасындағы тікелей байланысқа мүмкіндік бермеді деп те көрсетіледі. Ал Ш – ҮІ ғасырларда Ұлы жібек жолы көбінесе «қажылар жолы» болғандығы, ол арқылы будда монахтарының Қытай мен Үндістан аралығында жүріп отырғандығы айтылады да, ҮІІ – Х ғасырларда Ұлы жібек жолының халықаралық маңызының арта түскені, Қытайдық Византиямен арабтармен байланысының дамығандығы жазылады. Ұлы жібек жолы ХҮ ғасырда өз маңызын жоя бастағаны атап көрсетіледі және оның себебі теңіз байланыстарының дамуымен байланыстырыла түсіндіріледі. Ұлы жібек жолының ұзындығы 7 мың километрден асты деп көрсетіледі де, оның Кіші Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасындағы экономикалық және мәдени байланысты дамытуда ролінің зор болғандығы жөнінде тұжырым жасалады.

С.М.Ақынжанов ортағасырларда Дешті-Қыпшақ кеңістігіндегі Ұлы Жібек жолының басты даңғылынан Қазақстанның далаларын Орта Азия оазистері сияқты екі аймақтың тығыз экономикалық байланыстарының болғандығын дәлелдейін бірнеше керуен жолдары болды,- дей отырып, оларға арнайы назар аудартады. Зерттеуші **бірінші жолды**, Сырдарияның төменгі ағысы бойынан Батыс Қазақстанға және Оңтүстік Оралдың тауетегіне барды деп есептейді. **Екінші, негізгі**, орта ғасырларда Сарысу жолы деп аталған жол Фараб-Отырардан шығып Ақсүмбеге, одан Сарысу мен Шу арқылы Қаракенгірдің Сарысуға құяр сағасына жетіп, оны бойлай отырып Ұлытауға, одан Есіл арқылы Ертіс жағалауына шыққанын, ал келесі, **үшінші** орта ғасырларда **Ханжал** деп аталған жол – Тараздан солтүстікке бағыттталып, Бетпақдала, Атасу арқылы Дешті-Қыпшақ даласына жеткендігін сипаттайды. С.М.Ақынжанов осындай көп сауда жолдарының болуы бұл кезеңде тығыз шаруашылықтық байланыстың болғандығын айғақтайды деп тұжырымдаған.

Ал Р.Б. Исмагилов болса қазақ даласындағы жолдар мен олардың бағыттарының уақытын тереңдете түсуге ұмтылыс жасаған. Ол сақтардың батысқа қоныс аулауының екі жолы болды: біріншісі, оңтүстік жол- Алтай, Тарбағатай, Тянь-Шань және Қаратау бойымен Орал-Каспий дәлізіне жетті. Мұнда Орталық және Солтүстік Қазақстан арқылы келетін солтүстік жол да келіп тоғысты дей отырып, дәл осы жолдар арқылы кейіннен Шығыс пен Батыс арасындағы сауда операциялары да жасалып отырды деп тұжырымдай отырып, бұл ойын б.з.бұрынғы ҮІІІ – ҮІІ ғасырларға тән Шілікті, Ұйғарақ, Тегіскен ескерткіштері мен Солтүстік Қазақстандағы жерлеу орындары мәліметтері арқылы дәлелдеуге тырысады.



Біздіңше Ұлы Жібек жолына берілген анықтамалардың ішінде К.М.Байпақовтың мына анықтамасы, ауқымды әрі біршама дұрыс сияқты. Оны сөзбе-сөз келтірейік: «Великий Шелковый путь – система караванных путей, пересекавших Евразию от Средиземноморья до Китая и служивших в эпоху древности и средневековья важным каналом осуществления торговых и культурных связей представителей этих регионов»<sup>iii</sup>. Зерттеуші бұдан соң Ұлы Жібек жолының тарихы, негізгі даңғылдары, оның бойындағы қалалар туралы мәселеге көшеді. Жібек жолының жекелеген тармақтарының ежелгі прототиптері туралы мәселеге келетін болсақ, – дейді ол, – б.з. бұрынғы Ш – П мыңжылдықтарда-ақ байланыс пен айырбастың басталған еді. Олардың Бадахшан тауларында лазурит, Жәркендарияның жоғары ағысы бойында, Хотан ауданында нефрит өндірумен байланысты болғанын, лазуриттің Иран, Месопатамия, Анатolia, Египет пен Сирияға, ал I мыңжылдықтың ортасынан бастап Қытайға шығарылғандығын жазған. «Лазурит жолымен» қатар Орта Азия мен Орталық Шығысты Жерорта теңізімен және Индиямен байланыстырған, сондай-ақ Шығыс Түркістанды Солтүстік Қытаймен жалғастырып отырған «нефрит жолы» да болғандығын жекелеген зерттеушілер еңбектері негізінде баяндайды. Б.з.бұрынғы I мыңжылдықта «дала жолының» болғандығын айта отырып, оны Геродоттың жазғандары негізінде, Дон бойындағы Қаратөз жағалаулары арқылы Оңтүстік Оралдағы савроматтар жерінен Орынборға, Ырғызға, одан Тобыл, Есіл мен қазіргі Семей маңында Ертіске, ары қарай Алтайға, Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлі бойындағы агриппилер еліне жетті. Бұл жол бойынша жібек, тері, бұлғын, иран кілемі таратылды. К.М.Байпақов VI ғасырда Ұлы Жібек жолының Қашқар мен Ферғана маршрутының қысқа әрі қолайлылығына қарамастан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін бағыты жандана түсті дей отырып, оның себептерін, бүкіл Орта Азия бойынша өтетін сауда жолдарын бақылап отырған түрік қағанының ордасының Жетісуда болуымен және VI ғасырда Ферғанада өзара қырқысулардың болып отыруымен түсіндіреді. Сөйтіп, VI –XIII ғғ. елшілер мен сауда керуендерінің көпшілігі «қазақстандық» немесе «солтүстік» жолмен өткенін де айтады. Бұл Ұлы Жібек жолының Қазақ жеріне дейінгі тармақтары туралы қорытындылары еді.

1991 жылы Ұлы Жібек жолы туралы әртүрлі көлемдегі бірнеше еңбек жарық көрді. Солардың ішіндегі ғылыми көзқарастарды айқындауға мүмкіндік беретіндеріне тоқталайық. Алдымен «Қазақстан коммунисті» журналының аға редакторы Д.Сейсенов жүргізген әңгімеге тоқталайық. Бұл әңгіме «Ұлы Жібек жолы, оның өткені мен болашағы хақында» деп аталады<sup>iv</sup>. Мақала Ұлы Жібек жолының нашар зерттеліп келгендігі, оның сол кездегі маңызы, болашағы туралы қысқаша кіріспемен басталып, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің пікірлерін сұрақ-жауап түрінде келтіріп отырады. Бірінші болып сөз алған Ә.Кекілбаев: «Жібек жолы сонау ерте заманның өзінде ел мен елді, құрылық пен құрылықты байланыстыруға дәнекер болған шын мәнісіндегі ұлы жол. Сол шақта оның мәні кейінгі Колумб пен Магелан ашқан жаңалықтардан кем болған жоқ», – деп тұжырымдап, ол ойын Ұлы Жібек жолының Азия мен Еуропаны бір емес, бірнеше ғасыр бойы жалғастырған үлкен даңғыл болғандығымен, тек сауда ғана емес, дипломатия мен мәдени алмасулар жолы болғандығымен және қазіргі өркениетке өзіндік үлес қосқандығымен дәлелдейді<sup>v</sup>.

К.Ақышев Ұлы Жібек жолының бастауы б.з.дейінгі V-VI ғғ. жатыр деп мәлімдеген. Ол кездегі жол Тарим өзені бойымен Памир, Бадахшан арқылы Үндістан, Иран, Ирак елдеріне барды, ал II-I ғғ. Ұлы Жібек жолы Ыстық көлді айналып өтіп, Баласағұн, Отырар, Ташкент арқылы ауған, парсы, үнді елдеріне жол тартты деп есептейді. Осы екінші бөлігінің үш торабы болды деп көрсетеді. Оның бірі Ыстық көлден бұрылып, Сымтас асып, Кегенге келетін, одан Шелек, Қаракемер, Түрген, Есік, Талғар арқылы Алматыға тірелетін, ал келесі торабы – Қорғастан өтіп, Жаркент, Алтынемел асуымен Сарыөзекке, одан Арқарлы асуы арқылы Шеңгелдіге, одан Таңбалы тасқа келіп Іле өзеніне тірелетін дейді де, ол жерде Іледен көпір салған секілді деп қызықты ой айтады. Ал үшінші торабы – Жоңғар қақпасынан өтіп, Талдықорған, Қойлық арқылы Шеңгелдідегі жолға тоғысқан деп есептейді. Ал бұдан соң Ұлы Жібек жолы Алматыдан Тараз, Испиджаб, отырар, Ташкент және Сыр бойындағы қалалар арқылы Астраханды басып Еуропаға баратынын айтқан. К.Ақышев сонымен қатар, тек қытайдан ғана жібек келіп қана отырмағандығын, Жетісудан алтыннан, қоладан жасалған заттар толассыз шығарылып отырғанын, қытайлықтардың Жетісу арғымақтарын «батыс кереметі» деп атап қадырлеп, бағалап отырғанын да айтқан.

Ленинградтық зерттеуші Заднепровский Ю.А. «Усунь и кангюй на трассе Великого Шелкового пути» атты баяндамасын: «В пределах крупнейших кочевых государств Усунь и Кангюй, занимавших обширные пространства Семиречья, Тянь-шаня и Южного Казахстана, проходил большой участок Международного торгового пути (в дальнейшем ВШП). Усунь и Кангюй (Канцзюй) обладали значительной военной силой и на своей территории контролировали и определяли функционирование ВШП», – деп бастайды<sup>vi</sup>. Үйсін және қаңлы халықтарының Ұлы Жібек жолы бойынша Шығыс пен Батыстың отырықшы өркениеттерінің мәдени және техникалық жетістіктерін меңгеріп, өзінің бойындағы тарихи үрдістерде үлкен рөл атқарды. Шығысында ғұндармен,

оңтүстігінде Шығыс Түркістанмен, оңтүстік-батысында Ферғанамен, ал батысында Қаңлылармен шектесіп жатқан үйсіндер орасан зор аумақта өмір сүрді. Осындай үйсіндердің қармағында болған Ұлы Жібек жолының тармағы туралы былай деп тұжырымдаған: «Чтобы уточнить представление о границах Усунь, обраим внимане на сведения Цянь – Ханьшу, что усуни находились к северу от Яньци – Карашара, т.е. крайние восточные части Тянь-шаня. Следовательно, под контролем усуней была большая часть Северной дороги в Западном крае (Вост. Туркестан), которая шла от владения Чечи Переднего через Карашар до Шулэ (Кашгар). Длина торгового пути от Карашара до Кашгара составляет около 1200 км. Более того, усуни, как полагают, распространили свое влияние на владения Сюсюнь, Цюаньду и Юйтоу, находившиеся к западу и к северу от Кашгара. Все они располагались на трассе или в непосредственной близости от Алай – Каратегинской части ВПШ. Таким образом, усуни расширили возможности своего влияния и на этой – Северной дороге»<sup>vii</sup>.

Осы 1991 жылы «Ұлы Жібек жолы бойынша» атты орыс тіліндегі фотоальбом жарияланды<sup>viii</sup>. Кітап сөз жоқ көпшілікке, ең алдымен жарнамалық мақсатта жазылған. Мұнда әртүрлі археологиялық заттардың, қалалардың орындарының, кесенелердің суреттерімен қатар екі қатарлы, бірі көпшілікке арналған публицистикалық бағыттағы екіншісі ғылыми зерттеулер негізіндегі мәтін берілген. Біріншісінің авторы – Р.Насыров, ал қосымша сияқты, кішірек жазумен берілген екінші ғылыми негіздегі мәтіннің авторы – К.М.Байпақов. Бұл еңбекте Франческоның қыпшақ бекінісі Азақтан (Азов) шығып, ноғай бекінісі Джутарханға (Астрахан) келіп, одан Жібек Теңізімен (Каспий) сегіз күн жүзіп Жайыққа, одан Сарайшыққа келгендігін жазғанына тоқталады. Бұл жолдың әрине ежелгі Ұлы Жібек жолы тармағы екендігі белгілі. Бірақ біздің тағы бір нәрсеге назар аударғымыз келеді. Ол Азов деп жүргеніміздің Азақ, ал Астрахан деп жүргеніміздің Джутархан екендігі. Бұл мәселені тарихи шындық үшін болашақ зерттеушілердің ескеріп, нақтылап, анықтағаны дұрыс болар еді. Керуен – сарайдан екі түйеге жегілген дөңгелекті жылы баспана жалдап, Отырарға көктемде келіп жетеді. Бұл жерде дөңгелекті баспананы тастап, мықты есектер жалдап, Алматау етегімен Армалекке (Құлжаға) жетеді. Іле өзенінен өтіп, Кассайға (Ханьчжоу), одан соң Гамелекке (Ханбалық, Бежін) келеді, – дейді Р.Насыров.

Автордың келесі бір пайдаланғаны Кураш ибн Джафардың «Китаб-ал-харадж» атты мемлекеттік басқару мен қаржы мәселелеріне арналған, X ғ. ортасына тән еңбегі. Шавғарға дейін созылатын Қайрақ тас тауларынан Таразға, одан Құланға, Меркіге, Аспараға, Суябқа, Жоғарғы Барсханға одан Қашғарияға баратын жолды сипаттаған. Ол Суябтан Қашғарияның шекарасындағы Жоғарғы Барсханға дейін керуен он бес күн жүрсе, почта үш-ақ күн жүретіндігі туралы мәліметіне үлкен назар аударады. Мұнысы дұрыс-та. Джафардың түріктердің бұл жолмен байланысының халықаралық сипат алғандығы жөніндегі пікіріне сүйене отырып, ол кезеңде кең көлемді почта байланысы мыңдаған жылдан бері келе жатқандығы, түрік тілінің халықаралық байланыс тілі болғандығы жөнінде тұжырым жасайды және оны мәмлүктер, Ұлы Селджүктер, Қараманидтер, моғолдар тарихы негізінде дәлелдеуге тырысады. Ұлы Жібек жолы бойында Ақыртас, Айша-Бибі, Тараз, Отырар, Яссы сияқты тамаша тарихи орындар мен қалалар болғанына, әсіресе Тараз, Отырар, Яссы тарихына кеңірек тоқтала отырып сипаттама береді.

1992 жылы жарық көрген К.Байпақов пен А.Нұржановтың «Ұлы жібек жолы ортағасырлық Қазақстан» атты кітабы. Авторлар Ұлы жібек жолының жекелеген бөліктерімен зат алмасу б.з. бұрынғы III – II мыңжылдықтарда басталған деп санайды. Оны Бадақшаннан шыққан көк лағылды (лазуритті) Иран, Месопатамия, Анатолий, Египет, Сирия жерлеріне, I мыңжылдықтың ортасында Қытайға жеткізген жолдың және сол кездерде –ақ «Нефрит жолының» да болғандығы арқылы айғақтайды. Бұлармен қатар б.з.бұрынғы I мыңжылдықтың ортасында «Дала жолы» деп аталған жол Қара теңіз, Дон бойы, Орал тауы етегі, Ертіс жағалауы, Алтайға, Жоғары Ертіс пен Зайсан көлі бойындағы агриппийлерге дейін созылып, былғары, терілер, иран кілемі, құнды металдардан жасалған бұйымдар тасылды дейді. Міне осылайша ежелгі замандарда-ақ қазақ жері арқылы бірнеше халықаралық сауда жолдарының болғанын байқатады. Жібектің пайда болуы мен саудасының ұзақ уақыт б.з.бұрынғы I мыңжылдық делініп келгендігі, ал таяудағы Қытайдың Чженцзян провинциясындағы Тайху көлі маңынан табылған неолит дәуіріне, б.з. бұрынғы 2750-жылдарға, тән тән жібек маталар, белдіктер мен жібек жіптер бұдан бес мың жыл бұрын-ақ жібектің болғанын көрсететініне назар аударады. Зерттеушілер б.з. бұрынғы VI – V ғасырларда қытай жібегі шет елдерге, соның ішінде Батысқа да шығарыла бастады деп есептейді. Ол тұжырымдарын Алтайдағы Пазырық қорғандарынан, Оңтүстік және Батыс Еуропадан табылған жібек маталар мен шашақтар арқылы дәлелдейді. Олар жібектің таралуында сақтар мен скифтердің ат салысқанын, солардың арқасында жібектің Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін таралғанын жазады. Ұлы жібек жолының тұрақты сауда мен дипломатия жолына айналуын б.з. бұрынғы II ғ. ортасынан басталды деп санайды және бұл тұжырымдарын Чжан Сяның сапарымен байланыстыра түсіндіреді.

1998 жылы М.Елеуовтың «Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (ҮІ –ХІІІ ғ. басы) атты еңбегі жарық көрді<sup>ix</sup>. Кітаптың бірінші тарауы Ұлы Жібек жолына қосылатын және оның тармақтары болып келетін керуен жолдары тарихы мәселелеріне арналған. Оның екінші тармақшасы **Түрік жолының**, Талас пен Шу бойындағы керуен жолдардың тарихын баяндайды. Зерттеуші Ұлы Жібек жолының әлемдік өркениеттің дамуындағы орны мен маңызына жоғары баға бере келе, оның өзінің дамуы мен тармақтарының өзгеруіне сол замандардағы халықаралық қатынастардың, оның бойындағы елдердің ішкі өміріндегі өзгерістердің ықпалының да болғандығын көрсетеді. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық керуен жолдарының картасын келтіре отырып, ол жолдарға сипаттама береді. Ұлы Жібек жолының ҮІ –ҮІІ ғасырларда Атбасы, Арпа өңірі, Қара шұра асуы, Яссы өзені бойымен Өзгентке жетіп, одан соң Ош пен Ферғанаға өтетін Оңтүстік немесе Ферғана тармағының біртіндеп Түрік жолына орын бергенін айтады және оның себептерін жазба деректер негізінде дұрыс түсіндіреді. Біз автордың мұның себебі В.Бартольдтың ҮІІ ғ. Ферғанадағы өзара қырқысулардың, О.Қараевтың таулы аймақтағы қиын жол болғандығының әсері туралы деген түсініктемесінен гөрі «Шу мен Талас өңірінің түрік қағандарының ата жұртына айналып, қағандарының ордаларының осында орналасуы, ондағы қалалар мен елді мекендердің бой көтеріп, көркейіп қолөнер мен сауда – саттықтың дамуына мол мүмкіндіктердің болуы және қағанаттардың сыртқы дүниемен байланыс орнатуға әрекеттенуінен», -деген тұжырымын шындыққа жақын, әрі ауқымды деп білеміз<sup>x</sup>. Бұдан соң автор ҮІ –Х ғасырлардағы жазбаша деректерге сүйене отырып, Түрік жолдың Испиджабтан шығысқа қарай Шараб, Бадухкет, Тамтадж, Жувикат қалалар мен елді мекендерін басып өтіп Таразға келіп, Төменгі Барсхан, Қасырабасқа жеткенін, одан шыққан керуеннің Күлшуб, Жұлшуб, Құлғанға келіп одан Суябқа дейін тағы он қаланы басып өтіп, содан соң Сагур Кубалға одан әрі Ыстық көлге өткендігін жазады. Түрік жолын ондаған үлкенді-кішілі керуен жолдарының қиып өтіп отырғандығын және Шу өзеніне жеткенде екі бағытқа: Іле өңіріне және Ыстық көлге қарай бөлінгендігін көрсетеді.

Тараздың Түрік жолындағы аса ірі сауда және қолөнер орталығы, бірнеше керуен жолдары тоғысқан қала болғандығын көрсете отырып, одан жан-жаққа Ферғана, Жоғарғы Талас, Телікөл, Қимақ және Талас жолдары сияқты әртүрлі керуен жолдарының таралып отыратынын, бұлардың әрқайсысының бағыттарын сипаттай жазады. Солардың ішінде Ферғана жолының Ұлы Жібек жолына, Телікөл және Талас жолдарының Нәнсай жолына, Ран мен Ақсүмбе жолдарының Телікөл жолына, Дарбаза жолының Сарысу жолына, ал Қимақ жолының Хан жолы мен Қарқаралы жолдарына қосылатынын көрсеткен. Ал Талас пен Шу өңірлері арқылы өтетін Қарқаралы, Уванас, Жеті қоңыр және Банджар атты керуен жолдарының Қаратаудың бірнеше асуынан асып оның солтүстік беткейіндегі қалалар мен елді мекендер арқылы Орталық Қазақстанға, одан Есіл мен Ертіс өзендеріне, ары қарай Батыс Сібірге өтіп отырғанын, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала отырып баяндайды. Шу және Хан жолы аталған керуен жолдары мен олардың тармақтары да жан-жақты сипатталады. Шу бойындағы Навакет қаласынан солтүстік – батысқа қарай шыққан Шу керуен жолы Кирмирау, Шөміш, Ақтөбе, Ақсутөбе, Жетіжар, Сабыр, Қыркүй, қалалары мен елді мекендері, Аңырақай мен Қопаарқылы Іле өңіріне жеткен. Шу керуен жолының Текей, Ақсу, Соқұлық тармақтарының бағыттары да жазылған. Хан жолының Тайатқан, Шұнақ тауларынан шығып Шуға жететін және Қойлыбай, Болат тауларынан шығып Шуға дейін баратын екі жолы, немесе автор жазғандай сол тармағы мен оң тармағы болғандығын баяндайды. Мұнымен бірге Хан жолының Байқара, Иткешу, деп аталған сорабтары мен тармақтары да болғандығын айтады. Осыларды қорытындылай келе автор: «Қорыта келгенде, ҮІ – ХІІІ ғ. басы аралығында Шу мен Талас өңірлерінің жекелеген аудандарын, олардың қалалары мен елді мекендерін бір-бірімен байланыстырып жатқан күрделі керуен жолдары жүйесі басты-басты үш жолмен байланысты болған, ол жолдар: Түрік жолы, Шу жолы және Телікөл жолы», – деп көрсетеді<sup>xi</sup>. Автор бұл тұжырымды жасауға көптеген жазбаша деректер негізінде жоғарыдағы мәселелерді баяндай отырып қол жеткізгендігін атап өтуіміз қажет.

М.Хошимов өзінің еңбегінде ең ежелгі жолдардың қалыптасуы туралы мәселеде төмендегідей тұжырым жасаған: «Таким образом, можно отметить, что к эпохе энолита восходит начало интенсивного освоения земледельцами новых районов Средней Азии. В эпоху бронзы эти пути служили не только целям расселения земледельцев и скотоводов – расширения их ареалов обитания, но все чаще для экономических и культурных связей. В раннем железном веке сформировались районные и межобластные пути транзитного сообщения, торговли и обмена. Они использовались в завоевательских походах Ахеменидов и армии Александра Македонского»<sup>xii</sup>. Оның бұл тұжырымдары қолдауға тұрарлық деп ойлаймыз. Тек қазақстандық тарихнамада бұл мәселелердің, дәлірек айтқанда энолит, қола дәуірлеріндегі ғана емес ерте темір дәуіріндегі де қазіргі қазақ жеріндегі жолдар туралы зерттеулердің жоқтығы болашақ зерттеушілерді ойландыруы қажет деп есептейміз.

Хошимов еңбегінің ежелгі дәуірдің белгілі жолдары туралы екінші тараушасында мәселені «лазурит жолын» баяндаумен бастайды. Аспан түстес көгілдір тасты Бадахшандағы қазба орнынан Бактрия арқылы Иранға, Түркменияға және Алдыңғы Азияға апаратын жолдың осылай аталғанын, оның Қытайдақымбат бағалы силық ретінде қабылданып, көптеген елдерде қасиетті заттар жасауда және зергерлік бұйымдар үшін пайдаланылғанын Э. Ртвеладзенің еңбегіне сүйене отырып жазады<sup>xiii</sup>. Қытайға лазурит Шаш, Қотан арқылы жеткізілді Иран, Месопатамия, Египет, Алдыңғы Азия жерлерінен табылған ең ежелгі лазуриттік заттар б.з. бұрынғы 4-3 мыңжылдықтарға тән екендігін айтады. Оның дәлелі ретінде ассирия патшасына жазылған хаттан үзінді келтіреді.

Дунхуаннан шығып Хотан арқылы Вахан аңғарымен Памирді айналып өтетін жолды «нефрит жолы» деп атағандарын, нефриттің де ежелгі Қытайда жоғары бағаланғанын көрсетеді.

«Алтын жол» атты жол бойынша сақтардың әйгілі алтыны тасылды, ол Бактрияны Соғды мен Хорезм қалалары арқылы байланыстырды дейді. Біздіңше негізгі мекені қазіргі қазақ жері болған сақтардың бұл «алтын жолы» тарихын зерттеу қазақстандық тарихшылардың үлесіндегі дүние. Өйткені байқап отырғанымыздай өзбек зерттеушілерінің «алтын жолды» толық сипаттауды өз міндеті санамайтыны байқалады. Олар мұны қазақстандықтардың үлесіндегі нәрсе деп ойлайтын болса керек. Онысы дұрыс та.

Қазақстандық тарихнамада зерттелмеген келесі бір жол «Күміс жолы». М.Хошимов бұл жолды Туранның Болғар патшалығымен сауда жолы ретінде сипаттайды. Алғаш ол жол Бағдат пен Ираннан Кавказ бен Хазар қағандығы арқылы Болғар патшалығына жетіп отырса, Х ғ. басында Бағдат халифы мен Хазар қағаны арасындағы келіспеушілік жолдың Туранға ауысуына әкелді. Сөйтіп, Бұқараға жеткен керуен Амудария, Хорезм, Үргеніш, Ембі арқылы жүріп, Еділдің сол жағалауымен Болғар патшалығына жетті. Ол бойынша Тураннан Шығыс Еуропаға ең алдымен күміс дирхемдер, сонымен бірге күріш, жүзім, кептірілген жемістер, маталар тасылса, Болғар патшалығынан тері, былғары, мал, бал, құлдар сатып алынып отырды. Автор Туран жерінде Исмаилдық күміс дирхемдердің көп кездеспейтінін, ал керісінше Шығыс Еуропа мен Балтық жағалауында олардың бірнеше қоймасының табылғанын айта отырып, яғни олар әлемдік ақша қызметін атқарған деген қорытынды жасайды.

Қазақстандық тарихшылар назар аударуы қажет келесі бір жол – «Астық жолы». Ежелгі Еуропаны да басып өткен бұл жол туралы б.з.бұрынғы V ғасырда Геродоттың астықты жөнелтетін басты қала Ольвия екендігі, оған астықтың өздері үшін ғана емес, сату үшін де өсіретін сақтар, скифтер, каллипидтер, алазандар және «егіншілер» мекендейтін Днепр мен Буг арасынан келіп жататынын көрсеткенін жазады.

«Камшат жолы» туралы да қазақстандық тарихшылар арнайы зерттеу жүргізбеген. Жетісудан шығытын бұл жол оңтүстік Сібір мен Солтүстік Монғолияға баратын болған. М. Хошимов көрсеткендей ол одан ары Онон, Шилка, Амур немесе Керулен, Далай-нор көлі, Аргун, Амур арқылы Амур бойы мен Приморьенің ең шеткі аудандарына дейін жеткен. Соғды саудагерлері тіпті қазіргі Илан ауданында Мунданыцзян мен Сунгари өзендері маңында Угочен атты қала салған. Еңбекте «Камшат жолы», «Патша жолы», «Әмір жолы», «Елшілер жолы», «император жолы» сияқты негізінен жергілікті сипат алған жолдар туралы да қысқаша мәліметтер келтіре отырып: «Но ни одному из этих путей древности и средневековья не было суждено сыграть такую громадную роль в исторических судьбах народов Европы и Азии, какую сыграла в истории человеческой цивилизации в целом трансконтинентальная магистраль, котроая в течении более полутора тысяча лет, с конца II в. до н.э. до начала XVI в. связывала (столица Ханской империи как в древности называли Китай-Ноян и Чанань-Сиань) Китай через Центральную Азию и Иран с городами и странами восточного средиземноморья – римскими, а впоследствии Византийскими владениями и тем самым с европой, грандиозной, небывалой по своей протяженности магистрали, вошедший в историческую литературу последнего столетия под общим названием «Великий Шелковый путь», – деген қорытынды жасайды<sup>xiv</sup>.

Сонымен байқап отырғанымыздай Орталық Азия мен Қазақстан жерінде ежелгі кезеңдерде бірнеше халықаралық және ішкі байланыстарда маңызды орын алған бірнеше көлемді жол тораптары өмір сүрген екен. Олар арнайы зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер қатарынан орын алып отыр.

1. Ұлы жібек жолы// -Қазақ Совет энциклопедиясы. 11 том. – Алматы, 1977. -374 –б.

2. Қазақ Совет энциклопедиясы. 11 том. – Алматы, 1977. -374 –б.

3. Байпаков К.М. «Великий Шелковый путь»: культурные контакты в прошлом и настоящем //Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. -1989. №3. 18-б.

4. Ұлы Жібек жолы. Оның өткені мен болашағы хақында. // Қазақстан коммунисті. 1991. ақпан. №2. 46-52 бб.

5. Ұлы Жібек жолы... // Қазақстан коммунисті. 1991. ақпан. №2. 47- б.

6. Заднепровский Ю.А. Усунь и кангюй на трассе Великого Шелкового пути.// Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути: (Тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО. Алматы, 15-16 июня 1991 г.). – Алматы, 1991. – 35 б.

7. Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути: (Тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО. Алматы, 15-16 июня 1991 г.). – Алматы, 1991. – 36 б.
8. По Великому шелковому пути. (Фотоальбом). – А., «Крамдс-реклама», -1991. 320 б.
9. Елеуов М.Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (ҮІ –XIII ғ. басы). – Алматы, «Қазақ университеті», 1998- 210 б.
10. Елеуов М.Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары ... 15-б.
11. Елеуов М.Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары ... 33-б.
12. Хошимов М. Великий Шелковый путь и Центральная Азия. –Туркестан, Издательство МКТУ, 2005. – 13 б.
13. Ртвеладзе Э. Великий Шелковый путь // Энциклопедический справочник – Ташкент, «Узбекистон миллий энциклопедияси», 1999. 14-б.
14. Хошимов М. Великий Шелковый путь и Центральная Азия... 22 б.

**САДЫКОВА Р.О.,**

т.ғ.к., дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті,

**РАЙМБЕКОВА М.Т.,**

гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

### **ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ТАРИХЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ТҮСІНДІРУ**

Елбасы Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздік алған уақыттан бастап сыртқы саясатында еуразияшылдық тұжырымдамасына ерекше мән беретіндігін байқатты. 1991 ж. 2 желтоқсанында елбасы Н.Ә. Назарбаев президенттік сайлау нәтижелері бойынша өткізілген баспасөз-конференциясында алғаш рет елдің сыртқы саяси бағдарын көпжақты сипатта болатындығын мәлімдеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан тек азиялық құрлықпен шектелмейді. Республикамыз Европа мен Азия арасындағы арасалмақты сақтай білуі тиіс», – деп жариялады [1].

XX ғасырдың 90-жылдарының басынан елбасымыз еуразияшылдық тұжырымдамасын дамытуға ерекше мән берді. Алғашқы рет елбасы Н.Ә. Назарбаев евразиялық идеяны 1994 ж. 22 наурыздағы Лондондағы «Чатем-хаус» аталған халықаралық мәселелер бойынша Патшайымның институтында сөз сөйлеуінде ұсынды. Ал 1994 ж. 29 наурыздағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылық құрамымен кездесуде Евразиялық одақты құру жоспарлары толықтырылып, ресми жоба ретінде 1994 ж. 3 маусымда «Мемлекеттердің Евразиялық Одағын құру туралы» деген құжатта жарық көрді. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бұл жобасына сәйкес: «Евразиялық Одақ – әрбір қатысушы мемлекеттің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған және жинақталған интеграциялық мүмкіндіктері бар тең құқықты тәуелсіз мемлекеттердің одағы. Евразиялық Одақ тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, посткеңестік кеңістікте әлеуметтік-экономикалық жаңаруды жүзеге асыру мақсатында құрылатын егеменді мемлекеттердің интеграциясының түрі болып табылады. Экономикалық мүдделер тәуелсіз мемлекеттердің жақындасуының негіздерін қалайды. Евразиялық Одақтың саяси институттары бұл мүдделерді нақты сипаттап, экономикалық интеграцияға ықпал етуі керек» [2].

Еуразияшылдық жобасы бастапқы уақытта қолдау таппағанымен, XXI ғасырдың басында ол посткеңестік кеңістікте жаңа интеграциялық ұйым – Евразиялық Одақтың құрылуына әкелді. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі білім беру үдерісінде еуразияшылдық идеясының тарихы мен қазіргі замандағы түсіндірілуін талдау аса маңызды болып табылады.

Осы мақсатта әл-Фараби атындағы дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының оқытушылық-профессорлық құрамымен маңызды элективті курстар оқу үрдісіне енгізілуде.

Осындай маңызды курстардың бірі – «Еуразияшылдық концепциясының тарихы мен дамуы» деп аталады. Бұл курс ағылшын тілінде өткізіліп келеді. Курстың мақсаты – білім алушыларды еуразияшылдық идеясының тарихымен, негізгі өкілдерінің көзқарастарымен таныстыру, сонымен қатар, жаңа еуразияшылдықтың Еуразия құрлығында көрініс табуын ашып көрсету.

Курстың басында елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық Одақты құру идеясының мазмұнын қарастырмас бұрын оның басты теориялық негізі қарастырылады. Еуразиялық Одақ идеясының тарихи, этномәдени және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары бар және олардың тамыры тереңге кетеді.

Еуразияшылдық бұл – Еуразия құрлығын айрықша құрлық ретінде қарастыруға негізделген философиялық-саяси қозғалыс. Еуразияшылдықтың бастаулары Константин Леонтьев, Николай Страхов және Николай Данилевский сынды славянофилдердің көзқарастарымен байланыстырылады. Бұл авторлардың еңбектерінде Ресейдің ерекше мәртебесіне айрықша көңіл бөлінеді.

XX ғасырдың 20-30-шы жж. евразияшылдық қозғалыстың даму тарихындағы негізгі екі кезеңді бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең ретінде евразиялық идеяның XX ғ. 20-30-шы жж. орыс

эмигранттарының көзқарасы негізінде қалыптасуы уақыты қарастырылады. Ресейлік геосаясаттанушы Н. Нартовтың пікірінше бұл кезеңдегі еуразиялық идеяның негізін қалаушылардың қатарында лингвист және филолог Н.С. Трубецкой, географ және экономист П.Н. Савицкий, Г.В. Вернадский сияқты ресейлік ғалымдар аталады. Олардың басты міндеті ретінде ресейлік төл тарих пен мәдениеттің негіздерін қорғау, өз елінің және әлемдік тарихына қатысты жаңа көзқарастарды қалыптастыру болып белгіленді. Еуразиялықтар Ресейді Азия және Еуропаның орталық кеңістігінде орналасқан ерекше этнографиялық және мәдени әлем ретінде қарастырды [3].

XX ғ. 20-30-шы жж. дамуында екінші кезеңде еуразиялық идея Ресейден өзге аумақтарға таралып, ол Францияда көрініс тапты. 1926-1929 жж. Парижге қарай бағытталған еуразиялық қозғалыстың нәтижесінде «Евразийские хроники» шығарылымы жалғасып, «Еуразия» аталған газет халық назарына ұсыныла бастайды.

Кейіннен еуразияшылдық идеясы Л. Гумилевтың еңбектері арқылы жаңа мазмұнға ие болды. Ал ХХІ ғасырда еуразияшылдық интеграциялық идеяға айналды. Осы тұрғыда алғанда еуразияшылдыққа арналған пәнде бүгінгі таңдағы еуразияшылдықтың Ресейде, Түркияда тұжырымдалуына да мән беріледі.

Курсты түсіндіру барысында интерактивті әдістерді пайдалану оның маңыздылығын арттыра түседі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: қазіргі білім берудегі басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау екені атап көрсетіледі. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуға. ҚР «Білім туралы» Заңының 8 бабының 7 тармағында: білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу" – деп атап көрсетілген [4].

Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «аст» – әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу барысында болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен білім алушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады:

- білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі;
- күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу;
- тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды таңдауда келісушілік;
- жақын эмоциялық жағдайларды бастан бірге кешіруі, тапсырмаларды қабылдау мен жүзеге асыруда бойда болатын үндес сезімдерді бастан кешуі.

Интерактивті оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық студенттер таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды, түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде студенттердің біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруі, білім мен дағдысы, идеялары, іс-әрекет тәсілдерінің алмасуы жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады [5].

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде студенттер түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, студенттерді өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттестігі ауысады: оқытушы белсенділігі студенттердің белсенділігіне орын береді, ал оқытушы тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады. Яғни, оқытушы нұсқаушы қызметін атқарады.

Оқытушы өзі арқылы оқу ақпаратын жіберетін, өзіне тән фильтр рөлінен бас тартады.

Интерактивті оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады.

Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін, оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интерактивті оқыту өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді.

Интерактивті әдістерде ескеретін жағдай: ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.

Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысу жатады.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.б. жатады.

Сонымен қатар, оқу процесіне топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды өткізу.

Ал, ақпараттық технология мәселесін қарастыратын болсақ, технология – белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы оқытушының өз сабағын студенттерге жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді. Оқытушы үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса – студент тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі болмақ.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерден 50 – ден астам оқыту технологиялары қолданысқа енгізілгені белгілі болып отыр. Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, жаңаша құрылымы бар демократиялық қоғам құруға кіріскеніне біршама уақыт өтті. Еліміздің болашағын жасайтын жастар білімімен қатар шығармашылық қасиеті жоғары, өзіндік көзқарасы бар, елге тұлға болатын азаматтар болуы керек. Ал азаматтарды оқытып, тәрбиелеп шығаратын негізгі орта – білім ордалары. Соның бірі – ЖОО.

Тарих сабақтарында оқытушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа технологияларды ұтымды пайдалану қажет. Оқыту технологияларының құрылымдық элементтеріне мыналар жатады: мақсат, мазмұн, әдістер, формалар, құралдар, нәтиже. Оқыту технологияларына тән белгілер: негізділігі (кез келген технологияның өзіндік философиясы, өзіндік тұжырымдамасы болуы шарт); жүйелілігі (құрылымдық элементтердің біртұтастығы); басқарылмалығы (оқыту үрдісін жоспарлап, нәтижесін бастан – аяқ тексеруге болатындығы); тиімділігі (қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге жеткізу тиімділігі). Барлық технологиялардың мақсаты – пәнді оқытуда студенттің жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өзбетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кездегі оқытушының басты мақсаты – білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Тарихты оқыту – өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі үрдіс. Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап.

Ақпараттық технология әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, "жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын" қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады [6].

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген оқытушы өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған интерактивтік тақтаны пайдалана білетін болуы тиіс. Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен сапасын арттырып, білім берудің табысты болуына оң ықпал етеді [7].

Еуразияшылдық тарихы сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивті тақта. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері оқытушыларға студенттерді оқытуда уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндіктер береді. Демонстрациялық материалдар дайындау, топпен кері байланыс жүргізу үшін интерактивті тақтаның мүмкіндігі шексіз. Тарих сабақтарында мүмкіндігінше компьютерді, интерактивті тақтаны пайдалану арқылы, тақырыпқа байланысты суреттер, слайдтар, сызбалар, кестелер жасау, термин сөздерді жазу сабақ жүргізудің мазмұнын кеңейтіп, студенттердің түсінігін тереңдете түседі. Әсіресе, еуразияшылдық тарихының өкілдерінің көзқарастарын студенттер топқа бөліп, презентациялар түрінде ашып көрсетуге тырыса қызықты болады.

Оқу процесі кезінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдануда оң нәтижеге ие болады. Студенттердің өз бетімен ізденісі арқылы тарих сабақтарында шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай қалыптасады. Студенттер компьютер, интернет ресурстары арқылы қосымша материалдарды табудың жолын меңгереді. Меңгерген материалдардың негізінде студенттердің ақпараттық

құзыреттілігі дамиды, пәнге деген қызығушылықтары артады, ақпаратпен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады.

Қазақстан халқына жолдауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазіргі таңда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет» – деп көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Бұл әдістерді еуразияшылдық тарихы мен қазіргі дамуына арналған курста пайдалану да аса маңызды.

1. Султанов Б.К., Музапарова Л.М., Абишева А.Е., Галямова В.Ф., Ерекешова Л.Г., Кожихов А.Г. Политика и интересы мировых держав в Казахстане. – Алматы, 2002. – С. 12.
2. Евразийская доктрина Нурсултана Назарбаева / Сост.: А.Н. Нысанбаев, В.Ю. Дунаев / – Алматы: 2010. – С. 23
3. Нартов Н. Геополитика. – М., 1999 // [www.gumer.info/bibliotek/Buks/Polit/nart](http://www.gumer.info/bibliotek/Buks/Polit/nart)
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
5. Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану. ИФМ, 1994.
6. Сарыпбеков Ж.С. Білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру инфраструктурасы. // Қазақстан жоғары мектебі. -1995. - №1. -Б. 37-41.
7. Сариева К. Жаңа технологияны қолдану жолдары. // Әдістеме. -2001. №7.

## **ИСЛАМ ҚАБЫШҰЛЫ,**

Моңғолия Ұлттық академиясының академигі, т.ғ.д., профессор, аудармашы,  
публицист, драматург, халықаралық түркі-моңғол зерттеу орталығының президенті

### **ТҮРКІ ТЕКТЕС ТҰРАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРІ**

Өте ерте заманда Қытайдың Ұлы қорғанынан Еуропадағы Орал тауына дейінгі кең-байтақ өлкеде көшпелі халықтар мидай араласып өмір сүрді.

Ертеден бері марка мәдениеті бағзы заманнан үзілмей келе жатқан көршілесіміз Қытай жылнамаларында көшпелілерді — “һүн”, “күн”, “ди”, “ху” деп құбылтып атап, кейін моңғолдар - “хүннү”, “хүн” деп, қазақтар — “ғұн”, (“күн”) деп, ирандар — “сақ”, гректер - “скиф” деп өз түсінігінше атап, жазып келген ата-бабамыздың тарихы аса күрделі.

Түркі тектестердің шығу тегі саналатын осы “ғұн” туралы әлем тарихшылары әлі күнге дейін соңғы сөзін айтқан жоқ. Сондықтан да ата-бабаларымыздың арғы тарихы қағаз бетіне түскенде бұралаң, қалтарысы мол, әр ізді күй кешкен. Мұндай құбылыс дүние жүзіндегі барлық халықтардың да тарихында кездеседі. Тіпті, бес мың жылдық тарихы қағаз бетіне түскен деп есептелетін қытай жылнамалары мен шежірелерінің арғы дәуірі аңыз хикаяларға, мифтік, төтемдік наным-сенімдерге тіреледі. Бірақ адамзат тарихи әлмисақтан бері өз ағысымен алға қарай жылжып келеді. Сөйте тұра, әлгі халықтардың қайсы бірі жер бетінде қалай өсіп- өніп, тамыр жайғаны жұмбақ. Ал кейде тайға таңба басқандай айдай әлемге әйгілі кей елдердің тарихы, жылнамалары кезінде жазылмағандықтан ауытқушылықпен бұрмалануға тап болған. Сонау қадым замандарда сайлауыт сарбазы, сәйгүлік атына дейін жасақтанған осы “ғұндардан” қорықпаған елдер жоқтың қасы. Тынық мұхиттан Гансу өлкесіне дейін 2400 шақырым жерге “Ұлы қорғанын” салып, бекініс жасаған Қытай патшалығы оларды қасақана бұрмалап, “Сюннү” – “қиқар күлдар”, “ху”, (жабайы тайпалар) деп жылнамаларына жазып келгені де тарихи шыңдық. Сонан да болар, көшпенділер тарихы көршілерінің шежірелеріне түскенде керісінше солардың мүдделеріне, көз қарастарына орай әдейі бұрмаланып, керісінше жазылып жүрді. Мұндай бұратана халықтың тарихын бұрмалаушылықты ескере отырып, керектісін керексізінен, ақиқатты ауытқушылықтан ерекшелеп алу – зерттеушілердің зердесінде әрдайым сақталуы ләзім.

Тұрандықтардың арғы дәуірінен сыр шертер көне жылнамалар, негізінен екі түрлі бұлақтан нәр алады. Бірі батыстағы көршілері: Иран, Парсы, Араб, Грек, Рим жиһанкездері мен тарихшыларының жазбалары. Екінші көзі — қытайдың көне жылнамалары. Мұның бәрін ыждағаттықпен екшей келе, көне заман жылнамаларын қазіргі ғылыми жетістіктерімізбен: археология, этнография, этнолингвистика, антропологиялық дерекпен дәлелдей отырып, құпияның бетін ашу бүгінгі күннің үлесіне тиіп отыр. Тарих ғылымдарын сараптағанда дерек жетегінде кетушіліктен сақ болып, табжылмас дәлелдерді ой елегінен өткізетін үлкен бапкерлік керек. Алайда, көне замандағы көшпелілер әулеті: түркі тектес қазақтар, моңғол, қырғыз т.б халықтарының тарихымен бірге Орталық Азиядағы көршілес елдердің тарихын да парактаудың пайдасы зор. Мәселен, Азиядағы моңғол тарихын білмей тұрып түбі бір халқымыздың тегі мен төркінін дөп басу мүмкін емес. “Көне заман авторлары Орта Азия туралы” деген кітаптың айтуынша, біздің жыл санауымыздан алты ғасыр



бұрын парсының аты аңызға айналған патшасы Кир көшпенділерді жаулау жолында Орта Азияда ажал құша, атақты Александр Македонский (Ескендір Зулхарнайын) өзінің қанқұйлы жорықтарының недәуір бөлігін осы далада өткізді. Ал біздің жыл қайырудан бұрынғы ІҮ ғасырда Бактрияда гректі-бактриялық мемлекет құрылғаны белгілі. Дәл осы дәуірде Иран мен Мессопотомияны Рим империясының шегарасына дейін жаулап алған Парфия мемлекетінің батыс көшпелілердің сақтарға қысым көрсеткен шапқыншылығы батыс жылнамаларында тәптіштеліп жазылады.

Орталық Азия мен Орта Азияны танып білуде бағзы заман дүниесімен көне қытай авторлары қалдырған жылнамалар деректерін салыстыра зерделегенде көп нәрсенің көзі ашылады. Антикалық дүниеге келсек, ең алдымен, Греция өзінің саяси, экономикалық және мәдени дамуында Шығыспен тығыз байланыста болып, Орта Азия және Ертедегі Азия елдерінің көне заман тарихшылары мен географтарының назарын өзіне аударды. Сонау грек – парсы соғыстарынан бастап Парфия мемлекеті орнағанға дейінгі аралықта Орта Азия туралы мәліметтер олардың еңбектерінде там-тұмдап кездеседі. Шын мәнінде, біздің жыл санауымыздан бұрынғы ХІ ғасырдың соңынан бастап қана қытай жылнамалары Орта Азия туралы дерек бере бастайтынын еске ұстау керек. Дәл осы тұстан бастап қытайлар әскери жорықтар, елшілер, саудагерлер жіберіп, Орта Азияның елімен жері жөніндегі алғашқы мәліметтерді жинай бастайды. Мәселен, ғұндар және олардың арғы шығу тегі жөнінде көне қытай жылнамаларында қаншалықты қамтылғаны соңғы кезде әжептәуір айқындалуда. Мұны жан-жақты қарастырмай тұрып, біз ата-бабаларымыздың тарихына қарай тым тереңдеп бойлауымыз екі талай.

Тұрандықтар қақындағы көне жылнамаларды зерделеуден бұрын, ең әуелі түркі, моңғол тектес халықтардың түп төркіні саналатын сақтар туралы тоқтала кетейік. Қазақ халқының үш мың жылдық тарихының алғашқы мың жылдығы Сақ – массагеттер тайпасына байланысты. Олар көне заманда бүгінгі Қазақстан жерінде ұлан-ғайыр өңірде шашырап өмір сүрді. Сонан да болар сақтар туралы жылнамалар, негізінде, Еуропа тарихшыларының ғана еңбектерімен шектеледі. Ал Қытайдың Хань патшалығы тұсында тарихшысы Цима-Ци-янның жылнамасында “өздерінен” 10600 шақырымдағы Қарақорым тауынан Памир тауына дейін Іле, Жетісу, Сарыарқа өңіріне үнемі көшумен өмір сүрген Сақа деген тайпа болғаны туралы тым мардымсыз ғана дерек бар. Демек, сақтар туралы тек грек, парсы тарихшылары және соңғы кездердегі археологиялық қазбалар ғана мәлімет бере алады.

### **Сақтар және скифтер**

Грек тарихшысы Геродоттың біздің заманымыздың басында жазылған, тоғыз кітаптан тұратын “Тарихының” төртіншісінде де қазақтардың арғы бабасы саналатын сақтар туралы деректер кездеседі. Мұнда Дарийдің скифтерге қарсы жорығын суреттеумен бірге Еуразия тайпалары туралы шолу берілген. “Тарихтың” негізіне парсы мен гректің ауызекі әңгімелері, Геродоттың байқаулары мен одан бұрынғы адамдардың жазбаша нұсқалары алынған. Онда, Орта Азия мен шығыс ирандық көшпелі тайпаларын “Турлар” деген жинақ атпен берген. Мұны ғалымдар Массагеттер деп жобалайды. Олай болса сақ туралы мәлімет тек Еуропа жиһанкездері мен грек тарихшыларының еңбегінде, Иран шапқыншылығы жайындағы жылнамаларда ғана жол-жөнекей әңгіме болады. Біздің заманымыздан бұрынғы ҮІ ғасырда Иран патшасының жойқын әскерлерін шөл далаға алып келіп, қырғынға ұшыратып, сақ халқының жаудан аман құтылғанын грек тарихшылары аңыз ретінде ғана таратқан.

Соңғы ғасырларда археологиялық, антропологиялық және т.б тарихи деректерде өте ерте кезде рулар мен ұлыстар атауы тарихқа мәлім болмаған уақытта Орта Азия мен Оңтүстік Сібірде, қазіргі Қазақстан өңірінде біріне-бірінің тілі жақын, алғашқы қуымдық құрылыста тіршілік еткен көшпелілігі, отырықшылығы аралас көптеген мал өсіруші тайпалар болғанын айтады. Еуразияның кең-байтақ даласында, соңғы үш мың жыл аясында көшпелі өмір салтында белен алған Сақ және Скифтер деген кімдер?

Тұрандықтардың ана жұрты деп есептелетін қазақ халқының тегі туралы жазылған жылнама, ауызша айтылып келген шежірелік деректерді этнографиялық, археологиялық және антропологиялық, этнолингвистикалық мәліметтермен салыстырғанда қазақ халқы түркі-моңғол тектес жұрттың екі бұтағынан -“ғұн” мен “сақ”-тан құралған байырғы халық екені анықталады. Әртүрлі тарихи кезеңдерде әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәйкес бұл екеуінен басқа да ұлыстардан қазақ халқы өзінің құрамын толықтырып отырған, сол сияқты басқа көршілес халықтар құрамынан да көптеген ру-ұлыстарды қосып алып отырған.

“Сақ”, “Ғұн”, “Скиф” деген атаулар — біздіңше, түркі төркіндес тайпаларға көршілері қойған ат. Оны бұл халықтар бұрын да, кейін де білмегенімен қоймай, өздерін “сақпыз”, “ғұндармыз” деп мойындаған дерек болған емес. Сондықтан байырғы қазақтың автохтондығын сақтаған “сақ” деген ру-ұлыстың болғанын әлем туркологтары мен Қазақстан ғалымдары толығымен дәлелдеуде.

Олардың жазуына қарағанда: “Сақ одағы төрт ұлыстан құралған. Сақ жерінің батысы –Атырауда, Каспий ұлысы мекендеген. Каспий ұлысының шығысында – Сырдария мен Әмударияның Арал теңізіне құяр тұсында Массaget ұлысы орналасқан. Сақ ұлысының өзі Сырдарияның сол жағында, Қырғыз Алатауы мен Қаратау қыркаларының араларындағы зор алқаптарды мекендеген. Сақ ұлысының шығысы мен солтүстігінде Үйсін (Усун) ұлысы мекендеген”, дейді Қазақстан тарихшылары.

Грек географы Страбон Сақ ұлысының көшпелі мал өсіруші болғанын айтады. Оның айтуынша сақтар көбінесе жылқы, қой, ешкі асыраған. Жылқыны мініске пайдаланған. Әйелдер, балалар сырты көнмен, іші оюлы текеметпен қаптаулы арбаға орнатылған шатырлы үйде тұрған.

Ал қытай тарихшылары ғұндар мен үйсін, қаңлыларды да осылай жазады. Олардың айтуы бойынша тіпті арба үстіндегі үй бірнеше бөлмеге бөлінген. Елді билеушілердің бөлмелері сақтиянмен қапталып, күміс шегелермен бекітілген. Дәл осындай үйді ХІІІ ғасырда Керей ханы Торы Тәмүжинге (Шыңғысқа) сыйға тартқаны туралы дерек бар.

“Моңғолдың құпия шежіресінде” қытай суретшісі салған он екі өгізге жегілген алты доңғалақты арба үстіндегі қазақ үйдің суреті бүгіндері бізге жеткен көне мұраның бірі.

Ерте заманда сақтар мен ғұндар, үйсіндер өмірі соғыссыз болмапты. Сондықтан заман талабына сай үйлері арба үстіне орнатылып, жорық басталысымен өгізбен сүйрей жөнелгенге ыңғайлы болған. Тіпті, ғұндардың әрбір төрт адамның екеуі әскер болса, үйсін, қаңлылардың төрттен үші әскер болып, сақадай сай тұра алатыны туралы жазылған дерек бар. Сонан да саяси әкімшілік құрылымның өзі түмен басы (моңғолша -“он мың”), мыңбасы, жүзбасы, онбасы деп бөлінгені тарихи дерекпен дәлелденген.

Сақтар мен скифтердің өмірін көзімен көрген атақты дәрігер Гиппократ (біздің жыл санауымыздан бұрынғы ІҮ ғасырда жасаған) былай деп жазған екен: “Скифтердің сахарасы деп аталатын шөл далада жалғыз бұта, ағаш жоқ, бірақ шөп дегеніңіз өте көп, өйткені бұл даламен бірнеше өзендер ағады. Олардың суармалы егіні бар, даланы суландырып тұрған да осы өзендер. Өзендер жағасын сақ, скифтер мекендейді, олар өздерін көшпелілер деп атайды, өйткені олардың там үйі жоқ, киіз үйлерде тұрады. Ондай киіз үйлер төрт не алты доңғалақты арбаның үстіне тігілген, үй айналасы қаптаулы болады, үй іші кейде екі, не үш бөлмелі болып та жасалады. Ондай үйлерден су өтпейді, суық кірмейді, желге мойымайды. Еркектер көбінесе ат үстінде өмір сүреді, әйелдері от басында болады. Арба үстіндегі үй үнемі көшіп-қоныс жүруге ыңғайлы. Ауыл қоныс теуіп отырған жерде, үй айналасында тобымен қойы, сиыры, жылқысы үйірімен бірге түнейді, бірге көшеді. Бұл адамдар сүтпен, етпен қоректенген. Айран, қымыз, құрт, май, шұбат, қатық, каймақ т.б тағамдарды жасайды. Жұмсақ көннен аяқ киім киген, аң терісінен тон, шалбар тіктіреді. Бұлардың бас киімдері шошақ бөрік болады екен”, — деп жазған ол: “Сақтар малмен қоса егінмен шұғылданып: тары, арпа, бидай еккен. Мал өсіруші сақтар мыс, темір балқытып, одан мал өсірушінің өміріне қажетті құрал-жабдықтар, бұйымдар істеген”, -дейді.

Азиядағы сақ-скифтер б.з.б. VІІІ-VІІ ғасырларда Кавказ сыртындағы құл иеленуші Ассирия мемлекетімен қарым – қатынас жасаған көрінеді. Және Иран мемлекетінің патшасы Кирдің өз тұсында (б.з.б. 556-528 жылдары) Сақты күшті мемлекеттердің қатарына санап, онымен одақ жасап, Индия патшасы Крезбен соғыста сақ одағын пайдаланып, қалай жаулағанын, онан соң әйел патша Томирис Кирдің басын қалай алғаны туралы жазады. “Осы кезде сақтар сауытты әскер пайдаланған, ал ғұндар болса, әскерін ғана емес, аттарын да сауыттаған”, — деп жазады қытай жылнамаларында. Сонан кейін Кирдің кегін алған Дарий патша (б.з.б. 518 жылы) сақтарды жаулап алып, артынан қалай құтылғаны туралы да айтылады.

“Сақ” деген сөздің шығуы жайлы Қазақстан тарихшылары: “Көне парсы тілінде Шығыс Иран тайпаларын осылай атаған” — депті. Сына жазбаларынадағы сақтар туралы деректер де назар аударарлықтай. Ғұнға байланысты қытай жылнамаларында: “Шошақ бөріктілер елі”, “мүйізділер елі” (Сиыр мүйізді екі айыр тұмақ киген ғұндарды айтады-И.Қ.), немесе “Соғданың бергі жағындағы елдер” деген атаумен салыстырсақ “сақ” деп олар ғұнды меңзеп отырғаны байқалады.

Ежелгі Шығыстың көне жылнамасын бірі “Бехиетун” жазбасында сақ көсемі Скунханды қалай қолға түсіргені туралы дерек бар. Сондай-ақ сақтар мен массагеттер еліне Ахеменид патшалары Дарий мен одан бұрынғы Кирдің жорықтары туралы Геродот еңбегінде арнайы сөз болады.

Осылайша б.з.б. VІІ-VІ ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағында оңтүстік өңірде тиграхауда – сақтар өмір сүрген. Бұларды грктер – массагеттер деп атаса, батыста дайларды – савроматтар, орталық аудандарда — исседондар, солтүстік шығыста – аримаспылар деп атады. Бұлардың барлығы ру- тайпалық бөлімшелері ретінде тілі жағынан жақын сақ және сармат тайпаларының этникалық мәдени бірлігіне кіреді. Сақ тайпасы – б.з.б. VІІ-ІҮ ғасырлардағы Еуразияның этникалық және саяси карталарына жүгінсекте ала-құла өрі тұрақсыз одақ екен.

Олар грек тарихшылары мен иран, парсы жазбаларынан басқа сақ тайпасының тарихын айқындайтын деректер тым аз. Ал “Қазақ совет энциклопедиясында” сақтар туралы былай деп жазады: “б.з.б. 1- мың жылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін мекен еткен ежелгі тайпа. Бұларды грек тарихшысы Страбон “Азиялық скифтер” деп жазады. Рим жазушысы үлкен Плиний де осылай деген. Оның жазуынша скифтерді парсылар “саға” (“сақа”, “сақ” аты осыдан шыққан) дейді. Ахемендік Иранның сына жазу ескерткішінде сақ үш топқа бөлінеді. Олар: Хаумавар сақтары (хаому шарабын ішетіндер немесе амюрийліктер), Тиграхауда сақтары (шошақ бөріктілер), Тьяи-парадария сақтары (теңіздің арғы жағындағылары). Бұлар Орта Азияның оңтүстігін, Арал теңізінің төңірегін, Сырдария бойы, Жетісу алқабын мекендеген. Сақ одақтарына яксарт, массагеттер, исседон, дайлар, астақ, камақ аримаспы сияқты көптеген көне тайпалар біріккен”, делінген. Көне деректердің айтуынша, сақтардың әдет – ғұрпы, экономикасы ғұндарға өте ұқсас. Археологиялық қазбалар Қырғызстан, Тәжікстан және Алтай жерлерінен Оңтүстік Қазақстан аудандарынан сақ тайпаларының қорғандары мен обаларын тапты. Әсіресе, Есік обасы, Есік жазуы, Пазарық қорғандары сақтардың өте мәдениетті ел болғанын дәлелдейді. Онан соң б.з.б. II ғасырдың орта шенінде көшпелі тайпалардан ығысқан сақтар соғыса отырып Дарангиан жеріне орын тебеді де, оны Сақастан атапты. “Қазақ совет энциклопедиясында” жазылғандай, бұл Сақастан (Иран, Ауғанстан жеріндегі Сейстан) бүгінгі Орта Азияның, Пәкістанның, Ауғанстанның, Солтүстік Үндістанның жеріндегі сақтар б.з.б. I ғасырдың ортасына дейін-ақ жергілікті халықтармен сіңісіп кетіпті. Егер, бұған сенетін болсақ, Оңтүстік Қазақстан аумағында сақ- скифтердің орнында оның тікелей мұрагері сақ-үйсін, қаңлы – үйсін деген ел болған деген Қазақстан тарихшыларының жазғаны шындыққа жақын. Жеті аймақтан құралған үйсін одағы, бес аймақтан құралған қаңлы іргелес ел болған. Үйсіндер Балқаш көлінен қырғыздың Ыстық көліне дейінгі аралықта-Талас, Шу өзендерін: қаңлылар Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне құйылар сағасына дейінгі аралықты, Ташкент, Бұқар, Үргеніш аймақтарынан Ұлытау, Кішітау маңына дейінгі аралықты қамтыған зор ұлыстық одақ құраған.

Алайда, “сақтардың байырғы мекенінде қалған кімдер?” дегенге түркітанумен шұғылданған тарихшылар жауап бере алмайды. Тек бүгінгі түркі халықтарының тілінде “сақ” сөзі ұшырасатындықтан қазақтың “сақа адам”, “сақшы”, “сақ адам”, “сақ құлақ” (құлағы сақ) деген сөз тіркестерімен түркі-моңғол тектес халыққа жататын якуттар өздерін “сыха” немесе “саха” деп атайтынын ғана тілге тиек етеді.

Түркі халықтарының көне дәуірінен бүгінге дейін үш мың жылдық тарихы бар десек, алғашқы мың жылдығы осылайша сақтар дәуіріне тіреледі. Біз сақ туралы көне грек, парсы тарихшыларының “атүсті” жазғандарынан ғана, сонымен бірге соңғы кездегі археологиялық қазбалар дерегінен ғана шолу жасап отырмыз. Түркінің ана жұртындағы қазақ халқы түркі-моңғол тектес екі ошақтың біріншісі – сақтан, екіншісі – ғұн нәсілінен өрбіген ел десек олардың арғы тарихы тым көмескі, бұрмаланған тарих, бұлыңғыр аңыз хикаяларға тіреледі. Әсілі, сақтар мұнан 2000 жылдай бұрын батысқа қоныс аударып, еуропаланып кеткен ізі көмескі, сұлбасы көрінбес ұлыс екенін аңғарамыз.

Азия құрлығы адамзат баласының өсіп өнген алтын бесігі есептеледі.

Адам баласы алғашқы қауымдық қоғамнан таптық қоғамға қадам басқан кезде қоғамдық еңбек бөлінісі егіншілік және мал өсірушілік бағытта өркендеді. Қол өнер беріректе дамыды. Арғы заманнан бері егіншілікпен шұғылданып, күнделікті өмірге икемделгендер отырықшы елге айналса, өріс-қонысқа тәуелді мал өсірушілер-көшпелілер болып қалыптасты. Олардың әлеуметтік тұрмысы – материалдық және рухани делініп екіге жіктелді. Материалдық тұрмыс, отырықшы елдерге ерекше әсер етті де, жабайы күркеден – ғажайып ғимараттар тұрғызуға, қолөнерден — алып зауыт, фабрикалар салуға дейін ілгері дамушылық жасалды.

Ал көшпелілер экономикалық, жағынан көшіп-қонудан, үй тұрмысының қарапайым жабдықтарын жасаудан көпке дейін көтеріле алмай, бұл қарқын тым бәсең болды. Оның үстіне таптық қоғам үстем болған заманда олардың өміріне айрықша нұқсан келтірген жоғарғы таптардың өз манайына “бүйідей тиіп” билікке таласуы елдің еңсесін көтертпеді. Айта кететін бір жай, көшпелілердің “сайда саны, құмда ізі жоқтығы” немесе “тұрақсыздығы” отырықшы елдерге үнемі қауіп төндіріп отырды деу қате. Керісінше отырықшылар көшпелілерді жер бетінен жойып жіберу үшін талай рет жойқын шабулдар жасаған. Сондай соғыстар жөнінде қытай тарихнамасында мол деректер бар. Мәселен, олардың көне дәуірдегі “Ши-ци” (тарихи белгілеулер) жылнамасы: “У-ди ханның (б.з.б. 140-87 ж.) б.з.б. 129-жылынан 90 – жылға дейін ғұндарға қарсы 16 рет жойқын жорыққа шыққанын, тек екеуінде ғана екі миллион мал олжалап әкелінгенін, екі жүз мың адамның өлімнен қалғанын, қалай тұтқындалғанын” жазады. Көшпелілер және тек көшіп-қонып, өлмес күн көріп жүрді деу де тарихқа қиянат. Олардың арғы дәуірлерінде орныққан қаласы, тұрақты орталығы, тіпті темір қортып, алтын аптап, күміс күштеген қолөнері де болады. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы қытай жылнамаларында ғұндардың шапса қылыш, атса оқ өтпейтін киім-кешек, сауыттарын бұлар да жасап алу жөнінде У-ди хан өз

тұсында жарлық та шығарғанын жазады. Көшпелілер азамат қоғамына көшпелілікке тән өзіндік мәдениетін қалдырумен бірге, рухани жан азығы саналатын: 1400 жылдың алдында өз әліпбиі-(орхон жазу) мен қоса ауыз әдебиетін, өлең-жыр, ән-күй, өнер байлықтарын жасады. Әйтседе, олар бұл салада да отырықшылардан көп кейін калып қойғаны шындық.

Рим саяхатшыларының соңғы мың жылдың алды- артында біздің далаға жолаушылап келген Византия, араб, иран т.б елдер саяхатшыларының қалдырған жазуларына қарасақ, бұрынғы сақ, массагет, ғұн, сармат аталатын көшпелілердің тұрмыс ерекшелігінен қазақтардың байырғы тұрмыс айырмашылығы өте аз болғаны байқалады. Мысалы Плато Карпинидің (1182-1251) “Моңғолдар тарихы” атты еңбегінде: “...Орыстың Чернигов князы Андрей татарлардың атын ұрлатып саттырғаны үшін Батудың алдында қылмысты болыпты, айыпкерлігі дәлелденбесе де оның басын алады. Оны естіген кінәздің бауыры жеңгесін ертіп Батуға тарту таралғысымен келіп, бұрынғы иелігіндегі мекенді қалдыруды өтінген. Бату хан оған: “Сен татарлардың әдетіне мойын ұсынып жеңгенің үйленесің, ал сен қайыңа шығасың” деген үкім шығарды. Ол жігіт бүйткенше өлгенім артық деп жалбарынғанына карамастан Бату хан күшпен жеңгесімен қайыңына қасақана ел көзінше дегенін істепті” – деп жазады. Тарихшылар мұны татарлардың әдет-ғұрпы деп жазады. Ал Бату болса – Жошының үлкен ұлы. Қазақ ортасындағы дәстүрде осындай. Ал моңғолдарда “балдыз алу”, “жеңгеге үйлену”, “жесір алу” дәстүрі ешқашан болған емес. Керісінше, моңғолдар арғы дәуірде бір анадан тумаса болды, біріне бірі үйлене бергенін жиһанкездер білмеген. Бұл – Батудың Шыңғыс ордасынан кеткелі ширек ғасыр болмай жатып қазақтанғанын көрсетсе, екіншіден, көптеген саяхатшылар моңғолдар тарихын, олардың әдет-ғұрпын жаздық деп, қазақтар өмірін арқау етіп отырады. Моңғолдарды – “татарлар”, қазақтарды – “қырғыз-қайсақ” деп, кейінге дейін шатастырып келгендіктен тарихи жылнамаларды талғампаздықпен іріктеспек, екі елдің тарихы да, әдет- ғұрып, салт-санасы да мидай араласып кеткендіктен кей жағдайларда олардың қайсысы қазақтікі, қайсысы моңғолдікі екенін ажырату да оңай емес.

Ал енді қазақ тарихшысы Мұхаммет Дулати (1499- 1551) “Тарих-и-Рашиди” атты еңбегінде: “Біз далалық тұрғындармыз. Бізде таңданарлық ерекше қымбат нәрселер жоқ. Біздің бар байлығымыз — жылқы. Оның еті – азығымыз, терісі – киіміміз. Біз үшін ең татымды сусын—жылқы сүтінен жасалған қымыз. Біздің жерімізде бау-бақша да, қысқы жылы үйлерде жоқ. Біздің көрер қызығымыз мал бағу ғана” деп жазады. Сондай-ақ көне қытай жылнамасы (Сыма Цянның) “Ши-цзи”-дың ғұн туралы тарауында: “Олардың малының дені: жылқы, сиыр, қой, ешкі. Олар өріс қуып үнемі көшіп жүреді. Оларда қала болмаса да, өзінің иеленген жері бар. Олар соғыссыз тыныш уақытта құспен аң, құс аулап (бүркіт, қаршыға салатын саятшылықты айтып отыр-И.Қ.) тұрмыстық характерін жасайды. Оларда жылқы түлігі ерекше. Мүде-Шаньюй б.з.б. 200-жылы қытайдың Гао-ди ханымен соғысқанда: батыс қанатында ақ аттылар, сол қанатында қысқа аттылар, оң бүйірінде қара аттылар, сол бүйірінде ақ боз атты сарбаздар сап құрып соғысты”, – дейді. Қытай тарихшысы Чао-Цонның (6.3.6.-200-154 ж.) жазуына қарағанда, “тау мен тастан таймайтын Орталық елінің жылқысынан төзімді”, “ғұндардың күніне мың саржандық (30-40 миль) жер жүретін жылқысы” туралы жазады. Шынында моңғол жылқысы жатаған болса да, көмбіс, әрі жүрдек болып есептеледі. Көшпелілердің тұрмысына лайықты, жылқы түлігінің аңызы күшті болғанын гректің, қытайдың, римнің, иранның, арабтың тағы басқалардың саяхатшылары назар аударғаны тегін емес. Бірақ біз көне дәуірден келе жатқан әдеби, тарихи мұраларға сын көзімен қарағанда мынаны да еске ұстауымыз керек. Олар: біріншіден, экономикасы артта қалған, бірақ игерілмей жатқан орасан зор жер байлығы мол елдерді қалай отарлаудың жолын іздеу, екіншіден, отарланатын елдерді өздеріне тәуелді етіп бағындыру үшін идеологиялық негізгі құралы ретінде діни сенімдерді жандандырып, оны кеңінен тарату жолында іздестірді. Сондықтан олар қай жерді араласа да көрген білгендерін өз мақсаттарына жанастыра жазды. Олардың сипаттаулары үнемі шындыққа сәйкес келе бермейді. Сонан да болар, ел аты мен жер атын үнемі өздерінше жазып отырғанымен қоймай, адам есіміне дейін бұрмалап отырған. Оған дәлел қытайлар “түрік” дегенді “Тюзу”, “Тюци” десе, Сырдарияны “Сихун” деп, қазақты “Хасақ” деп те жазып келді. Ал көне қытай жылнамалары мен әлем тарихшылары қазақ тарихынан бөлек еңбектер жазбаса да, Ғұн ұлысы, Түрік қағанаттары сияқты елдердің, сондай-ақ байырғы қазақ тайпалары: қаңлы, үйсін, қыпшақ, дулат, қоңырат, меркіт, жалайыр, найман, керейлерге байланысты құнды мағлұматтар қалдырды. Жалпы қазақ халқының өткен өмір жолын жан-жақты сипаттаған монографиялық еңбек XX ғасырға дейін жазылмаған болса, моңғолдар туралы мұндай еңбектер XIII ғасырдан бастау алады. Мәселен, орыс ғалымы, академик Б.Я.Владимирцовтың “Моңғолдардың қоғамдық құрылысы” аталатын кітабы бұған куә. Ал әлем тарихшылары XIII ғасырдан кейін неге моңғол тарихына шүкшия ден қойғанын біз кейінгі тарауларда сөз етеміз.

Өткен ғасырдың екінші жартысында ағылшын ғалымы Едуард Тейлор (1832-1917) өзінің “Алғашқы мәдениет” деп аталатын еңбегінде бір ұлт, иә бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзат өткен мәдениет баспалдақтарын түгел талдаған болатын. Мұндай еңбекті де зерделеу артық емес.

Көшпелілердің жылнамалары мен тарихи деректері аз болғанымен, ауыз әдебиеті мен аңыз әңгімелерінде өздерінің шығу тегі туралы айтарлары аса мол.

Қазақ, қырғыз, моңғол, ұйғыр, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ тәрізді ғұндар әулетіне саналатын халықтар өздерінің шығу тегін бөріден бастайтыны қызық. Моңғол, ұйғыр, қырғыз халықтары да арғы заманнан бастап бөріні төтем етіп келсе, қазақта сонау отқа табынатын шаманизм дәуірінде “көк бөрісі бар” ерекше қасиетті әулиелер жөнінде аңыз хикаялар мол таралды.

“Қырғыздар өз тегін аңызда айтылатын көрікті бәйбішенің қасына ерген қырық сұлу қыздың қасқырға жақындауынан тараған ұрпағымыз” (Ш.Уәлиханов, Ү томдықтың I томы, 343 бет) десе, Бичурин “Ұйғырлардың тегі” деген кітабында: “Ұйғыр ханы ай мен күндей көрікті екі ханшасын адам баласына бергенге қызғаныш, тек Тәңірдің құлына жар болсын деп, адам баспайтын жасырын жерге бағыпты. Содан кіші ханшасы кәрі бөрімен жақындасып, содан тараған ұрпақ болғандықтан ұйғырлар таңертеңнен кешке дейін қасқырша ұлып-әнін созып, ұзақ әуенге салатын болыпты” деген қызықты аңызды мысалға алады.

Ғұн елінің кейбір әдет-ғұрпында ойдан ән шығаратын, сонан соң жерінен, елінен айрылғанда көрісу (сыңсу) айтатынын қытай жылнамаларында тәптіштеп жазады. Сондай ыңырсып жылап отырып айтатын ән туралы аңыздарды келтіреді. Бұл аңызды көне тарихшы Вэй Шоу 551-554 жылдары жазған. “Бэй шидің” (батыстағы ұлыстар тарихы) 103-тарауында былай дейді: “Кейбір адамдардың айтуынша, Гао-гуй тайпасының ата тегі ғұндардың жиені деп айтады... Ғұн Шань-юйінде көрсе көз сүрінген ерекше екі сұлу қыз болыпты. Былайғы жұрт мұны перінің қызы, Тәңірдің нәсілі деп ардақтайды. Асқан сұлу сол екеуіне жар таппай дал болған Шань-юй былай деп үкім шығарады: “Мен енді екі қызымды кімге бермекпін, тек Тәңірге ғана қидым”, - депті. Сонан елінің алдыңғы жағындағы адамның баласының аяғы жетпейтін иен мекенге апартып “гаотай” (мұнара) орнатып әлгі екі қызды соның биік басына шығарады да, енді бұларды адам баласына қор қылмай өзің алып кет деп Тәңірге жалбарынады. Үш жыл өткенде шешесі екі қызын алдырайық деп көз жасын төгіп жалынса да, Шаньюй ешкімді ол маңға бастырмайды. Сонан тағы бір жыл өткенде бір кәрі арлан келіп мұнараны тори бастайды. Тіпті әлгі арлан мұнара түбіне орналасып алып күндіз-түні ұли берген. Арлан қасқыр әлгі мұнарадан ұзамай қояды. Сіңлісі былай дейді: “Әкем бізді Тәңірге беру үшін мұнда әкеліп тастады ғой. Мына арланның бізді торуы Тәңірдің құдіреті, соның жібергені болар. Енді біз мұнарадан түсіп соған таясақ кайтеді”, — дейді. Сонда әпкесі ұялып, қорқынышты түрде сіңлісіне былай дейді: “Мынау болса, айуан-мақұлық емес пе, әке-шешеміздің ат-абыройын қалай қорламақсын”, — дейді. Сіңлісі әпкесінің тілін алмай, әлгі арлан қасқырға жақындасады да ұл табады. Оның үрім-бұтағы өсіп-өрбіп тайпалы ел болыпты. Сондықтан да оның елі қасқырша ұлып, ыңырсыған “Чан-чз” (моңғолша “Уртын дуу” сөзба ән, қазақша-“көріс”) ән салатын болыпты – мыс”, — деп жазған. Бұл аңыз қазақтардан гөрі моңғолдарға байланысты болуы мүмкін. Өйткені, “қасқырша ұлыған әні бар” деп көршілері моңғолдың “сөзба әнін” әзіл етеді. Ал оның сыңсуға ұқсастығы болғанымен, ол ән той-жиында ғана айтылады. Сонымен жоғарғы аңыздың айтуынша, ұйғырлар үнемі ғұндардың қол астында болғандықтан оған қыздарын ұзататын болуы тарихи көптеген жәдігерлікте кездесетін оқиға. Тіпті ұйғыр халқы бертінге дейін ғұндарға тәуелді болып, оның “отымен кіріп суымен шығып жүретіні”, сонан оларға қыздарын беріп, өңі тәуірлеуінен ғұндар қалыңдық тандап алатынын көптеген шежірелерде сөз етеді.

Әлем халықтарына “сөзба ән” қалдырған халық тек моңғолдар болса, өлгеніне “көріс” (жоқтау) айтатын, қара өлеңнің кайғылы, қаралы шумақтарын табанда ойдан шығаратын суырып салма, төкпе ақындық тек қазаққа тән құбылыс. Әлемде өлгеніне өлеңмен жоқтау айтатын Италия сияқты елдер бар. Бірақ олар жаттанды, көп дауыспен, хормен айтады. Ал қазақта он әйел отыра қалып көріс айтса, он түрлі әуен, он түрлі мазмұнмен ойларынан шығарып айта береді.

Моңғолдың ғұлама ғалымы, академик Б.Ринчен моңғолдың “сөзба әні” туралы мынадай аңыз айтатын еді: көшпелілерге әдейі ән-күй тарату үшін тау қуысына жиналуға хабар беріпті. Сонда қашанда ұйқышыл, жалқау біздің моңғолдар ел соңында барса, басқалары баяғыша ән-күйді таратып алып кетіпті. Жұртта қалған моңғолдар енді қайткен деңізші, қасқырдың ұлығанын естіп, е, ән деген осы екен ғой деп қасқырша ұлып үйіне қайтыпты. “Сөзба ән” бізге сонан қалған екен дейтін. Ал жоғарғы аңыздарға ұқсас хикаялар ертедегі моңғол халықтарының тарихына байланысты да өге жиі кездеседі. Тіпті Шыңғыстың арғы тегі Бөрте Чоно (Бөрте қасқыр) Көкбөрі болып шығатын аңыз бар.

Қазақта бөрі төтем болған ру-ұлыстар бар. 1984 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Халық жазушысы Ғабит Мүсірепов “Өнер алды – қызыл тіл” деген ғылыми конференцияда жасаған баяндамасында: “Қыпшақ, үйсін тайпалары түгел арғы ата-бабаларын бөріден бастайтын аңыздары бар елдер”, — деп.

**АСЫЛБЕКОВА Ж.М.-А.,**  
д.и.н., профессор КазНУ им аль-Фараби, **ИСКАКОВА Д.** – магистрант 2-го курса,  
Казну им аль-Фараби

## **ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ СИСТЕМЫ МИРОТВОРЧЕСТВА ООН**

Две первые миссии были сформированы и направлены в Палестину в 1948 году и в зону конфликта между Индией и Пакистаном в 1949 году. Самой первой миротворческой операцией, личный состав которой был вооружен, стали Первые чрезвычайные вооруженные силы ООН (ЧВС ООН I), развернутые в 1956 году в связи с Суэцким кризисом. Первой крупномасштабной миссией с личным составом, достигавшим в пиковый период почти 20 000 военнослужащих, была Операция ООН в Конго (ОНУК). Она же впервые заставила обратить внимание на опасности, с которыми сопряжены попытки стабилизации охваченных военными действиями районов: 250 миротворцев ООН погибли, исполняя свой долг в составе этой важной миссии. В 60-е и 70-е годы Организация Объединенных Наций осуществляла краткосрочные миссии в Новой Гвинее, Йемене и Доминиканской Республике и начала развертывание более долгосрочных операций на Кипре (ВСООНК) и на Ближнем Востоке (ЧВС ООН II, СООННР и ВСООНЛ) [1]. Впоследствии подобные миссии направлялись в Афганистан и Пакистан (1988-1990гг.), Анголу в 1991 г., Иран и Ирак (1988-1991 гг.), Таджикистан в 1994 г., Грузию и Гаити в 1993 г., Ирак и Кувейт в 1991 г.

С 1948 года по инициативе Генерального секретаря ООН Трюгве Ли, Генеральная Ассамблея ООН рассмотрела план создания полицейских сил ООН с функциями контроля за соблюдением перемирия в конфликтных регионах, поддержания порядка при проведении под контролем ООН мероприятий, связанных с выборами, а также в городах с международным режимом, охраны выездных миссий и собственности ООН. Чрезвычайные вооруженные силы ООН были образованы в 1956 году и были направлены на Восток для мирного разрешения Суэцкого конфликта. Генеральный Секретарь ООН Даг Хаммаршельд определил эти силы как мирные и примирительные силы ООН.

Важным моментом в истории миротворчества явилось принятие решения Генеральной Ассамблеи ООН о создании Специального Комитета по операциям по поддержанию мира, куда входило тридцать три государства в 1956 году.

Самой первой миротворческой операцией ООН с участием полицейского персонала была операция в Конго под названием ОНУК. ОНУК проходил с 1960-1964 гг. Первоначально, данная операция преследовала такую цель, как вывод бельгийских войск и помощь в развитии демократического аппарата. Однако позже, операция в Конго стала преследовать другие цели – поддержание мира и безопасности, вывод всех международных военных сил, работа консультантов, наблюдение и т.д. Всего в данной операции было задействовано 19 828 человек [2]. Также, успешной операцией ООН, при активном участии полицейского персонала, можно считать операцию в Намибии (1989-1990гг.).

В сентябре 2000 г. состоялся исторический Саммит Тысячелетия, где была принята не менее важная Декларация тысячелетия, которая предоставляет целевые ориентиры и показатели развития человечества по следующим приоритетным направлениям: обеспечение мира и безопасности, охрана окружающей среды, права человека и особые потребности отстающих стран в своем развитии. Декларация содержит количественно временные показатели сокращения нищеты, заболеваемости, голода, неграмотности, дискриминации женщин, которые могут быть использованы странами мира в качестве ориентира их социально-экономического планирования. В сентябре 2001 г. была принята «Дорожная карта» ООН, содержащая меры по осуществлению Целей развития тысячелетия, приведенных в Декларации, о результатах выполнения которой [3] ООН докладывает ежегодно. В 2002 г. начался второй этап реформы ООН для достижения Целей развития тысячелетия: внутренняя реорганизация с целью рационализации работы ООН, а также принята новая система набора персонала, политика подбора, расстановки кадров.

В 2003 г. по поручению Кофи Аннана была создана Группа высокого уровня по вызовам и переменам с целью выработки новых идей как стратегически, так и институционально необходимых для более эффективной деятельности в XXI веке. Группой был подготовлен соответствующий Доклад, на который, следует обратить особое внимание, как так именно в нем было высказано большинство тех идей, которые так активно обсуждаются сегодня в контексте реформирования ООН.

Сегодня на смену традиционному миротворчеству приходит новое направление – миростроительство. Миростроительство основывалось на ряде посылок:

1. Устойчивое развитие государств может гарантировать сохранение мира, поэтому миростроительство охватывает политическую и экономическую сферы – развитие рыночной экономики, защита прав человека, демократизация, совершенствование судебной системы.

2. Всестороннее втягивание в процессе населения страны, находящееся в состоянии внутреннего конфликта.

3. Миростроительство должно быть привязано к местным условиям, возможностям, инфраструктуре и ресурсам страны.

4. Международное, региональное, локальное сотрудничество необходимо для реализации поставленных задач миротворческой деятельности ООН.

В основном новые операции ООН можно назвать удачными. Например, с помощью миротворческих операций ООН удалось достигнуть мир и соглашение в Сальвадоре и Мозамбике. Но некоторые усилия потерпели неудачу. Так как, в Камбодже и Мозамбике проходили комплексные миссии, а в Сомали миротворцам не удалось достигнуть прекращения огня, по той простой причине, по которой не было достигнуто консенсуса между участниками конфликта. Кроме того, эти операции не были снабжены достаточным количеством людскими ресурсами. Самыми неудачными моментами миротворческой деятельности ООН стали массовые убийства в 1995 году в Сребренице (Босния и Герцеговина) и геноцид в Руанде в 1994 году. С этого момента начался период самоанализа и самооценки миротворческой деятельности Организации Объединенных Наций.

2004 год – это резкая эскалация масштабов миротворческой деятельности ООН. В 2005 году Департамент операций по поддержанию мира возглавлял 18 операций. В этих операциях участвовало свыше 85 000 военнослужащих, оказавшие влияние на жизнь 200 млн. людей в принимающих странах [4]. Также, Департамент по политическим вопросам контролировал 8 специальных миссий по поддержанию мира в Ираке, на Ближнем Востоке, Центральной Азии и т.д.

20 декабря 2005 года Генеральная Ассамблея ООН и Совет Безопасности приняли резолюции (60/180 и 1645, соответственно), учреждающие Комиссию ООН по миростроительству в качестве «консультативного вспомогательного органа ООН». Принятые на параллельных заседаниях Совета Безопасности и Генеральной Ассамблеи резолюции содержали несколько новаторских идей, среди которых выделялись предложение о замене Комиссии по правам человека (КПЧ) новым главным органом ООН (или вспомогательным органом Генеральной Ассамблеи) с учётом возрастающей важности этой сферы общественных отношений [5]. Тем самым, было выполнено одно из ключевых решений, содержащихся в Итоговом документе «Саммита-2005», состоявшегося в сентябре 2005 года в Нью-Йорке.

В ходе Саммита-2005 было согласовано обязательство принять 10-летний план наращивания потенциала Африканского союза (АС), который информировал ООН об областях, в которых АС хотел бы наладить такие партнерские отношения, и сделал особый упор на поддержку усилий по укреплению потенциала АС в области поддержания мира. Для выполнения этой просьбы Генсекретарь предложил создать в ДОПМ специальное постоянно действующее подразделение, которое бы являлось единственным подразделением по контактам с Африканским Союзом и другими партнерами по вопросам, связанным с поддержанием безопасности мирового сообщества, вследствие чего была создана Комиссия ООН по миростроительству.

Комиссия по миростроительству (КМС) – это новый межправительственный консультативный орган Организации Объединенных Наций, который поддерживает усилия в пользу мира в странах, переживших конфликты, и представляет собой важное дополнение того механизма, который используется международным сообществом для решения более широких задач по обеспечению мира.

Политическая обстановка в мире, появление «новых» угроз требует от ООН комплексных и коллективных мер с целью поддержания мира и безопасности всего мирового сообщества.

Заемский В. выделяет две тактики в эволюции миротворческой деятельности ООН. Это – «традиционный» метод, который был распространен в годы межблокового противостояния и тактика постепенного «вхождения и ухода» миротворческих сил, широко распространенная на сегодняшний день. Суть первой тактики заключается в том, что данный метод направлен на изучение симптомов и последствий конфликтов, нежели источника самого конфликта. Он утверждает, что «традиционная» тактика миротворческой деятельности ООН осуществлялась на Кипре, на Ближнем Востоке и в Индии и Пакистане. Второй метод постепенного «вхождения и ухода» миротворцев заключается в следующем: прекращение огня, приглашение следить за соблюдением прекращения огня и развертывание военных наблюдателей или подразделений с этой целью одновременно с продолжением усилий по политическому урегулированию. При этом Заемский утверждает, что и второй метод также был распространен в годы «холодной» войны.

После «холодной» войны на операции ООН возлагалось все больше и больше обязанностей. Например, на операции ООН возлагались обязанности по сопровождению грузов помощи, когда обстановка с точки зрения безопасности была настолько опасной, что гуманитарные операции нельзя было продолжать без большой угрозы для персонала гуманитарных учреждений; им давались мандаты на защиту гражданских жертв конфликтов, когда потенциальные жертвы находились в

очевидной опасности, и мандаты на контроль за тяжелыми вооружениями, находившимися в распоряжении местных сторон, когда такие вооружения использовались для создания угрозы, причем как для миссии ООН, так и для местного населения. В двух экстремальных ситуациях, в Косово и Восточном Тиморе, операциям была дана исполнительная, правозащитная и административная власть, поскольку местные органы власти либо не существовали, либо не были способны.

В последнее десятилетие XX века миротворчество пережило этапы завышенных ожиданий, вызванных окончанием «холодной войны», разочарований в связи с целым рядом неудач и, в конце концов, вновь возрожденного спроса на миротворческие услуги. Все это поставило в повестку дня насущную необходимость модернизации имевшихся механизмов миротворчества, прежде всего ООН.

Восьмой Генеральный Секретарь ООН Пан Ги Мун, который вступил в должность 1 января 2007 г., начал свою деятельность с укрепления потенциала ООН в сфере миротворческой активности и разоружения. В направленном письме в Генеральную Ассамблею Генеральный Секретарь предложил реформировать Департамент операций по поддержанию мира и создать на его основе два департамента – Департамент миротворческих операций и Департамент полевой поддержки. В качестве мотива были приведены данные о том, что количество миротворческих операций, осуществляемых Организацией, достигло рекордно высокого уровня при численности персонала на местах почти в 100 тысяч человек, причем в 2007 г. произошло его увеличение. В 2006 году, например, ООН вела переговоры более чем со 100 странами, предоставляющим войска, перевезла более 800 тысяч человек и 160 тыс. т. грузов воздушным транспортом [6]. Поэтому, по мнению Генерального Секретаря, воплощение в жизнь его предложений будет способствовать улучшению планирования, повышению эффективности и оперативности миротворческой деятельности ООН.

С целью придания нового импульса усилиям ООН в сфере разоружения и нераспространения, укрепления институциональной базы и механизмов управления Пан Ги Мун предложил создать Управление по вопросам разоружения на базе упраздняемого Департамента по вопросам разоружения, стоять во главе которого будет Высокий представитель для повышения степени гибкости и взаимодействия с Генеральным Секретарем. Новое Управление напрямую подчиняется Генеральному Секретарю.

Как показывает опыт миротворческой деятельности ООН, есть пять основных целей, которых необходимо достичь для обеспечения дальнейшего прогресса в осуществлении миротворческой деятельности.

Первая заключается в обеспечении успешного осуществления нынешних миссий и охраны безопасности персонала. В ряде операций, в которых развернут военный, полицейский и гражданский персонал ООН, ход развития событий не всегда отвечает этим критериям. Имеются примеры агрессивного поведения со стороны группировок бывших комбатантов, банд преступников и частных лиц. Присутствие таких «возмутителей спокойствия» сопряжено с серьезными рисками в плане охраны и безопасности миротворческого персонала ООН.

Вторая цель заключается в обеспечении того, чтобы высокие стандарты подотчетности и поведения не подрывались в результате слабого надзора и отсутствия руководства или дисциплины (случаи сексуальной эксплуатации и надругательств).

Третья заключается в обеспечении максимально эффективного управления финансовыми и другими ресурсами.

Четвертая состоит в том, чтобы быть готовыми к решению предстоящих задач в области миротворчества и решать их более эффективно. Увеличиваются не только число операций, но и масштабы задач. Эти задачи включают предотвращение явных угроз миру, а также разоружение и демобилизацию бывших комбатантов, защиту гражданских лиц, охрану ключевых объектов и объектов инфраструктуры и оказание помощи в реформировании и создании национальных институтов (армия и полиция).

Реальность такова, что обеспечение безопасности является лишь одной частью усилий по обеспечению самоподдерживающегося мира. Создание Комиссии по миростроительству и Фонда для миростроительства является признанием этого факта. Миростроительство не может начинаться по завершении миротворческих операций. Оно является не стратегией ухода миротворцев ООН, а руководящим принципом для начала следующего этапа. Даже в процессе первоначальной стабилизации необходимо начинать устранять симптомы хронического ухудшения положения и приступать к долгосрочным усилиям по строительству устойчивого мира. Это ставит задачу достижения более широкого круга целей в рамках миротворческих операций ООН, оказания поддержки и помощи местным органам в таких областях, как государственное управление, реорганизация правоохранительных органов и местное управление. Необходимо также уделять больше внимания вопросу повышения эффективности работы с местными общинами.



Пятая цель заключается в том, что ооновские миссии должны быть способны эффективно работать совместно с возросшим числом сторон, как связанных, так и не связанных с ООН, которые участвуют в миростроительстве.

Как полагает Мусин А.Б., миротворчество становится все более и более востребованным в мире и становится объектом всеобщего внимания. Существуют 4 основных критерия, по которому миротворческая деятельность может считаться успешной:

- 1) Осуществление совокупности мандата;
- 2) Степень содействия урегулированию конфликта;
- 3) Степень сдерживания эскалации конфликта;
- 4) Мера успеха в ограничении числа жертв конфликта.

Таким образом, можно сделать вывод, что миротворческая деятельность ООН имеет свою историю и этапы развития. Миротворческие операции ООН потерпели огромные изменения в своей деятельности.

Миротворчество – это не панацея, а всего лишь сумма усилий по содействию урегулированию конфликтов, ведь их окончательное решение является ответственностью противоборствующих сторон. Успехи миротворчества за всю историю его практики безоговорочно подтверждают необходимость продолжения этой деятельности. Цели миротворческой деятельности Организации Объединенных Наций, зародившейся в период «холодной войны», когда противоборствовавшие стороны нередко парализовывали работу Совета Безопасности, сводились в основном к поддержанию прекращения огня и стабилизации обстановки на местах и обеспечивали необходимые условия для политических усилий, предпринимавшихся для урегулирования конфликтов мирными способами. В составе этих миссий служили военные наблюдатели и легко вооруженные военнослужащие, основные задачи которых включали наблюдение, представление отчетов и проведение мер укрепления доверия. Сегодня миротворцы решают широкий спектр сложных задач – от оказания помощи в формировании устойчивых институтов управления до надзора за соблюдением прав человека, проведения реформы в секторе безопасности и разоружения, демобилизации и реинтеграции бывших комбатантов.

Кроме того, миротворчество как самостоятельное направление международной деятельности было инициировано ООН, стало одним из приоритетных направлений в её работе и продолжает развиваться в рамках Организации, являющейся единственным в мире универсальным механизмом согласования взаимоприемлемых решений. ООН и, прежде всего, Совет Безопасности накопили уникальный опыт решения всё усложняющихся задач, которые в постконфронтационный период приобрели принципиально иной характер.

- 
1. Операции ООН по поддержанию мира // [www.un.org/ru http://www.un.org/ru/peacekeeping/operations/early.shtml](http://www.un.org/ru/peacekeeping/operations/early.shtml)
  2. Завершенные операции ООН по поддержанию мира // [www.un.org/ru http://www.un.org/ru/peacekeeping/missions/past/congo.htm](http://www.un.org/ru/peacekeeping/missions/past/congo.htm)
  3. Цели развития тысячелетия // [www.un.org/ru // http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N00/559/53/PDF/N0055953.pdf?OpenElement](http://www.un.org/ru/http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N00/559/53/PDF/N0055953.pdf?OpenElement)
  4. Мусин А.Б. Этапы становления системы миротворчества ООН // Известия НАН РК, серия общественных наук, 2009.-№6, С.94
  5. Никитченко А.И. Международные отношения. / Учебник. – М.: АСТ, 2010. – 290 с.
  6. Пан Ги Мун предлагает укрепить потенциал ООН в сфере миротворческой деятельности и разоружения // [www.un.org /ru http://www.un.org/russian/news/story.asp?NewsID=7095#.Vdsf9J\\_hAsY](http://www.un.org/russian/news/story.asp?NewsID=7095#.Vdsf9J_hAsY)

**ТАСТАНБЕКОВ М.М.,**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің доценті,  
Түркістан қаласы

## **САХА ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ ТҮРКІЛІК СИПАТЫ ЖӨНІНДЕ**

Әрбір халықтың өз тарихының сонау тереңнен бастау алатынын мақтаныш етуі заңды құбылыс. Еуразия кеңістігінде екі мыңжылдықтың тарихы түркі халықтарының қозғаушы күшімен жасалды, тасқа жазылды. Тұтас та, толық дәуір түрлі қағандықтар атымен аталғанымен біріктіретін ортақ түркі атауы бар. Бір тілде, бір сенімде, бір тарихпен өмір сүрген туысқан халықтың тарихын тану түркі халықтарының өткені мен бүгінін, тарихтың сабақ алар азалы кезеңі мен мақтаныш етер даңқты белестерін ой елегінен өткізуге, өзіндік тұжырым жасауға мүмкіндік ашады. Патриоттық тәрбиенің негізі төл тарихымызда жатыр. Түркия мемлекетінің негізін қалаушы Ататүрік: «Түркі баласы ата-

бабасын танып-білген сайын ұлы істер жасау жолында тек өз бойынан ғана күш қуат табады» деген болатын.

Қазіргі таңда түркі халықтары атты ұғым қырықтан астам ұлтты біріктіріп отыр. Түркі халықтарының ішінде ең шалғай, терістікте орналасқаны саха (якут) халқы. Оңтүстік Сібірдегі түктілдес халықтардың құрайтын біртұтас тарихи-этнографиялық аймағына сахалардың да қосылатындығы белгілі. Бұл халықтардың барлығы да өткен тарихында ертедегі түркілік кезең деп аталатын ортақ мәдениетті иемденген [1,585]. Бүгінгі саха халқы өткен тарихына зерде қоя бастаған, келешегіне сеніммен қарайтын ұлттардың бірі. [2,7].

Саха халқының тарихы мен мәдениетін алғашқы болып зерттегендер түрлі экспедиция мүшелері мен бұл аймаққа Ресейдің жер аударылған халық өкілдері: немістер, шведтер, поляктар, орыстар, украиндер және т.б. болды.

Сахалардың шығу тегі туралы зерттеулер ғылыми тұрғыдан өзіндік қызығушылық тудыратын мәселе болып табылады. Сонау кезден сахалардың ата-бабаларының кімдер екендігі және қайдан келгендігі туралы сұраққа түрлі халықтардың көптеген зерттеушілері жауап беруге тырысып көрді. XVII ғасырдың соңында Сібір арқылы Қытайға сапар шеккен Ресей елшісі Э.И.Идестің күнделігінде сахалар туралы жазбалар кездеседі. Онда ол алғашқы болып саха тілінің татар тіліне, яғни түркі тілдеріне жақын екендігіне назар аударған және ол ертеректе сахалардың буряттармен бір халықты құрап Байкалда өмір сүргендігін жазған [3, 20-21]. Аталған еңбектің жарық көргеніне де 300 жылдан асып, сахалардың шығу тегі жайын қамтыған жұмыстар аз жарияланған жоқ. Алғашқы зерттеушілер негізінен фольклор мен ауыз-екі мәлімет материалдарына сүйенсе, кейінгі уақытта сахалардың этногенезі мәселесін зерттеумен түрлі ғылым өкілдері: этнографтар, археологтар, антропо логтар, тіл мамандары мен фольклор жинаушылар айналысты.

Саха халқының есте жоқ ескі замандағы өмір шындығының мол суреті жырда (олонхо) кең сақталып қалғандығын зерттеушілер бірауыздан мойындайды. Якуттардың бір заманда оңтүстікте өмір кешкендігіне қосалқы дәлелдер осы олонходан табылады. Жырда оты мол, шуағы мол, жыл он екі ай суық түспейтін өлкенің өсімдігі, жан-жануары, тұрмыс тіршілігі бейнеленеді.

Сахалар қазіргі отырған жеріне XI ғасырдан бері қоныс тебе бастаған. Бірақ якуттардың одан бұрынғы мекені туралы түсінік бұлдыр. Олар солтүстікке соңғы рет көшкен өлке Алтай, Байкал тұстары екенін айтумен ғана шектелу, әрине, мәселенің ақиқатына жетіп болмағандық белгісі [2, 5].

Қазіргі таңда саха халқының шығу тегі мен тілінің қалыптасуы туралы бірнеше болжамдар бар.

Г.В.Ксенофонов сахалардың ата-бабалары үш тайпа болған деп есептейді. Бірінші топқа бұғы өсірумен айналысқан кумдарды жатқызса, жылқы мен сиыр ұстаған түркітілдес курыкандарды екінші топ деп айтады. Ал, саха халқының қалыптасуындағы үшінші топ, Ксенофонов пікірінше ұйғырдың «саха» тайпасы болған.

С.А.Токарев саха халқының қалыптасуында жергілікті халықпен ассимиляцияға ұшырағын әртүрлі тілде сөйлеген тайпалар мен халықтардың бөліктері қатысқан деп санайды.

А.Н.Алексеев бірқатар археологиялық ашылымдарға сүйене отырып, біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығында Якутия аймағына енген бірінші түркі тайпалары полеоазиаттық тұрғындарымен араласып, жаңа халық – сахаларды қалыптастырады, деп жобалайды [4].

А.П.Окладников саха халқының шығу тегінде оңтүстіктен келген халықтардың шешуші ролі болды деген ұстанымды қолдайды. Саха халқының тікелей ата-бабалары ретінде түркітілдес ұйғыр тайпаларын атайды.

С.И.Николаев болса саха халқында ешқандай түркілік компоненттер болған емес, сахаларды автохтонды деп санайды. Саха халқының қалыптасуында жергілікті эвендер, эвенкілер мен тунгус-манжур тайпаларының этностық элементтері қатысты деп біледі.

А.И.Гоголев курыкандарды сахалардың арғы ата-бабалары деп санайды. Ал мәдениетінің ертедегі элементтері сақ-ғұндардың компоненттерін көреді. Кулун атах жеріндегі мәдениетті ашып және зерттеу арқылы А.И.Гоголев осындай қорытындыға келген. Кулун атах Якутия аймағындағы халықтардың ең көне тұрағы, Якутиядағы материалдық мәдениет пен тарихтың ежелгі ескерткіш болып саналады.

Н.К.Антонов саха халқының түркілік тегі туралы ұстанымды қолдаса, Г.В.Попов саха халқының шығу тегін Қазақстан мен Орта Азияда өмір сүрген сақтармен байланыстырады [5, 119].

Ендеше осы түрлі пікір мен көзқарастарды сипаты жағынан топтастыра қарастыратын болсақ, Сахалардың этногенезі мәселесі жөнінде екі болжам басымдыққа ие болып келеді: біріншісі – оңтүстіктен, ал екіншісі – солтүстіктен шыққандығы туралы болжамдар. Немесе саха халқының шығу тегін анықтаудың бұл болжамдарын басқаша ғылыми атпен атасақ біріншісі – миграцияланған, екіншісі – автохтонды атты теориялар. Біріншісін Г.К.Ксенофонов пен А.П.Окладников ұсынып, А.И.Гоголев дамытса, екіншісі – С.И.Николаев-Сомоготтоның ұстанымы [6, 183]. Бірінші болжам ресми танылып, бұл мәселеге көптеген ғылыми еңбектер арналса, екінші мәселеде негізінен

Сомоготтоның еңбектері жарық көрген. Саха халқының автохтондылығы туралы теорияның негізін салған тарихшы С.А.Токарев болды. Оның ұсынған концепциясы бойынша сахалар халық ретінде Ленаның орта ағысында, жергілікті тунгустық палеазиаттық тайпалардың оңтүстіктен келгендермен араласқан жерінде қалыптасқан. Токарев саха мәдениетінде Оңтүстік Сібір және Орталық Азия халықтарының мәдениет элементтерінің бар екендігімен келіседі, алайда балық аулау мен аңшылық, шамандық, сахалық киім түрлері, аңшылық-кәсіптік сенімдер, кейбір тайпа-ру аттары, саха тіліндегі тунгустық белгілерді атай келе жергілікті шығу элементтері басым деп біледі. Осылайша, С.А.Токаревтің пікірінше саха халқы этнографиялық тұрғыдан – автохтонды, жергілікті болып табылады [7].

Саха халқының шығу тегі жөніндегі концепциялардың түрлілігіне қарамастан көтерілген мәселе төңірегіндегі тарихнамалық шолу зерттеушілердің басым бөлігі миграциялық теорияны қолдайтындығы байқалады. Яғни, олардың пікірі бойынша сахалар оңтүстік тамырлы, қоныс аударып келгендер. Осы теорияның шеңберінде сахалардың тарихи отаны жөніндегі сұраққа жауап іздеген бірнеше болжамдарды да қарастыруға болады.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы тарихнамада саха халқының Байкал жағалауынан шыққандығы туралы болжам ұсынылды. Осылайша Идес Исбрандт алғашқылардың бірі болып саха тілі мен түркі тілдерінің ұқсастығына мән берді.

Кейінгі жылдары бұл пікірді зерттеушілер Я.И.Ленданау, В.Л.Сорошевский, М.П.Овчинниковтер дамытты. XVIII ғасырдың басында-ақ Ф.Старленберг пен Я.Линданау саха аңыздарының негізінде осы мәселедегі алғашқы пікірлерін білдірді. Я.Линданау сахалардың ертеректе Байкал көлінің ауданында өмір сүргендігі, буряттармен мәдени және материалдық байланыста болған, XVI ғасырда бөлек кеткен тайпаның Лена өзенінің алқабына қоныс аударғаны туралы болжам жасайды.

Саха еліне жер аударылған Сорошевский жинаған материалдарының негізінде Якутия туралы бірнеше әңгіме мен мақалалар жазған. Ол өз еңбегінде саха халқының өмірі мен тұрмысын мейлінше шынайы және бұрмаламай сипаттаған. В.Л.Сорошевскийдің монографиясы сахалардың оңтүстіктен, далалық шығу тегі туралы мол этнографиялық мәлімет береді [8].

XIX ғасырдың соңында М.П.Овчинников сахалардың этнографиялық тарихымен байланысты зерттеу жұмыстарымен Байкал мен Ангара жағалауында ауыз әдебиеті (фольклор) мен археологиялық мәліметтер жинады.

XVIII ғасырда Ф.Старленберг пен Г.Миллер халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып сахалардың Шыңғысханның күшейген кезеңінде Моңғолиядан ығысқандығы туралы болжамды ұсынып негіздеді. Тарихшылардың пікірі бойынша саха тіліндегі моңғол сөздерінің көптеп кездесуі, сахалардың өткен тарихында моңғолдармен ұзақ та тығыз қатынаста қатар өмір сүргендігінің дәлелдемесі болып табылады екен [9].

Фольклор материалдарымен танысу және оларды жіктеп, нақтылау П.Кларк, Н.Ф.Остолопов, Н.Н.Щукин, Н.А.Костров сияқты зерттеушілерге сахалардың саян-енисейлік байырғы отаны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік берген. Мысалы, П.Кларк ертедегі сахалардың Енисейдің жоғарғы ағысында, кейіннен сол маңда көшіп-қонып жүргендігі туралы ауыз әдебиетінің XIX ғасырдың ортасына дейін сақталғандығын жазады.

Ауызша жеткен бірқатар әңгімелерде арғы атасы Омогой Баай өмір сүрген сахалардың байырғы отаны ретінде Ураанхай елі аталатыны белгілі. Кейіннен сахалардың ата-бабалары бұл жерден бүкіл байлықтары және малдарымен бірге Байкал жағалауына көшіп кеткен [10].

Сахалардың Ураанхайлық шығу тегі жайлы болжамды XIX ғасырда Д.А.Кочнев пен В.Ф.Трошанский сынды зерттеушілер ұсынды. Д.А.Кочневтің пікірі бойынша сахалардың отаны Түркістанда болған. Шыңғысханның түркі тайпаларын жаулап алуы кезеңінде ураанхай халықтарының бір бөлігі болған сахалар «солтүстік-шығысқа, Байкал жағалауына бас сауғалаған». Ғалымдар сахаларды халық ретінде оңтүстікте қалыптасып, содан кейін ғана Ленаның орта ағысына қоныс аударған деп санайды. «Ураанхай-сахалар» атты еңбегінде танымал тарихшы Гаврил Васильевич Ксенофоновтың пікірі бойынша сахалар Виллюй, Олекма, Ленаның төменгі сағасын, Оленька, Анабра өзендері аймағын Якутияның орталық бөлігінен бұрын қоныстанған [11].

Академик А.Бернштамның сахаларды VIII ғасыр шамасында солтүстікке кеткен ғұндардың ұрпағы және шығу тегі жағынан аралас халық екендігі туралы ойы Г.Ксенофоновтың пікіріне сай келеді. Ксенофонов түркітілдестердің басым компонентін атай отырып, сахалардың мәдениеті мен этникалық құрамының күрделі сипаты жөніндегі тезисін ұсынды. Зерттеуші сахалардың этногенз процесі Байкал жағалауы аймағында жүргендігін айрықша атап өткен. Рахманқұл Бердібай өзінің сахалар жөніндегі шағын мақаласында, «XI ғасырға дейін якуттар қай жерді мекендеді? Осы сауалды шешуге азды-көпті саңлау беретін Олонхо көркем жыр ғана емес, әрі көне тарихи шежіре», [2, 5] дейді. Сахалардың олонхо эпостарында оқиғалар «Араат Байгал» немесе «Арылы Байгал» маңында өтеді. Саха халқының көрнекті ұлы П.А.Ойунскийдің пікірінше, «Араат» және «Арылы» Арал теңізі

болуы керек. Мұнан шығатын қорытынды, Ойунскийдің ойынша сахалардың шыққан жері және олонхо отаны «Арал теңізінің шығыс не солтүстік-шығыс бағыттағы» аймақ болып табылады [12]. П.А.Ойунский саха олонхосандағы Омогой мен Эллейдің ата-бабасы аттарында кездесетін Аргын есімін қазақтың арғын руымен байланыстырған. Т.А.Инсебаев пен Е.З.Кажобеков қазақтың арғын руының шежіресі мен саха халқының тегіндегі байланыстарға алғашқылар болып назар аударды. Саха шежіресіне сәйкес, Омогой мен Эллейдің аталары: Оксуку-Мэйэрэм Суппу-Хорохой-Аргын-Айаал-Орос Куол Дьулдугун-Туортугул-Хайаран-Омогой, Эллей. Т.А.Инсебаев пен Е.З.Кажобеков саха аталарының аттарын арғындар құрамындағы Сүйіндік руының тегімен тарқатып-салыстырды: оразгелді-ороскуолдьюлдугун; төртұл-туортугул, мейрам-мэйэрэм суппу [13]. Василий Ушницкий «К проблеме происхождения народа саха» атты мақаласында сахалардың түркітілдес ата-бабалары Арғындардың тайпалық одағында болған болуы мүмкін деп болжайды.

С.И.Боло мәліметтеріне қарағанда сахалардың ата-бабалары өздерін біртұтас халық деп санап, өздерін «ураанхай-саха» деп атаған [10, 128]. Ежелгі С.М.Ахинжанов араб-парсы деректерінде кимак халқының өз аты «уранкай» атымен белгілі дейді [14, 119-146]. Сахалардың ауыз әдебиетінен ата-бабаларының ерте кезде Ураанхай елінде өмір сүріп, бүкіл мал-мүлкімен Байкал жағалауына көшкендігі туралы жиі кездестіреміз. Тарихының соңғы кезеңінде Арал бойында өмір сүрген қимақ-уранкайларды саха аңызындағы ата-бабаларының қонысы болған Ураанхаймен байланыста қарастыру терең зерттеулерді қажет етеді.

Біз мақаламызда сахалардың этникалық тамырын айқындауда басты бағыттарды анықтауға тырыстық. Сахалардың шығу тегі туралы зерттеулер мен көзқарастарды қарастыра отырып, бұл мәселедегі соңғы нүктенің қойылмағандығына көз жеткізе түстік. Сондай-ақ, саха халқының қазақ жерінен тарағандығы туралы мәселеде бірлескен жұмыстар жүргізіп, саха халқының шығу тегі тақырыбында бір болжам ретінде дәйекті деректермен негіздей түсу қажет деп ойлаймыз.

1. Гоголев А.И. Истоки этногенеза тюркоязычных народов Сибири / Тюркология-88. Тезисы докладов и сообщений V Всесоюзной тюркологической конференции (7-9 сентября 1988 года). – Фрунзе: Илим, 1998. – 670
2. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 бет.
3. Иванов В.Н. Русские ученые о народах северо-востока Азии. (XVII – начало XX в.) – Якутск: Кн. изд-во, 1978.
4. Федерова С.А. Этногеомика коренных народов Республики Саха (Якутия). – М., 2008
5. Васильев И.Ф. История и культура Якутии / Эрдэм шинжилгээний бичиг №9 (Ученые записки №9). – Улаанбаатар: Орхо их сургууль, 2008. – 316 с.
6. Михайлов В.Д. Проблемы идентификации культуры саха в тюркском мире / Тюркский мир: от Якутии до Средиземного моря через Кыргызстан. Материалы международной научно-практической конференции. 25-26 март 2011г. – Бишкек: Айгөлек, 2013. – 368 с.
7. Уваров С. Теории происхождения народа саха: взгляд из настоящего в прошлое / Тюркский мир: от Якутии до Средиземного моря через Кыргызстан. – Бишкек: Айгөлек, 2013. – 368 с.
8. Серошевский В.Л. Якут: Опыт этнографического исследования. – М., РОССПЭН, 1993. – 736 с.
9. Миллер Г.Ф. История Сибири. Т.3. 2-е изд. – М., 2005.
10. Боло С. Прошлое якутов до прихода русских на Лену. – Якутск: Бичик, 1994
11. Ксенофонов Г.В. Ураанхай-сахалар. Очерки по древней истории якутов. Т.1. – Якутск, 1992
12. Ойунский П.А. Якутская сказка, ее сюжет и содержание // Айымньылар. – Т.VII. – Якутск, 1962. – С.128-191
13. Инсебаев Т.А., Кажобеков Е.З. Некоторые предварительные результаты сопоставления и анализа названий родоплеменных групп адай и сундук // Тюркская ономастика. -Алма-Ата, 1984. – С.107-108.
14. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1989.

#### **НАУРЫЗБАЕВА Э.К.,**

т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қаласы, Қазақстан Республикасы.

### **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕ ОРЫНБОР ШЕКАРА КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Патшалық Ресей империясының вассалды және отарланған территорияларын басқаруды ұйымдастыруының өзіндік ерекшелігі болды. Империя территориясын Шығыста – Орта Азияға қарай кеңейту күйреген Алтын Орданың қонысындағы жаңа бой көтерген кішігірім хандықтарды жаулап алып (Қазан, Астрахань), сол жерлерге бекініс – қалалар салу арқылы патшалық Ресей көшпелі халықтардың ішкі өлкелеріне ентелей енді. Жаңа бекініске айналған қалаларда империяның орталығына бағынған жергілікті әкімшіліктер құрылып, олардың қызметінің басты мазмұнына шекаралас жатқан халықтарды отарлық бұғауына қосу әрекеттері орын ала бастайды.

XVIII ғасырдың 30 жылдары империя башқұрт көтерілісін басу және «көрші көшпелілерден қорғану» мақсатында Башқұрстанның жер-жерінде жаппай әскери бекіністер салуды күшейтеді [1].

Ресей империясының Қазақ даласында отарлау жұмыстары мен саясатын жүргізетін органдары бірден құрылып кеткен жоқ. Олардың алғашқысы мүлдем шектеулі қызметтерімен құрылып, оларға қазақ хандарынан алынған шарттық міндеттемелердің орындалуын қадағалау мақсаты жүктелген еді. Патшалық Ресейдің XVIII – XIX ғасырлар арасында өзінің құрамына енген жұртты басқаруға арналған алдын ала белгіленген бағдарламасы болмады. Оларды басқару стихиялы түрде болды. Тіптен, Ресейдің шет аймақтарындағы саясатқа жауапты біртұтас органы (мекемесі) да болған жоқ.

Ресейдің құрамына кірген халықтар әр түрлі ведомстволардың – Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік мүлік министрлігі, Әскери министрліктің және т.б. қарамағында болды. Шет аймақтарды жалпы империялық құрылымға қосудың бірден-бір жолы жанама басқару еді. Оның негізі отар құрамына енген елдердегі қалыптасып қалған дәстүрлі саяси және құқықтық құрылымдарды шектей отырып, Ресейдің заңын енгізу болды. Жанама басқару сипатына жақынырақ болған құрылым – шекаралық басқару жүйесі.

Орыс мемлекетіне сол тарихи кезеңде саяси еркіндігін сақтап қалған қазақ хандарымен күресу үшін «шекарадан» басқару ең орындысы болды және Ресейдің қазақ қоғамымен байланыстарды орнататын мүмкін түрі еді [3, 238 б.]. Ал XIX ғасырдың басында отарлық басқарудың мекемелері «шекарадан» асып, далалық өлкелерге көше бастады.

Империяның территориясын Орта Азияға қарай кеңейтуді көздеген Экспедиция 1734 жылдың маусым айында Ор өзенінің бойында бекініс пунктін салу үшін келеді. Сенаттың сол жылғы 7 маусымындағы шешімімен атақты Орынбор экспедициясының басталуы ресми түрде жарияланды. Бұл саяси әрекетті Қазақстанға қатысты арнаулы үкіметтік мекемені ұйымдас-тырудың алғашқы бастамасы деп санаймыз.

Ресей патшалығы Батыс Қазақстанда өзінің отарлау саясатын өзен – сулы жерлерге бекіністер салудан, қазақтарға Жайықтың (Оралдың) оң жақ жағалауына көшуге шек қоюдан, қазақ жерінің табиғи ресурстарын зерттеуден бастағаны мәлім [4, 98 б.]. Ресей өкіметінің ежелгі қоныс Жайықтың оң жақ бетіне көшуге тыйым салуы ол жерлердің қазақтарға тиісті емес деп санауында еді. Бұл өлкені олар Қазақ хандығына дейін саяси құрылым және этникалық тұрғыдан бір – бірінен ажыратуға болмайтын Ноғайлы Ордасының тұсында жаулап алған болатын. Ноғайлының атақты жырауы Қазтуғанның Еділ өзені бойындағы қоныстардан:

Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сіздерге

Менен қалған мынау Еділ жұрт!...[5, 29 б.], – деп қоштасуы ел басына түскен ауыр күйдің жыр жолдарында кестеленуі еді.

Орталықтың Орынбор экспедициясына жүктеген міндеттерінің бірі – Кіші және Орта жүз руларының жерлеріне жоңғарлардың басып кіруіне қарсы шараларды ұйымдастыру еді [6, 62 б.].

Экспедиция құрамы әр түрлі мамандардан – геодезистер, картографтар, суретші-гравершілер (оймашылар), ботаниктер, сауда адамдары құрылысшылар, солдаттардан тұрды. Барлығы 95 ерікті адамдарды құрады [2, 10 б.]. Олардың ішінде есепші қызметінде кейін қазақ даласын сипаттаған еңбегіне байланысты аты шыққан әйгілі ғалым, саяхатшы Петр Рычков те болған.

И. Кирилов бастаған Орынбор экспедициясы 1735 жылдың тамыз айында Ор өзенінің Жайыққа құлайтын құйлысына жетіп, бекініс қабырғаларын салуға кіріседі. Сол жылдың 31-тамызында артиллерия салюті беріліп, тоғыз бекінісі бар Орынбор қала-бекінісінің негізі қаланды [2, 25 б.].

Бастапқы үш жылда Орынбор экспедициясы өз жұмысында белсенділік танытпады. Себебі отарлау тәртібіне қарсы шыққан башқұрттар ісі, экспедиция басшысының резиденциясының Самара қаласында орналасып, басшылық орталықтың қазақ даласынан алыс болуы экспедиция жұмысының жандануына жол бермеді. Оның үстіне Орынборда орналасқан шағын әскери бөлімнің материалдық жағдайы да ауыр болды [8]. Әскери бөлімнің материалдық жағдайын көтеру үшін 1736 жылдың 11-ақпанында Сенаттың шешімімен барлық башқұрт территориясындағы жерлерден жер алуға және оны өзінің меншігіне бекіту құқығы сынды жеңілдіктер берілді [2, 26 б.]. Әскерилерге бұл жеңілдіктер башқұрттардың көтерілісін басу үшін жасалған еді.

1737 жылы басшылыққа Татищевтің келуімен Орынбор экспедициясының ісі қайта жанданады. Осы жылдардан бастап ресми құжаттарда Орынбор экспедициясы «Орынбор комиссиясы» деп атала бастады. Татищевтің бұйрығымен Ор өзенінің сағасында орналасқан

Орынбор бекінісіне «Орск бекінісі» деген жаңа атау беріліп, ал жаңа Орынбор қаласының құрылысы Жайық өзенінің бойындағы Қызыл таудың етегіне (бөктеріне) салу жүзеге асырылады [9, 35 б.]. Ал 1743 жылдың 19 тамызында жаңа губернатор И.И. Неплюевтің бұйрығымен Орынбор қаласының негізі үшінші рет қаланып, яғни қазіргі орналасқан жері Сақмар өзенінің Жайыққа құйылысы маңындағы бұрынғы Бердская бекінісінің орнына орнығады [2, 48 б.].

1744 жылы Орынбор губерниясы құрылады, ал «Орынбор комиссиясы» тәуелсіз мекеме ретінде өз өмірін тоқтатады. Осылайша қазақ даласын басқару міндеті Орынбор губернаторлығына беріледі.

1781 жылдың 23 ақпанында Орынбор губерниясы облысқа айналып, қайта құрылған Уфа наместнигінің (жергілікті басшы) құрамына кіреді. Ол Уфа және Орынбор облыстарынан тұрды. Орынбор облысы төрт уезден (Орынбор, Верхнеуральск, Бузулукский және Сергеевский) тұрды. Орынбор қазақтарының істерімен айналысатын, қайта құрылған жаңа орган – «Шекаралық экспедиция» деп аталды [10, 159 б.]. Орынбор өлкесінің басшылық резиденциясы Орынбордан Симбирск қаласына көшірілді.

Бірақ көп ұзамай шекара қызметін тәртіпке келтіруге кіріскен патша II Екатерина 1782 жылдың 14 қаңтарындағы жарлығымен «Шекара экспедициясын» қайта жаңғыртады. Кіші жүз территориясына толығымен өзгеріс жүргізу үшін патшайым: «біріншіден, Орынборда қазақтарға қатысты барлық іс-шараларды орындауға тырысатын «Шекара экспедициясы» деп аталатын, ерекше шекаралық басқаруды ашу...» керек дей отырып, жарлықты бекітеді [11, 259 б.].

Орынбор Шекара экспедициясының басшысына «обер – комендант» лауазымы берілді. Бұл қызметте болғандар: генерал – майор Николай Алексеевич Ладыженский (1782-1783 жж.), генерал – майор Яков Михайлович Зенбулатов (1783-1791 жж.), генерал – майор Иван Андреевич фон – Трейден (1791-1798 жж.), генерал-майор Николай Петрович Лебедев (1792-1799 жж.).

Орынбор Шекара экспедициясының кеңесінің құрамына кіргендер: сарай кеңесші (бұл қызметте Петр Никифорович Чучалов болды), хатшы, тіркеуші, үш кеңсе қызметшісі, екі копиист, татар тілінің аға аудармашысы, татар тілінің кіші аудармашысы, қалмақ тілінің аудармашысы, татар тілінің екі тілмәші, бірінші денгейдегі екі татар оқушысы, екінші денгейдегі үш татар оқушысы, күзетші [4, 159-160 б.].

Шекара экспедициясы қызметінің басты міндеттерінің бірі қазақтарды антқа келтіру, яғни оларды патша үкіметіне тәуелділігін мойындату болды. Мысалы, О.А. Игельстромның басшылығымен қазақ даласына үш рет жіберілген ахун Мухамеджан Хусеиновтың белсенділігі арқасында Экспедицияға келіп түскен ант келтірушілердің тізім парақтарында саны 57314 адамға жеткен [12, 84 б.].

Шекара экспедициясы Орынбор обер – комендантының жанындағы қазақтарға байланысты істер табыс етілген шекаралық орган ретінде құрылды. Оған патша жарлығымен «Шекаралық жерлердегі басшыларға «сот үкімінің орындалуын катал түрде қадағалау және қазақтарға мүмкіндіктерінше әділ қорғаушылық және жақтаушылық көрсету» [13, 259 б.] міндеттері қатаң бекітіледі.

Аталмыш жарлық бойынша қазақтардың Жайықтың арғы жағына (оң жағалауына) өтуі, ханның Шекара басшылығынан ресми түрде рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асырылатын болды. Мұндай шешім хан – сұлтандары және оның жанындағылар үшін Жайықтың оң жағалауындағы жерлерді бөлісуде қиянатқа кең жол ашты. Себебі Жайықтың оң жақ бетін Орал казак әскерлері қорғады. Ал олармен келісімді қазақтың рубасы старшындары өз бетімен жүргізуге ұмтылды. Бұл олардың арасында өзара келіспеушілікке жол ашып отырды.

XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүзде құрылған әр түрлі органның қызметі мен рөлін сипаттай көрсеткен Добросмыслов былай деп жазды: «1782 – 1790 жылдар аралығында орнатылған жаңа мекемелер мен тәртіптер мүлде орындалмады және көп ұзамай олардың дәурені өтті. Шекаралық экспедицияның қырғыздармен қарым – қатынаста ешқандай маңызы болмады. Ол генерал – губернатормен қазақ билеушілері арасында басы артық инстанция ретінде қызмет етті. Бұл мекеменің ешқандай ынтасы болмады» [4, 195-199 б.].

Шын мәнісінде, Шекара экспедициясының қызметі ең алдымен, экспедиция құрамының шенеуніктеріне жалақы, әскери губернатордың мұрағатынан анықтамалық қағаздар, шекарада болып жатқан барлық оқиғалар жайында (қазақтардың шабуылы, тұтқынға алуы, малды айдап кету және т.б.) әр түрлі мәліметтерді жинап, оның барлығын губернаторға жеткізіп, оның үкімін күтіп отырудан тұрды [14, 196 б.]. Ал қазақтар мен шекара тұрғындарының арасындағы айтыс-тартыстарды шешуге келгенде дәрменсіздік танытты [15, 261 б.]».

Алайда, Кіші жүздің қоғамдық өміріне әкімшілік қол сұғушылықты күшейту және оны басқаруды реттеу мақсатында 1784 жылдың 2 мамырында патша II Екатерина Орынбор

губернатор жанынан Кіші жүзді басқаратын жаңа орган – «Шекаралық сотты» ашу жарлығына қол қойды. Бұған «әділдіктің көзі болатын, қазақтар мен орыстар тең қатыса алатын» құрылым болады деген үміт артылды.

Шекара соты Уфа және Сібір генерал – губернаторы қызметінде болған генерал-поручик Аким Иванович Апухтиннің «қазақтарды оजारлық істерден» ұстаудың бірден – бір амалы генерал – губернатордың жанынан «екі жақтың тартыстарын бірдей шешетін...» Орынбор Шекара сотын ашу ұсынысының негізінде жүзеге асты [11, б.181]. Ол ресми түрде 1786 жылдың 3 қазанында ашылды. Оған шеп тұрғындары арасындағы барлық істерді тергеу мен шешім шығару жүктелді [16, 1 п.].

Шекаралық сот жеке және қылмыстық істерді қарастырған мекеме еді [16, 1 п.]. Штаттық қазынасы 5400 сомды құраған, ал оның құрамы 16 адамнан тұрды. Оған Орынбор обер – коменданты (төрағасы ретінде), орыс шенеуніктерінен екі сот, шеп маңайындағы деревнялардан екі адам, хатшы, тіркеуші, мұрағатшы, ал қазақ ақ сүйектері өкілдерінен бір сұлтан және үш жылда бір рет өзгертіліп отыратын алты қазақ старшындары (Кіші жүздегі ірі үш тайпаның ішінен екі адамнан) кірген, башқұрттардан бір және мешчеряктардан бір депутаттар кірген [4, 183 б.].

Шекара сотында отаршылдық саясаттың мүддесі іс – жүзінде басылымдылық жағдайда болды. Сот қазақ билеуші сұлтандарды сот құрамына халық сайлауы арқылы кіргізуді ұсынды. Бұл саясат олардың билігін шектеді. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында отаршылдық саясаттың ынталы жақтастарының бірі болған Орынбор өлкесінің генерал – губернаторы О. Игельстром да өз қызметінде осы саясатты қолдап, басқару жүйесіне жергілікті ақсүйек өкілдерін тартумен болды.

Мұрағаттық құжаттар Шекаралық сот құрамында орыс қызметкерлерінің басым болғанын да дәлелдейді. Мысалы, төрағалыққа генерал Зенбулатов, премьерлікке майор Сергей Петрашевич, секундатыққа майор Иван Капустин тағайындалған болса, Кіші жүзден Әлімұлы руынан – Рахманберді Құттыбаев және Базарбай Құдайбергенов, Байұлынан – Бегайдар Жаңабайбатыров, Ярмухамбет Русанбиев, Жетірудан – Арғылбай Шакпаев, Күлбай Жарасовтар, көпестер – Сейт слободасының (селосының) көпесі Сейфолла Алиев, бұхарлық – Мирамукин Мирбадеев, қазыналық тұрғындардан – Орынбор округі, Сувун-кипчақ болысынан башқұрт старшыны Америксак Аккубеков және мешчеряк старшынасы Зямгур Абдусаламов сайланды [17, 242 б.; 4, 184 б.].

XVIII ғасырдың аяғына қарай Ресейдің сыртқы саясатында «шығысқа ұмтылу» мүдделігінің зор болғанын бұл салаға білікті де сауатты да басшыларды тағайындау іс – әрекеттерінен көруге болады. 1784 жылдың аяғында Шекара сотының ізашары А.И. Апухтин, оның ізбасары болып, Уфа және Сібір генерал – губернаторы қызметіне тағайындалған генерал – поручик Осип Андреевич Игельстром да орталықтың сыртқы саясаттағы «шығысқа ұмтылу» мүддесін қолдауға қарсы емес екендерін аңғартады.

1797 жылдың қаңтар айында О.А. Игельстром патша І Павелдің жарлығымен Орынбор әскери губернаторы қызметіне тағайындалды. Билікке келген бетте ол әкімшілік – отарлық саясатты жүзеге асыруға қатты ден қояды. О.А. Игельстром Кіші жүзді басқарудың жаңа түрін енгізуге белін бекем байлап, Кіші жүзді іштей басқарудың екі жобасын ұсынды. Бірінші жобаға орданы үш бөлікке бөліп (Жетіру, Байұлы және Әлімұлы), олардың әрқайсына жеке хан тағайындау көзделіп, оларға Орынбор өлкесінің бас басшысының (әскери губернатордың – Н.Э.) бұйрығын ғана орындауды міндеттей отырып олардың өз билігін шектеу мақсаты жобаланады. Ал оның екінші ұсынысы – Кіші жүзде хандық билікті толығымен жойып, патшаның жарлығымен бекітілетін губерниялық басқару мекемелерін орнату еді [11, 654 б.].

Қорыта келе, Батыс Қазақстанды басқаруға арналған Орынбор өлкесінде құрылған Шекара комиссиясының жұмыс тәжірибесі алдымен Ноғай Ордасының территориясын жаулап алу, Қалмақ хандығы мен башқұрт ру-тайпаларын империя құрамына енгізу жұмыстарына сүйенген болатын. Атап айтқанда, Ноғайлы Ордасының, Қалмақ хандығы мен башқұрт ру – тайпаларының дәстүрлі көші – қон бағыттарына шеп, бекініс, қала салу арқылы қоныстарды тарылту тәжірибелері Орынбор өлкесіндегі Кіші жүз қазақтарына да қолданылды. Шекаралық комиссияның жасаған жұмыстары халықтың талқылауына, талдауына ұсынылмай оны күштеп жүргізуі отаршылдықтың негізгі көрінісі болып келді.

1. Асфандияров А.З. Башкирские тарханы.- Уфа: Китап, 2006. – 160 с.

2. Уханов И.С. Рычков. – М.: Молодая гвардия, 1996, – 235 с.

3. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.

4. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь: Типография Радионова, 1902. – Т.1-3, – вып.1. – 523 с.

5. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық / құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев.–Алматы: Жазушы, 1989.- Т.1. –384 б.
6. Басин В.Я, Сулейменова Б.С. Казахстан в составе России в XVIII- конце XIX в. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 247 с.
7. Әбілев А.К., Артықбаев Ж.О., Жауымбаев С.О., Момынова Ш.Р., Бекешева С.Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1992. – 179 б.
8. С.М. Мадун. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами центральной Азии в XVIII-начале XX вв. – Ташкент, 2004
9. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX вв. – Алма-ата: Изд-во. АН КазССР, 1958. – 294 с.
10. Вяткин М.П. Батыр Срым (Освободительное движение в Казахстане в конце XVIII в.). – М-Л.: АН СССР, 1947. – 392 с
11. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
12. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828гг.) –М-Л., 1940.-Т.4. – 543 с.
13. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург: Тип. Бреслина, 1887. – 170 с.
14. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – Алматы: Санат, 1994. -135 б.
15. Абдрахманова Б.М. Органы государственной власти и управления в Казахстане (20-е годы – конец XIX): дис.... канд. истор. наук. – М., 1989. – 232 с.
16. Предложение выдвинутое Оренбургским Военным губернатором в связи с образованием Оренбургской пограничной комиссии // ОрОММ, 222 – қ. – 1 – т. – 34 – іс
17. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата: Изд-во АНКазССР, 1960. – 296 с.

**БРЕЖНЕВА С.Н.,**

Поволжский Государственный университет сервиса, доктор исторических наук,  
профессор. г. Тольятти, РФ.

### **ОСВЕЩЕНИЕ ПРИЧИН НАСТУПЛЕНИЯ РОССИИ НА СРЕДНЮЮ АЗИЮ В АНГЛИЙСКОЙ И АМЕРИКАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ XIX-XX ВВ.**

Английская и американская историческая наука накопила богатый опыт системного анализа процессов, связанных с наступлением России на Туркестан. Изучение английских историографических источников показывает, что на этапе становления историографии по данному направлению исторической мысли основной акцент делался на объяснение мотивов продвижения России в среднеазиатский регион. Так, в опубликованной в Лондоне в 1899 г. книге Ф. Скрайна и Э. Росса «В сердце Азии»<sup>27</sup> в качестве определяющего фактора называлось русско-английское противоборство.

Е. Л. Штейнберг выделял в английской историографии два течения: одно из них содержит апологию наступательной политики Англии в Афганистане и Иране, оправдывая агрессию Англии тезисом «о русской угрозе» Индии; сторонники другого считали опасность похода царской России в Индию преувеличенной и полагали возможным разрешением разногласий мирным дипломатическим путем<sup>28</sup>.

В 50-60-е гг. XIX в. Англия проводила по отношению к государствам, граничащим с ее колониальными владениями в Индии политику «мастерской бездеятельности» (*masteriy inactivity*). Кроме этого в английской историографии используются термины «*no-advance policy*» (непрогрессивная политика), «*close-body policy*» (закрытая политика). Она была ориентирована на политические и экономические средства подчинения независимых народов Среднего Востока, без ведения военных действий на территории этих стран. Но в связи с обострением англо-русских противоречий на Востоке происходит поворот политики Англии. Начинает превалировать агрессивный курс – «наступательный». Он основывался на применении военных средств в борьбе за колонии. До начала 80-х гг. XIX в. наступательную политику проповедовали преимущественно консерваторы (тори), а курс «мастерской бездеятельности» – либеральная партия (виги). В дальнейшем, однако, изменение политического курса не зависело от смены кабинетов, обе эти партии, находясь у власти, проповедовали ту политику, которая была выгодна их классу. Вместе с тем на протяжении второй половины XIX в. между приверженцами двух партий происходили дискуссии, принимавшие форму открытой идеологической борьбы в парламенте, в прессе, в научных учреждениях.

В 50-60-е гг. XIX в. доминирующим курсом была теория «мастерской бездеятельности» вигов. Но в последней трети XIX в. приоритетным становится наступательный курс тори.

<sup>27</sup> Skrige F., Ross E. The heart of Asia. London, 1899.

<sup>28</sup> Штейнберг Е.Л. Английская версия о «русской угрозе» Индии в XIX-XX вв. //Исторические записки. 1950. №33; Его же. История британской агрессии на Среднем Востоке. М., 1951.



В прессе мнение либералов представляла «Daily News», консерваторов – «Standard», «Morning Post». «Times» публиковала различные точки зрения, стремясь быть независимой.

Предшественниками концепции «мастерской бездеятельности» являлись А. Конолли, Дж. Макниль, А. Бернс – служащие Ост-Индской компании. Основатель школы – генерал-губернатор Индии Г. Лоуренс. Для начального этапа характерна оценка объективной ситуации на Среднем Востоке и оправдание колониальных претензий Англии.

Наиболее глубоко концепция была разработана в 60-90-х гг. XIX в. Наиболее крупными идеологами этого периода были В. М. Торберн, Ф. Тренч, Дж. Кемпбелл (герцог Аргайл), М. Мак Колл, Г. Ханна. Каждый из них исследовал определенные аспекты «среднеазиатского вопроса». В. М. Торберн, Ф. Тренч, Г. Ханна, служившие в англо-индийской армии уделяли внимание военно-политическим аспектам политики на северо-западной границе Индии и на Среднем Востоке; герцог Аргайл, возглавлявший ряд крупных научных и учебных центров Англии, использовал ряд источников, недоступных широкой общественности и анализировал в основном политические аспекты проблемы.

Идеологи школы «мастерской бездеятельности» стремились объяснить быстрое распространение российской политики в Средней Азии потребностями ее капиталистического развития, заинтересованностью в новых рынках сбыта. Таким образом, их точка зрения отражала реальное положение. В то же время они не без основания обращали внимание на то, что колонизация среднеазиатских земель усиливает позиции России в конкурентной борьбе с Англией. Вместе с тем, они отвергали тезис о «русской угрозе» Индии. Но для них была характерна идеализация английских колониальных захватов.

Крупнейшими идеологами наступательной политики являлись известный ученый и политический деятель Г. Роулинсон, Д. Маллесон, прослуживший 30 лет в англо-индийской армии, Э. Хэмли – военный историк, журналист, писатель и переводчик, Ч. Марвин – английский журналист и военно-политический деятель, Ч. Мак-Грегор – военный деятель, начальник штаба англо-индийской армии и исследователь «среднеазиатского вопроса», Д. Булжер – активный член Королевского Азиатского Общества, редактор журнала, Дж. Н. Керзон – крупный политический деятель, будущий вице-король Индии и министр иностранных дел Великобритании.

Не менее важный аспект составляет сотрудничество республики с международными финансовыми организациями. Ведь по сути дела, проводимые в стране социально-экономические реформы и динамичные политические преобразования эффективны благодаря многолетней поддержке со стороны Всемирного банка, международного валютного фонда, Европейского банка реконструкции и развития, Азиатского банка развития, Исламского банка развития и других признанных международных институтов. Иностранцы Казахстана неизменно подчеркивают предсказуемость его внешней политики, опирающейся на прочное общественно-политическое согласие в стране. Нашим бесценным достоянием является сохранение межнациональной стабильности и консолидации общества, мирного сожительства народов и этносов на территориях Казахстана. Можно констатировать наличие у большей части казахстанского общества осознанного ведения национальных интересов и поддержки проводимого внешнеполитического курса. Эти обстоятельства позволяют дипломатической службе Казахстана вести поиск согласия и совпадающих интересов с зарубежными странами, создавать благоприятные внешние условия для максимальной концентрации усилий и ресурсов на решении социально-экономических задач нашего Отечества.

За время своего существования как самостоятельное государство Казахстан сделал немало до того, чтобы стать политически независимым, светским, демократическим государством с сильной экономикой, ориентированной на модернизацию производства, востребованного мировым рынком. Подъем экономики напрямую связан не только с изменением процессов текущей модернизации, но и качественным обновлением самой концепции реформирования экономики, политической и духовной жизни общества. Экономический курс правительства направлен на технологическое обновление традиционных отраслей производства, внедрение модернизированного, инновационного оборудования и нанотехнологий.

Таким образом, оценивая процесс становления внешней политики суверенного Казахстана, можно со всей уверенностью утверждать, что республика стремительно вошла в мировое сообщество, признана во всем мире, имеет свой вес, располагает солидным внешнеполитическим ресурсом – внутренней стабильностью и экономическим ростом. Все это в значительной мере связано с активной внешнеполитической деятельностью Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева.

- 
1. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. А., 1992 г.
  2. Назарбаев Н.А. Десять лет, равные столетию. А., 2004 г.
  3. Назарбаев Н.А. Тарих толкынында. А., 1999 ж.

**МУХАНОВА Ж.Ж.,**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 2 курс магистранты,  
Ақтөбе қаласы. Қазақстан Республикасы

### **ОРАЛ ЖӘНЕ ТОРҒАЙ ОБЛЫСТАРЫНДА МЕКТЕП САЯСАТЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ ТАРИХЫНАН**

Патшалық Ресей үкіметі қазақ жерін әскери, саяси және экономикалық тұрғыдан отарлап болғаннан кейін тағы бір мемлекеттік маңызды мақсатты көздеді. Ол – қазақтарды күштеп орыстандыру ісі болды, яғни, оларды тілі, сенімі, әдет-ғұрпы бойынша орысқа айналдыру еді. Аталған мақсатқа жету үшін империяның осы шалғай аймағында бұратаналардан сенімді, берілген адамдарды жасау үшін жергілікті халықтың санасына әсер ету көзделді. Осы жерден белгілі бір пайда туындады. Бір жағынан, орыс шенеуніктері үшін қырғыздардың тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін білу қажеттілігі туындамады, оның үстіне ол бұл істе өзін қинай қоймады. Екінші жағынан, орыс тілін үйренген қазақ, бірінші рет орыс мемлекеті жөнінде, орыс халқы жөнінде дұрыс мәліметтер алды және алынған білімдерін өзінің руластарының арасында таратады.

Отарлық органдарға осының өзі жеткілікті болды. Бұратана халықтың орыс тілін нашар білуі әр уақытта тек қана әкімшілікті емес, сонымен бірге қоныстанушыларды да жергілікті ұлттың өкілдерінен жоғары қоюға түрткі болып отырды. Бұл ретте, көрнекті русификатор Н.И.Ильминский

обер-прокурор К.П.Победоносцевке: «...бұратана орысша сөйлегенде шатассын және ұялып, қызарсын, жеткілікті деңгейдегі қателіктермен орысша жазсын, тек губернатордан да қорқып қоймай, әр үстел басындағы отырған бастықтан ығатын болсын» деп жазды.

Патшалықтың мектеп саясаты ұлттық саясаттың ажырамас бір бөлігі болып табылды. Соңғысының басты міндеті халықтарды күштеп орыстандыру арқылы ұлттық аймақтарды бірте-бірте біртұтас мемлекетке біріктіру еді. Отарлық өкімет орыстандыру саясатын жүргізе отырып, орыс тілінде оқытатын оқу орындарының жүйесін кеңейтуге негізгі пәрмен берді [1, 46-47 бб.].

Қазақ жерін бағындырып, Ресейдің отарлық білім беру жүйесі енгізілгенге дейін біздің қоғамымызда жастарды мектептер мен медреселерде оқытудың белгілі-бір жүйесі жұмыс істеп тұрғандығы белгілі. Мектептер негізінен ауылдарда болды және олар ауылмен бірге жыл мезгілі мен шаруашылыққа байланысты көшіп-қонып жүрді. Мектептердің бір бөлігі мешіттердің жанында жұмыс істеді. Салыстырмалы түрде мұндағы мектеп жүйесі алдыңғысына қарағанда жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Білім беру ошағының келесі сатысы – медреселер болды. Медреселер ірі елді мекендерде, қалаларда және мешіттер жанынан жұмыс жасады. Медреседе мұсылмандық діни қызметкерлер дайындалды. Оқушылар медреселерден жоғары білім алып шықты.

Міне, патша өкіметі орыстандыруды көздеген мектеп саясаты арқылы жоғарыда сипатталған қазақ халқының дәстүрлі бала оқыту жүйесі бұзылды, оның құндылықтарының тамырына балта шабу жоспарланды. Осы жерде атап өтетін бір жәйт, патшалық отарлық өкіметтің мектеп саясаты олардың көздеген түпкі мақсаты – орыстандыру және шоқындыру шараларымен қатар жүргізілді. Бұл саясаттар бір-бірімен өте астасып жатты, олар ақырғы нәтижеге қол жеткізу үшін бірін-бір толықтырып отырды.

Патшалық Ресей үкіметі XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін қазақ жерінде жүргізіп келген өздерінің мектеп саясатын осы уақытта «қате әрі тиімсіз болды» деп мойындауға мәжбүр болды. Бұл саясат өз бастауын XVIII ғасырдан алады және қазақтармен татарлар арқылы байланысуды, XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар арасында татар тілін оқытуды қарастырған еді.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан патша үкіметінің Уфа және Орынбор губернияларындағы мектеп саясаты бір жағынан, мемлекеттік мектептердің кеңеюіне, екінші жағынан – мектептер мен медреселерді «мемлекеттендіруге», оларды мемлекеттің мүддесіне бағындыруға әкелді. Бұл жоспар жалпы алғанда, Қазақстанның бүкіл территориясына таралды [2, 147 б.].

Бұл ретте, генерал-губернатор Крыжановский «Уақытша Ережені» дайындау комиссиясына жіберген өлкедегі мектептер жағдайы жөніндегі мәлімдемесінде: «...қырғыздардың оқуға деген ынтасы зор. Жергілікті халықтың осы табиғи қабілетін олардың арасында орыс тілін тарату үшін пайдалану керек, ал оған халықтың қажеті мен үкіметтің көздеген мүддесін қанағаттандыратын мөлшерде ұйымдастырылған ...халық мектептері арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ол үшін, әрине, оқу орындарына бөлінетін қаржыны ұлғайтуға тура келеді; бірақ ...бұратаналарды өркениет рухы мен мүддесіне жұмсалатын шығындардан қайтар пайда соншалық, ол шығындарға бола, бұл істі тоқтатуға болмайды» деп жазды. Аталған комиссия өлке басшысының бұл пікіріндегі отаршыл әкімшіліктің астыртын пиғылын: «Өлкедегі оқыту мәселесінің саяси маңызы өте жоғары екені сөзсіз. Біздің үкіметіміз ең алдымен осы маңыздылықты түсінгендіктен қырғыздарды оқытуға байланысты шаралар қабылдап отыр» деп айқындап берді.

Өйткені, патшалық «...Орта Азиядағы біздің саяси жағдайымызға, ондаған қымбат бекіністерден, жүздеген шала білімді чиновниктерден және мыңдаған солдаттар мен казактардан гөрі, азиаттар арасынан шыққан, білімі мен ықыласы жағынан орысқа айналған оқығандардың аз ғана бөлігінің берер пайдасы көп» деп түсінді.

Патша отаршылдарының осы пікірлерінде меңзелген қазақ халқын рухани жағынан бағындыру мақсаты әр түрлі оқу орындары арқылы жүзеге асырылды, олардың ішінде «Уақытша Ереженің» өмірге енуімен қатар ашыла бастаған аралас мектептер (орыс-қазақ, орыс-туземдік) ерекше орын алды. Мұндай мектептердің бағыты 1870 жылдың 26 наурызында қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарды оқыту шаралары жөніндегі» Ережелерде: «...біздің отанымыздың иеліктерінде өмір сүретін барлық бұратаналарды оқытудағы түпкі мақсат – оларды орыстандыру және орыс халқымен кіріктіру» деп анықталды. Яғни, Халық ағарту министрі И.Толстой айтқандай, мектептер «...мемлекеттегі орыс еместің бәрін орыстандыру» міндетін атқаруы тиіс болды. [3, 114-115 бб.].

Осы заңда орыс емес халықтар үшін үш түрлі категория белгіленді. Бірінші категория бойынша, ұлт тілдерінде сабақ өз тілінде, бірақ міндетті түрде орыс алфавитімен оқыту талап етілді. Мысалы, Б.Алтынсарин ашқан мектептер осы категорияның ішіне кірді. Екіншісінде сабақ таза орыс тілінде жүргізіліп, тек сабақ үстінде түсінбеген жерін ана тілінде айтуға рұқсат етілді. Ал, үшінші категория бойынша, сабақ тек орыс тілінде жүріп, ана тілінде сөйлеуге рұқсат етілмеді [4, 29 б.].

Қазақтарға, сонымен бірге исламды ұстанатын татарлар және башқұрттарға да білім беру үшін орыс тілін оқытуға күш салатын мектептер қарастырылды. Бұл үшін Ильминский жүйесінен келесі

идеялар алынды: ана тілін оқыту құралы ретінде қолдану және мұғалімдерді қазақтардың арасынан дайындау. Мұндай мектептердің бағдарламасы орыс тілі, таза жазу, арифметика және мұсылмандық діни оқудан тұрды. Сабақ арнайы түрде орыс қарпімен басылған оқулықтармен оқытылды, ондағы мақсат «татарларды, қазақтарды және башқұрттарды мұсылмандық жазудан түпкілікті ажырату» болды. Қазақ тілін мұсылмандықпен елестелетін татарланудан оқшаулауға тырысты [2, 148 б.].

Патша үкіметі жоғарыда аталып өтілген алфавитті өзгерту ісіне ерекше көңіл бөлді. Өйткені, бұл шара мектеп саясатында да, орыстандыру саясатында да жетістікке апарар басты жолдардың бірі еді. Отарлық әкімшілік ұлт аймақтарда ашылып жатқан туземдік мектептерде оқытуды орыс тілінде жүргізсе аймақтарда орыстық құндылықтардың, орыстық мәдениеттің, одан қалды орыс ұлты өкілдерінің ықпалының күшейетіндігін, сол арқылы түпкі мақсат – орыстандыруға қол жеткізуге болатындығын түсінді. Оған қоса патша өкіметі қазақтардың жазу мәдениетін өзгерту арқылы оларды татарлардың ықпалынан оқшаулауды көздеді. Өйткені, бұл уақытта қазақ жерінде, оның ішінде Торғай және Орал облысы қазақтарының арасында татарлардан сауат ашу дәстүрі кеңінен таралған еді.

Осы мәселеге қатысты Торғай облысының бірінші әскери губернаторы Баллюзек пен Ішкі істер министрінің арасында қайшылық туындайды. Әскери губернатор Баллюзек 1870 жылы Орынбор өлкесінің басшылығына қазақ даласында халықтық мектептерді құру жөніндегі жан-жақты жобасымен таныстырды. Онда ол мұндай мектептерде оқушыларды татар тілінде оқыту қажеттігі туралы ойын айтты. Баллюзек бұл ойын «Қазақтар ертеден татарша сауат ашуға үйренген, олар бұны жоғары бағалайды. Қазақтардың татарша сауат ашуға жақындығы, оларға барлық өркениеттің татарлардан келуімен түсіндіріледі» [5, 77-111 бб.] деп, дәлелдеуге тырысты.

1871 жылы 5 мамырда Ішкі істер министрі Орынбор губерниясының генерал-губернаторына хат жазып, онда Баллюзектің ойымен келіспейтіндігін білдіреді. Ол әскери губернатордың аталған есебін Қазан оқу округінің қамқоршысы Шестаковтың және Ильминскийдің оқып, өздерінің қорытындыларын бергендігін, онда аталған сарапшылардың әскери губернатордың пікірімен келіспейтіндіктерін және де қолға алынып отырған қазақтар арасында мектептер арқылы бастапқы білім беруді, оған қажетті халықтық қазақ мұғалімдерін дайындауды қажет шаралар ретінде мойындайтындықтарын айтқандығын жазады. Ішкі істер министрі одан әрі «Торғай облысының әскери губернаторының аталған есебінен татар және башқұрт молдаларының жұмысшылар және саудагерлер ретінде қазақ даласына келіп қазақ балаларын оқыту ісімен айналысқандығын көреміз» дей келе, «қырғыздардың татарлануына тоқтау салу үшін қамқоршы айтқандай, оларды туған қырғыз тілінің және осы ана тілінде араб қарпімен емес, орыс қарпімен басылған оқулықтардың көмегімен халықтық қырғыз мұғалімдері арқылы орыс тіліне үйрету қажет» [6, 27 б.] деп, шегелеп айтты.

Генерал-губернатор Крыжановский Халық ағарту министріне жазған хатында (1878 жыл 9 қаңтар): «Қазіргі және болашақта ашылатын қырғыз мектептері жастар үшін ғылымның әртүрлі салалары бойынша қарапайым мәліметтермен қоса, қырғыз сөзін орыс алфавитімен оқу және жазу дағдысын әбден меңгертіп шығаратын ұя қызметін атқаруы тиіс және сол жастар... тілмаштардың болыс пен ауыл хатшыларының, қырғыз мектептері мұғалімдерінің қызметтеріне басқалардан гөрі көбірек тағайындалуы мүмкін» деп жазды. Генерал-губернатордың бұл пікірінен отарлық әкімшіліктің қазақ даласындағы мектептер желісін кеңейтудегі мақсаты мен ол мектептердің бағыты айқын көрінді.

1870 жылдың 26 наурызындағы Ережелер жарияланғаннан кейін, Орал, Торғай облыстарында орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Мектеп екі түрде болды: 4 жыл оқытатын бір класты мектептер және 6 жыл оқытатын екі класты мектептер. Бір класты мектептер бастауыш білім берді. Ал екі класты мектептерде балалар орыс тілінен жетілдіріліп, арифметика мен жаратылыстануға және бейнелеуге оқытылды, тарих пен жағрапиядан тек қарапайым білім берілді.

1885 жылы Орал облысында: Орал және Гурьев қалаларында екі класты, Орал уезінің Елек қалашығында бір класты, барлығы 3 орыс-қазақ училищесі және 10 болыстық мектеп болса, 1892 жылы орыс-қазақ училищесі сол мөлшерде қалды, ал болыстық мектептер саны 13-ке жетті. Торғай облысында: 1882 жылы Торғай, Ырғыз, Николаев уездерінде – екі класты 3 орыс-қазақ мектебі және Елек өзенінің Бөрте болысында 1 уақытша мектеп қана болса, 1888 жылы – екі класты – 4, бір класты – 8 орыс-қазақ мектебі жұмыс істеді [3, 117 б.].

Патша үкіметі бұл уақытта орыс-қазақ мектептерін аша отырып, әлі де болса қазақ балалары көптеп оқыған мұсылмандық мектептер мен медреселерді қудалады. Мұсылмандық мектептер мен медреселер отарлық әкімшілікті қатты қауіптендірді. ...Жергілікті билікке «жаңа мектептер мен медреселердің ашылуына жол бермеу» тапсырылды. Діни лауазымдарды иеленуді қалайтын адамдардың орыс тілін меңгеруін ынталандыру үшін орыс кластарының оқу курсының көлемінде шектеу орнату қарастырылды.



Жергілікті өкіметтің орыс емес мектептерге қатысты шараларды жүзеге асыруға бағытталған күшін үйлестіру үшін, 1875 жылы Орынбор оқу округінде татар, басшқұрт және қазақ мектептерінің инспекторларының ерекше лауазымы бекітілді. Олардың міндетіне мектептер мен медреселерді қадағалау, олар жөнінде мәліметтер жинау, жергілікті тілдерде оқулықтар құрастыру және басып шығару жұмыстары кірді. Инспекторлар әсіресе орыс кластарының ашылуына ерекше назар аударуы тиіс болды. Мұсылмандық мектептерге бақылауды күшейту мақсатында 1874 жылы олар Халық ағарту министрлігінің қарауына берілді (бұрын Ішкі істер министрлігіне қарады) [2, 148 б.].

Әкімшілік тарапынан мұсылман мектептері мен медреселеріне қатысты жүргізіліп отырған қысымшылық, қудалау әрекеттері қазақ қоғамында аталған мектептердің жасырын түрде пайда болуына және олар жөнінде мәліметтердің жалған берілуіне алып келді. Мысалы, 1873 жылдың қыркүйек – қазан айларында Ырғыз, Николаев, Торғай уездері бастықтары әскери губернаторға уездер территориясында ешқандай мектептер мен медреселердің жоқтығын хабарлады. Тек Елек уезі бастығы ғана «Қаратоғай болысы хатшысының болыс басқарушысы мен оның көршілерінің балаларын орысша оқып-жазуға үйретіп жатқанын» жазды. Ал әскери губернатор Барабаш генерал-губернаторға облыста 1890 жылы барлығы 111 мектеп пен медресе бар екендігін мәлімдеді.

Облыс мектептерінің А.В.Васильевтің «Торғай облысы оқу бөлімінің 1892 жылғы жағдайы туралы» есебіне келетін болсақ, ол бойынша, облыс территориясында тек Елек уезінде 7 мұсылман мектебі ғана жұмыс істеген. Ал Орал облысындағы 1879 жылғы мектептер мен медреселер жөнінде мынадай мәліметтер бар:

#### Орал облысындағы мұсылмандық мектептер

Орналасқан жері	Мектептер саны	Оқушылар саны	
		Ер балалар	Қыз балалар
Орал қаласы	3	64	-
Орал уезі	69	2342	303
Калмыков уезі	80	1750	18
Гурьев уезі	6	36	-
Ембі уезі	2	75	-
Барлығы	160	4267	321

Әскери губернатор Голицын мұсылман мектептері мен онда оқитын оқушылар санын көрсете келе, «облыста медресе атты мектептер жоқ» екенін ескертті.

Ал облыс «Шолуларынан» мектептер мен медреселердегі оқушылар саны және олардың жылдан-жылға азайып отырғаны жөнінде мардымды мәлімет аламыз. Мысалы, 1890 жылы аталған мектептерде – 3003, 1891 жылы – 2816, 1892 жылы – 2607 оқушы болған. Яғни, 1879 жылмен салыстырғанда 13 жыл ішінде оқушылар саны 1,8 есеге азайған.

Алайда, өлкедегі мұсылман мектептері мен медреселердің «жоқтығы» да, жұмыс істеп тұрған бірен-саран діни оқу орындарындағы оқушылар санының азаюы да отаршыл әкімшілікті қиналдырмады. Керісінше, осындай жасырын қуғын-сүргін жағдайында жұмыс жасаған ұлттық бағыттағы мектептер мен медреселер Орал, Торғай әкімшіліктерін қатты қауіптендірді. Торғай әскери губернаторы: «Қырғыздарды бірбеткей татар элементтерінің жат ықпалынан қорғау үшін мұсылмандық насихатқа қарсы тұру қажеттігі, халық бұқарасы білім алып отырған бастауыш мектептер, толығымен, зиынды болып табылатын мұсылман дінін жақтаушы молдалардың иелегінде бақылаусыз қалып отырған жағдайда, еш уақытта мақсатқа жете алмайды» деп, мектептер мен медреселерді қатаң қадағалауды ұсынды [3, 121-122 бб.].

Патшалық отаршыл өкімет жеке адамдардың өлкедегі оқу басшылығының рұқсатынсыз мұсылмандық халықтың арасында мектептер ашуын қатаң бақылады. Бұл мәселемен аймақтың бірінші басшысының өзі айналысты. Мәселен, генерал-губернатор Крыжановский 1877 жылы 2 сәуірде Торғай облысының әскери губернаторына жазған хатында өзінің осындай хабарды Орынбор Оқу округінің қамқоршысының жеткізуімен естігенін жазып, облыс басшысына тиісті адамдар арқылы осы хабарды тексеруді, бұдан кейін олардан қатаң бақылауды талап етуді тапсырады [7, 7 п.].

Патша үкіметі татарлар мен олардың сауат жүйесінің қазақтарға ықпалын болдырмау үшін түрлі айла-шарғыларға барды. Солардың бірі – іс қағаздарын жүргізуді татар тілінен қазақ тіліне көшіру әрекеті болған еді.

Халық ағарту министрі граф Толстой 1876 жылы императорға берген есебінде: а) «Барлық іс қағаздарында татар тілінің орнына қырғыз тілі қолданылсын... Қырғыз сөздері орыс әліпбиімен жазылсын»; ә) «Осыған сәйкес біртіндеп татар тілмаштарын далалық қырғыздармен ауыстыру керек» деген ұсыныс жасайды. Император бұған келісім берген. Бұл ұсыныс уездік басқармаларға

төмендегідей түсіндіріледі: «Бұл нұсқаудың дала әкімшілігіне ғана қатысы бар. Қырғыздардың татарлануына шек қою, орыс әрпімен өз тілдерінде жаздыру қажет».

Қызмет жазбаларын жүргізудің жаңа тәртібін облыста жедел енгізу үшін губернатор уезд бастықтарынан мынаны сұрайды: а) орыс оқу орындарын (Неплюевтің кадет корпусы, Орынбор және Троицк гимназиялары, облыстық басқарма жанындағы қазақ мектебі, уездегі жергілікті мектептер) бітірген қазақтардың тізімін беру; ә) ол қазақтардың ішінен кімдерді татар және башқұрт тілмаштары мен хатшыларының орнына қоюға болатыны жөнінде өз пікірлерін білдіру; б) болыстық басқармалардағы хатшылардың ұлтын көрсетіп, аты-жөндерін тізімдеу.

1883 жылдың маусымында Торғай облысының әскери губернаторы Ішкі істер министріне былай деп мәлімдеген: «Қазір уезд бастықтары жанындағы тілмаштар мен болыс басқармалары жанындағы хатшылардың ішінде бірде-бірде татар да, башқұртта жоқ, олардың орнын орыстар мен қырғыздар басқан». Ол өз есебінде граф Толстойдың жоспарын батыл әрі тез іске асыруға шақырған. «Әлі де кеш емес, – деп жазды ол, – қырғыз халқын татарлану мен мұсылмандықтан алшақтату үшін барлық шараны қолдану керек». Бұл стратегиялық жобада, ең алдымен, орыс әліпбиін оқу үрдісіне енгізуге бағынышты халықтарға арналған кітаптарды іске қосуға баса мән беріледі [6, 27-28 бб.].

XIX ғасырдың 80-жылдары мемлекеттің ұлттық оқу орындарының қызметіне араласуы жандана түсті. Оның себебі «Ресейді мекендейтін бұратаналарды оқыту шаралары жөніндегі» Ережелердің жұмыс істемеуі болды. Отаршыл үкіметке соншама күш салғанымен, мектептер мен медреселердің ықпал ету саласын толық деңгейде шектеу мүмкін болмады. Олардың саны өсе түсті, оларды бақылау номиналды болып қалды. Орыс кластарының ашылуы баяу жүрді. Оның үстіне, бұл шара күтпеген нәтиже берді. Орыс тілін оқу медресе оқушысының дүниетанымын кеңейтті, оның білімге құштарлығын арттырды, яғни бұл ұлттық зиялы қауымның дамуы факторына айналып кетті. Бұл патшалық өкіметтің ұлттық-отарлық саясатына қайшы келген еді. Орыс оқу әкімшілігінің өкілдері аталған орыс кластарын жауып тастауды шешті [2, 148-149 бб.].

Сонымен, патша өкіметінің мектеп, жалпы халық ағарту бағытындағы саясаты толығымен отаршылдық сипат алды. Оның түпкі мақсаты қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарын жоя отырып, орыстандыру болды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қазақ жерінде аралас мектептер деген ашылды. Ондай мектептерде орыс тілін оқытуға басымдық берілді. Аралас мектептер жергілікті халықты сауаттандыруды көздемеді, керісінше рухани отарлау құралы болды. Отаршыл әкімшілік орыстандыру бағытында қазақтардың араб графикасына негізделген жазуын орыс әліпбиімен алмастыруды қолға алды. Оған қоса осы мұсылмандық мәдениет мен сауат ашуды қамтамасыз етіп отырған ұлттық мектептер мен медреселерді қудалай бастады, олардың жанасын ашуға қатаң шектеулер қойылды. Сөйтіп, орыс емес ұлттар өкілдеріне өздерінің ана тілінде білім алуға тыйым салынды. Отаршыл әкімшілік оның үстіне «бұратаналар» тек ғана бастауыш білім алуы тиіс деп шешті. Олардың орта және жоғарғы оқу орындарында білімдерін жалғастыруға жаппай мүмкіндіктері болмады.

---

1. Садвакасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II пол. XIX – нач. XX вв.). Алматы, 2005.-277 с.

2. Айтбаева Р. Мектебы и медресе в политике Российского государства в Казахстане в XIX в. // Евразийское сообщество, 2004.-№1 (45).147-154 с.

3. Абенова Б.С. Ресей империясының Орынбор өлкесіндегі аймақтық саясаты (1868-1891 жылдар). Монография. Ақтөбе, 2010.-306 б.

4. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы, 1993.-128 б.

5. Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. Оренбург, 1896.

6. Сариева Р. Мектеп – орыстандырудың төте жолы // Қазақ тарихы, 2001.-№5. 25-28 бб.

7. ҚРОММ. 25-қор, 1-тізбе, 2254-іс.

## АМАНАЛЫ Г.А.,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 2 курс магистранты,  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

### АҚТӨБЕ ӨңІРІ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Отандық тарих ғылымында өткен ғасырдың 1920-1930 жылдары қазақ халқына үлкен сын сағаты болған кезең екендігі белгілі. Осы кезеңдегі жоғарыдан жүргізіліп, науқандық сипат алған бірқатар саяси шаралар (ашаршылық, ұжымдастыру, қуғын-сүргін, т.б.) қазақ халқы өмірінің барлық саласына үлкен өзгерістер әкелді. Мұндай өзгерістерден өлке халқының, оның ішінде қала халқының этнодемографиялық бейнесі де шет қалмады. Нәтижесінде, қала халқының дамуында ауытқулар орын алып отырды. Соған қарамастан бұл жылдарға қала халқы санының жалпы өсімі тән.

Аталмыш кезеңдегі қала халқының даму үрдісін 1925 жылы желтоқсанда компартияның XIҮ-съезінде белгіленген елді индустрияландыру бағытымен жүзеге асыру да қамтамасыз етті. 1920-1940 жылдары индустрияландырудың нәтижесінде қалалардың дамуы жаңа сатыға көтерілді, қалалардың урбанизациялану және ірілену үрдісі жүрді, қалалар әкімшілік орталық болумен қатар өнеркәсіптік орталықтарға айналды, қалаларда қала халқына тән әлеуметтік құрылым мен кәсіптік сипат қалыптасты. Сөйтіп, индустрияландыру жылдары қала халқының түпкілікті құрылу кезеңі болды.

1920-1930 жылдары Ақтөбе өңірі қала халқының дамуы аталмыш кезеңдегі әкімшілік-территориялық бөліністен де байланысты болды. 1920-1930 жылдары Қазақстанда төрт әкімшілік-территориялық құрылым енгізіліп, өзгертілгендігі белгілі. Солардың нәтижесінде бірқатар қалалық қоныстар өз статустарынан айырылды. Соңғы әкімшілік-территориялық өзгеріс бойынша Ақтөбе облысында 4 қала болды. Олар: Ақтөбе, Арал, Темір, Шалқар қалалары.

1920 жылдар қарсаңында Ақтөбе өңіріндегі қала халқына халықтың қысқару тенденциясы тән болды. Оған Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916-1917 жж. өлкедегі саяси оқиғалар, одан кейінгі кезеңде азамат соғысы, шаруашылықтың бүлінуі, ашаршылық шешуші ықпал етті. Қала халқы санының қысқаруын губерниялардың қала халқын бұрынғы облыстық бөліністің қалалық құрамы бойынша да есептеу арқылы байқауға болады. Сол есептеу нәтижесінде 1914-1920 жылдар аралығында Ақтөбе губерниясының халқы 15,6 %-ға қысқарғандығы анықталды [1,4 б.; 2,4 б.; 3,22-23 pp.].

Аталмыш кезең қарсаңында Қазақстанның жалпы қала халқы да қысқарды. 1920 жылы Қазақстанда қала халқы 402,7 мың адамды құрады, бұл 1914 жылғы қала халқы санынан 8,1 %-ға аз болатын. Халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінің ортасына қарай қалаларда өмір сүру ахуалы дұрысталып, мұнда бұрын қоныс аударған тұрғындар қайта бастады. Нәтижесінде, 1923 жылға қарай қала халқының саны соғыс қарсаңындағы көрсеткіштен асып, 444,3 мың адамға жетті [4, 15-16 бб.].

1920 жылдардың басына дейінгі кезеңде орын алған орталықтағы және өлкеміздегі саяси оқиғалар елімізде ішкі көші-қон үдерістерінің жүруіне ықпал етті. Бұл үрдістен қалаларда тыс қалмады. 1921-1922 жылдардағы ашаршылық пен жұт ауыл халқының нан табу мақсатымен қалаларға ағылуын туғызды. Дегенмен, ауыл халқы көбінде басқа губернияларға көшіп отырды. Бұл ретте, Ақтөбе губерниясының тұрғындары 1921-1922 жылдары салыстырмалы түрде жағдайы дұрыс Ақмола және Семей губернияларына қоныс аударған [5, 107 п.]. Бұл жылдары қоныс аударған халықтың біразының әр жылдарда кері қайтып оралғандығы да белгілі.

Жоғарыда атап өтілгендей, 1920 жылдар басынан ел экономикасының түзеліп, халық шаруашылығының қалпына келтірілуіне байланысты өңірдегі қала халқының саны бірқатар аудандардағы кемулерге қарамастан негізінен өсу үрдісіне аяқ басты. Әсіресе, бұл құбылыс 1923 жылғы халық санағының қорытындысынан айқын көрінді. Дегенмен, 1920 және 1923 жылдардағы халық санақтары жалпы халықтың, оның ішінде, ауыл халқының қысқару үрдісінің жалғасып отырғандығын көрсетіп берді. Аталмыш кезеңдегі қала және ауыл халқындағы сандық өзгерістерді 1917, 1920 және 1923 жылдардағы санақ қорытындылары бойынша анықтауға болады (№1 кесте) [6, 95 б.].

#### №1 кесте. 1917-1923 жж. Ақтөбе өңірі халқының динамикасы

Қала халқы			Ауыл халқы			Барлығы		
1917	1920	1923	1917	1920	1923	1917	1920	1923
21789	23710	31457	470918	430750	271392	492707	454460	302849

Кестеден жалпы халықтың 1917-1923 жылдар аралығындағы алты жылдың ішінде 189858 адамға қысқарғандығы көрінеді. Оның ішінде ауыл халқы екі есеге жуық қысқарған. Кестеден, керісінше губерниядағы қала халқының сандық жағынан өскендігін байқау қиын емес. Қала халқы әсіресе 1920 жылдан кейін күрт өскен. Бұл өсім пайыздық көрсеткішпен 44,4 %-ға тең. 1920 жылдардың ортасынан қала халқының өсу үрдісі түпкілікті орнықты. Қала халқы санының өсуіне ең алдымен механикалық қозғалыс ықпал етті. Дегенмен, өсімге әсіресе, ірі қалалардағы табиғи өсімнің де үлесі болды.

Сонымен, 1923-1926 жылдар аралығындағы Ақтөбе губерниясындағы қала халқының құрылымындағы өзгерістерді 1926 жылғы санақ қорытындыларынан көруге болады (№2 кесте) [7,14 б.; 8,10 п.].

**№2 кесте. 1926 ж. халық санағы бойынша Ақтөбе губерниясының қала халқы (санақ кезіндегі)**

	Всесоюзная перепись населения 1926 г. Т.VIII. М., 1928. (санақ кезіндегі халық (наличное население))			Актюбинский губ. стат. отдел. Всесоюзная перепись насел. 1926 г. Предвар. итоги
	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Барлығы
Ақтөбе губерниясы				
Ақтөбе*	<b>17773</b>	<b>17674</b>	<b>35447</b>	<b>35374</b>
Темір*	10316	10545	20861	20820
Ембі (Жем)	2128	1998	4126	4135
Торғай*	926	950	1876	1875
Шалқар*	991	843	1834	1836
	3412	3338	6750	6708

\* – Әкімшілік жағынан қала ретінде танылған қалалық қоныстар.

Кестеде ресми орталықтың материалдарымен қатар, жергілікті губерниялық санақ мекемелерінің қорытындыларын да беріп отырмыз және екі мәліметте алшақтықтар кездеседі. Екі дерек көзі бойынша Ақтөбе губерниясының қала халқында айырма 73 адамды құрап отыр. Бұл алшақтықтар үлкен болмағанмен, 1926 жылғы халық санағы қорытындыларына деген сын көзқарасты туғызады.

Соған қарамастан, қала халқының сандық құрамын талдауды ресми орталық материалдары арқылы жасауды жөн көрдік. Сол қорытынды бойынша аймақтағы жалпы қала халқының саны – 34447 адам. Бұл санды 1923 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда өңір халқы 2990 адамға өскендігі көрінеді. Бұдан қала халқының өсу үдерісінің жалғасып отырғандығын байқауға болады.

Қала халқы үлесінің жалпыреспубликалық көрсеткіштен бұлайша төмен болуын қалалардың әлі де болса баяу дамуымен (урбанизациялануымен) түсіндіруге болады. Қалаларда қала дамуына серпін беретін ірі өнеркәсіп салалары болмады. Бұған Ақтөбе қаласының еңбекші бұқарасының әлеуметтік құрамына қатысты мәлімет те дәлел бола алады. Яғни, 1926-1927 жылдарға тиісілі мәлімет бойынша қала халқының бір бөлігін жер ісімен айналысатын шаруалар құраса, екінші бөлігі темір жол жұмысшылары мен қызметкерлерінен, ұсақ кәсіпорындардың (негізінен диірмендердің) және құрылыс саласының жұмысшыларынан, мекеме қызметкерлерінен, ұсақ өндірушілерден, тағы басқалардан тұрды [9, 33 п.].

Қарастырылып отырған кезеңде қала халқының қалыптасуының негізгі көзі – табиғи өсім және ауыл халқының қалалықтарға айналуынан бұрын ең алдымен көші-қон қозғалысы болды. 1920-1930 жылдар бойы елімізде көші-қон қырқыны үнемі артып отырды. Бұл үдеріс өңірдегі қала халқының механикалық өсімін арттырды (№3 кесте) [10, 13 п.].

**№3 кесте. 1926-1932 жж. Ақтөбе өңіріндегі қала халқының табиғи және механикалық өсімінің динамикасы**

Қалалар мен қалалық қоныстар	1926 ж. санақ бойынша халық саны	1927 ж. табиғи өсім	Механикалық өсім	1932 ж. халық саны	Табиғи өсім	Механикалық өсім
Ақтөбе	20,9	0,5	1,6	33,7	0,3	3,2
Темір	4,1	0,1	-	5,4	0,1	0,7
Шалқар	6,8	0,1	-	9,7	0,1	1,5
Ембі	1,9	0,0	-	5,5	0,1	-
Алға	-	-	-	4,3	0,0	0,4

Кестеден көрінетіндей, қала халқы табиғи өсімге қарағанда негізінен механикалық өсім есібінен үнемі өсіп отырған. Әсіресе, механикалық өсімнің 1930 жылдан кейін қарқын алғандығы байқалады.

Қазақстан халқының механикалық қозғалыс есебінен өсуіне кеңес үкіметімен жалғастырылған қазақ жеріне қоныстандыру саясаты да ықпал етті. Кеңестік биліктің 1920-1930 жылдардағы қоныстандыру саясаты «қулактарды тап ретінде жою», «өнеркәсіпке жұмысшы күшін жинау», «ұлттық белгілері бойынша күштеп жер аудару», тағы басқа қолдан жасалған саяси шаралар арқылы жүзеге асырылғандығы белгілі.

Өңірдегі қала халқының механикалық қозғалыс есебінен өсіп, оның этнодемографиялық сипатының өзгеруіне кеңестік биліктің 1930 жылдардың екінші жартысынан бастап жүргізген халықтарды этникалық белгілері бойынша күштеп жер аудару саясаты да айтарлықтай ықпал етті. Осы саяси науқанның шеңберінде 1937 жылы Қазақстан территориясына 20141 кәріс отбасылары немесе 95421 адам жер аударылған. Басқа дерек бойынша бұл көрсеткіш – 98454 адамды құрайды. Оның ішінде, Ақтөбе облысына – 1874 адам кәріс орналастырылған [11, 377-378 бб.]. Оларға қосымша 1938 жылы орталық үкіметтің қаулысы бойынша Ақтөбе облысына – 1285 кәріс шаруашылықтары жер аударылды [12, 137 б.].

Ақтөбе өңірі халқының құрамында 1920 жылдардың басындағы кезеңнен кейін түбегейлі өзгерістер бірінші бесжылдық жылдарында орын алды. Бұл өзгерістер жалпы халықтың қысқаруына әкелген ауыл халқының күрт азаюынан, керісінше, қала халқының сапалық дамуының одан әрі жалғасуынан көрінді.

Өңірдегі қала халқы санының өсу үрдісін жекелеген қалаларға қатысты мәліметтерді талдау арқылы да бағамдауға болады (№4 кесте).

**№4 кесте. 1928-1933 жж. Ақтөбе облысының қала халқы [13, 19 п.].**

Қалалар	Жылдар					
	1928	1929	1930	1931	1932	1933
Ақтөбе	23173	23868	24584	25321	26080	26862
Шалқар	7781	8014	8254	8501	8756	9018
Темір	4617	4755	4897	5043	5194	5349
Ембі (Жем)	2063	2124	2187	2252	2319	2388
Барлығы	37634	38761	39922	41117	42349	43617

Кестеден көрінетіндей, Ақтөбе облысының қала халқы баяу болса да жылма-жыл өсіп отырған. Жекелеген қалалар бойынша өсімнің біркелкі болғандығы байқалады. Жалпы қала халқы алты жылдың ішінде 5983 адамға немесе 13,7 %-ға өскен.

Жоғарыда келтірілген 1930 жылдардың бірінші жартысына дейінгі кезеңге қатысты мәліметтер демографиялық апатқа әкелген ашаршылық пен індеттің ауылдық елді-мекендермен қатар, қалаларды да жайлағанын айғақтайды. Бұл жылдары қала халқы негізінен азық-түліктің жетіспеушілігі мен экономиканың күйреуінен зардап шекті. Жергілікті мұрағаттарда осы жылдардағы қалалар халқының ауыр халін суреттейтін деректер сақталған. Осылайша, демографиялық апат жылдарында қала халқы да үлкен зардап шекті. Әсіресе, қала халқының аз қамтылған бөлігін құраған қазақ жұмысшыларының, жұмысшылар мен қызмет көрсету тобының басқа да өкілдерінің жағдайы ауыр күйінде қалды. Соған қарамастан, ауыл халқының қалаларға ағылуы толастамады. Қала олар үшін жан сақтаудың соңғы көзі болды.

Сонымен, 1930 жылдардағы өңірдегі қала халқының өсіп-өну нәтижелерін 1939 жылғы санақ қорытындысын 1926 жылғы санақ материалдарымен салыстыру арқылы бағамдауға болады. 1939 жылы Ақтөбе облысының қала халқы 88823 адамды құрады, бұл жалпы халықтың 26,2 %-ы [14, 76-77 бб.]. Осылайша, 1926-1939 жылдардағы санақаралық 13 жылда өңірдің қала халқы 53376 адамға өскен. Дегенмен, осы аралықтағы қала халқының жекелеген қалалар бойынша нақты санын анықтау мүмкін болмай отыр. Себебі, 1926 жылдан бері өңірдің әкімшілік-территориялық бөлінісі үлкен өзгерістерге ұшыраған болатын.

Осылайша, Ақтөбе өңірінің аталмыш кезеңде қала халқының өсіп-өнуіне негізінен көші-қон есебінен өсім, ұлттық құрамның жедел өзгеріске ұшырауы, жергілікті ұлт – қазақтар үлесінің кеми бастауы сынды тенденциялар тән болды.

1. Обзор Тургайской области за 1915 г. Оренбург, 1916.
2. Обзор Уральской области за 1914 г. Уральск, 1915.
3. ҚРОММ. 698-к., 14-т., 3-іс.

4. Никифоров И.Д. Городское население Казахстана (1917-1939 гг.). Автореф. дис... к.и.н. Алма-Ата., 1988.
5. КРОММ. 74-к., 52-ис.
6. Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). А., 1995.
7. Всесоюзная перепись населения 1926 г. Т.VIII. М., 1928.
8. АҚОММ. 3-к., 1-т., 526-ис.
9. АҚОММ. 3-к., 1-т., 193-ис.
10. КРОММ. 962-к., 1-т., 874-ис.
11. Алексеенко А.Н., Масанов Н.Э. Миграционные и этнодемографические процессы в советский период / История Казахстана: народы и культуры. Алматы, 2001.
12. Кан Г. Корейцы в Казахстане: Депортация и обретение новой родины /
13. Депортированные в Казахстан: народы и судьбы. А., 1998.
14. АҚОММ. 63-к., 1-т., 69-ис.
15. Всесоюзная перепись населения 1939 г.: Основные итоги. Москва, 1992.

**АЛИНОВ А.А.,**

магистрант Алтайского государственного педагогического университета, г. Барнаул, РФ.

### **РАЗВИТИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА И РОССИИ: ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ ВХОЖДЕНИЯ КАЗАХСТАНА В СОСТАВ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.**

Сегодня казахстанско-российские отношения выступают в известной степени примером эффективного развития двусторонних контактов во всех сферах жизнедеятельности наших государств: экономической, политической, дипломатической, социально-культурной. События нынешнего 2015 года – совместные празднования 70-летия Победы в Великой Отечественной войне, празднование Казахстаном 550-летия Казахской государственности, 20-летия Ассамблеи народа Казахстана и другие — останутся в современной истории как знаковые, свидетельствующие о большом потенциале взаимоотношений наших государств. Вместе с тем следует отметить, что нынешний высокий уровень этих отношений и их будущее в немалой степени зависят от знания и объективного отражения в истории.

Как известно распад единого государства (1991 г.) положил начало становления и России, и Казахстана в качестве независимых государств. В начале 90-х годов прошлого столетия произошел разрыв экономических и политических связей. Начался процесс автономного развития науки, культуры, искусства, который приобрел выраженную этнополитическую окраску. Это привело к переосмыслению тысячелетней национальной истории [0]. При этом подверглась научной переоценке и история вхождения национальных окраин в состав Российского государства. В этой связи нами представляются актуальным освещения истории изучения присоединения Казахстана к Российской империи.

За период независимости Казахстана, историки республики, проделали кропотливую работу над источниками подвергая их критическому анализу [1], что в свою очередь привело к переоценке истории русско-казахских отношений XVIII-XIX вв. и к прямому осуждению колониального наследия. В российской исторической науке после 1991 года наблюдается снижение активности в изучении проблем исторических связей Российской империи с казахскими жузами. Российские историки и политологи больше сетовали на «неблагодарность» со стороны местной элиты и ученых республики за тот положительный опыт, который был передан Казахстану за годы его пребывания в составе российско-советского государства [2]. В связи с давно назревшими противоречиями между историческими науками суверенного Казахстана и России на наш взгляд, появилась необходимость их скорейшего разрешения. Основной задачей истории является беспристрастное воссоздание исторического прошлого, бережное обращение к исторической памяти. Как справедливо отметила д.и.н. С.Н. Брежнева [3], национальные историки центрально азиатских стран с обретением независимости стремились начать свою историю с «чистого листа», отрицая весь предшествующий опыт историографической науки, что в свою очередь обрывает преемственную связь в оценке истории. Такого же мнения придерживается и один из авторов труда Центральная Азия в составе Российской империи С.Н. Абашин, он пишет, что «национальная историография тех народов, которые когда-то входили в империю, в свою очередь концентрируются на собственной нации и государстве, проецируя их в прошлое» [4].

В этой связи нами представляются актуальным освещения истории изучения одного из сложных периодов в истории Казахстана, 50 – 70-х гг. XIX века. В этот отрезок времени, русской военной администрацией начинается активное военное продвижение в степи Южного Казахстана, закончившееся юридическим оформлением все территории Казахстана в состав Российской империи.

Проблема присоединения или завоевания Южного Казахстана Российской империи в 50-70-е годы XIX века являлась предметом научного осмысления русской науки с начала военных экспедиций в глубь казахской степи в пределы кочевий казахов Старшего жуза. В дореволюционной историографии причины движения России в Центральную Азию оцениваются как «исторический импульс», вызванный задачей «самосохранения» русской государственности, стремлением достичь «естественных границ» и «цивилизаторской миссией» России на Востоке [5;6;7; 8, с. 14; 9, с.6; 10, с.59; 11, с.36].

После Великой Октябрьской революции, осмысление истории Казахстана начинается в 1920–1930-е гг. Историки рассматривали вхождение азиатских народов в состав России, как результат имперской завоевательной политики [12, с. 42; 13; 14, с.137]. Негативное отношение к действиям имперских властей в Средней Азии и Казахстане оформилось в концепцию «абсолютного зла». В оценке вхождения новых азиатских территории в состав Российской империи существовала общая характеристика России как «тюрьмы народов». Такая оценка присоединения Средней Азии и Казахстана к царской России сопрягалась с разработкой теории «торгового капитализма» М.Н. Покровским, в рамках этой теории расширение Россией своей территории рассматривалось как первоначальное накопление капитала, с позиции интересов помещиков и купцов, приводились прямые аналогии между российской экспансией и европейскими колониальными захватами.

В 1937-1938 годы в целом по стране прокатилось несколько волн репрессий. Подверглась репрессиям и интеллигенция Казахстана, все известные историки Казахстана оценивавшие отрицательно колониальную политику царской России в вопросе присоединения Казахстана, и дававших характеристику ей как завоевательной, колониальной (С.Д. Асфендияров, М. Тынышпаев, Х. Досмухамедов и др.).

С середины 1930-х годов советское руководство одобряет новые оценки вхождения нерусских народов в состав Российской империей, этим процессам в советских трудах 1940-х годов придается прогрессивный характер. Задачи поиска преемственности между советским государством и досоветской Россией, в укреплении многонационального государства СССР потребовали иных политических оценок прошлого.

Смена концептуального подхода в оценки присоединения Казахстана к России<sup>59</sup> ведет к смене терминологии. М.П. Вяткин оценивая присоединения южных окраин казахской степи подчеркивает прогрессивность России по отношению к Востоку, «для казахов царская Россия оставалась «тюрьмой народов», а постепенное влияние более передовой экономики России на хозяйство казахов играла прогрессивную роль [18, с.293]. Значение оценки присоединения Казахстана к России М.П. Вяткина заключается в том, что в последующих концепциях советского периода притапливаются отрицательные моменты данного процесса, и на первый план выдвигается задача показать позитивные последствия присоединения.

В 1960 – 1980-е гг. советские ученые получают социальный заказ, следуя которому, они в своих работах по среднеазиатской тематике упор делают на революционизирующем влиянии русского народа. Вся история присоединения рассматривается как предыстория революционных событий, которые произошли в начале XX века [3]. Этот период отмечен появлением особенно большого количества работ по интересующей нас проблеме [19; 20; 21; 22; 23]

Некоторые историки для того, чтобы сильнее подчеркнуть прогрессивное значение присоединения Казахстана к России, прибегали к неверному утверждению о хозяйственном застое в Казахстане накануне присоединения [23; 24]. Данное утверждение опровергается историческими фактами и последующими трудами казахстанских историков. Празднование 250-летия добровольного присоединения [25] своего рода стало конечной стадией данной концепции. В этой связи было выпущена монография Т. Шоинбаева [24]. Отныне историки, работающие над проблемой присоединения, должны были строго руководствоваться данной установкой. Это отличало, работы советских историков в 60 – 80-х гг. XX века.

По мнению историографа Б.К. Айтиновой, в современной казахстанской историографии превалирует однозначная тенденция к определению политики царизма в Казахстане в XVIII – XIX вв.

---

<sup>59</sup> В постановлении в газете Правда от 22 августа 1937 г., отмечается следующее: правительственной комиссии по итогам конкурса на лучший учебник для 3-го и 4-го классов средней школы. В данном постановлении на примере Грузии и Украины четко указывалось, что положение поработанных народов царской монархией, нужно рассматривать как: «Перед Грузией стояла Альтернатива либо быть поработанной Шахской Персией и султанской Турцией либо перейти под протекторат России, ровно как перед Украиной стояла альтернатива – либо быть поглощённой панской Польшей и султанской Турцией. Либо перейти под власть России... вторая перспектива была все же наименьшим злом (Кузнецов И.С. Отечественная историческая наука с 1917 г. до наших дней: Документы и материалы: учебное пособие: Новосибирск. 2006. С.35-37 / Зуев А.С. Отечественная историография присоединения Сибири к России: Учеб. Пособие. 2007. С.60)

как колониальной со всем спектром отрицательных последствий для его населения [27]. В научных изданиях 1990-х – первой половины 2000-х гг. казахстанскими историками доказывалось, что Российская империя была колониальной державой. А вопрос о колониализме выносился на отдельное обсуждение, где указывалось, что любой колониализм, будь он английский, французский или русский безусловно означал гнет, бесправие нищету, национальное унижение для поработанных народов [28; 29]. Вместе с тем работы вышедшие в 2000-х годах характеризует рассмотрение колониальной политики в сфере образования и политики, «духовной колонизации». Историки стремятся показать как чиновники царской России, обращая казахский народ в христианство, русифицируя его проводили политику денационализации – создания единого государства [30; 31; 32].

В 2010 году была переиздана История Казахстана [33], которая в своем содержании получила новое содержание освещению русско-казахских отношений XVIII-XIX. Современная оценка Российской империи казахстанскими историками сводится к смягчению оценок, казахстанские ученые не делают резких и критических выводов, во многом расширился и спектр проблем и тем на которые сейчас пишутся научные работы<sup>60</sup>. При этом коллектив авторов не отказывается от терминов «завоевания» и «колония», «с распространением российской государственно-административной системы на Южный Казахстан было юридически оформлено его включение в состав огромной полиэтнической империи. С тех пор надолго Казахстан превратился в колониальную окраину России» [33, с.386].

По мнению казахстанского историографа А.М. Абдильдабеовой «в современной историографии Казахстана проблемы присоединения к Российской империи, существует два подхода: исключительно завоевание и первоначально добровольное присоединение, затем присоединение с помощью военной силы» [34]. На современную историографию Казахстана повлияли поиски исторических корней этнической, социальной и политической самоидентификации требующих сплотить народ Казахстана. Но при этом нужно сделать пометку, что в большинстве научных изданий Казахстана перегибов в оценке Российской империи не было [35; 36; 37; 38].

Таким образом, проблема «присоединения Казахстана к Российской империи» на протяжении очень долгого периода времени находилась под пристальным вниманием исторической науки. Каждому периоду было свойственно свое видение и оценка данного процесса. Надо учитывать что знание и изученность концепций по проблеме присоединения необходимо для воссоздания действительной истории русско-казахских отношений.

---

К.Е.Кушербаев, Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Казахстан в Российской Федерации / Сыздыкова Е.С. Российские военные и Казахстан: (Вопросы социально-политической и экономической истории Казахстана XVIII-XIX вв. в трудах офицеров Генерального штаба России). Под ред. д.и.н. Н.Е. Бекмахановой. – М. 2005. 246 с.

1. История Казахстана в 5-ти томах. Т.3. Алматы, 2000; Алматы: Атамур, 2010.
2. Россия – Казахстан: современные мифы и историческая реальность. Сб. науч. и публикац. Статей. – Баранул, 2001. – 172 с.
3. Брежнева С.Н. Историография проблемы присоединения Туркестанского края к России (вторая половина XIX – начало XX в.) автореф дис докт истор наук. – Москва, 2005. – 50 с.
4. Абашин С.Н., Арапов Д.Ю., Бекмаханова Н.Е. Центральная Азия в составе Российской империи. – М.: Новое литературное обозрение, 2008. – 464 с.
5. Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. СПб. 1890.
6. Федоров Д.Я. Опыт военно-статистического описания Илийского края. Ч. 1. Ташкент, 1880.
7. Терентьев М.А. Россия и Англия в Средней Азии. СПб., 1875; Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т. 1. СПб., 1906.
8. Вениуков М.И. Опыт военного обозрение русских границ. – СПб. 1873. С.14
9. Терентьев М.А. Россия и Англия в Средней Азии. – СПб. 1875. С.6.
10. Абаза К.К. Завоевание Туркестана. – СПб. 1902. С.59.
11. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань. 1900. С.36.
12. Галузо П.Г. Туркестан колония (Очерк истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии). – Ташкент. 1935. С.42.
13. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник II. Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. – Алма-Ата. 1935.
14. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – 3-е издание. Под ред. А.С. Такенова. – Алма-Ата. 1998. С. 137.
15. Чапкевич Е.И. Советская историография 20–50-х годов внешней политики России / Россия в XX веке: Судьбы исторической науки. М., 1996. С. 425.
16. Кузнецов И.С. Отечественная историческая наука с 1917 г. до наших дней: Документы и материалы: учебное пособие: Новосибирск. 2006. С.35-37
17. Зуев А.С. Отечественная историография присоединения Сибири к России: Учеб. Пособие. 2007. С.60

---

<sup>60</sup> Примерами служат: казахская диаспора, историология средневекового Казахстана, возрождённые сокровища Казахстана (ценные археологические находки).



18. Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. – М. 1941. С.293.
19. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – 1957 .
20. Халфин Н.А. Политика России в Средней Азии (1857-1868 гг). – 1960
21. Галузо П.Г. Аграрные отношения в 1867-1914 гг. на юге Казахстана. Алма-Ата, 1965.
22. Галузо П.Г. Казахстан в канун Октября. – А. 1968. 83 с. // Сулейменов Б.С. Казахстан в составе России в 18 – н. 20 вв. Алматы. 1981.
23. Сулейменов Б.С. Казахстан в составе России в 18 – н. 20 вв. Алматы. 1981.
24. Шоинбаев Т.Ж. Добровольное вхождение Казахских земель в состав России. – А. – 1982 г.
25. Владимиров В.В., Дюйсеев К.К. Светлой дорогой дружбы и братства: Сборник материалов о праздновании 250-летия добровольного присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата: Казахстан. 1982. 272 с.
26. Шоинбаев Т.Ж. Добровольное вхождение Казахских земель в состав России. – А. – 1982 г.
27. Айтенова Б.К. Современная историография Казахстана о проблемах российской колонизации и национально-освободительного движения в казахской степи автореф дис канд истор наук. – Омск, 2007. – 22 с.
28. Козыбаев М.К. История России есть история страны. Которая колонизирует. Казахстанская правда, 1999. №1.
29. Ирмуханов Б.Б. Казахстан Историко-публицистический взгляд . – Алматы, 1996. №1.
30. Амерханова Ж. Колониальная политика царизма в области просвещения. Автореф дис канд истор наук. – Алматы, 1995.
31. Мырзахметова М. Казак кала й орыстандырылды. – Алматы, 1993.
32. Садвакасова З.Т. духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (в.п. XIX-н. XX вв.). – Алматы, 2005.
33. История Казахстана. 5 Т., – Алматы: Атамұра. 2010.
34. Абдильдабекова А.М. Россия и Казахстан (XVIII-XIX века): Вопросы историографии: Учебное пособие. Алматы. Казак университеты. 2007. 136 с.
35. История Казахстана: белые пятна. Алма-Ата. 1991. (журнал)
36. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней в 4-х томах. Т.3. Алматы, 1996; История Казахстана в 5-ти томах. Т.3. Алматы, 2000; Т.3. Алматы: Атамұра, 2010.
37. Абиля Е.А. История государства и права Республики Казахстан, с древнейших времен до 1922 г. – Астана. – 2001 г.
38. Кусаинов К. История Туркестанского края в эпоху царизма. – Алматы, 2005.

Алтын Орда мен мамлюктік Египет арасындағы дипломатиялық байланыстарды қорытындылайтын болсақ, Алтын Орда мен мамлюктік Египет арасындағы саяси одақ мамлюк мемлекетіне көп пайда алып келді. Мысыр сол кезде экономикалық жағынан ең күшті дамыған мемлекет бола отырып, Шығыс пен Батыс арасындағы сауданың маңызды транзиттік орталығына айналды. Мамлюк сұлтандары дипломатиялық шеберлігінің арқасында өздерінің мақсаттарына қол жеткізіп отырды. Египеттің түрік-қыпшақ мемлекеті Алтын Орданың қыпшақтарынан рухани, әскери қолдау алып отырды.

Дипломатиялық байланыстар бойынша төмендегідей тұжырымдар жасауға болады: Екі елдің арасындағы дипломатиялық қатынастың пайда болуына ішкі және сыртқы факторлар әсер етті. Атап айтсақ, мұсылман еместерге қарсы күрес, мамлюктік Египеттің Құлағулық Иранға қарсы одақ құру мақсаты және монғолар арасындағы өзара билік үшін күрес. Алтын Орда мен мамлюктік Египет арасындағы байланыс барысында әр елдің алдына қойған өз мақсаттары болды. Бұл байланыс екі елге де азды-көпті пайдасын алып келді. XIII–XIV ғасырларда дипломатиялық қатынастың көрінісі екі елдің тарих сахнасындағы беделін көтерді.

Екі мемлекет арасындағы одақ әулеттік некемен бекітілді. Екі ғасырға жуық уақытқа созылған қарым-қатынастың барысында орын алған мәдени байланыстардың ықпалы мен әсерінің нәтижесінде мәдени синтез жүзеге асты. Мысыр мамлюк мемлекеті мен Алтын Орда арасында діни байланыстар орнап, дін жолындағы дәстүрлер мен істер арқылы көрініс табады. Жалпы, ғасырларға созылған мамлюктік Египет арасындағы байланыстар жан-жақты жүргендігін айтуға болады.

1. Салих Закиров. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом (XIII–XIV). М., 1975. С. 75.
2. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I, с. 174.
3. Lane-Poole. A History of Egypt. L. 2010, p. 278.
4. Hammer-Purgstall J. von. Geschichte der goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland. 1840, S. 170, 181.
5. Успенский Ф. И. Византийские историки о монголах и египетских мамлюк. Византийский временник. М. 1926. Т. XXIV, с. 2 – 3.
6. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Т. I. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. – А.: Дайк–Пресс, 2005. С. 46.
7. Ахинжанов С. М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы: Гылым, 1999. С. 7.
8. Кумеков Б. Е. Об этнонимии кыпчакской конфедерации Западного Дешт-и Кыпчака XII – начала XIII века // Известия НАН Республики Казахстан, серия общественных наук, 1993, № 1. С. 60.
9. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Т. I. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. – А.: Дайк–Пресс, 2005. С. 46.
10. Алимгереев У. Бейбарыс и Золотая Орда // Прикаспийская коммуна. 2000, 8 май.
11. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным / Алматы, 2006. С. 40.
12. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Т. I. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. – А.: Дайк–Пресс, 2005. С. 48.
13. Кадырбаев А. Ш. Золотая Орда и ее Евразийские наследники // Казахстан-спектр, аналитические исследования. 1988. 3(5).
14. Албани Б. Қ. Мамлюк түріктер // Егемен Қазақстан. 2000, 15 қыркүйек.
15. Батырша-ұлы Б. Сарай мен Қайыр арасындағы саяси некелер // Гуманитарлық ғылымдар академиясының хабаршысы. Ғылыми журнал. Алматы, 2000, 1. (5).
16. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: Т. I. Извлечения из арабских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен. – А.: Дайк–Пресс, 2005. С. 46.
17. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. Алматы, 2006. С. 40.
18. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузен и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. Алматы, 2006. С. 41.

**МҰХАТОВА О.Х.,**

д.и.н., профессор кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения,  
КазНУ им. аль-Фараби

## **РУМ АВТОРЛАРЫ IV ҒАСЫРДАҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ, ҒҰНДАР ЖӘНЕ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ ТУРАЛЫ**

VI-X ғасырлардағы Қазақстан аумағы және ондағы және халқы туралы бірден бір тарихи дерек болып көне тас жазба ескерткіштері саналады. Оларды ғылымда тас жылнамалар, бітіктастар, руналық жазбалар деп те атай береді. Көне түріктер қолымен қалдырылған тас ескерткіштер түрік тілінде ғана емес, қытай, соғды, т.б. тілдерде жазылған. Сонымен қатар Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалар, олардың орналасуы, шаруашылығы мен тұрмыс-салты еуропалық, яғни рум және византиялық тарихшыларды қызықтырған. Руналық жазба ескерткіштері VI-X ғасырлардағы Қазақстан аумағы және халқы туралы біршама құнды мәліметтер берсе, рум тарихшылары мен ойшылдарының еңбектерінде де көне түркілер туралы айтылған. Олар бұл мәселені арнайы жазбаларының, баяндарының тақырыптарына айналдырып, еңбек жазбаса да парсылардың сақтарға қарсы жорығы, әлемді жаулап алушы Ескендір және тағы басқа тарихи оқиғалар мен үдерістер, тарихи тұлғалар туралы айтқанда сақтар, ғұндар, түркілер жайында сөз қозғаған. Еуропалық мемлекеттердің сыртқы тарихын, қазіргі тілмен айтқанда сыртқы саясатына қатысты мәселелерде Қазақстан аумағындағы тайпаларды суреттеген. Сондай авторлардың бірі рум тарихшысы Аммиан

Иорданды жатқызуға болады. Ол VI ғасырда өмір сүріп, «Тарих» атты еңбегін жазған. Иордан – остготтық тарихшы, «Геттердің шығу тегі мен іс-қимылдары» атты еңбектің авторы. Еңбектің ерекшелігі сонда, ол атақты Еділ-Аттила жайында құнды мәліметтер берген. Еділдің жеке тұлғасы сомдалған. Иордан Еділдің оның біршама ұлғайып қалған кезіндегі бейнесін былай сипаттаған: «Ол халықтарды тітірентіп, елдердің барлығына үрей үймелетіп, барлық жерде өзі туралы кең ұғым таратқан еңіреген ер болатын. Оның қадамдары паң, қарағанда жанары ұшқындап, дене қозғалыстарының өзімен аспандаған өз күш-қуатын айғақтап тұратын. Соғысты сүйетін ол тіршілікте қайрымды, бір рет сенгенге мейірбан болатын. Сырттай қарағанда тапал, кең кеуделі, кішкентай көзі сығырайған, бурыл тарта бастаған сирек сақал, тәмпіш мұрын, терісінің түрі адам жиіркенгендей, ол өз тегінің бар белгілерін паш еткендей». Иордан еңбегінің мазмұны оның Прийскі мәліметтеріне сүйенгендігін байқатады. Прийск шығармасында келтірілген аңызды Иордан қайталаған. Автор өзінің «Рум империясы» деген туындысында ғұндар турады жазған. Еділді тіпті оны қайтыс болған кезде де дәріптеген. «Ғұндардың ұлы королі Еділ, өз әкесі Мундзуктен туған, күшті тайпаның мырзасы! Сен бұған дейін ешкім естімеген құдіретпен қалаларды басып алып, қос Рум империясының әлемін қоқынышта ұстайтын скиф және герман патшалықтарын биледің, мейірбандық мүсіркеумен жыл сайын салық жинап отырдың. ...» деген мәліметтері осының дәлелі.

Дәстүрлі және ауызша тарих айту деректерінде Ескендірдің, яғни Александр Македонскийдің өзі және жорықтары, жаулап алған елдері туралы көп айтылады. Есесіне ежелгі рум тарихнамасында Арриан есімді тарихшы жайында жиі айтыла бермейді. Дегенмен оның «Александр жорығы» деп аталатын еңбегінің маңызы зор. Арриан Вифинияда, Кіші Азияда шамамен 90-95 жылдар да дүниеге келген. Шамамен біздің дәуіріміздің 175 жылы қайтыс болған. Көне замандағы жазылған шығарма Александр қызметін біршама тереңірек баяндайды. Өзінің алдына Ескендір туралы жазуды мақсат қойып, оның өмірін жан-жақты ашуды көздеген. Ол турасында Арриан кіріспеді былай деп жазған: «Егер кімде-кім неге Александр туралы жазған, ол туралы көп жазылған десе, алдымен ол туралы жазылғандарды оқып, менің жазғаныммен салыстырып, таң қалсын». Аррианның «Александр жорығы» атты шығармасы эллинизм дәуірін, сонымен бірге «Александр Македонский монархиясы» аталған уақытша жасанды біріккен мемлекеттердің тарихын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Ескендірдің әлем елдерін, соның ішінде Орталық Азия жерлерін, скифтерге жорық жасағаны жөнінде автор былай сипаттаған: «Александр өзеннен скифтердің кетпегенін, тіпті садақ атқандарын көрді (өзен арнасы кең емес еді), сонымен қатар варварлық әдеттеріне салып, оны мазақ қылып, скифтермен соғыса алмайтынын, әйтпесе скифтер мен азиялық варварлардың айырмашылығын көретінін айқайлап айтады. Ашуланған ол өзенді өтіп, оларға шабуыл жасамақ ниетте өткел жасай бастайды. Дегенмен ол өзеннен өтпек болып, құрбандық шалғанда, жағымсыз белгі беріледі. Бұған ол қатты қынжылды, дегенмен өзеннен өтуден бас тартты. Скифтер оған тыныштық бермейді. Александр өзеннен өтпек болып, тағы да құрбандық шалады, сәуегей Аристандр қайтадан бір пәленің болатынын айтады. Скифтерге соғыс ашудан гөрі олармен мәмлеген келудің тарихтан орын алғандығы былай баяндалады: «Александр бүкіл Азияны бағындырып келіп, скифтерге Ксеркстің әкесі Дарий мазақ болғандай оның да мазақ болғаннан гөрі өлгенінің артық екенін айтады. Елшілір Александрдың айтқанын орындауға дайын екендіктерін айтуға келген болатын, оған скиф патшасы атынан скифтер құнды санайтын сыйлықтар берілді, патша Александрға одақтастық құру үшін қызын беруге дайын екендігін жеткізеді. Александр осымен әуреленіп жатқанда, скиф-массагеттер жеріне қашып барған Спитамен мен бірнеше соғдылықтар 600 массагеттен құралған атты әскер жинап, Бактриядағы бекіністердің біріне барады. Бекініс бастығы да, күзетшілер де шабуылды күтпеген еді, жауынгерлерді қырып тастап, бастықтарын тұтқынға алды. Бекіністі алғандарына риза болған олар бірнеше күннен кейін Зариаспаға барады, бірақ қалаға шабуыл жасауға жүрексініп, көп олжаны алып қайтады».

Түркі дәуіріндегі шет елдік, яғни румдық тарихнамада Аммиан Марцеллиннің орны ерекше аталады. Оның еңбектері күні бүгінге дейін ғылыми айналымнан түспеген. Аммиан Марцеллин VI ғасырда өмір сүрген ойшыл. А.Марцеллин – антикалық тарихнаманың соңғы ірі өкілі, Рум тарихшысы. 33 кітаптан тұратын «Тарих» атты еңбек жазған, алайда біге дейін одан тек үзінділер ғана жеткен. Әлем елдерінің бірқатарының тарихын сипаттаған тарихшы ғұндар туралы жазған. А. Марцеллиан ғұндарға сипаттама беріп, тарихи-этнографиялық мәліметтер қалдырған. Өз заманының білімді адамы Марцеллиннің есімі осы уақытқа дейін жиі айтылмады, оның мұрасы да зерттеліп, өз бағасын ала алмады, шығармалары да өзге тілдерге аударыла бермеген. Еңбектері хроника ретінде саналып, әдебиет пен тарих бойынша білім алу дереккөзіне жатқызылды. IV ғасырда империялық мемлекеттік мекемелерінің дамуы аяқталды, әлемдік тарих арнасына жаңа халықтар шықты, христиандық мемлекеттік дін дәрежесін алды. Аммиан Марцеллин осы кезеңдегі тарихи оқиғалар мен үдерістер, тұлғалар туралы жазған. Өз дәуірінің әскери оқиғаларына тікелей қатысушы ретінде тарихи шығармасында сыртқы тарихқа басты назарды аудара отырып, мемлекет билігі мен оның

беделді орындарында тұрған адамдардың қызметіне тоқталып, Рим мемлекетінің өмірін толық және нақты суреттеп берген. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Марцеллин еңбегі тұңғыш рет қазақ тіліне аударылды. Аммиан Марцеллиннің «Тарихынан» бүгінгі күнге 18 кітабы жетті. Кітаптары тартымды әрі оқиғаларға өзі қатысып, көзімен көргендіктен шынайы жазылған. Аммиан Марцеллин өзі және шығармасы туралы: «Күшімнің мүмкіндігіне қарай, бұрынырақта жауынгер болған грек ретінде Цезарь Неврының билік құруынан бастап, Валенттің өліміне дейін баяндаймын. Мен осы еңбекте шындықты айтуды уәде еткенмін, менің ойымша, еш жерде ол уәдені саналы түрде үндемей қалып немесе жалған айтып бұзған жоқпын», – деп жазған. Гректен шыққан және грек білімін алған Аммиан егде тартқан кезінде Рим әдебиетін игеріп, замандастарының айтуы бойынша, әдеби тілде керемет сөйлеген. Үлкен тарихи шығарма жазып, Аммиан өзінің білімімен жоғары деңгейлі тарихшы екендігін көрсетті. «Тарих» атты еңбегінде өзі аралаған елдерді, халықтарды сипаттап, солардың қалалары, мәдениеті, салт-дәстүрін хатқа қондырған. Мәселен, Кир патша мен Томирис арасындағы соғысты былайша сипаттаған: «Парфия халқы басқа халықтарды жеңіп, өз жерін Пропонтида мен Фракияға дейін кеңейткені белгілі, бірақ менмендікпен, кей патшалардың астамшылдығы елді титықтатқан, өте алысқа жасаған жорықтары патшалықты кедейлікке алып келіп, оның шекарасын тарылтты. Кир тап осындай болатын. Көз жетпес әскерімен Боспордан өтті, бірақ скиф ханшасы Томирис ұлдарының өшін алу үшін оның әскерінің бір адамын қалдырмай жойып жіберді. Кейінірек алдымен Дарий, содан кейін Ксерокс Грецияға көз тігіп, соғысты басқа табиғи ортаға (теңізге) ауыстырғанда, теңізде де, құрлықта да әскерлерінен айырылып, өз бастарын әрең дегенде аман алып қашқан». Сақтар туралы жазбасы өзге ел өкілінің көзқарасы тұрғысында баяндалған. «Соғдылардың жанында егіндікке жарамсыз, малшылыққа ғана жарамды жерлерге қоныстанған жабайы халық сақтар орналасқан. Сондықтан олардың қалалары жоқ. Бұл елде етегінде Тасты мұнара деп аталатын ауыл орналасқан биік Асканимия мен Комед жоталары көрінеді, ол арқылы Сералармен (қытайлықтармен) сауда жасалатын үлкен сауда жолы өтеді (әңгіме Ұлы Жібек жолы туралы болып отыр). Таулар аяқталған Имавтік және Апурийлік деп аталатын жерде Парсы жерінде Азияттық Сарматтармен және Аландардың шет жерлерімен шекаралас скифтер тұрады. Жердің алыс түкпірінде елсіздікке үйренген олар бір-бірінен алыс орналасқан тұрғын үйлерде тұрып, нашар тамақтанып, кедей тұрады» – дегені осының айғағы. Ғұн тайпалары туралы жазғанында шынайылықпен қатар өзіндік пікір де орын алған. «Ежелгі жазушылар мардымсыз арқылы білетін ғұндар тайпасы мұзды мұхит жағындағы Мэотийск батпағының ар жағында тұрады және өздерінің жабайлылығымен бәрінен асып түседі. Сақалы тез өспеу үшін, сәби туыла салысымен өткір қарумен бетін осады, сөйтіп, олар қартайғанша сақалсыз, ұсқынсыз өмір сүреді. Денелері шымыр, мойындары жуан, түрлері қорқынышты болып келеді, сондықтан оларды екі аяқты хайуанға немесе көпір соңына қойылатын адамға ұқсатып ойып жасалған тамыршаға теңеуге болады». Марцеллин ғұндардың тұрмыс-тіршілігі, күнделікті өмірі, ас-суы мен киімдері туралы да мәлімет келтірген. Мына төмендегі жолдар ғұндардың аса шыныққан, денсаулықтары зор адамдар болғандығынан хабар береді. «Осындай ұсқынсыздықтарына қарамай, олар өте шымыр, отты да, адам үйренген асты да қажет етпейді, олар өсімдік тамырымен және атының жауырына салып қақталған кез келген малдың шикі етімен қоректенеді. Олар кәдімгі адамдарға қарағанда ешқандай ғимараттарға тығылмайды, қайта олардан моладан қашқандай қашады. Олардан тіптен қамыспен жабылған шатырды да көрмейсің. Олар тау мен ормандарда көшіп жүреді, бесікте жатып суыққа, ыстыққа және аштыққа еті үйреніп кетеді. Жат елде де олар үйге тек аса қажеттілік болған жағдайда ғана кіреді, себебі олар үй ішінде өздерін қауіпсіз санамайды, денесін зығырдан немесе тігілген орман тышқаны терісімен жабады. Олардың үйге қиетін киімі мен түзге қиетін киімдерінде еш айырмашылық жоқ, бірақ мойынға салынған кір түстес орамал шіріп кеткенше тасталмайды. Бастарын қисық бөрікпен жабады, өздерінің түкті аяқтарын ешкі терісімен қаптайды, олардың еркін жүруіне кедергі жасайтын аяқ киімдерін олар қалыпқа салып тікпейді». Тарихта ғұндардың аса жауынгер халық болғандығы белгілі. Ол жайында көптеген дәстүрлі және дәстүрлі емес деректер бар. Дегенмен Аммиан Марцеллин жазбасының маңызы зор. Ғұндардың ержүректілігі мен соғыс өнерін берік меңгергендерін тарихшы былай көрсеткен: «... олар жаяу соғысқа жарамайды, есесіне олар өздерінің шыдамды аттарынан түспейді, ат арқасында отырып, әйелдерге ұқсап өздерінің күнделікті істерін жасайды. Күн мен түнін олар ат үстінде өткізеді, саудасын да аттан түспей жасайды, атта отырып тамақтанады, қисайып алып түкіреді, ат үстінде ұйықтайды, тіпті түс те көреді. Бір нәрсе туралы ақылдасу керек болса да, ат үстінде отырып кеңеседі. Олар қатал патша билігін білмейді, өздерінің қарттарының басқаруымен кейде жолдарындағыларының бәрін таптап кетеді. Бір нәрсеге ренжігенде кейде соғыс ашады, соғысқа олар сына сияқты сап құрып, аса зор ұрандаған айқаймен шабуылдайды. Тез қозғалады, шапшаңдықпен қатар тәртібін бұзып, не мына тұстан, не басқа тұстан келіп тиісіп, қатыгездікпен қырып салады. Олардың шапшаңдығынан бекініске шабуыл жасап немесе жау лагерін талағанын байқамай қаласың. Оларды жақсы жаугер деп атауға тұрарлық, себебі алыстан

сүйектен шеберлікпен үшкірленген оқтарды садақпен атса, жақыннан жауымен қорықпай қылыштасады, өздері қылыштан қорғанып, аттан құлатып, жаяу қашпас үшін жауына арқан тастайды». Ғылымда дәлелденгендей, ғұндардың көшпенді тұрғындар болғандығына Марцеллин тағы да көз жеткізеді. «Олардың ешқайсысы да жер жыртпайды, тіптен соқаға қолын да тигізген емес. Нақты тұратын жері, үйі жоқ, заңсыз немесе қалыптасқан тұрмыс салтсыз олар мәңгілік қашқындар сияқты көшіп жүреді, киіз үйлерде өмірін өткізеді: онда әйелдері оларға қарабойыр киімін тоқиды, балалар туады, оларды тамақтандырады. Олардың ешқайсысы қайда туғаны жөнінде айта алмайды, өйткені бір жерде тұрақтап тұрмайды» деген жазуы дәйекті дерек болып табылады.

Румдық тарихшылардың Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалар туралы мәліметтері византиялық тарихи ойда да көрініс тапқан. Екі тарихи ойды салыстыратын болсақ, айырмашылықтары көп емес. Екеуінде де Қазақстан аумағын мекен еткен түркі тайпалары, солардың ішінде Аттила жайында көзқарастар орын алған. Мәселен, византиялық елші, тарихшы және жазушы Приск Панийскийдің еңбегінде ғұн тайпалары, соның ішінде оның қолбасшысы және билеушісі сипатталған. Приск Панийскийдің «Византия тарихы және Аттиланьң іс-қимылдары» деген сегіз кітаптан тұратын еңбек жазған, алайда олардың бәрі бізге дейін келіп жетпеген. Геттердің шығу тегіне арналған «Геттер тарихы» атты еңбегін жазғаны белгілі. Елші ретінде қызмет атқарған кезінде ғұндар еліне жиі барған. Геттер тарихын және IV ғасырдағы халықтардың қоныс аударуын баяндай отырып, Аттила жөнінде айтып өткен. Аттиланьң жеке тұлғасын аңыз-әңгімелерге және көзімен көргендерге сүйеніп сомдаған. Мәселен, мына бір үзінді осыны дәйектейді. «Аттила өзіне берік сеніммен қарайтын патша болған. Ал Аттилаға сенімділік беретін Марстан берілген қылыш болып табылады. Ал сол қылыштың Аттилаға берілгендігі жөнінде былайша баяндалады: «Қойшы мал бағып жүріп, бір қойдың тұяғы жатқанын байқайды, сөйтіп қанның ізімен жүріп, қылыштың орнын тауып, сол жерден қазып алады. Ол қылышты бірден Аттилаға апарып береді. Аттила сол себепті өзіне деген сенімділігін жоғалтпайды».

---

1. Тарих – адамзат ақыл- ойының қазынасы. Он томдық. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. 2-т. – Астана Астана: «Фолиант», 2005. – 512б.

2. Арриан // Тарих – адамзат ақыл- ойының қазынасы. Он томдық. Он томдық. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. 2-т. – Астана Астана: «Фолиант», 2005. – 288-318бб.

3. Аммиан Марцелин// Тарих – адамзат ақыл- ойының қазынасы. Он томдық. Он томдық. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. 2-т. – Астана Астана: «Фолиант», 2005. – 257-287бб.

4. Приск Панийский. Византия тарихы және Аттиланьң іс-қимылдары // Тарих – адамзат ақыл- ойының қазынасы. Он томдық. Он томдық. Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. 2-т. – Астана Астана: «Фолиант», 2005. – 236-256бб.

### **МЫРЗАБЕКОВ М.С.,**

т.ғ.к., доцент, Халықаралық қатынастар факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## **ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ**

Орталық Азияның бес мемлекеті – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан өздерінің мемлекеттік егемендіктерін алған сәттен бастап Қытай Халық Республикасымен кең көлемде ынтымақтастықты іске асыра бастады. 1992 жылдан осы кезге дейін Орталық Азия елдері мен ҚХР арасында инвестициялар және сауда ынтымақтастығы жөнінде үкіметаралық бірқатар келісімдерге қол қойылды.

Әлемдегі ең тығыз қоныстанған мемлекет ретіндегі Қытайдың ресурстық қорлары мейлінше шектеулі екендігі белгілі. Ал өз кезегінде Орталық Азия аймағы ресурстар мен пайдалы қазбаларға аса бай. Орталық Азияның аталған ресурстарын пайдалану Қытай Халық Республикасына өзінің ресурстарға деген ішкі тапшылығын өтеуге мүмкіндік бере отырып, бұл елдің экономикалық дамуына серпін береді. Бұл үшін Қытайға барлық факторлар қолайлы әсер етуде. Бірінші фактор ол – Қытайдың Орталық Азиямен көрші орналасуы, екінші фактор – Қытайдың инвестицияларының оңай қол жетімділігі. Осыған байланысты Орталық Азия мемлекеттері мен Қытай арасында инвестициялар мәселесінде толық түсіністік бар. Мысалы, Орталық Азия мемлекеттері арзан әрі талаптары ауыр емес инвестицияларға мүдделі болса, Қытай үшін аталған аймаққа инвестициялар салудың геосаяси және экономикалық тиімділіктері бар. Сонымен бір мезетте Қытай Халық Республикасы аймақ

елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыта және өз үкіметінің «шетелге шығу» стратегиясын жүзеге асыра отырып, тікелей инвестициялардың көлемін арттырып келеді. Шанхай ынтымақтастығы ұйымының (ШЫҰ) құрылуы Қытай үшін Орталық Азия аймағына инвестициялар орналастырудың жаңа тиімді мүмкіндіктерін қалыптастырды. Бұл өз кезегінде Орталық Азияның Қытай инвестициясы үшін «қызу» аймаққа айналуына түрткі болды [1]. Мысалы, 1992 жылдан осы күнге шейін Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің мұнай-газ, көлік, телекоммуникация, ауылшаруашылығы, химия өндірісі, теміржол локомотиві салалары мен қалалық инқұрылымына 4 млрд. доллардан астам қаржы жұмсады [2].

Қытайдың Орталық Азия елдерімен жемісті ынтымақтастығына қарамастан, бұл ел бірқатар күрделі проблемаларға кезігуде. Бұның басты себебі, АҚШ, Еуропа Одағы, Ресей, Араб елдері, Түркия, Жапония, Иран, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттер үшін Орталық Азия стратегиялық маңызды аймақ болып табылатындығында. Осыған байланысты Қытай жоғарыда аталған қуатты мемлекеттермен бәсекеге түсіп, Орталық Азияда өзінің мүдделерін қорғауға мәжбүр болуда.

Қытай үшін Орталық Азияда мемлекеттерінде пайда болған жағымсыз проблема – 90-шы жылдары қалыптасқан бұл елдің (Қытайдың) негативті кейіпі. Бұндай кейіптің пайда болуына 90-шы жылдары Қытайдан Орталық Азия елдеріне әкелінген арзан, бірақ сапасы төмен тауарларға байланысты болды. Бұл өз кезегінде Орталық Азия елдері инвестициялық әріптестерді іздестіргенде бастапқыда Қытайдан бойларын аулақ салуына себеп болды.

Орталық Азия елдерінің бастапқыда Қытайға сенімсіздік білдіруіне әсер еткен жайттың бірі – ол қытайлық мемлекеттік және жеке компаниялардың американдық және еуропалық компаниялармен салыстырғанда инвестиция көлемі, технология мен кәсібилігі жоғары мамандардың деңгейі бойынша артта қалуына байланысты еді. Шындығында ол кезде Қытайдың технологиялық даму деңгейі төмен болды. Бұдан өзге қытайлық инвестициялардың арасында қысқа мерзімді инвестициялар басым болды. Ал ұзақ мерзімге есептелген бірлескен жобалар жоқтың қасы еді. Ең бастысы қытайлық инвесторлар көбіне көпке онша танымал емес болды және бұл елдің брендтік компаниялары өте аз болды. [3].

2000-шы жылдардың бас кезі Орталық Азияға Қытайдың тікелей инвестицияларының алғашқы легінің келе бастаған уақыты болды. Осы кездегі Қытайдың Орталық Азияның Қазақстан, Қырғызстан және Түрікменстан сияқты мемлекеттеріндегі инвестицияларының үлесі Қазақстанда – 61,26%, Қырғызстанда – 16,61%, Түрікменстанда – 10,49%-ды құрады. Бұл долларға шаққанда небәрі 2,62 млрд. АҚШ долларын құрады. Қытайдың Өзбекстан мен Тәжікстандағы тура инвестицияларының көлемі мардымсыз болды [4].

жыл	Қазақст ан	Түрікменста н	Өзбекстан	Тәжікст ан	Қырғызст ан	Орталық Азия
2003	2.94	--	0.72	--	2.44	6.10
2004	2.31	--	1.08	4.99	5.33	13.71
2005	94.93	--	0.09	0.77	13.74	109.53
2006	46.00	0.04	1.07	6.98	27.64	81.65
2007	279.92	1.26	13.15	67.93	14.99	377.25
2008	496.43	86.71	39.37	26.58	7.06	656.15
2009	66.81	119.68	4.93	16.67	136.91	345.00
2010	36.06	450.51	4.63	15.42	82.47	579.83
2011	581.60	383.04	88.25	22.10	145.07	453.98
Барл ығы	1 607.0 0	275.08	144.03	161.44	435.65	2 623.20
%	61.26 %	10.49 %	5.49 %	6.15 %	16.61 %	100 %

(1-Кестеден Қытайдың Орталық Азияға салған тура инвестицияларының ағынын көруге болады. (млн. АҚШ долларымен)

2011 жылдың аяғына таман қытайлық тікелей инвестицияның басты көлемі 70,87 %-ды құрап Қазақстанға тиесілі болса, Қырғызстандағы қытайлық инвестиция соңғы үш жылда яғни, 2011-2014 жылдар аралығында күрт артып, 13,02% құрап отыр. Ал Орталық Азияның өзге мемлекеттеріндегі Қытай инвестициясының көлемі өте төмен, әсіресе Қытайдың осы жылы Орталық Азия елдеріне салған инвестициясының небәрі 3,88%-ын иемденетін Өзбекстан ең соңғы орында тұр. Бұл Қытайдың Орталық Азия елдеріне тікелей инвестиция салудағы саясатының таңдамалы сипатын көрсетеді [5].



жыл	Қазақстан	Түрікменстан	Өзбекстан	Тәжікстан	Қырғызстан	Орталық Азия
2003	19.71	0.20	3.27	5.12	15.79	44.09
2004	24.78	0.20	4.23	21.54	19.26	70.01
2005	245.24	0.20	11.98	22.79	45.06	325.27
2006	276.24	0.16	14.97	30.28	124.76	446.41
2007	609.93	1.42	30.82	98.99	139.75	880.91
2008	1 402.30	88.13	77.64	227.17	146.81	1 942.05
2009	1 516.21	119.68	4.93	16.67	136.91	345.00
2010	36.06	450.51	4.63	15.42	82.47	579.83
2011	581.60	383.04	88.25	22.10	145.07	453.98
Барлығы	1 607.00	275.08	144.03	161.44	435.65	2 623.20
%	61.26 %	10.49 %	5.49 %	6.15 %	16.61 %	100 %

(Қытай Халық Республикасының Орталық Азия елдеріне салған тікелей инвестициясының көлемі. (млн. АҚШ долларымен )

*Қытайдың Орталық Азия елдеріндегі сала бойынша инвестициялары.* Қазақстандағы қытайлық инвестициялар негізінен энергетика саласында басымдылық танытуда. Бұл саладағы қытай инвестицияның белсенділік танытуына Қазақстандағы барланған мұнай қорының көп мөлшерде болуы әсер етуде. Мысалы, ВР мәліметіне сәйкес Қазақстанда барланған әрі дәлелденген мұнай қоры 39,6 млрд барелльді немесе 6,5 млрд тоннаны құрап, әлемдегі мұнай қорының 3,2 % иемденеді. Бұдан өзге елімізде өзге де пайдалы қазбалардың қоры жетерлік. Соңғы кезде ҚХР Қазақстанның уран өндіру саласына белсенді араласуға тырысуда. Сонда да болса, ҚХР-ның Қазақстандағы тікелей инвестициясының басты саласы мұнай қорын барлау, өндіру және май құю бекеттері торабын дамыту, телекоммуникация, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу, тері илеу, қоғамдық тамақтандыру т.б. салаларда басымдылық танытуда. ҚХР-ның Қазақстанның мұнай саласындағы басты жобалары Ақтөбемұнайгаз, Қаражамбасмұнайгаз, «Петро Қазақстан» мұнай компаниясы, Каспий бассейні орталық бөлігінің шығыс аумағында мұнай қорын барлау екендігі белгілі. Сонымен қатар бұл елдің Қазақстандағы тікелей инвестициялық жобалары Павлодар алюминий зауыты, темір жол салу, уран кеніштерін игеру, Мойнақ СЭС, қазақ-қытай мұнай құбыры, қазақ-қытай газ құбыры, Қазақстан-Қытай шекарасындағы «Қорғас» халықаралық шекара маңы сауда орталығы болып табылады.

Қырғызстандағы қытайлық инвестициялар негізінен жеңіл және тамақ өнеркәсібіне, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру, минералды-шикізат ресурстарын игеру, металлургия мен құрылыс мердігерлігі, байланыс пен транспорттық тасымалдау, жылжымайтын мүлік салаларын дамытуға бағытталған. ҚХР-ның Қырғызстандағы ірі инвестициялық жобалары қырғызстан-қытай шекара маңы аумағында орналасқан автожол бөлігін жөндеу, Қырғызстанның Алай алқабында мұнай қорын барлау және өндіру, сондай-ақ, пайдалы қазбаларды (темір рудасы, қалайы, алтын кеніштері) барлау мен өндіру болып табылады.

Қытайдың Түрікменстандағы инвестициялары негізінен энергия ресурстарын, байланыс құралдарын, химия өндірісін, темір жол қатынасын, жібек өнеркәсібі саласын дамытуға бағытталған. ҚХР-ның Түрікменстандағы инвестициялары арқасында мейлінше ірі жобалар жемісті жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Түрікменстан, Өзбекстан, Қазақстан территориялары Қытайға тартылатын газқұбыры болып табылады. Аталмыш газқұбырының Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстан арқылы өтетін бөлігі 1900 шақырым, ал Қытай арқылы өтетін бөлігі 4500 шақырымды құрап Еуразиядағы осы күнгі ең ірі энергия магистралы болып отыр. Аталған жобаның жалпы құны 6,5 млрд АҚШ долларын құрайды. Бұл газ құбырының жобалық қуаты жылына – 40 млрд. м<sup>3</sup>.

Қытайдың Өзбекстандағы инвестициялары негізінен мұнай көздерін барлау және мұнай өндіру, мұнай өндіретін құрал-жабдықтарды жеткізу, СЭС құрылысын салу, машина жасау саласын электроникамен қамтамасыз ету, химия зауыттары, байланыс нысандары құрылысын салу, ауылшаруашылығын суландыру, жерді агроәдени өңдеу, қалалық нысандарды салу және жөндеу салаларына бағытталған. Қытайдың Өзбекстандағы басты жобасы өзбек-қытай газқұбыры, Шыңжаңдық «Тухта» мұнайбұрғылау компаниясының мұнай ұңғымаларын бұрғылау және оларды жөндеу, Өзбекстанның Наманған облысында орналасқан Мыңбұлақ ірі мұнай кенішінің мұнайын өндіру, Қытайдың мемлекеттік корпорациясы СПІС пайдаланып отырған Қоңырат сода зауытының өндірістік қуатын жетілдіру, Декханаб калий тыңайтқыш зауытын қайта құрылымдау, газқұбырлары үшін газ сақтайтын және компрессор бекеттерін салу болып табылады.

Тәжікстандағы ҚХР инвестициялары негізінен телекоммуникация, текстиль өнеркәсібі, ауылшаруашылығы, электр желілері мен электр реттеу бекеттерін салу, жол-көлік салаларын дамытуға бағытталып отыр. Дегенмен, Қытайдың Тәжікстандағы маңызды инвестициялық жобалары ретінде Душанбе-Чайник-Худжанд автомагистралын салу және оны жөндеу, кернеулігі жоғары өткізімділігі 500 кВ болатын «Оңтүстік-Солтүстік» және Лолазол-Хатлон электр желісін тарту,

Душанбе-Куляб автожолындағы «Шар-Шар» тоннелін салу, Тәжікстан мен Қырғызстан шекара маңы аумағындағы автотрасса салуды қайта құрылымдау, ірі кеніштер қатарына жататын «Зарнисори Шимоли» (Солтүстік Алтын-топқан) қорғасын-мырыш кенішін дамытуды атауға болады [6].

Орталық Азия елдерінің даму деңгейінің әрқелкі болуына байланысты ҚХР-ның аталмыш аймақтағы инвестицияларын орналастыру әдісі де сан алуан болып келеді. Мысалы, Қазақстандағы қытай инвестициялары негізінен тікелей инвестициялар болып табылады. Ал Өзбекстандағы қытайлық инвестициялардың басым бөлігін ҚХР үкіметі бөлген мемлекеттік несиелер мен қарыздар құрайды. Қытайдың Өзбекстандағы тікелей инвестициялары Қазақстан және Қырғызстанмен салыстырғанда анағұрлым аз.

Қырғызстандағы Қытай инвестицияларының басым бөлігін тікелей инвестициялар мен ҚХР үкіметінің осы елге берген қайтарымсыз көмегі құрайды. 2001 жылдан бері Қытай Қырғызстанға қайтарымсыз көмек ретінде (Қытай үкіметінің ШЫҰ ауқымында әріптес-елдерге берген жеңілдік несиелерін есептегенде) 200 млн. юань көлемінде қаржылай көмек көрсетті.

Қытайдың Тәжікстандағы инвестицияларының басым бөлігін әртүрлі қаржылай көмек құрайды. Дипломатиялық қатынастар орнаған сәттен бастап, Қытай үкіметі Тәжікстанға 404 млн. юань көлемінде (Қытай үкіметінің ШЫҰ ауқымында әріптес-елдерге берген жеңілдік несиелерін есептегенде) қаржылай көмек көрсетті [7].

Қазіргі кезде Қытай үкіметі өзінің «шетелдерге шығу» стратегиясын іске асыруда Орталық Азия аймағы елдеріне инвестициялар салуды жандандыруда. Осы міндетті жүзеге асыруда Қытай үкіметі келесідей тәсілдерді қолданды.

Біріншіден, ұзақ мерзімді сауда келісімдер арқылы Орталық Азияның ірі сауда әріптесіне айналды. Сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің энергия компанияларымен бірлесе отырып, үлескерлік қатысу жолымен аймақтың энергиялық ресурстарын игеруге атсалысуда. Бұл өз кезегінде ҚХР-на энергия жеткізу жолдарын диверсификациялауға, тұрақтандыруға мүмкіндік беруде.

Екіншіден, Қытай Орталық Азия елдерінде қамсыздандыру мекемелерінің рөлін күшейту арқылы аймақтағы қытайлық кәсіпорындарды тәуекелден қорғау механизмдерін жетілдіре түсуде.

Үшіншіден, Қытай үкіметі барлық деңгейде экономика мен технологиялардың интеграциялануына жағдай жасай отырып, Шыңжанның Орталық Азиядағы инвестицияларының үстем жағдайды иемденуіне жол ашып отыр. Шыңжанның Орталық Азиядағы тікелей инвестициялары геосаяси және географиялық артықшылықтарды иеленуде. Атап айтқанда, Шыңжанның Орталық Азиядағы тікелей инвестициялары ресурстық база ретінде аймақтың мұнайхимия, металлургия, энергетика және өзге де заманауи ауыр өндіріс салаларын дамытуда белсенділік танытуда.

Төртіншіден, Қытай мекемелері технологияларды белсенді түрде экспорттауға тырысуда. Бұл Орталық Азия елдері тарапынан Қытаймен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты нығайтуға деген құлшыныстың артуына әкеп соғуда. Мысалы, салыстырмалы түрде қуатты экономикасы бар Қазақстан Қытаймен технология саласында әріптестікті дамытуға мүдделі болып отыр. Осыған байланысты Қазақстанның Қытай компанияларымен бірлесе отырып, немесе бірлескен техникалық зерттеулер жүргізу арқылы Қытайдан технологиялар мен инвестициялар тартуға қызығушылық білдіруде. Ал Орталық Азияның өзге мемлекеттері де қытайлық капитал мен технологияны қажетсінуде. Мысалы, Қырғызстанның әлсіз экономикасы қытайлық капитал мен технологиялар арқылы өзінің даму үдерісіне импульс беруге мүдделі. Өз кезегінде Тәжікстанның ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы, Өзбекстанның өсімдік пен мал өсіру, азықтық жем, ауылшаруашылығы техникасын жасау салалары қытайлық технологияларды керек етуде. Түрікменстан ауылшаруашылығы саласында қытайлық су үнемдеу мен күн энергиясын өндіру технологиясын игеруге аса мүдделі болып отыр [8].

Орталық Азияның барлық мемлекеттері қытайлық кәсіпорындармен ынтымақтастық байланыстар орнатуға барынша қызығушылық білдіруде. Сәйкесінше қытайлық кәсіпорындар да Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарында технологиялық құрам мен инвестициялар орналастыру саласында мүдделі екендіктерін баса көрсетуде.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, келесідей тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, Орталық Азия ҚХР-ның экономикалық мүдделеріндегі басты нысан болып табылады және Қытайдың аталған аймақтағы экономикалық қатысуының деңгейі мен көлемі ұлғая береді. Екіншіден, бастапқы кезеңде Қытайдың осы аймақтағы экономикалық мүдделері сауда саласын қамтыған болса, қазіргі кезеңде бұл елдің (Қытайдың) Орталық Азия елдеріндегі экономикалық мүддесінде жетекші орынды мұнай-газ және оны тасымалдау салалары алады. Сонымен бір мезгілде Қытай Орталық Азия елдерінде инвестициялық-жоба қызметін белсендіре түсуде. 2008 жылдан бері Қытайдың Орталық Азия аймағы елдері экономикасы салаларында диверсификациялау үдерісін мықтап қолға алуда.

Бұдан өзге Қытайдың аймақ елдері экономикасында алға қойған мақсаттары осыған сәйкес инфрақұрылымдарды, яғни, транспорттық және логистикалық қызметті дамытуға жол ашып отыр. Бұл өз кезегінде, ұзақ мерзімді жоспарда Орталық Азия аймағының жекелеген елдерімен сауданы ұлғайтуға және сауданың географиялық диверсификациялануына жағдай қалыптастыра отырып, ҚХР-ның «шетелдерге шығу» стратегиясының табысты іске асырылуына жағдай жасайды.

1. Wang Haiyan. Regional Economic Cooperation in Central Asia under the Framework of Shanghai Cooperation Organization. Journal of Xinjiang Normal University (Social Sciences). №2. June, 2008. P. 77.
2. Цинь Фанмин. Региональное экономическое сотрудничество стран ЦА и Китая с инвестиционной точки зрения. Журнал «Исследование и развитие». 2012, № 2. С. 3.
3. Duan Xiu-fang. China's Choice of Direct Investment Position and Industry in Central Asia Countries. International Economics and Trade Research. Vol. 26 № 5, may, 2010. P. 59.
4. Wang Xiaofeng, Wang Linbin. An Exploration of the Laws and Its Risks Faced by China's Direct Investment in Central Asia. Journal of Jiangxi University of Finance and Economics. № 1, serial № 85. 2013. P. 106.
5. Ежегодный статистический бюллетень о прямых зарубежных инвестициях Китая, 2011.
6. Xu Yun-xia. On Xinjiang's Direct Investment in Central Asia. China Opening Herald. № 3, June, 2010. P.16-17.
7. Yu Shuyi. On the relation between China-Central-Asian trade and economic cooperation and China's geo-economic security. Journal of Xinjiang Normal University (Social Sciences). № 4. July, 2011. P. 39.
8. Wang Xiaofeng, Wang Linbin. An Exploration of the Laws and Its Risks Faced by China's Direct Investment in Central Asia. Journal of Jiangxi University of Finance and Economics. № 1, serial № 85. 2013. P.115.

#### **ҚАРТАБАЕВА Е.Т.**

дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к.,  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

#### **МҰСЫЛМАНДЫҚ РЕНЕССАНС ЖӘНЕ ТҮРКІ-ИСЛАМ СИНТЕЗІ**

Әлемдік мәдениет тарихының жарқын беттерінің бірі араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуі немесе шығыстану ғылымында «Мұсылмандық Ренессанс» деген атауға ие болған дәуір болып табылады.

Ғалымдардың Шығыстық немесе Мұсылмандық Ренессанс жөнінде сөз ете бастағанына көп болған жоқ. Алғаш рет бұл терминді ғылымға енгізген швейцарлық тарихшы Адам Мец еді [1]. Ол Халифат дәуіріндегі Шығыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуын аса кең фактологиялық материалдар негізінде талдай отырып, бұл дәуірде орта ғасырлардың аяғында Еуропа елдерінде болған ренессанстық құбылыстарға ұқсас тарихи жағдайлардың орын алғандығын көрсете отырып, мұсылмандық Шығыстың осы дәуірін, сәйкесінше «Мұсылмандық Ренессанс» деп атады. Оның «Мұсылмандық Ренессанс» атты еңбегі пайдаланған деректерінің барынша молдығымен құнды болып табылады.

«Мұсылмандық Ренессанс» терминінің ғылыми айналымға енуі өз кезінде ғылыми ортада көп дау-таластар туғызған болатын. Бірқатар еуроцентристік ғалымдар Шығыс пен Батыс тарихының ерекшеліктерін көрсете отырып, аталмыш терминге қарсы шықты. Алайда соңғы нәтижеде, беделді шығыстанушылардың қолдауымен термин ғылымда орныққан болатын. Атап айтқанда, академик Н.И.Конрад «Қайта Өрлеу Еуропаға ғана тән процесс емес, ол халықтардың тарихи дамуының белгілі бір сәтінде міндетті түрде орын алатын тарихи процестің жалпы заңдылығының көрінісі болып табылады», – деп атап көрсеткен болатын. Әлемдік тарих көрсеткеніндей Ренессанс дәуірі «ұзаққа созылған үздіксіз дамыған және біздің күнімізде де жалғасын тауып отырған тарихи өмірі мен мәдениеті бар халықтарда пайда болып отырған» [2]. Мәдени феномен ретінде Мұсылмандық Ренессанс тек XX ғ. екінші жартысынан бастап шынайы ғылыми ізденістердің нысанасына айнала бастады. XII-XIII ғғ. грузиндерде ренессанстық құбылыстар болғаны жөнінде «Руставели және Шығыстық Ренессанс» еңбегінің авторы Ш.Нудцибидзе жазды [3]. 1963 жылы В. Чалоян «Армян Ренессансы» [4] атты еңбегінде осындай дәуірдің өз елінің тарихында да болғанын көрсетті. 60-жылдары В. Жирмунскийдің «Әлішер Навои және Шығыс әдебиетіндегі Ренессанс» деген және И.Фильштинскийдің «Араб классикалық әдебиеті» мақалалары жарық көрді. Қиыр Шығыс елдеріндегі ренессанстық құбылыстар туралы Н.Конрад жазды. Қазіргі таңда аталмыш мәселе бойынша көптеген іргелі еңбектер жарық көріп, оларда мұсылмандық Ренессанстың Еуропадағы осы аттас дәуірден бірнеше ғасыр ерте орын алғандығы және көбіне оның еуропалық Ренессансқа алғышарттар дайындағандығы мойындалды [2].

Әрине, аталған мәселенің зерттелу деңгейі қанағаттанарлық дей алмаймыз. Алайда мәселені зерттеген барлық авторларға тән ортақ нәрсе – Ренессанс терминін жай ғана әдебиет пен өнердің

ерекше гүлдену дәуіріне қатысты емес, бұл терминді белгілі бір тарихи дәуірге байланысты қолдануы.

Ренессанс дәуірінің тарихи мазмұнын осы құбылыс белгілі дәрежеде қамтыған елдердегі рухани дамуды салыстыру арқылы зерттеуге болады. Мұсылмандық Ренессанстың (араб мәдениетінің) кеңістіктік-географиялық межелері Андалузиядан, Таяу және Орта Шығысты, Орта Азияны және осы аймақтың перифериясы болып табылатын, Н.Конрадтың бейнелеп айтуы бойынша «шағылысты» Ренессанс әрекет еткен Орталық Азияны қамти отырып Үндістанға дейін созылды.

Осы дәуірде ислам таралып, рухани мәдениет барынша гүлденді. «Пассионарлық» жарылыс болып, ғылым мен мәдениет алыптары дүниеге келді. Дәл осы дәуірде ислам аталған аймақта өркениеттендіруші, біріктіруші роль атқарды.

Мұсылман мәдениетінің тарихында ең прогрессивті кезең болып есептелген 4-5 ғасыр ішінде мың ғалымның қызмет еткені жөніндегі деректер бар. 500 жылда мың адам, яғни жыл сайын «араб» әлемінде, орташа есеппен екі ғалым пайда болып тұрғанын көрсететін бұл сан біздің заманымыздың деңгейінен қарағанда түкке тұрғысыз болып көрінуі мүмкін. Алайда, ғалымдардың шоғырлануы барынша қарқынды болған дәуірлер де болды. Мысалы, IX-XI ғасырлар. Ғалымдар мұсылман елдерінің барлық аймақтарынан шығып отырды, негізінен олар билеушілердің сарайларында бас қосып, кездесе отырып бір-бірімен тәжірибе алмасты, біріне бірі ықпал етіп отырды. Оларды ішкі және сыртқы біртұтастық біріктірді. Бұл біртұтастықтың негізінде ислам мен араб тілі және ортақ қоғамдық-экономикалық база жатты. Әрине, бұл мәдениеттің жасалуына тек ортақ әдеби тілмен және дінмен қамтамасыз етілген халықтар арасындағы өзара түсіністік немесе халифат ішінде еркін жүріп-тұру қауіпсіздігі ғана ықпал еткен жоқ. Ең бастысы, мұндай мәдениеттің жасалуы үшін эллиндік дәуір әзірлеген негіз бар еді. Жаңа мәдени біртұтастық, белгілі дәрежеде, әрине, мүлдем жаңа жағдайларда, эллинизм дәстүрлерін жалғастырды.

IX-X ғғ. межесінен бастап мұсылмандық мәдени өрлеудің ірі өкілдері ғылым, әдебиет пен өнер саласында бүтіндей бір шығармашылық дүмпу туғызған болатын. Әсіресе, бұл мәдениеттің ғылыми жетістіктері үлкен маңызға ие болды. Мұсылмандық мәдениетке тән басқа халықтардың дәстүрлері мен мәдениетіне қатысты толеранттылық пен кең көзқарастардың арқасында эллинизм мұрасы және бұрын Жерорта теңізі елдеріне беймәлім болған үнді ғылымының жетістіктері игеріліп, халифат ғұламалары өз еңбектерінде осы екі ұлы мәдениетті ұштастыра алды. Осы негізде әр түрлі халықтардан шыққан ғалымдардың біріккен күш-жігерімен IX-X ғғ. математиканың жаңа бөлімдері (алгебра мен тригонометрия) жасалып, астрономия, химия, медицина және философия айтарлықтай дамытылды. Сонымен бірге, анағұрлым тар, ұлттың маңызға ие гуманитарлық ғылым салалары да (тіл, әдебиет, тарих және т.б.) барынша дамытылған болатын.

Сонымен, XI ғ. екінші жартысына дейін араб тіліндегі ғылым әлемдік мәдениеттің ең алдыңғы қатарында тұрды, бірақ осыдан кейін оның дамуы күрт баяулап кетеді. Уақыт жағынан бұл Еуропаның экономикалық көтерілуімен және крест жорықтарымен сәйкес келді. Алайда тап осы кезде, арабтарды Сицилия мен Испанияның айтарлықтай бөлігінен қуып шыға отырып, Еуропа араб-мұсылман әлемін ығыстырған кезде араб ғылымы Испания арқылы, бұл жоғары дамыған мәдениетті қабылдауға енді ғана дайын болған Батыс Еуропаны жаулап алды. Еуропа тарихында «мүлгіген дәуір» болған орта ғасырлар мен Өркендеу (Ренессанс) дәуірі арасында «ұлы аудармашылық дәуірі» жатты, дәл осы дәуірде еуропалықтар мұсылман ғұламаларының шығармаларын оқып, білім жинақтай отырып жаңа заманға секіріс жасады. Араб-мұсылман мәдениетінің еуропалықтарға ықпалының айтарлықтай болғандығын, және еуропалық ғылыми дүниетанымның қалыптасуының өзі осы мәдениеттің ықпалымен іске асқандығын еуропалық шығыстанушылардың өзі мойындап отыр.

ҮІІІ ғ. аяғынан бастап Орта Азия, Еділ бойы, Закавказье және Қазақстанның түркі тілдес, түркі тектес халықтары да мұсылман өркениетінің мәдени ареалына тартыла бастайды. Орта ғасырлар дәуірінде Орталық Азия халықтарының ислам дінін қабылдауы, жаңа діни доктринаны, мифологиялық сана мен дүниетанымды игеруі, араб графикасын меңгеруі, мұсылмандық әдебиет дәстүрлерімен танысуы, мұсылман елдерімен кең мәдени байланыстар орнатуы түркілердің бүкіл дәстүрлі мәдениетінің, ойлау жүйесінің, әдет-ғұрыптарының бірте-бірте өзгеруіне айтарлықтай ықпал етті. Сонымен бірге тәңіршілдік дінінің реликтілерінің сақталуы, уақыт өте келе исламның жергілікті діни дәстүрлерімен араласуының негізіндегі синкретті нұсқаларына алып келді. Осылайша, Орталық Азияда халықтық діннің өзіндік нұсқасы – сопылық қалыптасты.

Мұсылман әлемінің басқа аймақтары сияқты, Орталық Азияның түркілері де Мұсылмандық Ренессанс үдерісіне тартылды. Аймақтан аты бүкіл мұсылмандық әлемге ғана емес, ортағасырлық Еуропаға да танымал болған «Қайта Өрлеу алыптары» – әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Йүгінеки және т.б. шықты. Алайда ғылымда түркі халықтары арасындағы Мұсылмандық Ренессанс мәселесін арнайы қарастырушы зерттеулер өте аз, там-тұмдап қана кездеседі. Бар еңбектердің өзінде түркі халықтарының мұсылмандық өркениетке тартылуының

теориялық-методологиялық мәселелері қарастырылмайды. Сондықтан да аталмыш мәселені азды-көпті қарастырған барлық зерттеушілер Н.Конрад ұсынған «шағылысты ренессанс» концепциясын ешқандай қарсылықсыз қабылдайды. Бұл концепцияның мәні ренессанстық құбылыстар тек өз антикалық дәуірі, яғни дамыған ежелгі қоғамы бар халықтарда ғана орын алды дегенге саяды. Ал тарихи дамудың үлкен жолына енді ғана түскен жас халықтарда, айтарлықтай «ерте өркениеті» болмаған халықтарда ренессанс көршілес халықтардың дамыған мәдениетінің ықпалымен ғана қалыптасады, яғни «артта қалған» халықтарда тек «шағылысты ренессанс» қана орын алады.

Алайда біз неге Орталық Азияны мекендеген түркі халықтарында дамыған ерте қоғамның, ежелгі өркениеттің болғанын жоққа шығаруымыз керек. Түркітану және номодология ғылымдарының соңғы жетістіктері, түркілер Орталық Азияның автохтонды халқы, және олар ежелден осы аймақты мекендеген сақ, үйсін, ғұн тайпаларының негізінде қалыптасқан этнос екендігін көрсетіп отыр [5, 10]. Ал бұл халықтар өз кезінде қуатты мемлекеттік бірлестіктер құрып, ежелгі дәуірдегі отырықшы аудандардың әлеуметтік-саяси және мәдени дамуына айтарлықтай ықпал етіп отырғандығы мәлім. Орта ғасырлық түркілердің өзі де Орталық Азия жерінде Ұлы Түрік қағандығы, Түргеш, Қарлұқ және Қарахан қағандығы сияқты қуатты мемлекеттер құрып, олар да өз кезінде орнықты ішкі және сыртқы саясатымен, сондай-ақ империялық ұмтылыстарымен белгілі болды. Ал мемлекеттіліктің болуы дамыған мәдениет пен өркениеттің белгісі болып табылады. Ұлы дала көшпелілері өзін қоршаған эокөшпенділікпен үйлесімді өмір салтын құрып, бақи мен фәни туралы ой-жосық қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге олар орнықты әлеуметтік-саяси институттар да қалыптастыра алды. Мұның өзі өмір ағымында шыңдала келе Ұлы дала төсінде іргелі мемлекеттердің бой көтеруіне себепші болды.

Сонымен, Орталық Азияның көшпелі халықтары жасаған өркениетке қатысты жаңа көзқарастарды қалыптастыратын уақыт жетті, яғни көшпелілер өзіндік толыққанды өркениет қалыптастырғандығын, бұл өркениеттің отырықшы халықтар өркениетінен ешқандай да кем түспейтіндігін, көшпелілердің әлемдік өркениет дамуына қомақты үлес қосқандығын сол халықтардың бүгінгі ұрпақтары – өзіміз мойындап, басқа халықтарға да мойындататын уақыт жетті. Көшпелі халықтардың, атап айтқанда түркі, монғол халықтарының әлемдік өркениеттегі орнына қатысты еуроцентристік ғылымда қалыптасқан «қара аңызды» жою бағытында атқарылар жұмыстар әлі де алда болып отыр.

Бұл мәселені теориялық жағынан негіздейтін болсақ, мәдениеттердің шын мәнісіндегі өзара ықпалдастығы іске асуы үшін байланысқа түсіп отырған мәдениеттерде тиісті қоғамдардың әлеуметтік-мәдени даму дәрежесімен және типтерімен анықталатын объективті алғы шарттар пісіп жетілуі керек. Орталық Азия араб халифатының шеткері аймағы бола отырып, оның орталығы берген мәдени азықты жай ғана қабылдап отырған бір артта қалған аймақ болды деп санау шындыққа жанаспайды. Жоғары мәдениетті белсенді түрде қабылдап, игеріп, оны ары қарай жасампаздықпен дамыту үшін Орталық Азия халықтарының да берік тарихи іргетасы болуы, мәдени дамудың жоғары сатысында тұруы шарт. Дәл осы, арабтар келгенге дейін-ақ өздерінің дамыған мәдени дәстүрлерінің болуы Орталық Азия мәдениетінің араб дәуірінде ерекше гүлденуіне негіз болды. Басқаша жағдайда жоғары дамыған мәдениет ұрығының Орталық Азия топырағында өніп шығып, гүлденуі мүмкін емес еді. Оның үстіне Орталық Азияның араб жаулаушылығынан тыс болғанын ескеру керек: VIII ғасырда басталған арабтардың Мәуереннаһрды жаулаушылығы Сырдариядан ары қарай аспады. Оңтүстік Қазақстанның да, Жетісудың да қалалары араб жаулаушылығының объектісі болмағандығын көпшілік ғалымдар мойындайды. Араб мәдениеті және ислам діні түріктер арасында «бейбіт жолмен» – негізінен, сауда жолдары арқылы және миссионерлердің, соның ішінде ең алдымен, сопылардың уағыздары арқылы тарады. Бұл жағдайдың өзі түркілердің араб мәдениетін еш күштеусіз-ақ қабылдауға дайын болғанын дәлелдейді. Орталық Азия топырағынан шыққан ұлы ғұламалар өздерінің теңдесіз туындылары арқылы өз уақытының интеллектуалдық дәрежесімен салыстарғанда аса жоғары деңгейге көтерілгені даусыз. Алайда мұның өзі бұл ғұламалардың өз халқының бұған дейін жинақталған мәдени жетістіктерін өз бойына сіңіріп, ары қарай дамуына сырттан жаңа бір серпін алғанынан деп ұғыну керек. «Ұлы идеялар ешқашан жоқтан пайда болмайды, ол тек оны жасаушылардың көкірек-көзін Құдай оятқанда ғана туындайды. Мұндай идеялардың да, адамдар сияқты өз тарихы, тамыры тереңге кеткен өз шежіресі бар».

Көне түріктердің рухани әлемі – аса күрделі мәселелердің бірі. Бұл жөнінде зерттеушілер арасында бір-біріне қарама-қарсы пікірлер, түрлі көзқарастар, болжамдар аз емес. Еуропацентристік көзқарасты жақтаушылар көне түріктер ерекше діндар болмады, саудаға да бейімсіз еді. Сондықтан төл жазуының әліпбиін шығаруға құлықсыз болды, қатаң даланың жыл мезгілдерінің ығына жығылып, көшіп-қонып жүріп, табиғатқа тәуелділікке түскен көшпенділердің қоғамы – тарихы жоқ қоғам дейді. Алайда Оңтүстік Сібір мен Орталық Азияда ұзақ жылдар бойы жүргізілген археологиялық және палеографиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері көшпелілер «адамзаттың

былай суреттелген: «бір ай өтпей осы Талас, Шу маңындағы қазақтар жиналып, Бұрындықтың орнына боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге көтеріп, Қасымды хан сайлады»[6,291б]. Байқап қарасақ, бірде бір ханның таққа отыру рәсімі толық бейнеленбеген. XIX ғасырда қазақтардың жаңа хан сайлау салтанаты қазақ тарихынан мол мағлұмат жинаған зерттеушілердің бірі А.И.Левшиннің еңбегінде былай берілген: «Жасы мен тәжірибесі жағынан құрметтілері құрылтайды ашса, өжеттері жанын кіргізіп, мықтылары жиналысқа бағыт берген. Соңында барлығы бірігіп сөз таластырады, ол 2-3 оданда көп күнге созылған. Таққа үміткер көпшілік сұлтандар мен ақсүйектер хандық етуге келісім бергеннен соң хандықтың ең ықпалды сұлтандары мен билері оған құлағдар етіп, оны жұқа ақ киізге отырғызып үш рет киізді көтеріп Хан!Хан! Хан! деп дауыс шығарған. Ақ киіз дала шөбіне тие бергенде жүріп келген бір топ адам тағы көтеріп киізді жерге түсіреді. Содан соң тақ орнына пайдаланған киізді кішкентай бөліктерге бөліп, әркім осы салтанатты ханды таққа отырғызудың куәсі болғанының дәлелі ретінде өзімен бірге алып кететін» [7, 347б]. Міне осы таққа отыру рәсім сайлау қорытындысы хабарлағаннан кейін жаңадан сайлаған ханға қошемет білдіріп, дәрептеудің белгісі сияқты маңызды істер жасалады. Яғни бұл дегеніміз хан сайлау дәстүрінің тандалған ханды марапаттаудың ең шырқау шегі, биігі болып табылады. Ханды таққа отырғызу дәстүрі, билікті заңдастырудың басты бір нышаны болды.

Хан отырған тақ қандай болды деген сұраққа жауап іздеп көрдік? Кейбір қытай авторларының мағлұматы бойынша Шыңғыс ханның тағы будда моностіріндегі уағыздаушының орындығы сияқты болған және алтынмен әшекейленген. Ал Шыңғыс ханның немересі Күйіктің тағы нағыз өнер туындысы еді. Тақ биік тақтайдан жасалған алқызыл үлкен шатырдың ішінде орналасқан. Ол керемет қиылған піл сүйегінен жасалған және алтын тағы басқа қымбат тастармен безендірілген. Оған артқы жағынан дөнгелек баспалдақпен шығатын. Тақтың маңайына орындықтар қойылған. Оның сол жағындағы орындықтарда ханымдар отырып, он жақ бос қалдырылған. Ал көсемдер төменде орналасқан орындарда жайғасса, қалған адамдар олардың артында отырған [4.77б]. Бұл кермет тақ Плато Карпинидің айтуынша Козьма атты тұтқында болған орыс шеберінің қолынан шыққан көрінеді. Негізі хан тағы әрдайым ағаштан жасалып, қымбат әшекейленген аяғы бар керемет болған жоқ. Көптеген билеушілерге биікте орналасқан алтынмен кестеленіп, қымбат тастармен көмкерілген жастық тақ қызметін атқарды. Оның екі жағынан және артынан сүйену үшін домалық тығыз жастықшалар вертикальді орныластырылған. Сондықтан ортағасырлық мұсылман авторларының шығармаларында мынандай тектес сөз саптауын кездестіруге болады:«төрт жастықты таққа», «патшалық жастыққа» орналысты.т.б. Кейбір жазбаларда «походный трон» (тахт и раван) туралы да айтылып өтіледі. Ол боялған және алтын жалатылған бағаналармен балдахин тәрізді,ол ауа райына ыңғайланып ашылып жабылып тұрған.

Хандық билеудің сыртқы рәміздері аз емес. Мұнда біз олардың тарихи мысалдармен толық тізбесін беруді мақсат етіп отырған жоқпыз. Бірақ биліктің екі маңызды рәмізіне ту мен хутбаға тоқталуды жөн көрдік. Хан туы хан ордасында орнатылатын. Ортағасырлық авторлардың жазуынша, Шыңғыс ханда, Мұхаммед Шәйбани ханда да үлкен ақ ту болған. Кейбір мемлекеттердің туында суреттер, жазулар т.б бейнеленген. Мысалы, Қара койлы әулетінің басшысының туында кара қой бейнеленген, ал осыдан бұл әулеттің аты шыққан. Жалпы бір ханның өзінде тудың жоғарғы саны тоғызға дейін жеткен. Айта кетсек, Шыңғыс ханда, алғашқы қазақ хандарында 9 ту болыпты.

Сонымен қатар тоқталып кететін жайт осы билеуші топтардың әлеуметтік белгілеріне қатысты ерекшелік олардың киген киімдері мен тұрған үйлерінен де байқалған. Мысалы айтар болсақ, хандар, сұлтандар әртүрлі бояудағы бархат пен мауыттан тігілген оқалы немесе зерлі шапан және ақ түсте маталардан конус тәріздес жиегі түлкінің қара терісінен тігілген бас киімдер киген. Ханның өзі киген шапанын сыйға алу- қазақ халқында үлкен мәртебе болған. Бұрындары хандар батыр, би жақсы –жайсандарға дәреже бергенде соның белгісі ретінде арнайы тіктірткен шапан жапқан,түрлі мемлекеттік қатынастарды бекіту белгісі ретінде де шапан беретін болған. Яғни бір сөзбен айтқанда, сыртқы киіміне қарап адамдарды қандай әлеуметтік топтың өкілі екенін аңғаруға болатын. Жоғарыда аталып өткен қызыл және ақ түстер дәстүрлі қазақ қоғамындағы Шыңғыс тұқымынан шыққан қазақтардың шығу тегі жағынан артықшылығын, тектілігін көрсетіп, саяси билікті жүргізу құқығын бейнелеген. Сондықтан да олар бірін-бірі өзара толықтырып дала аристократиясының әлеуметтік белгісіне айналған. Сонымен қазақ аристократия өкілдерін сыртқы киімдеріндегі, бас киімдеріндегі тіпті сыртқы киімдеріндегі әшекейлерінің ерекшеліктеріне қарап-ақ олардың көшпенділер арасындағы ерекше әлеуметтік-құқықтық дәрежені және саяси-құқықтық артықшылықтарды иеленгендігін байқай аламыз. Міне осындай әлеуметтік топтан хан сайлау қазақ қоғамына тән дәстүрлі де, заңды құбылыс болып отырған. Сонымен Қазақ хандығы тұсында «хан сайлау» дәстүр ретінде сақталып қана қоймай, өзінің қоғамдық маңызы бар құбылыс болды. Бұл дәстүр Ресейдің отарлау саясаты кезінде жан-жақты шектеу жасалынды. Көп жағдайда қазақ қоғамы отарлау

саясатына қарсы тұруға бағытталған еркіндіктің, тәуелсіздіктің символы ретінде хан сайлау құрылтайын сақтап қалу үшін күресті.

Шыңғыс хан ұрпақтарының ұзақ жылдар бойынды Орталық Азия мемлекеттерінде билік құруындағы генеологиялық құқықпен қатар Шыңғыс хан және оның ұрпақтарына жоғарыдан берілген Алланың сыйы ретінде де сол кездегі шығармаларда дәріптелді ықпал етті. Жоғары билеушінің ислам бойынша билік жүргізу орын алды. В.П. Юдинге жүгініп, «шыңғысшылдық» деп атаған дүниеге көзқарас синкретизмін байқауға болады. «Шыңғыс ханның шыққан тегі, оның руы, ата-бабалары туралы аңыздар... адамзаттың шыққан тегі туралы мұсылмандық түсініктерге және сол арқылы дүниенің мұсылмандық көрінісіне енгізілді. Мұсылмандардың тарихи шығармаларында адам баласының шығу тарихы, әдетте, адамның жаратылуынан және пайғамбарлар тарихынан басталатын. Ол Оғыз туралы аңыздар циклімен, Шыңғыс хан руының генеологиясымен және көшпелі дүние руларының, тайпалары мен халықтарының одан кейінгі тармақтарымен толықтырылды». Осы кезеңде көшпелі қоғамда шыңғысшылдық дүниетаным дәріптелгенімен, сайып келгенде Қазақстан аумағына ислам діні өзінің үстемдігін орнатты. Қазақ даласында билік құрған Шыңғыс ұрпақтарының басым бөлігі мұсылмандықты қабылдап қана қоймай, оның орнығуына өз іс-әрекеттерін жасады. «Шыңғыс наме» авторы Өтеміс қажы Берке ханның мешіттер мен медреселер салуға себепші болғандығын атап өтіп, «Дешті уәлаяты Берке ханға қараған кезде, ол кәпірлердің көбін мұсылман қылды» деп мағлұмат береді. Тіптен бұл деректе Берке дүниеге мұсылман болып келді деп, оның Сығанақ шаһарындағы Шейх әл-алам Сәйфуддин Бахарзидің шейхқа қызмет жасағандығы туралы мәлімет айтылады. Өзбек ханның ислам дінін қабылдағаны туралы әңгіме Шыңғыс ұрпақтарының Дешті Қыпшақтағы билігі тұсында ислам діні ел ішінде кең таралуына барлық мүмкіндіктер жасалғандығын байқаймыз. Берке хан заманынан ислам дінінің орнығуы басталса, Өзбек хан мұсылмандардың нағыз қолдаушысы болды.

Исламда заң шығарамшылығы мен атқарушының арасында қайшылық жоқ. Себебі заң Алланың сөзі. Сондықтан ислам әлемінде Құран және Сунна басты құқық көзі болып табылады. Исламның әлеуметтік доктринасында мемлекеттік құрылымды Алланың бекіткен ісі ретінде қарайды. Мемлекеттегі билік шариат бойынша «Алланың әділеттілігінен» жүзеге асады. Егер билеуші шариатты бұзып жарлық шығаратын болса, оның билігіне мойынсынудан бас тартуға болады. Сондықтан билеуші әділетті, адал өмір сүруге міндетті. Исламның саяси тұжырымы бойынша билік жүргізуді халық шешпейді, бірақ шариат бойынша билеуші мен халық арасында өзара келісім жасалады. Исламның саяси доктринасындағы басты принцип бойынша билікті мұрагерлікке беруді және толығымен иеленуді жоққа шығарады (мұсылман әлемінде «билік әкеңнен қалған тон емес мұрагерлікке жүретін» деген мақал бар). Сондықтан тимуридтердің соңғы билеушісі Бабыр: «Біздің ата-бабаларымыз Шыңғыс ханның төрелігін қалтықсыз орындап отырған. Құрылтайда, тойда, тамақ ішерде, отырса да, тұрса да төреге қайшы әрекет жасамаған. Шыңғыс ханның өсиеті барлық адам орындауға тиісті Алланың сөзі емес. Кім болмасын өзінен кейін құнды өсиет қалдырса оны ұмытпау қажет. Егер әкең жақсы заң қалдырса орындау қажет, нашар заң қалдырса оны жақсысымен ауыстыру керек»- деп Ислам жолы арқылы билік жүргізді. Өзін Ислам бойынша билікке келуін дәріптеген Халил-Сұлтан, Шахрухта Алланың әмірімен билік жүргізетінін жариялады.

Ислам әлемінде «хұтба» жұма сайын және мереке күндері мешітте билеушінің атын айта отырып, оған құдайдың батасы шақырылатын дұға оқылды. Хұтба құқығы бастықыда тек халифке ғана тән болған. Мұсылмандар әлемінде билеушінің сыртқы белгісі болып есептелген, бұл құқықты IX ғасырдың екінші жартысынан бастап жергілікті мұсылман билеушілері өздері иелене басатады. Сирек жағдайда осы құтба кезінде марқұм болған мұсылман билеушілерімен қатар, сол кездегі билеушіні де ескерген, яғни оның атқарған ұлы істерін еске алды.

Дала тарихындағы билік халықтың қолдауын қажет етті. Қазақ арасындағы сақталған шығармашылыққа сүйенсек биліктің қайнар көзі ел болса оның тірегі билеуші немесе түрік дәуірінде бек-деп атап кетеді. Көшпелі қазақ қоғамындағы билікке, оның ішінде, мемлекеттік билікке көзқарас өзінің дүниетанымдық мөлдірлігімен және пәктігімен ерекшеленеді. Халық – биліктің негізгі тірегі, оның қайнар көзі. Сондықтан билік игілігі халыққа бағытталуы керек. Ондай болмаған жағдайда биліктің тұрақтап тұруы неғайбыл, оның өміршеңдігі күмәнді. «Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады» дейді қазақ. Көшпелі ежелден келе жатқан «Ханды көтеру» рәсімі биліктің басты тұғыры халық екендігін көрсететін ұғымның көрінісі. Сонымен қорыта келгенде, көшпелілердегі жоғары билік тәртібі генеологиялық принципке негізделіп және дүниетанымдық тұжырымдарға арқылы жүзеге асты.

---

1. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Алматы. 2005 ж. 63 бет.

2. «Алтын тобыч» 185 бет. Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. 2 том. Алматы, «Дайк-Пресс» 2005.

3. Плато Карпини. Путешествия в восточные страны. Алматы: Ғылым, 1993.
4. Султанов.Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз –Хана А., 2001.
5. Бикенов. А. Қазақ қоғамындағы хандар билігі.// «Қазақ тарихы» №3, 2000ж.
6. Есеберлин І. «Алмас қылыш», «Жанталас». Он томдық шығармалар жинағы. VI том. Алматы, «Жазушы», 1986.
7. Левшин. А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. Алматы: «Санат», 1996.

**ШОКАТОВА А.К., АҚЫНОВА А.П.,**

тарих, археология және этнология факультетінің PhD докторанттары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

**VII-VIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АВАР ҚАҒАНАТЫНЫҢ ІШКІ ЖАҒДАЙЫ**

Дүниежүзі тарихында VI-VIII ғасырларда Шығыс Еуропа даласына Халықтардың Ұлы қоныс аударуының әсерінен, Карпат өңірінде (қазіргі Орталық Венгрия, Трансильвания) шамамен екі жүз елу жылдай уақыт өмір сүрген аварлар мықты саяси билікті иемденген болатын. Авар (avaris avares) қағанатын құрушылар мен олардың құрамына енген тайпалар, одақтың тарихы жайында ешқандай мемуар немесе жазба ескерткіштер, құжаттар т.б. сияқты мәліметтерді қалдырмаған. Қазіргі таңда жоғалып кеткен халықтардың қатарына жатқызуға болады. Соған қарамастан, жазба деректер мен археологиялық деректерге сүйене отырып, VII-VIII ғасырлардағы Авар қағанатының ішкі жағдайын қарастыру әлем тарихының ақтаңдақ беттерін толықтыруда өте маңызды болып табылады.

Отандық тарих ғылымында Еуразия мен Еуропаның ерте дүние кезеңінен орта ғасырларға көшу дәуірінің мәселелері Қ.Т. Жұмағұловтың еңбектерінде қарастырылады. Халықтардың Ұлы қоныс аудару қозғалысын ғұн тайпа ұйымының тарихымен байланыстыра отырып, ғалым орта ғасырлар тарихының жаңа дәуірлеуін дәлелдейді. Зерттеуінде автор бірсыпыра латын, грек, неміс т.б. тіліндегі жазба деректермен бірге археологиялық, этнологиялық, лингвистикалық материалдарды кеңінен қолданып, еңбектерін қазақ, орыс, неміс тілінде шығарады [1].

Аварлар Шығыс Еуропа даласында, біздің жыл санауымыздың VI ғасырында қалыптасып, авар атты қағандық құрып, үлкен саяси одаққа айналды. Авар қағанатын құрушылар Еуропа мемлекетінің тарихына өзінше ықпал етті. Ақырында қағандық ыдырап жергілікті халықтармен ассимиляцияға ұшыраудың нәтижесінде IX ғасырда тарих сахнасынан кетеді.

VI-VIII ғасырларда Шығыс Еуропа даласына қоныс аударып барған аварлар жергілікті халықтың тек қана этникалық құрамын өзгертіп қана қоймай, олардың қоғамдық өміріне, тұрмыс салттарына, әскери тактикасына бірқатар өзгерістер енгізді. Олар ғұн дәстүрін жалғастырушы болғанымен, ғұндар сияқты ірі держава дәрежесіне жете алмады. Дегенмен де, Авар қағанаты өз заманында ірі тайпалық одақ құрып, Шығыс Еуропаның бірнеше тайпаларын өзіне бағындырып, Византия империясының ішкі және сыртқы жағдайларына өз әсерін тигізді. Аварлар славян тайпаларын өзіне тәуелді етіп, тіпті олардың бір тармағы шығыс славян – анттарды тарих сахнасынан жоғалтып жіберген деген мәліметтер Византия жылнамаларында айтылады. Аварлар әр түрлі тайпалардан құралған одақ болды. Деректер мен археологиялық мәліметтер бойынша аварлар Шығыстан яғни Орта Азиядан шыққан тайпалар. Яғни Шығыс пен Батыстың арасындағы байланыстарды жандандырушы, материалдық және рухани құндылықтарды синтездеуге әкеп соқтырушылар болды.

VI ғ. ортасында қоныс аударудың барысында түркі Авар тайпа одағы Еуразияның шығыс аймақтарынан батысқа өтіп, бұған дейін Ғұн державасының болған территориясына барып орналасады. Авар қағанатының билік түрі жайында деректер, монархиялық билік тек лангобардтарда және түркілерде, сонымен бірге аварларда болды дейді. Яғни Авар қағанатында монархиялық биліктің, әкеден балаға мұра ретінде берілгендігін байқаймыз.

Мәліметтерге қарағанда авар тайпалық одағында ерекше басқарушы рөлді «Вархонит» (Uarchonotae) тайпасы атқарған. Яғни вархониттер руынан негізінен ақсүйектер шыққан. Оларға бағынатын бірнеше тайпалар, соның ішінде гепидтерді (герман тайпасы, кезінде ғұндарға бағынышты болған), өздерінің құлдары ретінде есептеп, жиі-жиі алым жинап отырған. Алым ретінде көбінесе азық-түлік, жер шаруашылығынан шығатын өнімдердің жартысын жинаған. Мысалы, Франк қолбасшысы Сигибертті тұтқыннан босатып алу үшін аварларға ұн, жемістер, қой және өгізді төлем ретінде төлеген. Менандр осы мәселені жобалап былай дейді: аварлар гепид тайпасынан барлық төрт түлік малдың онан бір бөлігін талап еткен, олар лангобардтармен одақтасып гепидтерді жеңгеннен кейін, түскен олжаның жартысын және бүкіл гепид жерін талап еткен [2].

Авар қоғамының қоғамдық қатынастары яғни, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен шаруашылығы жайында деректер өте аз. Сондықтан қағанаттың ішкі қоғамдық қатынастары жайында басты мәліметті, археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған, молалар мен қоныстардың қалдықтары береді. Зираттардан табылған заттар, авар қоғамында теңсіздіктің болғанын дәлелдейді.

Аварлардың қоғамдық қатынастары рулық-тайпалық дәстүрде болды. Жазба деректер, соның ішінде Псевдо Маврикийдің Стратегиконасына тоқталсақ төмендегідей мәліметтерді келтіруге болады: Аварлардың үлкен тайпа ұйымы көптеген рулардан тұрған. Псевдо Маврикий жылнамашы әсіресе аварлардың әскери ұйымына баға берген. «Олардың саяси қатынастарына келе, автор қағанның билігін ерекше айтады [3]. Ғұндардағыдай, аварлар соғыс өнерінде, әсіресе садақ пен жебені қастерлеген. Аварларда түркілерге тән атты әскер басым болған да, олар ат үстінде шауып, қарсыластарын садақ оғымен баудай түсіретін. Қарулары қылыштан, садақ пен жебеден, найзадан тұрған. Сондықтан да аварларға көптеп төтеп беру үшін, оларға қарсы атты әскермен шығу керек. Аварларға жайылымды жер бермеудің жолын іздестірген дұрыс себебі олар аттарынан басқа, өздерімен бірге басқа да көптеген мал түрлерін айдап жүреді» Псевдо Маврикий [3, 45с.].

Қағаннан кейін – тудын тұрды, олар елдің бір бөлігін және югурдің билеушілері болса керек. Қағанның тапсыруы бойынша қағанатта салық жинаушыларды тархандар деп атап – олар ақсүйектер болуы мүмкін. Иерархиялық баспалдақ бойынша тарханнан төмен қарай – тайпа мен ру көсемдері тұрды. Тайпа мен ру көсемдеріне қатысты (Сентэндрде, Бочеде, Кунсентмиклош – Бабонда т.б.) жерлерден, археологиялық қазба кезінде қабірлерден табылған құрал-саймандар әртүрлі заттар дәлел бола алады.

Авар қоғамының жартысынан көп бөлігі, жауынгерлерден тұрған. Оған археологиялық қазба жұмысы кезінде қабірлерден көптеген қарулардың табылуы дәлел болады. Қабірлерде жауынгермен қоса қару жарағын бірге жерлеу, ертеден келе жатқан наным сенім. Яғни, о дүниеде де керек болады деген ұғым. Авар дәуірінің зираттарын қару жаракқа бай деп те айтуға болады. Көбінесе қымбат бағалы заттар, жайдан-жай жауынгерлердің зиратынан табылмайды, ол мүмкін әкеден балаға мұра ретінде берілуі мүмкін. Қабірлерде садаққа толы қорамсақ табылмаған (тек жалғыз – Боче қабірінде көсем жерленген мәйітте ғана толы қорамсақ табылған). Көбінесе садақтың саны оннан аспаған. Шамасы әр садақ еркін он жауынгердің билеушісін білдіретін нышаны болса керек – себебі, авар әскерінің ұйымы Азиялық бойынша ондық жүйемен құрылды.

Аварлар басқа көшпелі халықтар сияқты классикалық құлдық институтын білмеді. Бірақ, жазба деректердің мәліметтері бойынша, оларда құлдық болған. Таптық қатынас жаңадан қалыптаса бастаған болатын.

Шығыс Еуропа даласына келіп қоныстанған аварлардың негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болған. Археологиялық мәліметтер бойынша қазіргі Венгрия мен Дунай өзені бойында аварлардың отыз жеті қоныстарының қалдықтары табылған, олар жартылай жерге көмілген үйде тұрған, бұл құрылыстың қабырғасы ағаштан тұрғызылған және ішінде пеші бар. Яғни, ауыл іспеттес топтасып қоныстанған үйлерге қарап, олардың жартылай көшпелі, жазғы жайылымдардан кейін қыс мезгілінде мал-жандарымен келіп қыстап шығатын деп тұжырымдауға болады. Аварлардың экономикалық негізі мал шаруашылығы болғандықтан, көктемнен күзге дейін киіз үй сияқты тез жиналатын құрылыстарда тұрған. Көшпелі малшылар ретінде өздерінің экономикалық қорын жаугершілік арқылы толықтырып отырған [4].

Олардың шаруашылық өмірінде негізгі рөлді жылқы малы атқарған. Бұған дәлел, қазба жұмысы кезінде көп жылқы сүйегі табылған. Жылқы сүйектерін зерттеу барысында, бұл аттардың шығыс тұқымынан шыққандығы – жылдам жүргіш, дала жазықтары мен құмды алқаптарда көшіп қонуға бейімделгені анықталған. Дәл осы жылқыларды ерте орта ғасырлар дәуірінің шеберлері, сүйектен немесе күмістен ойып жасаған.

Авар қолөнершілері әртүрлі заттарды жасауда өз заманының технологиясын жетік меңгерген. Айталық қышты күйдіріп әртүрлі құмыралар жасаған, сондай-ақ темір өндіруді жақсы білген оны дәлелдейтін Венгрия территориясынан домна пештердің қалдықтары табылған.

Авар қоғамында заманның талабына сай тауар қатынасы жақсы дамыған. Тауар өндірісі тек өздерінің қажеттілігін қамтамасыз ету жағдайында емес, сонымен қатар айырбаста болған. Оны дәлелдейтін қабырларда шеттен келген заттардың көптеп табылуы. Айталық, алтыннан, күмістен және қоладан жасалған әшекей бұйымдарды (сырға, блезік, жүзік, әр түрлі әйнек моншақтар, жібек материалдарын тағы басқа бағалы заттарды) аварлар сатып немесе малға, жылқыға, былғарыға және жүнге айырбастап отырған.

Авар қағанатын құрушылар жазу сызуды білген. Археологиялық мәліметтер бойынша аварлар руникалық жазуды білген, мысалы: жамандықтан сақтану үшін, әртүрлі жалбарынуларды шимақтап ойып жазған және әр түрлі таңба белгілері сақталған. Бірақ осы жазу, хат немесе әдеби жылнамаларды жазуда пайдаланды деген мәліметтер жоқ.

Діни-наным сенімдері жайында жазба деректерде мәліметтер өте аз. Авар қағанатын құрушылар түркі тайпасы болғандықтан пұтқа, тәңірге табынушылық басым болған. Зираттар мен молалардағы заттарды зерттей отырып, олардың дүниені жер беті және жер асты деп екіне бөлгенін байқауға болады. Кейін VIII ғ. христиан діні тараған. Қазба жұмыстары кезінде табылған әшекей

бұйымдарындағы аң үлгісіндегі орнаменттер-фетишизмнің нысаны болса керек, бұл аң суретін салу, олардың Азиядан шыққанын тағы да бір дәлелдей түседі. Жазба деректерде аварларды өте өнерлі, керемет кілемдер мен маталарды тоқушылар дейді. Өкінішке орай бұл заттардың қалдықтары қазба кезінде табылмаған, оның есесіне сүйектен, мүйізден, темірден әртүрлі бұйымдар мен қаруларды жасаған. VII-VIII ғғ. Авар қағанатының ерікті жауынгерлері қайыстан жасалған белбеулер тағатын болған, осы белбеудің ұшын темірден құйып, әртүрлі өрнектер мен аң суреттерімен әшекейлеген.

Авар дәуірінің үлкен жаңалығы, олардың қабірлерінен ат әбзелдері, соның ішінде темірден жасалған үзеңгінің табылуы болды. Үзеңгілер күміспен жалатылып, аң бейнелерімен безендірілген.

Кейбір орыс ғалымдары, славян тайпалары авар қағанатына бағынбады деген сияқты бұрмаланған тұжырымдарын айтуда, бұл дұрыс емес. Жазба дерек мәліметтері бойынша Тисс өзенінен шығысқа қарай орналасқан славян тайпалары, Авар қағанына тәуелді болғанын айқын жазады. Сонымен қатар, басқа да Еуропа тайпалары қағанатқа бағынышты болған. Осындай қарқынды дамып, көптеген жетістіктерге жеткен Авар қағанаты, өзінің құлдырау кезеңін басынан өткізеді. Ішкі саяси жағдайлардың шиеленісуі, қағанат ішінде христиан дінінің таралуы керісінше әсерін тигізді. Еуропада Франктердің күшейіп, Ұлы Карлдың жаугершілік соғыстарының барысында, Авар қағанатына күйрете соққы беріледі. Ұлы Карлдың саясатын оның баласы жалғастырып, қағанаттың орталығына «Хринг жүйесіне» шабуыл жасап, біржолата оларды құлатады. «Хринг» Авар қағанатының Еуропа даласын екі ғасырдан астам билеп төстеген орталығы болған. «Хринг жүйесінің» құрылысына қарап Авар қағанатында басқарушылық аппараттың, ірі саяси орталықтың болғанын байқаймыз. Яғни, авар мемлекетінің негізі қаланғанын дәлелдеп береді. Тоғыз дуалмен қоршалған ірі бекініс Авар қағанатының астанасы, тіпті Баянның резиденциясы болған деген де мәліметтер бар. Сондықтан өз заманында ірі қала бекініс салған аварларды варвар, тек мал шаруашылығымен айналысушы, тонаушылар деп айтуға болмайды.

Аварлардың көптеген жорықтарының сәтті болуы, Еуропа даласының саяси аренасында басты рөл атқаруына түрткі болған – әскери жағынан жақсы ұйымдастырушылығы, негізгі орында атты әскердің болуы және басты қару ретінде садақ пен жебенің кең қолданыс табуы. Аварлар заман талабына сай барлық қарудың түрлерімен жабдықталған, атап айтқанда жеңіл қарудан басқа қамал бұзатын ауыр техникалармен де қамтамасыз етілген.

Авар қағанаты ыдырағаннан кейін орнына болгар, хазар патшалықтары құрылып, түркі тарихын жалғастырады.

Сөзімізді түйіндеп келе, Ғұн империясының ізін жалғастырушы Авар қағанаты түркі тайпаларының бір тармағы бола отырып, әлем тарихында өзіндік із қалдырған қағанат болды.

---

1. Жұмағұлов Қ.Т. Орта ғасырлардың басындағы Еуропадағы халықаралық қатынастардың сипаты // қазҰУ хабаршы. Тарих сериясы. – 2003. -№1 (28). -44-51 бб.

2. Menander Protector. Fragmenta /Ed. B.G. Nriuhur // Corpus Scriptorum Historiae Byzantiae. –Bonn, 1829. –Fr. 4 -312 s.

3. Стратегикон Маврикия / Издание подготовил В. В. Кучма. — СПб.: Алетейя, 2004. — 248 с.

4. Жұмағұлов К.Т. Гунский союз племен в центральной Азии и Великое переселение народов на Евразийском континенте // Евразия на стыке веков: Материалы международного симпозиума.–Астана, 2002. С.190-202.

#### **АБДИМОМЫНОВ Н.Т.,**

Ph.D., Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы

#### **АЛТЫН ОРДАНЫҢ ОРТАЛЫҚ МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫМЕН САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (XIII ғ. 40-60-ШЫ ЖЖ.)**

Бату қолбасшылығымен моңғолдардың батысқа жасаған жеті жылдық жорығының (1236-1242) нәтижесінде Жошы ұлысының қалыптасу үдерісі аяқталып, Моңғол империясының құрамындағы кіші державалық мемлекеттік деңгейге жетті. Державаның аумағы Ертістен Дунайдың төменгі ағысы, шығысы Дербент (Дағыстан), Арраннан (Әзірбайжанның шығысы), батысы Еділ бұлғарларына дейін шығысынан батысына дейін 5600 верст, оңтүстігінен солтүстігіне дейін 4000 верст (1 верст = 1,1 шақырым) ұлы сахараны алып жатты [1, 537 б.]. Ғылыми әдебиеттерде осы кезден (1242 ж.) бастап, Жошы ұлысын Алтын Орда атауымен атау үрдіс алған. Батыс жорығы нәтижесінде Алтын Орда батыс аймақтарға территориясы кеңеюмен қатар, жорықтың бас қолбасшы болған Батудың да әулет ішіндегі беделі өсті, халықаралық аренада аса ықпалды саясаткер билеуші ретінде танылып, империя билігінен айтарлықтай окшауланған Алтын Орданың сыртқы саясатын іс жүзінде тәуелсіз түрде жүргізуге мүмкіндігі болды. Әрине, осы кезеңнен бастап-ақ, Алтын Орда әлі де Моңғол



империясының құрамындағы мемлекеттік құрылым (ұлыс) болғанына қарамастан, өзінің сыртқы саясатын тәуелсіз түрде жүргізген державалық мемлекетке айналды деп айта аламыз.

Батыс жорығы барысында Батудың Гуюгпен араздасуы, жорықтың соңына қарай ұлы қаған Өгедейдің қайтыс болуы Жошы ұлысының билеушісі Батудың саяси бағытын айқындап берген еді. Сондай-ақ, осы кезеңде Шыңғыс-хан ұрпақтары арасында екі тарапқа (Жошы-Төле ұрпақтары және Өгедей-Шағатай Батыс жорығы (1236-1242 жж.) аяқталып, Еділ бойына оралған соң Алтын Орданы державалық деңгейге көтерген Бату-хан Қарақорымдағы жоғарғы моңғол билігін тек формалді түрде ғана мойындап, тәуелсіз саясат жүргізгені байқалды. Ұлы қаған Үгедей қайтыс болған соң, уақытша билікте болған Үгедейдің жесірі Төркін-хатун кезінде, одан кейінгі ұлы қаған тағына Гуюгтің сайлануынан кейін, тіпті орталық моңғол билігіне конфронтациялық бағыт ұстанғаны анық байқалады. Бату мен Гуюг арасындағы қарама-қайшылықтың бастауы жоғарыда айтып өткеніміздей, Батыс жорығында басталғаны белгілі еді. Жорық барысында ата-жұрт тобын басқарған Гуюг және бас қолбасшы Бату арасында келіспеушілік пайда болды, ата-жұрттың атынан жолға шыққан ұлы хағанның ұлы Гуюг Бату билігін мойындамады. Бату бұл туралы хаған ағасы Үгедейге құпия хат жолдады. Үгедей өз ұлы Гуюг пен Шағатайдың ұлы Бөріге сөгіс жариялады. Бірақ Гуюг пен Бату арасында қақтығыс жалғаса берді [1, 45 б.]. Осы кезеңде Шыңғыс-ханның төрт ұлының ұрпақтары екі тарапқа (Жошы-Төле және Үгедей-Шағатай) бөлініп, біріне-бірі қарсылығы байқала бастаған еді. Ол әсіресе, моңғол империясының ұлы қаған тағына сайлау кезінде көрініс бере бастады. Моңғол империясының ұлы қағаны Үгедей қайтыс болған соң, билікті Төркін-хатун өзіне жүктеп, мұнымен Шыңғыс-ханның ұлдарының ішіндегі тірі қалғаны Шағатай да, Бөржегін тайпасының белді ақсүйектері де келісті. Джувейнидің айтуынша, ол тіпті Үгедейдің үлкен әйелі болмаса да, билікті қолына ұстап қалуы, оның ұлы қаған тағына отыруға құқығы бар ұлдарды дүниеге әкелгенінен болар деді [2, р. 240].

Рашид ад-Дин мәліметтері бойынша, ұлы қаған Үгедей тірі күнінде мұрагері ретінде өзінің үшінші ұлы – Куджуды (Кучук) сайлағанымен, ол әкесінен бұрын қаза болған. Үгедей бұл ұлын басқалардан ерекше жақсы көргендіктен, оның (Кучуктың) ұлы «алғыр және ақылды» Ширамунды өзі тәрбиелеп, осы немересін тақ мұрагері болатындығын жариялаған еді [3, с. 118]. Билікке келген Төркін-хатун алғашқы кезде марқұм Үгедейдің қалауымен келісіп, Ширамунды тақ мұрагері ретінде мойындаған. Бірақ, жарты уақыт өткен соң, Шыңғыс-хан мен Үгедейдің заңдары мен өкім-биліктерін аса мұқият орындалуын қадағалаған Шағатай қайтыс болуынан кейін, Төркін-хатунның саясаты да өзгеріп шыға келді. Моңғол империясында саяси ықпалын нығайтуға тырысқан Төркін-хатун Үгедейдің өсиеті бойынша көптеген Шыңғыс-хан ұрпақтары мен моңғол ақсүйектерінің ұлы қаған тағына Ширамунды отырғызуға құрылтай жасамай уақытты соза берді. Бұл моңғол ақсүйектерінің, тіпті өзінің ұлдарының да қарсылығын туғызды. Ал бұл уақытта Батудың құрылтайға келуге енжарлық танытуының өзі де Төркін-хатун үшін әбден тиімді еді, өйткені оның үмітсіз билікте біршама уақыт отыруына, Шыңғыс-хан ұрпақтары арасындағы жасы жағынан үлкен, аға ұрпақ Батудың келмеуі құрылтайдың болмауына сылтау болған секілді. Ақыр соңында, 1246 ж. құрылтайға моңғол ақсүйектері жиналды. Құрылтайға шамамен барлық Бөржегін тайпасының игі-жақсылары, оның ішінде Төленің жесірі Сорхугтан-хатун ұлдарымен бірге, Тэмүгэ-отчигин 80 (!) ұлымен бірге, Шыңғыс-ханның немере інісі Илжигдэй және Шыңғыс-хан бауырларының ұрпақтары, Шағатай ұлысынан – Қара-Құлағу, Йису-Мунке, Байдар, Бөрі, Есен-бұға және басқа да Шағатай ұрпақтары, сондай-ақ, құрылтайда сайланатын Үгедей ұрпақтары қатысты. Тек Бату ғана құрылтайға қатысуға енжарлық танытып, денсаулығының сыр беруі мен аяғына түскен ақауды алға тартып, бұл рәсімге келмеді [3, с. 118]. Плато Карпини мәліметі бойынша сонымен қатар, әлемнің жан-жағынан келген көптеген шетелдік меймандар қатынасып, дүниенің төрт бұрышынан 4 мыңнан аса қонақ қатысты. Бірақ, Жошының мұрагері моңғол дәстүрі және Шыңғыс-хан негізін салған моңғол қағидасы мен заңын құрмет тұтқандықтан, құрылтайға өзінің бауырларын – Орда, Шайбан, Берке, Беркечар, Таңғұт және Тұқа-Темірді жіберді. Сонымен қатар, құрылтайда көпшілік кімді қолдаса, соны қолдаңдар деп, моңғол империясының ішкі татулығын сақтау үшін, ашық қарсылыққа барудан бас тартқан еді. Сонымен, құрылтай өтіп, Үгедейдің өсиетіне сәйкес немересі Ширамун емес, оның үлкен ұлы Гуюг ұлы қаған тағына отырды. Ол жөнінде Рашид ад-Дин мәліметінде былайша сипатталған: Относительно ханского достоинства царевичи и эмиры [так] говорили: «Так как Кудэн, которого Чингиз-хан соизволил предназначить в кааны, скончался, а Ширамун, [наследник] по завещанию каана, не достиг зрелого возраста, то самое лучшее – назначим Гуюк-хана, который является старшим сыном каана». [Гуюк-хан] прославился военными победами и завоеваниями, и Туракина-хатун склонилась на его сторону, большинство эмиров было с ней согласно. После словопренья [все] согласились на возведение его [на престол], а он, как это обычно бывает, отказывался, перепоручая [это] каждому царевичу, и ссылался на болезнь и слабость здоровья. После убедительных просьб

эмиров он сказал: «Я соглашусь на том условии, что после меня [каанство] будет утверждено за моим родом» [3, с. 119].

Бастапқы кезеңде Гуюг Жошы ұрпақтарының оның кандидатурсын қолдауда ашық түрде қарсылық көрсетпей, оны қолдағанын бағалап, тіпті моңғол империясындағы билікті басып алуға ұмтылған Темугэ-отчигинге қатысты тергеуді Жошы ұрпақтарынан Орда мен Төле ұрпақтарынан Мөңкенің жүргізуін бұйырды. Тергеу аяқталған соң, олар үкім шығарды: Ясыға сәйкес Отчигинге өлім жазасын кесті. Осылайша, Моңғол державасының тағы үшін Шыңғыс-хан ұрпақтары мен Бөржегін тайпасының басқа мүшелерінің арасындағы таластың соңғы нүктесі қойылды [2, р. 255; 3, с. 119]. Сонымен қатар, Гуюг елшілерді, оның ішінде Пано Карпиниді де қабылдауда Бату екеуінің арасындағы қарама-қайшылықты көрсетпеді. Гуюгпен кездескен соң, Пано Карпини қайтар жолында Батуға арнайы кіріп жолықты. Бірақ, бұл жолы да Бату мен жаңа сайланған ұлы қаған арасындағы келіспеушілікті байқамады, себебі Пано Карпинидің бір мақсаты ретінде моңғол мемлекетінің саяси жағдайын да бақылау еді, бірақ ол өз есебінде Бату мен Гуюг арасындағы араздық жөнінде еш мәлімет қалдырмаған. Осы жағдайларға байланысты Бату мен Гуюг арасында татулық орнаған секілді көрінеді. Сонымен қатар, билікте болған Төркін-хатунда билік тізгінін өз қолында ұстап отырды, себебі оның билігі кезінде мемлекеттік маңызды қызметтерге қойылған моңғол ақсүйектері де өз қызметтерін жалғастыра берді. Бірақ, көп кешікпей Гуюгтің таққа отырғаннан кейін бірнеше айлардан соң, анасы Төркін-хатун жұмбақ жағдайда қаза тапты. Деректер оның уланып өлтірілгені жөнінде айтылмайды. Бірақ, кейбір авторлар Гуюг пен Төркін-хатун арасында айтарлықтай қарама-қайшылықтың болғанын тұспалдайды, яғни Төркін Гуюгті билікке жібермей, өз иелігі Емілде отырғызуға мәжбүрлеген [2, р. 244]. Шамасы, ол таққа отырған соң, шешесі шынайы билікті қолдан бермейтінін түсініп, билікті берсе қолынан, бермесе басқа жолмен шешкен сияқты.

Гуюг-хан Төркіннің өлімінен соң, оның сенімді адамдары болған Фатима-хатун мен Абд ар-Рахманды өлімге кесті. Төркіннің тағайындаған ірі шенеуніктері қызметтерінен айырылып, ол қызметтерге Гуюгтің қойған адамдары отырды. Мысалы, Батуды да, Гуюгті де қолдамай нейтралды бағыт ұстанған Шағатайдың немересі және мұрагері Қара-Құлағудың орнына Шағатай ұлысында Йису-Мөңке таққа отырды. Сондай-ақ, Батумен Кавказ және Кіші Азиядағы саяси ықпалдасыққа мүдделі Байджу-нойанның орнына, Илжигдэй отырды. Илжигдэй Батумен жақсы қатынаста емес еді. Сонымен қатар, Байджуға қарағанда ықпалды және әрі Шыңғыс-ханның немере інісі, әрі Гуюгтің сенімді адамы болды. Төркін-хатун билігі кезінде, Иран – Батудың сенімді резиденті Шараф ад-Дин Хорезми арқылы ықпал аймағында болған еді. Бірақ, Шараф ад-Дин 642 х. ж. (1245 ж.) қайтыс болған соң, Гуюг оның орнына өзінің адамы Фахр ад-Дин Бишишиді отырғызды [2, р. 245; 3, с. 119-120].

Гуюг ұлы қаған тағына отырған соң Сарай-Қарақорым қарым-қатынастарының шиеленісуі күшейе бастады. Гуюгтің Жошы ұрпақтарын қарсы жасаған алғашқы қадамы – Батудың сюзерендігін мойындаған, мемлекеттердегі билігін шектей бастады. Бату Гуюгпен ортақ тіл табысатындығына әрекеттеніп, вассалдық мемлекеттердің тағына отыруға үміткерлерді Қарақорымға аттандыра бастады. Олардың қатарында грузин ханзадалары, патшайым Тамараның екі немересі – Георгий IV Лашидың ұлы Улу Давид, Русуданның ұлы Давид Нарини; Селжүк сұлтаны Изз ад-Дин Кей-Кавус II және онымен таққа таласушы оның бауыры Рукн ад-Дин; Екі орыс княздары Ярославтың ұлдары – Александр Невский мен Андрей бар еді. Батумен қарама-қарсы Гуюг оның таңдауы түскен адамды таққа отырғызбай керісінше жасады. Мысалы, Александр Невскийді қоюдың орнына, оның кіші інісі Андрейді отырғызуды қалады. Селжүк ханзадасы Рукн ад-Дин, IV Килич-Арслан атымен сұлтан тағына отырып, сұлтанаттың шығыс жағындағы жерлерін – Сивас, Эрзинджан, Эрзурум және т.б. қалалары билеуге мүмкіндік алса, ағасы II Кей-Кавусқа батыс иеліктері – Конья, Анкара, Анталья жерлерін берді. Грузияның патшасы болып, Георгий IV Лашидың некесіз туылған ұлы Давид VII Улу отырғызылса, Давид VI Нариниге тек оның мұрагері болуға ғана үміті болды [4, с. 195; 3, с. 120]. Вассалдық мемлекеттердің билеушілерін тағайындауда Гуюг мақсаты Батудың таңдауымен келіспей, оның орнына өз адамдарын қою арқылы Жошы ұлысы билеушісінің саяси ықпалын әлсірету еді. Сонымен қатар, Гуюг ұлы қаған тағында отырған бес жылда (1246-1251) Орталық Азияда Шағатай әулетінің құзыр билігі артып, Шағатай және бұрынғы Үгедей ұлысының жер көлемі Жошы ұлысы (Ақ Орда) жері есебінен кеңейе түсті. Бату ханға бет бұрып кеткен Масуд Бек қайтып оралып, 1246 жылғы құрылтай шешімімен Мәуераннахр, Түркістан және сол маңдағы отырықшы жұрттың өкілетті билеушісі (даругач) болып қайта тағайындалды. Әрине, мұндай өзгерістер Бату хан бастаған Жошы ұлысы билеушілерінің көңілінен шықпады [1, 557 б.]. Ақыр соңында, Гуюг Батудың көзін құртуға әрекеттеніп, ашық соғысқа шығуға шешім қабылдады. «Батыста алынбай қалған Исмайыл елін жаулап алу» деген сылтаумен әуелі Илжигдэй қолын батысқа аттандырды. «Емел елінің табиғаты жұмсақ, жер суы ауруыма дауа болушы еді» деген сылтаумен соңынан өзі аттанды. Оның мақсаты «Емел табиғатында» емес, Батудың көзін құрту болса керек [1, 46 б.]. Батуға бұл жағдай Қарақорымдағы сенімді адамдары белгілі болғаны шүбәсіз.

Сонымен қатар, Төленің бәйбішесі Сорхугтан хатун бұл хабарды Батуға жеткізу үшін, жедел жаушы аттандырып, бұл хабар туралы мынадай хат жолдайды: «Дайын бол, Гуюг-хан сансыз әскерімен сенің жеріңе бара жатыр» [3, с. 121]. Бірақ, Бату біршама тартыншақтық та жасады, себебі сол кезеңге дейін Моңғол империясында ішкі азаматтық соғыс болмаған, сондықтан Жошы ұлысының билеушісі бірінші бастауға бел бумағанымен, қалай дегенмен жаудың аты жау екенін жақсы білетін Бату қарсы тұруға қамданған секілді. Аталмыш жайды алдын ала білген Батый әскерін сапқа тұрғызып, Гуюгті Қыпшақ шекарасында күтіп алып соққы беруге дайындалды. Бірақ Гуюг көздегеніне жете алмады. 1248 жылы сәуірде Самархан маңында Бесбалыққа жетуге бір-ақ апта жол қалғанда кенеттен қайтыс болды [1, 46 б.]. Гуюгтің өліміне Батудың қатысы жөнінде деректерде ешқандай мәлімет жоқ. Бірақ, Гуюгтің өлімі тек Жошы ұлысының билеушісі Бату үшін ғана тиімді болған жоқ. Сонымен қатар, Гуюгтің өлімі моңғол империясының ішіндегі алауыздықты тоқтатқаны айқын. Академик В. В. Бартольд ортағасырлық шығыс деректеріне сүйене отырып, Гуюгті адамгершіліктен жұрдай, қатал және қыңыр адам ретінде сипаттап, егер өз қалауымен болмаса, оның алдына ешбір шенеунік келуге қорықты, ертеңгі күніне ешкім жауап бере алмаған деп сипаттады [5, с.554].

Гуюгтің өлімінен соң, Моңғол империясында билік ұлы қағанның жесірі – Оғыл-Ғаймышқа өтті. Бірақ, оның биліктегі отырған кезеңіне өзінің енесі Төркін-хатуннан ерекшелігі, өз билігін нығайту үшін Шыңғыс-хан ұрпақтары арасындағы қайшылықтарды өз пайдасына пайдалануға тырысқан жоқ. Керісінше, Гуюгтің жесірі Қарақорымнан Үгедей ұрпақтарының иелігі Емілге кетуге шешім қабылдап, осылайша оның билігі моңғол империясында айтарлықтай әлсіреді. Тіпті, оның ұлдары Наху мен Қожа ашық түрде қарсы шығып, әрқайсысы өзін билеуші жариялап, өз аттарынан жарлықтар шығара бастағаны жөнінде деректер бар [2, р. 265]. Бату Гуюгтің қазасынан кейін, Оғыл-Ғаймышқа күйеуінің қазасы жөнінде көңіл айтып, жаңа ұлы қаған сайлағанға дейін уақытша билікке отыруға оның кандидатурасын толықтай қолдайтыны жөнінде жолдау жіберді [2, р. 263]. Гуюгтің өлімінен кейін-ақ, Бату Оғыл-Ғаймыш кезінен бастап, вассалдық мемлекеттерге саяси ықпалын қайта жандандыра бастады. Оның алғашқы қадамы вассалдық мемлекет билеушісі ретінде өзінің сенімді, қолдау көрсеткен адамдарын отырғыза бастады. Ал Мөңке ұлы қаған тағына отырған соң, ол тіпті сәтті жүрді. Мысалы: Русте оның сенімді одақтасы Александр Невский билікке келді. Грузияда Батудың көмегі арқылы Русудан патшайымның баласы Давид Нарини билікте отырған өзінің немере бауыры Давида Улудың (Гуюгтің шешімімен) мұрагерліктен, тең басқарушы (соправитель) болып, іс-жүзінде Грузияны екіге бөліп басқарды. Рум сұлтанатында II Кей-Кавус Батудың көмегі арқылы, өзінің бауыры IV Килич-Арсланнан іс-жүзінде иеліктерінен айырып, билігін нығайтты.

Батыс тарихнамасында Жошы ұлысының орталық моңғол билігімен қарым-қатынастары маңызды орынды алды. Оның ішінде неміс зерттеушілерінің пікірлері аса маңызды. Неміс зерттеушілерінің еңбектерінде осы кезеңдегі ұлы қаған Үгедейдің қайтыс болуынан кейінгі ұлы қаған тағы үшін күрес, Гуюгтің ұлы хан тағына отыруы, оның Батумен күресі, Мөңкенің ұлы хан тағына отыруы және соңында Жошы ұлысының орталық Моңғолиядан тәуелсіздік алуы мәселелері еді. Й. Хаммер Пургшталь өзінің «Алтын Орда тарихы» еңбегінде Үгедей қайтыс болған соң, *pax mongolica* жағдайын сипаттай отырып, Бату Төрэгэнэ (Төркін-хатун) және Гуюгті жек көруінің себебін Плато Карпинидің мәліметіне сүйене отырып, былай дейді: «Ұлы хан Үгедейдің қалауы бойынша билік оның немересі Ширамунға берілуі керек еді, бірақ Төрэгэнэ (Төркін-хатун) – Үгедейдің бес ұлының анасы, үлкен ұлы Гуюгті қолдады. Жаңа ұлы ханды салтанатты жариялағанға дейін ол билікті өз қолына шоғырландырды. Құрылтай Үгедей қайтыс болған соң, тек үш жылдан соң болды, ал Бату Төрэгэнэ және оның ұлы Гуюгті жек көргендіктен ертерек келуге (Еуропадан) асықпады. Нәтижесінде, Батудың қатынаспауына қарамастан (жаңа ұлы ханды) сайланды...» [6, с. 131]. О.Вольфтің пікірінше, Бату Төрэгэнэ (Туракин) тарапынан «дұшпандық пиғылдан» қауіптеніп, Еуропалық жорықты тоқтатып, кері қайтуға асығып, Моңғолиядағы жаңа қағанды сайлауға шешуші ықпал жасауға әрекеттенді [7, с. 381]. Неміс зерттеушісі Т. Шиманның пікірінше, Үгедей тірі күнінде ұлы хан тағының мұрагері ретінде өзінің үшінші ұлын бекітті, ал ол ұлы өлген соң, немересін, яғни үшінші ұлының баласын таққа отырғызуға бекітті. Бірақ, «моңғол құқығы бойынша жаңа хан сайланғанға дейін үстемдік етуші, ұлы ханның жесірі таққа өзінің үлкен ұлы – Гуюгті отырғызуды қалады. Осыдан кейін қарбаластық басталып, сол кезеңдегі ең қуатты моңғол князы Бату үшін кімге болысатындығы маңызды болды». Шиманн Плато Карпинидің мәліметіне сүйеніп, Бату Үгедей қайтыс болған соң, Батыс жорығын тоқтатты, бірақ шешуші құрылтай оның қатысуынсыз болмайтындықтан, ол түрлі сылтауларды айтып (мысалы: әскери жылқылар көп жылдық жорықтардан соң, әлсіреп әлденуді қажет етті) Моңғолияға баруға асықпады. Ақыр соңында, Бату Гуюгтің сайлануына қарсы тұра алмайтыны түсініп, өзінің өкілдерін жіберді, нәтижесінде 1246 ж. тамызда Гуюг ұлы хан болып сайланды [8, с. 170-171]. Гуюгтің қаған сайлануы, Моңғолиядағы ықпалды саясаткер, империяның Батыс бөлігінің билеушісі Батумен шиеленісуінің асқынуына алып келді. Д'Оссон пікіріне сүйене отырып, Гуюг пен Батудың қарым-қатынастарын сипаттаған

Й.Хаммер-Пургшталь пікірінше, Гуюгтің әскери жорық жасауға деген ниетінің себебі, Батудың жаңа қағанға ант етуден бас тартуы еді, яғни «Гуюг ұлы хан тағына отырған құрылтай өткен жерде қыстап шығып», жорыққа шықты. «Төленің жесірі – Соркуктани, Гуюгтің Батуға ант беруге келмегені үшін дұшпандық пиғылда жорыққа шыққаны деген қауіппен соңғысына құпия түрде хат жолдады. Бірақ, Гуюг сапар кезінде қайтыс болды...». Бату, Гуюгтің өлгені жөніндегі хабарды алған соң, билікті Шыңғыс ұрпақтарының ішіндегі үлкен үй болып саналатын, «дәстүрге сәйкес, Гуюгтің үлкен әйелі Оғыл-Ғаймышқа беріп, моңғолдардың съездін белгіледі» [6, s. 133-134].

Б.Шпулердің пікірінше, Бату мен Гуюг арасындағы шиеленіс тек тақ мәселесі бойынша болған жоқ, сонымен қатар, Моңғол империясының болашақтағы даму концепциясының негізінде бақталастығы еді. «Төрэгэнэ (Туракин) баласы Гуюгті ұлы хан тағына отырғызу үшін бар мүмкіндікті пайдаланды, ал Бату бұған қарсы болды. Сонымен қатар, ол Гуюг негізін салған діни және мәдени саясатпен келіспеді. Бату, Шыңғыс-хан және Үгедей секілді Моңғол мемлекетінің территориясында әлемдік барлық діндерге салқынқандылық танытқан еді. Ол шамандықты берік ұстанды... Ал Гуюг... жаңа тенденциямен бағыт алды, ол сол кезеңде моңғолдарға жалпыға бірдей танылғысы келді. Несториандық формасындағы христиандық... моңғолдарға бірнеше ғасырлар бойына белгілі еді, ал бұл ішкі қуаты мен діни құлшынысы жаулаушыларға да таралып, Гуюгке айтарлықтай әсер етті. Яғни ол христиандарға өте үлкен көңіл бөліп, христиандарды өз қарамағында айрықша дәрежелі жағдайда қарады. Оның хан сайлануы моңғолдар арасындағы христиандықтың жеңісі мен көзқарастардың орнығыуының бастамасы еді. Бірақ, Бату бұған қарсы тұра алар еді». «Гуюгтің сайлануы, – дейді Б.Шпулер, – Батумен қарулы қақтығысқа дайындыққа себеп болған еді... Осындай жағдайлар кезінде 1248 ж. Гуюг өлді, оның өлімі көптеген мәселені шешті, бірақ оның билік ету кезіндегі көп үміт күттірген христиандықтың несториандық бағытының толқыны жойылды» [8, s. 117]. «Алтын Орда тарихы» еңбегінің 1965 ж. шыққан екінші басылымында Б. Шпулер Бату мен Гуюг арасындағы шиеленісті тағы қарастырып өткен. Батудың өз қалауымен жасалған іс-әрекеттері нәтижесінде біршама уақыттар бойына орыс жерлері ханның назарынан тыс қалды. Бұл уақытта жаңа қаған Гуюгпен ашықтан-ашық араздыққа дейін барды. Оның көрінісі, осындай жағдайлар кезінде Гуюгтің Александр Невскийді Қаракорымға келуін екінші рет келуін талап етті, ол болса ол жаққа баруға шешім қабылдамақ түгілі, Бату аудиенциясында болған соң, ол Руске кері қайтарылды. Мұнымен Бату өзінен жоғары тұрған билеушінің бұйрығына құлақ аспағаны анық байқалады. Әскери қақтығыс болуға жақын қалғанда, 1248 ж. сәуірде өзінің қарсыласының өлгені жөніндегі хабар келді.

Моңғол империясының ұлы қаған тағына ата жолын қуса да, жасын сыйласа да, еліне еткен еңбегін бағаласа да ұлы хаған тағына отыратын ендігі жол Батудікі еді. Бірақ көреген Бату мұндай тәуекелділікке бармай, Төле ұрпағын қолдауға бел буды. «Олай істеуінің өзіндік себебі бар, – деп жазады моңғол тарихының авторлары, Жошы ұрпағы хаған тағына ие болуға еш қарсы емес еді, бірақ Шыңғыстың «өз әулетінің» арасында жаттан туған делініп шеттетіліп келгендіктен, хан әулетінен қолдау таппай қалуымыз мүмкін дегенді сезіп, өздерімен бір тарапта болған Төле ұрпағын қолдауға бел буды» [1, 46 б.]. Сондай-ақ, Джузджани мәліметі бойынша Бату өз сөзінде былай деген: «Мне и брату моему Берка принадлежит уже в этом крае (т. е. Дешт-и-Кипчаке) столько государств и владений, что распорядиться им (краем) да вместе с тем управлять областями Китая (Чин), Туркестана и Ирана (Аджем) невозможно» [9, с. 16].

Моңғол империясының ұлы қаған тағына жаңа үміткерді тағайындау жөніндегі мәселені шешу үшін, Бату хан қанша дегенмен жасын бұлдап, Шыңғыс әулетінің біліктілерін өз ордасына шақырды. Бірақ Шағатай, Үгедей ұрпақтары «Шыңғыс хағанның ордасы, шаңырағы Онон, Хэрленде жатса, Қыпшақ жерінде біздің неміз бар», – деп бұл шақырудан бас тартты. Осынау үзілісті пайдаланып Төленің бәйбішесі Сорхугтан хатун тұңғыш ұлы Мөңкені жол-жоралғысымен ағасы Бату ханға «сәлем беруге» аттандырды. Сөйтіп, Мөңкені ұлы қаған көтеру мәселесі Қыпшақ даласында, Бату ордасында шешілді [1, 46 б.]. Бұл құрылтайға Батудың бауырларымен қатар, Төленің ұлдары – Мөңке, Арық-Бұға және Мөге, Үгедейдің ұлы Қадан және Шағатайдың ұлы Мауци келді. Соңғы екеуінің келмеуге шарасы қалмады, себебі Бату ықпал ету аймағында иеліктері бар еді. Мауеранхрдағы биліктен айырған Гуюгке наразы Қара-Құлағу, Гуюгтің ұлдары Наху мен Қожа да келді. Бірақ, соңғы екеуі, тәуелсіз бағыт ұстанса да, келесі күннен соң-ақ, орындарына Темір-нойанды тастап, «Бату – ханзадалар арасында аға ұрпақ «ака». Ол не айтса да, оның сөздері заң. Біз оның айтқандарының барлығымен, кеңестерімен, қандай мәселені дұрыс деп шешсе сонымен келісеміз және оған ешқандай қарсылық көрсетпейміз». Осыған ұқсас түрде Үгедейдің таққа отырмаған мұрагері Ширамун тіпті, құрылтайға келмей өзінің өкілі ретінде Қонқыр-Тоқай-нойанды жіберіп, Үгедейдің ұлдары Темір-нойанға айтқандарындай нұсқаулықты берді [2, p. 557-558; 3, с. 129]. Үгедей ұрпақтарының құрылтайға толық қатыспауы Батуды әбігерге түсірген жоқ, керісінше олардың қатыспауына байланысты, мынадай өзіндік айыптау қорытындысын айтқан еді: «Дети Угедея поступили вопреки словам отца и не отдали трон Ширэмуноу, и, преступив закон и обычай, убили без

суда младшую дочь Чаур-сэчен. По этой причине ханство им не подобает» [2, с. 80; 3, с. 558]. Құрылтай соңы салтанатты той-томалақпен аяқталып, «Бату, как обычно принято среди монголов, поднялся, а все царевичи и нойоны в согласии, распустив пояса и сняв шапки, стали на колени. Бату взял чашу и установил ханское достоинство в своем месте; все присутствующие присягнули на подданство, и было решено в новом году устроить великий курултай» [3, с. 130]. Төле ұрпағы Мөңкенің ұлы қаған тағына салтанатты отырғызуды Жошы мұрагері атасы Шыңғыс-хан негізін қалаған заңы мен моңғол дәстүрін құрметтеп, ағайындар арасындағы алауыздықты туғызбауы үшін келесі жылы, құрылтайдың дәстүрлі өтетін орыны Онон мен Керулен арасында өткізуді жоспарлап, Батудың інісі Беркені қыруар әскермен Моңғолия жеріне жіберді. Джувейнийдің мәліметін сәйкес Берке қатар, Тұқа-Темір бірге үш түмен әскермен барған, ал Рашид ад-Диннің Тұқа-Темірдің орнына Сартақты атайды. Моңғолия жерінде Төле ұлысы оның одақтастарының әскері де топтасырылды [2, р. 563; 3, с. 80]. Ал 1249 ж. аяғына қарай Жошы ұлысының өкілі және негізгі ұйымдастырушы Берке құрылтайға дайындықты бастады. Беркенің өзі Қарақорымға орналасып, Шыңғыс-хан ұрпақтары мен нойандарын жинауға тырысты, бірақ олардың толық басы қосылмай біршама қиындықтар туындады. Алғашқы болып, Төленің ұрпақтары, Мөңке және жеті бауырымен бастап келді. Сонымен қатар, біршама моңғол ақсүйектері келді. Ал Гуюгтің ұлдары мен Ширэмун, Шағатай ұрпақтары Йису-Мөңке, Бөрі, Есен-Бұға және басқалар бұрынғыдай келуден бас тартты. Берке біршама алаңдаушылық танытып, Батуға мынадай хат жазды: «Екі жыл өтті қалай біз Мөңке-қағанды таққа отырғызуды келгенімізге, ал Үгедей қаған мен Гуюг ханның ұрпақтары, Шағатайдың ұлы Йису-Мөңке, келген жоқ». Бұған Бату қысқа да, нұсқа жауап қайтарды: «Сен оны таққа отырғыза бер, ал Ясыдан бағынудан бет бұрғандар болса, онда басы алынады» [3, с. 131-132] деп, құрылтайға келмегендерді, іс-жүзінде Ясыны бұзушылар деп жариялады.

Берке белгілі деңгейде сахналанған түрде қатысушылардың жартысына жуығы қатынаспағанына қарамастан құрылтайды сәтті өткізді. Берке қатысушылардың көп бөлігі Мөңкені қолдаушылар қатарынан болғанына қарамастан құрылтайдың сәтті өтуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік шараларын жасады. Құрылтай өтетін орнын мыңдаған әскерімен қоршады және қатысушылардың тиісті орындарына отыру тәртібін бұзып, құрметті орындарға сенімді нөкерлерін отырғызды, ал сенімсіз ақсүйектер мен ханзадаларды алысқа отырғызып, олардың келіспейтін мәселелері бойынша пікірлерінің жарқын-жарқын шығуын шектеді. Осыған сәйкес, Мөңкені ұлы қаған сайлау сәтті өтті [3, с. 131-132]. Осылайша Жошы және Төле ұрпақтары Батудың басшылығымен бірге, құрылтайды дәстүрге сәйкес өткізіп ұлы қаған сайласа да іс-жүзінде мемлекеттік төңкеріс жасаған еді. Сонымен қатар, Бату хан Мөңкені ұлы қаған сайлау кезінде сіңірген еңбегі үшін Мөңке қағанның жарлығымен «Мемлекеттің (империяның-автор) батыс бөлігінің иесі (Ежен қаған) деген дәрежеге көтерілді». Осы кезден бастап Жошы ұлысы державасы із жүзінде империялық орталықтан бейтарап мемлекетке айнала бастады [1, 566 б.].

Жошы әулетінің қолдауымен Мөңке ұлы қаған тағына отырғаннан кейін Шағатай, Үгедей ұрпақтары Мөңке қаған басқарған империялық биліктің қысымшылығына ұшырады. Шағатай, Үгедей әулетінен тараған хан және хан оғландары ұлы қағанға қарсы астыртын әрекеттері үшін қайсыбірі жазаланып, қайсыбіреулері басқа елдерге өтіп кетті. Бұл іске Бату хан тікелей араласып отырды. Бату хан ордасында басы алынғандардың бірі Шағатайдың немересі Бөрі еді. Гуюг, Байдар, Бөрілер Батыс жорығы кезінде топтасып Батуға қарсы шыққан еді. Бұларға кезінде Үгедей қаған басу айтқан болатын. Бірақ, бір жағынан Үгедей, Шағатай ұрпақтары, екінші жағынан Жошы, Төле ұрпақтары арасындағы қақтығыс толастамады. Қақтығыс Бату ханның көмегімен Мөңкені қаған сайлаған кезде тіптен де ушығып кетті [1, 557-558 бб.].

Неміс зерттеушісі О.Вольфтың пікірінше, Батудың Мөңкені ұлы хан сайлаған құрылтайға қатыспауының себебін, оның Шағатай ұлысы шекарасы маңында, яғни Сырдария өзені бойында Жошы ұлысының әскерін шоғырландырып, Шағатай ұрпақтарының Мөңкенің ұлы хан тағына сайлауға қарсы әрекеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті дейді [7, с. 386]. Т.Шиманның пікірінше, Гуюгтің өлімі «...империядағы басқарушылық ролі Батудың қолына көшті», соның арқасында 1251 ж. құрылтай шақырылып, ұлы хан тағына Төленің ұлы Мөңке отырып, соңғы жылдары империяда билік еткен Үгедей ұрпақтары біртіндеп құртылды» Б. Шпулердің пікірінше, Ұлы хан тағына отыруға Батудың бас тартуы оның жасының егде тартуына байланысты дейді. Моңғол империясында Гуюг хан билігі кезінде-ақ, Жошы ұлысының билеушісі Бату ішкі саясатында тәуелсіз саяси қадамдар жасай бастағаны белгілі, ал Гуюгтің өлімінен кейін, Моңғол империясының тағына Мөңке-хан отырған соң, сыртқы саясатын тәуелсіз түрде жүргізе бастады. Бұл жөнінде Т.Шиманн Жошы ұлысының оқшаулану процесін сипаттай отырып, Мөңке ұлы хан сайланған соң «Қыпшақ немесе Алтын Орда империясы» тәуелсіз болды дейді. 1242 ж. Шыңғыс-ханның соңғы ұлы Шағатайдың қайтыс болуынан кейін-ақ, Бату Бөржегін тайпасының ішіндегі жасы жағынан да, беделі жағынан да үлкен аға ұрпақ «ака» болғаны белгілі. Бірақ, Үгедейдің жесірі Төркін-хатунның да, ұлы қаған болып

сайланған Гуюгтің де мұны мойындағысы келмегені анық. Ал Гуюгті Батуға қарсы ашық түрде соғыс басталуына жол бермеген факті оның өлімі ғана себеп болды. В. В. Трепавловтың пікірінше, Шағатай өлімінен соң, империяның батыс жерлері жасы жағынан үлкен, Бату бастаған Жошы ұрпақтарына берілді дейді. Ал Гуюг ұлы қаған тағына отырған соң, 1246-1248 жж. іс-жүзінде Бату мен Гуюгпен тең басқарушы (соправитель) болған дейді [11, с. 78-79]. Ал Гуюгтің өлімінен соң, 1248-1251 жж. аралығында Бату Моңғол империясындағы ең беделді адам болған белгілі. Ол жөнінде Киракос Гандзакецидің мәліметтерінде былайша сипатталған: «Русудан... послала послов к... Бату... предлагая признать свою зависимость от него, поскольку тот был вторым после хана лицом. И Бату велел ей восседать в Тифлисе, и татары не стали противодействовать этому, так как в эти дни умер хан» [4, с. 181]. Бұдан байқайтынымыз, ұлы қаған қайтыс болған соң, жаңа кандидатты таққа отырғызғанға дейін Батудың империядағы бірінші адам екені анық байқалады. Ал Мөңкені таққа отырғызған соң, Батудың саяси ықпалы артып, Моңғол империясындағы ұлы қаған әкесі ретінде болғаны байқалды. Армян тарихшысы Киракос Гандзакеці, Мөңке-хан таққа отырған соң, даңқты қолбасшы Батудың «патша әкесі» (хан әкесі) титулын иемденгенін жазады [4, с. 222]. Сондай-ақ, IX Людовиктің елшісі Вильгельм Рубрукке Мөңке былайша айтқан: «Как солнце распространяет повсюду лучи свои, так повсюду распространяется владычество мое и Бату» [12, с. 138].

1259 жылы Қытай жорығында жүріп ұлы қаған Мөңкенің қайтыс болуымен байланысты орын алған кезекті саяси дағдарыс Моңғол империясының тұтастығын жойылуына алып келді. Бұрын саяси қарама-қайшылықтар бір жағынан Өгедей-Шағатай, екінші жағынан Жошы-Төле ұрпақтары арасында болса, ендігі жерде Жошы әулетінің қолдауындағы Төле ұрпақтары арасында қаған тағы үшін күрес басталды. Тақ үшін талас Мөңке қағанның бауырлары Құбылай мен Арық-Бұғы арасында өрістеді. 1260 ж. Қытайдағы моңғол әскері Құбылайды ұлы қаған деп тапса, Қаракорымда Арық-Бұғыға да жақтастары адалдыққа ант берді. Осылайша, империяда екі қаған, екі орталық, бірінен-бір өзгеше екі билік жүйесі пайда болды. Осыған байланысты Шыңғыс-хан ұрпақтары да екі топқа бөлінді. Бұл күресте Берке-хан бастаған Жошы ұрпақтарының негізгі бөлігі Арық-Бұғаның ұлы қаған тағына отыруын заңды екенін мойындады. Берке-хан Арық-Бұғаны белсенді түрде қолдады. Ол жөнінде араб авторы әл-Муфаддал шығармасында Берке Арық Бұғаға әскери көмек те көрсете отырып, ол жіберген жасақтар бір шайқаста Құбылай әскерін жеңіліске ұшыратқаны сипатталған [13, с. 146]. Сонымен қатар, Берке Бұлғарда Арық-Бұға атынан теңге соқтырған. Осыған байланысты, зерттеушілер арасында оның Арық-Бұғаны ұлы хан ретінде мойындап, оған қолдау көрсетті деп айтып өтті. Б. Шпулердің пікірінше, Берке мен Арық-Бұға арасын көшпенділік байланыстырса, Құлағу мен Құбылай қалалық мәдениетті қолдаушылар қатарында болды дейді [14, с. 72]. Осыған қарағанда, Арық-Бұға өз тарапынан Берке Алтын Орда территориясындағы билігін ресми заңдастырып, олардың араларында тығыз саяси қарым-қатынас орнаған болуы тиіс. Осындай жағдай Құбылай мен Құлағу арасында орнады. Соңғысы Құбылайдың билігінің заңды екенін мойындап, оған Арық-Бұға мен оның одақтастарына қарсылығын білдірді. Құбылайда өз кезегінде Құлағудың басып алған территорияларына ұлыстың заңды билеуші (Елхан) ретінде бекітті. Моңғол империясының ұлы қаған тағы үшін текетірескен күрес Құбылайдың жеңісімен аяқталды. 1264 ж. Арық-Бұға қарсыласуын тоқтатып, өзінің қалған әскерімен Құбылайға берілді. Құбылай Арық-Бұғаның өмірін сақтап қалды, бірақ оның барлық жақтастарын саяси қастандық ұйымдастырушы, арандатушы ретінде қатал жазалады. Олардың көбін өлім жазасына кесті [15, с. 324-326].

Құбылайдың таққа отырған кезеңінен бастап, моңғол империясының құрамындағы ұлыстар орталық биліктен қашықтап, іс-жүзінде орталық әкімшілік пен ұлыс әкімшіліктері арасындағы байланыс үзілді. Жошы ұлысының билеушісі Берке мемлекеттің қуаттылығын арттыруда осындай қолайлы жағдайды кеңінен пайдаланды. Ұлыс билеушілері де ұлы қағанның ішкі саясатына араласпады және бұл мемлекеттердің билеушілері де Құбылайдың ұлыстардың ішкі мәселелеріне араласуына ерік бермеді. Осылайша бүкіл Моңғол империясының ұлы қағаны Құбылай деп саналғанымен, іс жүзінде империя бір-біріне тәуелсіз төмендегідей төрт мемлекетке бөлініп кетеді.

1. Моңғолия мен Қытайдағы Шыңғысханның кенже ұлы Төленің ұрпақтары, соның ішінде Құбылай билеген – Юань империясы.

2. 1258 ж. Иранда Төленің ұлы Құлағу негізін қалаған – Құлагидтер немесе Елхандар (тайпа хандары) мемлекеті.

3. Мәуереннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарын біріктірген – Шағатай мемлекеті.

4. Шығысында Ертістен батысында Дунайға дейінгі жерлердегі Ұлы даланы біріктірген Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұрпақтары билеген – Алтын Орда мемлекеті.

Тарихи әдебиеттерде Берке мен Құбылай арасындағы қарым-қатынас жөніндегі мәселе әлденеше рет қарастырылды. Көптеген зерттеушілер, XIII ғ. 60-ші жылдарының басында олардың арасындағы қатынасты конфронтациялық бағытта болды деген пікірге келді. Құбылай ұлы қаған болған соң, Сарай мен Пекин арасындағы қатынас тіпті күрделене түсті. Берке мен Құбылай арасындағы

катынастың сипаттамасында белгілі бір қызығушылық туғызатыны ұлы қағанның Моңғол империясының ұлыстық билеушілеріне жіберілген жолдауында Беркенің тіпті аты да аталмайды [3, с. 162]. Демек, Құбылай оның Алтын Ордадағы билігінің заңды құқығын мойындамады, бірақ қалыптасқан жағдайды түбегейлі өзгертуге де мүмкіндігі болмады. Арық-Бұғаны толық жеңгеннен кейін немесе оған дейін Құбылай Құлағуға жарлық берді, онда «ол Аму өзенінен Сирия және Египеттің шеткі шегіне дейін жерлердің билеушісі болып табылды» [9, с. 75]. Осылайша, ұлы қаған Берке мен Құлағу арасындағы территориялық дауды өзінің бауырының пайдасына қарай шешті. Бірақ, Алтын Орда ханы ол шешіммен келіспей, Құлағуға қарсы, ал ол өлген соң оның мұрагері Абағаға қарсы соғыс қимылдарын белсенді түрде жалғасыра берді. Бұл дегеніміз Беркенің империялық биліктің бұйрықтарына қарсы тайсалмай күресті. Бізге мәлім Берке мен Құбылай арасында «ынтымақтастық» жөніндегі жекелеген бір мәліметтер бар. Мысалы, Құбылай Арық-Бұғаның мәселесіне қатысты сот жүргізу үшін, оның жұмыстарына қатынасуға Құлағу, Берке және Алғұйды шақырғаны жөніндегі мәлімет. Бұл фактінің сенімділігіне күмәнданудың қажеті жоқ, бірақ оны ұлы қағанның саяси айласы іске асқан жоқ деп бағалауға болады, өйткені шақырылғандардың ешқайсысы келген жоқ [16, с. 11]. Қарастылған мәселелердің барлығы, 1264 ж. Құбылай өзінің бауыры Арық-Бұғамен күресте жеңіске жеткен соң, ұлы қаған болды, ал Алтын Орда Моңғол империясынан іс-жүзінде тәуелсіз мемлекетке айналды деп айтуға болады. Егер Алтын Орда мемлекетінің ұлы қағаннан белгілі-бір тәуелділігі болса да ол формалді сипатқа ғана ие болды.

Құбылайға қарсы күресте Арық-Бұға жеңіліс тапқан соң, оның жақтасы болған және саясатын жалғастырушы Үгедей ұрпағы Хайду күресті жалғастырды. Хайду Юань мемлекеті құрылған соң, империя орталығын Қытайға көшіруіне үлкен қарсылық туғызды. Осының нәтижесінде Моңғол империясының шығысында соғыс басталып, 1301 ж. Хайдудың қайтыс болуына дейін жалғасты. 1266 ж. аяғына қарай Хайду Құбылайға қарсы әскерді бастап шықты. Оның негізгі әскери күші Еміл маңына шоғырланды. Құбылай Хайдудың шабуылына қарсы күресуге дайындықты бастады. Құбылай өзінің ұлы Номғонға Хайдуға қарсы әскерге қолбасшылықты жүктеді. Номғон ұлы ханның мұрагері және империяның Моңғолиядағы бөлігін басқарушы ретінде тағайындалып, оның резиденциясы Қарақорымда орналасты. Номғонға империяның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Хайду қарсылығын талқандау міндеті тұрды. Номғон Қарақорымға келген соң, Хайдуға қарсы әрекетке кірісіп, таңдаулы моңғол әскерлерін жасақтады. Сондай-ақ, Шағатай ұлысы мен Алтын Ордаға елшілер жіберіліп, Құбылайдың атынан жолдаулар арнады және Қытайдан әкелінген бағалы сыйлықтарды бере отырып, Шағатай ұлысының билеушісі Жапармен және Алтын Орда билеушісі Мөңке-Темірмен уақытша келісімге келді. Алтын Орда ханы Мөңке-Темір алғашқы кезде тіпті, Хайду соғыс ашатын болса, Құбылайға көмек көрсетуге дайын екеніне уәдесін берді. Номғон қысқа ғана уақытта моңғол ұлыстарының қолдауына ие болса да, бұл келісім өте осал болды [15, с. 328-329]. Номғон империяның қауіпсіздігі мәселелерімен айналасып жатқан кезде, Хайду да ұлыс билеушілеріне өз елшілерін жіберді. Оның жіберген бір хатының мазмұны былайша сипатталды: «Наши предки и Чингисхан оставили нам завет о строгом соблюдении порядка наследования ханского престола. В настоящее время мы с вами, нойоны-братья, уступили ханский престол тому человеку, кто не выполняет заветов наших предков, наоборот, их отвергает. Я же должен наследовать ханский престол. Хубилай предательски перешел на сторону Китая, он перестал соблюдать старую добрую традицию Монголии и отвергает заветы предков. Если вы будете помогать ему, то это будет отходом от заветов наших предков. Просим хорошенько подумать об этом» [17, с. 334]. Номғон мен Хайду мақсатқа жету жолында екі түрлі әдісті қолданды. Номғон Құбылай атынан жазылған хат жіберіп, бағалы сыйлықтар беру арқылы, яғни дәстүрлі Қытайлық дипломатиялық жолмен шешуді көздеді. Ал Хайду болса Құбылайдың дәстүрлі моңғол құқығы мен Шыңғыс-хан негізін қалаған ұстанымдарды бұзғандығын әшкерелеп, өз жағына ұлыс билеушілерін үгіттеу арқылы жүзеге асырмақшы болды. Сондықтан, Алтын Орда билеушісі кешікпей Құбылаймен жасаған келесімін бұзып, Хайдудың жағына шығып кетті [15, с. 329]. 1268 ж. Құбылайдың одақтасы, Шағатай ұлысына билеушісі ретінде қойған Барақ Хайдуға қарсы соғысын бастады. Мөңке-Темір Құбылай мен Шағатай ұлысының билеушісімен біріккен әскери одақтың күшеюін қаламағандықтан, Хайдуға көмекке немере атасы Беркечар бастаған 30 000 жауынгер жіберді. Екі жақты қысымға шыдай алмаған Барақ Оңтүстік-Қытайдың Сун империясымен соғысып жатқан Құбылайдан көмек келмеген соң, тізе бүгуге мәжбүр болды [3, с. 70]. Хайду ендігі жерде Құбылаймен күресін тоқтатып, Орталық Азия ұлыстарының береке-бірлігін нығайтуға күш сала бастады. Әуелі Барақты ымыраға шақыру үшін немере інісі Қыпшақты тарту-таралғысымен Бараққа аттандырады. Барақ Хайдудың елшісін Самарқанда қабылдап, арадағы шиеленісті күшпен емес, келісім арқылы шешу керектігін айтып Орталық Азиядағы Моңғол ұлыстарының басын қосқан құрылтай шақыру туралы Хайдудың пікірін қолдайды [1, 562 б.]. Осыған байланысты көптен күткен құрылтай 1269 ж. Вассафтың мәліметі бойынша, Катван даласында, ал Рашид ад-Дин мәліметі бойынша, Талас өзені бойында өтеді.

Құрылтайға Хайду, Барақ және Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарының өкілдері қатысты. Рашид ад-Дин мәліметіне сенсек, құрылтайға Мөңке-Темірдің өзі қатысқан. Басқа деректерде Мөңке-Темірдің өзі бұған қатынасқан жоқ, бірақ жоғарыда аталған Беркечарды жіберді. Құрылтайға қатысушылар Моңғол империясының болашақ тағдырына қатысты бірқатар шешімдер қабылдады [1, 562 б., 3, с. 60. 18, р. 333]. Оның ішінде шешуші және маңызды шешімдердің бірі қатысушылар өз ұлыстарын Құбылай билігінен тәуелсіздігін ресми түрде қабылдады. Дегенмен, Бату, Берке кезінде Алтын Орданың тәуелсіз саясат жүргізген байқалса да, ал бұл құрылтай шешіміне байланысты ресми түрде Шыңғыс-хан ұрпақтары тарапынан мойындалды. Шығыстағы Шыңғыс-хан ұрпақтарынан ұлыстың тәуелсіздігін мойындаған соң, Мөңке-Темір жалпы империялық саясатқа көп араласпай, одақтастарына көп жағдайда моралді және дипломатиялық түрде қолдау көрсетумен ғана шектелді. Осылайша, Шыңғыс-хан ұрпақтары арасында өзара шиеленіс жағдайында Мөңке-Темір саясатының арқасында Алтын Орда толық тәуелсіздікке ие болды

1. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728 б.
2. Juvaini Ata-Malik. The History of the World Conqueror / Transl. from text of Mirza Muhammad Qazvini by J.A. Boyle, introduction and bibliography by D.O. Morgan. – Manchester: Manchester University Press, 1997. – 832 p.
3. Рашид ад-Дин // Сборник летописей / пер. с перс. А.К. Арндса, ред. А.А. Ромаскевич, Е.Э. Бертельс, А.Ю. Якубовский. – М.-Л., 1946. – Т.3. – 316 с.
4. Гандзакеци К. История Армении / пер. с древнеарм., предисл. и коммент. Л.А. Ханларян. – М.: Наука, 1976. – 358 с.
5. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1963. – Т.1. – С. 43-597.
6. Hammer-Purgstall J. von. Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, das ist: der Mongolen in Russland. – Pesth: C.A. Hartleben's Verlag, 1840. – 683 s.
7. Wolff O. Geschichte Mongolen oder Tataren besonders ihres Vordringes nach Europa, so wie ihrer Eroberungen und Einfälle in diesem Welttheile. – Breslau: Verlag von Carl Dülfer, 1872. – 429 s.
8. Spuler V. Geschichte der islamischen Länder, ein Überblick. Die Mongolenzeit. – В.: Wissenschaftl. Edionsges, 1948. – 76 s.
9. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. – Т.II. – 308 с.
10. Почекаев Р.Ю. Батый. Хан, который не был ханом – СПб.: Евразия, 2007. – 350 с.
11. Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблема исторической преемственности. – М.: Наука, 1993. – 168 с.
12. Гильом де Рубрук. Путешествие в восточные страны / Пер. А. И. Маленна, вступит. ст., коммент. М. Б. Горнунга // Путешествия в восточные страны. М., 1997. С. 86-189.
13. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем / Подготовка к новому изданию, введения, дополнения и комментарии Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. – Алматы.: Дайк-Пресс, 2005. – Т. I. – 709 с.
14. Spuler V. Die Mongolen in Iran. Politik, Verwaltung und Kultur der Ilchanzeit. 1220-1350. 2., erweiterte Auflage. – В.: Akademie-Verlag, 1955. – 579 s.
15. Далай Ч. Борьба за великоханский престол при Хубилае и его преемниках // Татаро-монголы в Азии и Европе: сб. статей. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1977. – С. 323-334.
16. Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М.: Наука, 1966. – 160 с.
17. Д'Оссон К. История монголов от Чингиз-хана до Тамерлана / пер. и предисловие проф. Н. Козьмина.– Алматы: Санат, 1996. – 2 изд. – 255 с.
18. Grousset R. The Empire of the Steppes: A History of Central Asia. – New Brunswick: New Jersey and London, 2000.

**МАХАТ Д.А.,**

т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Отырар кітапханасының» ҒО директорының орынбасары,  
Астана қаласы.

### **АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ҚОРЫНДАҒЫ ХАТТАР- ТАРИХИ ДЕРЕК**

Артында өшпестей мол рухани мұра қалдырған энциклопедист ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның аса құнды кітапханасы, сирек қолжазбалары, материалдық заттары ғалымның туғанына 100 жыл толуына орайластырылып<sup>61</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында ашылған «Академик Әлкей Марғұланның мұражай кабинетінде» сақтаулы. Академиктің мұражай кабинетіне оның қызы Дәнел Әлкейқызы жанұя архивіндегі ғалымның жеке қорынан тұтынған заттарын, археологиялық деректерді, 500 кітап пен қолжазбаларын<sup>62</sup> тапсырған еді. Кейін<sup>63</sup> ғалымның қоры тағы да 230 кітаппен толықты.

<sup>61</sup> 2004 жылы қыркүйек айында

<sup>62</sup> «Беғазы мәдениеті» монографиясының қолжазбасы, «Поэзия туралы. Аристотель» конспекті, «БКП(б)ның қысқа тарихы» конспекті, хаттар, құттықтаулар, телеграммалар, суреттер, газет-журнал материалдары, оттистиктер, карталар және т.б..



2013 жылы ғылыми орталық директоры, профессор Тұрсын Жұртбай ғалымның қорын толықтыру және ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастыру мақсатымен Дәнел Әлкейқызының рұқсатымен әкесінің жеке архивіндегі 230 эпистолярлық мұраны<sup>64</sup> сұрыптап, тақырыптарға бөліп көшірмесін алған еді. Ғылыми орталықтың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына алынған деректердің басым көпшілігі хаттар. Хаттардың адресанты, мазмұны, жазылған орыны, тілі әр түрлі. Хаттар ресми мекемелерден, ғалымдардан, әр түрлі сала мамандарынан, ағайын-туыстарынан келген. Қазақ, ағылшын, орыс, татар, түрік тілдерінде жазылған. Хаттарда ресми мәлімет, амандық-саулық, қарым-қатынас, тұрмыс мәселесі, кеңес сұрау, өтініш айтау, құттықтау, адресанттың өзі туралы және басқа мәліметтер бар. Хаттар ресми және еркін стильде жазылған. Ресми хаттар белгілі бір ғылыми мекеменің атынан жазылып, қызмет бабындағы [1] мәселелер қозғалған.

Жеке адамдар жазған хаттарда адресант пен адресаттың арасындағы сыйластық, бір-біріне деген үлкен құрмет пен ыстық ықылас сезіледі, амандық-саулық, отбасы, ғылым-білім, құттықтау және басқа да мәселелер айтылады.

Ғалымдардың жазған хаттарында адресанттың жазу стилі, дүниетанымы, ғылыми көзқарасы, зерттеулері, ғылыми тұжырымдары т.б. туралы ақпараттар мол және хаттардың адресаты нақты, баяндалған хабар адресатпен байланысты болып келеді. Хаттар сырды ішіне бүккен «сыр сандық» іспеттес, оның жүйесін тауып зерттеген адамға сыры суыртпақталып ашыла береді. Кеңестік кезеңдегі зиялы қауым ұлтқа, тілге, тарихқа қатысты ресми партиялық методология шектеу қойған мәселені мақала ретінде жазып жарыққа шығара алмағаны белгілі. Сондықтан ұлтқа қатысты кейбір мәселелерді, ойларын хатқа түсірген. Сол себепті де ғалымның жеке архивіндегі эпистолярлардың тарихи ақиқатты ашуда маңызы үлкен. Ғалымның жақын-туыстарынан келген хаттар күнделікті өмір тарихының дерегі деп айтуға болады, олардан сыйластық пен бауырмалдық, жылы лебіз, күнделікті өмірдегі жағдайлар, қажеттілік, көмек, тілек, ұсыныс және т.т. оқи аламыз. Хаттар төте жазу, латын, крилл әріптерімен жазылған.

Қазақстан ғалымдары Қ.Мұқаметханов, А.Медоев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Бектасов, Е.Бөкетов, Б.Ерзакович, К.Ақышов, А.Сейдімбек және басқалардан келген хаттарда зерттеу еңбектерінің жазылу барысы, экспедиция жұмыстары, жаңа материалдар, болашақ тың зерттеуге негіз болатын деректер бар. Хаттар ғылыми байланыс, ой-пікір, адресант пен адресат арасындағы түсіністік пен сыйластық қарым-қатынас, ғалымдар туралы деректік материалдар болумен қатар ғалым өмір сүрген кезең туралы бай зерттеу материалын да береді.

Әлкей Марғұлан 1926-1927 жылдары академик А.Е. Ферсман мен профессор С.И. Руденконың, Қазсовноркомның бастығы Н.Нұрмақовтың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай экспедициясына қатысып, атақты археолог, антрополог, этнографтар ғалымдармен, өнер зерттеушілерімен жақын танысты. Ресей ғалымдарымен біріккен ғылыми экспедицияда 1926-1930 жылдар аралығында ғылыми ізденіс жұмыстарын жасап, нәтижесінде наймандар мен адайлар туралы тұңғыш зерттеуін жазып жариялады. 1931 жылы Ленинградтағы «Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының» аспирантурасына түсіп, бұрын зерттеле қоймаған «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген өзекті тақырыпты зерттеуге кірісті. 1936 – 1938 жылдары стажер, кейін КСРО ҒА Қазақ филиалы Тарих институтының ғылыми қызметкері, 1938 жылдан КСРО ҒА Қазақ филиалында, Қазақ КСР Ғылым академиясында үздіксіз қызмет атқарды.

1943 жылы кандидаттық диссертациясын, 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық жырлары» [2] тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Ғалым қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыдан зерттеп, ғылымда өзіндік өшпес қолтаңбасын қалдырды. Археологиялық және этнографиялық зерттеулер нәтижесінде 1950 жылы «Қазақстандағы көне қалалар тарихы» жөнінде көлемді монографиясы баспадан шықты [3].

1950 жылдардың ортасында қазақтың шоқтығы биік ғалымы Шоқан Уәлихановтың мұрасын іздеу, жинау, жүйелеу жұмысы басталды. Осы жауапты жұмыстың басында Әлкей Марғұлан тұрған еді. Зерттеушілер тобы Семей, Омбы, Орынбор, Қазан, Мәскеу, Ленинград қалаларының мұрағаттарын қопарып Шоқан Уәлихановқа қатысты тың деректер (қолжазбалар, хаттар, жазбалар, басқа да құжаттар) тапты. Соның нәтижесінде 1958 жылы Шоқан Уәлихановтың таңдамалы еңбектерінің жинағы басылып шықты. Ол басқарған ғалымдар тобы 1957-1967 жылдар аралығында Шоқан Уәлихановтың мол мұрасын сұрыптап, зерттеп, жүйелеп бес томдық академиялық басылымын дайындады. Ол еңбектер 1961 – 1972 жылдар аралығында бірінші рет басылып шықты. Ал, 1984 – 1985 жылдары Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай қайтадан екінші рет басылды.

<sup>63</sup> Ғалымның қызы Дәнел Әлкейқызы 2012 жылы әкесінің қорына әкеліп тапсырған.

<sup>64</sup> Ағайын-туыстарынан, Қазақстандық ғалымдардан, архитектура және өнер саласы мамандарынан, Жапония, Англия, Ресей, Түркия, Германия, Монғолия және басқа шетелдік ғалымдардан келген хаттар, телеграммалар, ашықхаттар, пікірлер.

Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі жөніндегі таңдамалы шығармаларының 1 томындағы алғы сөзі, «Шоқан және Манас» монографиясы, «Шығыс жұлдызы», «Шоқан Уәлихановтың әдеби мұралары», «Қашқарды ашқан Колумб», «Шығысты тұңғыш танытқан», «Өмірінің ақырғы күндері» және басқа да зерттеу еңбектері Шоқантану ғылымындағы маңызды пікір болып табылады. Ғалымның үш жүзден астам еңбегінің үштен бірін Шоқан туралы материалдар құрайды [4].

Сан түрлі ғылымдар негіздерін жете меңгерген зерделі зерттеуші өзінің салмақты ғылыми еңбектерімен Қазақстанда ғана емес, шетелдерге де кеңінен танылды. Дүние жүзі ғалымдары бас қосқан Шығыстанушылардың XXV конгресінде жасаған «Орталық Қазақстанның жаңа табылған қола дәуірінің ескерткіштері», антропология және этнография ғылымдарының дүниежүзілік VII, VIII конгрестерінде жасаған «Қазақ киіз үйі», «Қазақстанның исламға дейінгі архитектурасы» атты баяндамалары ғылымдар назарын өзіне аударды. Ғұлама ғалымның терең білімін, зерделі зерттеулерін жоғары бағалаған шетелдік шығыстанушы, археолог, этнограф ғалымдар онымен байланыс орнатып, ғылыми ақпараттар алмасып, кеңес сұрап, ғылыми басқосуларға қатысып баяндама жасауын өтініп хат жазып тұрған. Бұл пікірімізді ғалымның жеке қорындағы мәдени және тарихи мәні зор хаттары дәлелдей түседі.

Ғалымның артында қалдырған мол мұрасының ішінде зерттелмегені де оның артында қалған эпистолярлық мұралары. Ғалымның атына жазылған хаттардың кейбірінде аресанттың мақалаларында, сұхбаттарында кездеспейтін ой-пікір, жан-сыр сол кезеңдегі ғылыми ортаның, қоғамның психологиясын, танымын, ойлау жүйесін көрсетуімен де құнды. Сондықтанда XX ғасырдағы қазақ ғылымы мен мәдениеті тарихының дерегі болып табылатын академик Әлкей Марғұланның эпистолярлық мұраларын ғылыми айналымға шығару, оларды зерттеу бүгінгі күні қажет және өзекті мәселенің бірі болып табылады.

- 
1. НЦ «Отырар кітапханасы» // Фонд А.Х. Маргулана. – Письма ученых, писателей организаций города Ленинграда профессору А.Х. Маргулану и др.
  2. Маргулан А.Х. Эпические сказания казахского народа: Дис. канд. филол. наук. – Алма – Ата, 1945.
  3. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма – Ата, 1950.
  4. Ысқақов А., Арынов Т. Ағадан қалған мұра // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 17 январь.

**АБДУКАДЫРОВ Н.М.,**  
М.Х. Дулати атындағы ТарМУ,  
Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы

### **ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ГЕРМАНИЯНЫҢ БЕРЛИН-БАҒДАТ ТЕМІРЖОЛЫН САЛУ ЖОБАЛАРЫ**

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Осман империясының сыртқы саясатта берік саяси және экономикалық байланыстар орнатқан мемлекеттердің бірі Германия болды. XIX ғ. 70-жылдары біртұтас Герман мемлекеті құрылған соң, ол өзге мемлекеттермен саяси және экономикалық салаларда түрлі деңгейде байланыстар орнатты. Бұл кезеңде Германия өзіне сыртқы саяси және экономикалық әріптес ретінде Осман империясын таңдады. Осы ретте, Осман империясы мен Германияның саяси және экономикалық жағдайына үңілсек, бұл кезеңде, Осман империясында саяси, әлеуметтік-экономикалық салалар бойынша кең көлемді құлдырау процесі орын алған болатын және империя ішкі-сыртқы саясатта дағдарыс жағдайында еді. Оның басты себептері империяның қоғамдық өмірдің барлық салалары бойынша артта қалуынан туындады. Бұл кезеңде империя экономикасында тек аграрлық сектор ғана басты роль ойнады. Өндіріс өте аз болды. Мемлекетте экономиканы көтеретін басты құрал білім мен ғылым Еуропа елдерімен салыстырғанда әлдеқайда артта қалып қойды. Үкіметте қазына қаржысын ұрлау дәстүрге айналды. Заң әлсіз болды. Осылайша, Осман империясы XIX ғасырда халықаралық саясат пен экономикада «Еуропаның ауру адамы» деген атқа ие болды. Империяның саяси және экономикалық ахуалын көтеру осман үкіметінің басты стратегиялық жоспары болды. Ал, Германия болса, 1870-1871 жылдары Франция мен Пруссия арасындағы соғысты қорытындылаған 1871 жылғы Франкфурт келісімінен кейін бір орталыққа біріктірілген мемлекет ретінде танылды. Уақыт өте ол саяси тұрғыда Еуропадағы қуатты мемлекеттердің біріне айнала бастады [1, 215 б.]. Аз уақыттың ішінде, дәлірек айтқанда XIX ғасырдың 70-80 жылдары Германия империя дәрежесіне көтеріліп, Еуропада үлкен саяси беделге ие болды.

Осман империясы мен Германия арасындағы саяси және экономикалық байланыстар герман канцлері Отто фон Бисмарктің кезінен басталып, ол кейіннен герман императоры II Вильгельм тұсында жалғасып дамыды. Бұл кезеңде Осман империясын басқарған сұлтан II Абдулхамит Германиямен саяси-экономикалық байланыстарды барынша дамытып, соның негізінде оның саяси және экономикалық қолдауына ие болды. Мұның салдарынан империялар арасында көптеген саяси және экономикалық жобалар жүзеге асырылды. Солардың бірі XIX ғасырдың соңғы жылдарында қабылданып XX ғасырда аяқталған Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасы болды[2].

Берлиннен Стамбул арқылы Анадолының өзге қалаларын жалғаған теміржолды Бағдатқа дейін жеткізу туралы мәселе 1898 жылы герман кайзері II Вильгельмнің Осман империясына жасаған екінші сапары кезінде көтерілді. 1898 жылы қазан айында герман императоры II Вильгельм Стамбулға екінші рет келді. Мұнда ол II Абдулхамит сұлтанның ерекше қабылдауында болып, Стамбулда императорға үлкен құрмет көрсетілді. II Абдулхамит өзінің сыртқы саяси әріптесіне зор құрмет көрсетіп, саяси әңгіме барысында сол уақыттағы халықаралық саясаттағы бірқатар мәселелерге баса назар аударылды және империялар арасындағы саяси қатынастардың одан сайын жақсара түсетіндігі нақтыланды. Осман үкіметі Германияны [3] сыртқы саясаттағы өзінің одақтасы ретінде қабылдады. Кайзер бұл сапарында Осман империясымен саяси, экономикалық және әскери салаларда одақтастық байланысты одан сайын дамытуды жоспарлады. II Вильгельм Осман империясына жасаған екінші сапарында Осман империясының Таяу Шығыстағы провинцияларын түгел дерлік аралап, бұл аймақтардың одақтастар үшін саяси және экономикалық маңыздылығы өте зор екендігіне көз жеткізді. Бұдан соң, герман басшылығы Таяу Шығыстың сарқылмас шикізатын Германияға ешбір кедергісіз әрі жылдам жеткізу ойластырды. Мұның нәтижесінде, Еуропа мен Осман империясының Анадолы провинциясын жалғаған теміржолды Бағдатқа дейін ұзарту жоспары туындады [4].

Кайзер II Вильгельмнің 1888 жылы Осман империясына жасаған алғашқы сапарынан соң, Хайдарпаша-Измит, Анкара-Эскишехир-Конья бағыттары бойынша теміржол салу жобасы қарастырылып, бұл жобаны жүзеге асыруға неміс банкі Дойчебанктің қаржылай қолдауымен құрылған Анадолы теміржол компаниясы салуға рұқсат алған болатын. Кайзердің 1898 жылы екінші рет жасаған саяси сапары барысында бұл жолды одан ары Бағдатқа дейін ұзарту жобасын қабылдау туралы осман үкіметіне ұсыныс білдірілді. Осман сұлтаны II Абдулхамит герман кайзерімен болған сұхбатта Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасы басты саяси және экономикалық тақырыптардың бірі болды. Кайзер II Вильгельм Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасын ұсына отырып, бұл теміржолды да Анадолы теміржол компаниясының салатынын жеткізді. Келіссөз барысында II Вильгельмнің осман сұлтаны II Абдулхамитке жасаған ұсынысы бойынша бұл компания, өзінің Стамбулдан Коньяға дейін төсеген теміржолын одан әрі Стамбулдан Бағдатқа дейін жеткізуді өз міндетіне алатын болды. Ал, Осман империясы Бисмарктің кезінен бастап Германиямен орын алған саяси және экономикалық қатынастардың даму қарқынына шек қоймай, керісінше оны одан әрі дамытуды көздеп, көп ұзамай өз келісімін беретінін білдірді. Осман үкіметінің бірден келісім бермеуінің себебі, Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасының тараптар үшін саяси және экономикалық маңыздылығын нақтылап алу қажет болды [5].

1898-1899 жылдары бір жылға жуық келіссөздердің нәтижесінде Берлин-Бағдат теміржолы жобасының жүзеге асырылуы туралы шешім қабылданып, бұл жолды жоғарыда атап өткендей Анадолы теміржол компаниясы салатын болды. Бұл жобаның Осман империясы үшін де, Германия үшін де саяси және экономикалық маңыздылығы өте зор болатын болып шешілді. Анадолы теміржолының Бағдаттан Берлинге дейін созылуының Осман империясы үшін саяси және экономикалық маңызы зор болып, бұл теміржол арқылы Осман империясына батыстық үлгідегі техника мен технологияның соңғы үлгілері әкелінетін болды. Соның негізінде империя экономикасы «қайта тірілетін» болады деп сендірілді. Сонымен бірге саяси, әскери және стратегиялық пайдасы шексіз болады деп күтілді. Бұған Осман империясының сұлтаны II Абдулхамиттің: «Хижаз теміржолы менің бұрыннан аңсап келе жатқан арманым еді. Бұл жолдың мемлекетіміз үшін тек қана экономикалық салада емес, сонымен бірге саяси жағынан маңызды болып, Шығыстағы саяси үстемдігімізді ұзақ уақыт сақтауға және ең маңыздысы әскери күш-қуатымызды арттыруға көмектеседі» – деген сөзі дәлел бола алады [6]. Осы орайда Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасын жүзеге асыруда Осман империясы үшін күтілген басты саяси және экономикалық маңыздылықтарды атап өтсек:

1. Теміржолдың салынуы Осман империясында өнеркәсіптің дамуына бұдан да зор мүмкіндіктер беретіндігі жоспарланды. Герман кәсіпкерлері Осман империясында жаңа және заманауи өндіріс орындарын көбейтіп, соның негізінде Осман империясынан шығатын дайын шикізат өз елінде өндірілетін болды [7, 40 б.].

2. Теміржол байланысы екі мемлекет саудагерлерінің алыстағы сауда базарларына барып сауда жасауына кең мүмкіндік тудырып және жалпы халықаралық сауданы дамытуға өз үлесін қосатын

болды. Бұл жағдай мемлекетте өндірілген өнімнің артығының шетелде саудалануына оң ықпал етеді деп күтілді. Өндірушінің де үкіметтің де қаржы-экономикалық ахуалының жоғары деңгейде болуына жоспарға алынды.

3. Осман империясының тек Германиямен ғана емес, сонымен бірге Батыс Еуропаның өзге де елдерімен сауда жасау мүмкіндіктері туындайтыны анықталды.

4. Теміржол арқылы Осман империясына Германиядан өндіріске қажет болған құралдар мен түрлі бұйымдар оңай жеткізілетін болды. Осман империясында салынатын өндіріс ошақтарын қажетті жабдықтармен тез қамтамасыз ету және қажетті мамандарды жылдам тарту мүмкіндіктері туындады [8, 44 б.].

5. Теміржолдың маңызды тұстарының бірі Германиямен саяси және экономикалық байланыстарды одан сайын арттыратын болды. Берлин-Бағдат теміржолы арқылы Осман империясына Германиядан қандай болмасын қажетті материалдардың Стамбулға жылдам уақыт ішінде жеткізуге үлкен мүмкіндіктер туындады. Оның ішінде ең маңыздысы әскери көмек те тез жеткізілетін болды.

6. Берлин-Бағдат теміржолының құрылуымен бірге Осман мемлекетінің әскери күштері империяның қай бұрышында болмасын орын алған саяси жанжалдарды басу үшін өте қысқа уақытта жеткізілетін болды. Соның негізінде осман әскерлері империяның қай түкпірінде болса да туындаған саяси көтерілістерді орталықтың бұйрығы бойынша тез арада басып отыратын болды және бұл жағдай мемлекеттік орталық аппараттың үстемдігін одан сайын арттырады деп күтілді.

7. Империяның провинцияларында туындаған саяси көтерілістерді басумен қатар, алыс провинциялардағы әскери мобилизациялау жұмыстарын да жеңілдететін болды [9, 108-110 бб.].

8. Мұндай әскери қажеттіліктер Ресеймен соғысуда тиімдірек болатын болды. Теміржолдың салынуы Осман империясының Ресеймен соғыста осман әскерінің әскери қарумен және қажетті азық-түлік материалдарымен уақытылы қамтамасыз етілетін болды.

Келесі кезекте, Берлин-Бағдат теміржолының Герман империясы үшін саяси және экономикалық маңыздылықтарына тоқталсақ:

1. Осман империясына немістердің санын арттыруға кіріскен кайзер II Вильгельм өндіріс пен өнеркәсіп саласында Осман империясымен тығыз байланысып, империяның осы салаларын өзіне тәуелді етуге тырысты.

2. Күн сайын өркендеген герман өнеркәсібі үшін Осман империясы үлкен шикізат жеткізуші күш еді. Таяу Шығыста мұнай мен өндіріс үшін қажетті шикізат сарқылмас қоры бар екендігін түсінген Германия үшін Берлин-Бағдат теміржолының экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Мұндағы мұнай мен басқа да шикізат көздері осы теміржол арқылы үздіксіз тасымалданатын болды.

3. Суландыру жұмыстары мен оның технологиясын жетік білген немістер Анадолы мен Осман империясының басқа да провинцияларында егіншілікті дамыту үшін суландыру жұмыстарының заманауи жаңа жобаларын орнату ісімен де шұғылдану басты жоспарларды бірі болды. Мұндағы басты экономикалық жоспар, салынғалы отырған теміржол арқылы Германияға қажетті болған ауылшаруашылығы өнімдерін тасымалдау еді.

4. Теміржолдың, Осман империясының Шығыс территорияларында өндіріс орындарын салуда және ол жаққа арнайы техникалар мен мамандарды аз уақыт ішінде жеткізуде маңыздылығы өте зор еді.

5. Теміржол арқылы Германияда жұмыс істейтін кәсіпорындарға Осман империясынан арзан жұмысшы күшін жылдам тасымалдау Германияның басты жоспарларының бірі болды [10, 18-20 бб.].

6. Отарлар иелену көшінен кеш қалған Германия Шығысқа қарай жылжып отарлар иеленуде Осман империясының территорияларын маңызды тірек пункт ретінде пайдаланғысы келді. Ал сыртқы саясаттағы мұндай империялық жоспарларды жүзеге асыруда Германия үшін Берлин-Бағдат теміржолының саяси маңыздылығы өте зор болатыны айқындалды.

7. Германия үшін де бұл жолдың әскер тасымалдауда тиімділігі мол болатыны жоспарланды. Германия бұл кезде Ресейге Кавказ территориялары арқылы әскери экспансия ұйымдастыру мақсатында бұл теміржол арқылы әскер мен соғысқа қажетті заттарды тасымалдау көзделді [11, 28-29 бб.].

8. Бұл кезде Германияның сыртқы саясаттағы басты бәсекелестерінің бірі болған Британ империясының Шығыстағы маңызды империялық нүктелері болған Суэц каналы мен Мысыр территорияларына қауіп төндіру герман империализмінің басты геосаяси жоспары болды. Себебі, Шығысқа өту үшін бұл территориялар арқылы өту керек еді. Герман үкіметі Суэц каналы мен Мысырға ұйымдастыру үшін жасаған әскери жоспарын Берлин-Бағдат теміржолы арқылы жүзеге асыруды көздеді.

Жоғарыда қысқаша әрі нақты көрсетілген бұл жоспарлар II Абдулхамит пен II Вильгельмнің ортақ пайда табуына мүмкіншілік беретін болды және Берлин-Бағдат теміржолының құрылуы аталған германиялық компанияға берілді. Сонымен бірге 1898 жылы немістерге салу құқығы берілген

бұл жол, Осман империясының ішкі дамуына және ең маңыздысы Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себепкер болды [12, 50-55 бб.].

Берлин-Бағдат теміржолы Осман империясы мен Германия арасындағы ең ірі саяси және экономикалық жоба болды. Теміржолдың жобасы Берлин-Бағдат деген атқа ие болғанымен, ол Коньядан Бағдатқа дейін жалғасатын теміржол болды. Себебі, оның үлкен бөлігі бұған дейін салынып қойған еді. Тек 1899 жылы қабылданған жобадан кейін, бұрын Стамбулдан Шығысқа қарай Анадолы жерінде салынған теміржол одан әрі қарай Бағдатқа дейін созылатын болып оның құрылысы 1903 жылы басталды. Теміржол құрылысы XX ғасырдың 30-жылдары аяқталды. Оның үлкен бөлігі I Дүниежүзілік соғысқа дейін аяқталды. Теміржолдың Осман империясы үшін де Германия үшін де экономикалық маңыздылығы өте зор болды. XX ғасырдың басында Германия бұл жол арқылы Осман империясының Шығыс провинцияларынан өзіне қажетті шикізат көздерін мейлінше тасымалдады. Оларды өндіріп, сол арқылы өз экономикасын одан сайын байытты. Германияның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында экономикалық даму бойынша әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орынды, [13, 24 б.] ал Еуропада бірінші орынды иеленуінде Берлин-Бағдат теміржолының саяси және экономикалық маңыздылығы өте зор болды. Ал, Берлин-Бағдат теміржолының Осман империясына тигізген экономикалық көмегінің ең маңызды тұстарын көрсетсек, бұл жол арқылы империяға Германиядан өндіріс орындары көшіп келді. Бұл жол Осман империясының тарихында өндіріс саласын дамытуға ерекше серпін берді. Берлин-Бағдат теміржолы арқылы Осман империясына Германиядан өндіріске қажетті құрал-жабдықтар тасымалданып, нәтижеде осман провинцияларында зауыттар мен фабрикалардың салынуына жағдай жасады. Бір ерекшелігі, империяда мұндай экономикалық процестер теміржол арқылы өте жылдам жүргізілді. Берлин-Бағдат теміржолының Осман империясы үшін экономикалық маңыздылығымен қатар, саяси, әскери және әлеуметтік салада маңыздылығы өте зор болды.

Бағдат теміржолының салынуы аймақтарда халық санының артуына ықпал етті. Бағдат қаласы мен оның айналасындағы аудандардың демографиялық жағдайы өзгерді. Жүздеген қызмет орындары мен елді мекендер пайда болды. Осман империясының Шығыс провинциялары империяның Батыс аймақтарымен байланысып Шығыстың қоғамдық-әлеуметтік дамуына жаңа серпін берілді. Осман империясы өзінің Шығыстағы әлсіреп бара жатқан саяси позицияларын қайта тіктеп алуға кең мүмкіншіліктер туындады. Ғасырлар бойына Ислам діні мен шығыстық мәдениеттің орталықтарының бірі болған Бағдат қаласының саяси және экономикалық рөлі күшейтілді [14].

Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасын жүзеге асыру барысында Осман империясына көшіп келушілердің саны күн санап артты. Германия мен Еуропаның өзге де елдерінен Осман империясын көптеген ұлт өкілдері ағылды. Олардың ішінде немістердің саны басым болды. Осман үкіметі империяның еуропалық үлгіде дамуын қолдап, еуропалықтардың үдере көшіп келуіне қарсылық білдірмеді. Олар әр түрлі саланы игеріп, империяда бұрын-соңды болмаған жаңалықтарды алып келді. Теміржол тек қана жолаушы тасымалы мен саяси және экономикалық мүдделер үшін қызмет етіп қана қоймай Еуропадан Осман империясына ғылым мен әдебиеттің, өнер мен мәдениеттің, техника мен соңғы технология үлгілерінің көптеп келуіне қызмет етті.

XIX ғасырдың 70-жылдары біртұтас Германияның құрылған кезеңінен бастап ол әуелде Осман империясының сыртқы саясаттағы басты әріптесі, кейіннен саяси одақтасы болды. Осман империясының Еуропада маңызды саяси рольге ие болған Германиямен саяси байланыстар орнатуы және сыртқы саясатқа негізделген мемлекетаралық интеграциялық процестердің нәтижесінде империялар арасында саяси одақтастық байланыстар орнады. Берлин-Бағдат теміржолын салу жобасыосындай саяси және экономикалық салаларда орнаған одақтастық байланыстардың жемісі болды. Одақтастық байланыстар нәтижесінде Осман империясы ең алдымен өзінің ішкі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалын ретке келтіріп оны бір жүйеге түсірді. Сондай-ақ, ішкі саясатпен қатар, әскери, мәдениет сынды өзге де қоғамдық өмірдің салалары толық модернизацияланды. Әсіресе, XX ғасырда германдық технологияға негізделген әскери саланың модернизациялануы Осман империясының ішкі және сыртқы қорғанысын қамтамасыз етуде маңызды роль ойнады. Бұл процесте Бағдат теміржолының қызметі өте зор болды. Сонымен қатар, Осман империясы мен Германия арасында орнатылған саяси одақтастық байланыстардың нәтижесінде Осман империясы өзінің ішкі жағдайымен көтерумен қатар, сыртқы саяси жағдайын да тіктеп алды. Германияның саяси қолдауының арқасында Осман империясы халықаралық саяси аренада құлдырап бара жатқан саяси беделін аз да болса қайта көтерді. Тіпті, Осман империясының Германиямен одақтастық қатынастары кейбір еуропалық империяларды әбігерге салды. Бұған неміс әскери техникасының Осман империясына осы теміржолдар арқылы тасымалдануы дәлел бола алады. Империялар арасында XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап орнаған мұндай саяси және экономикалық одақтастық байланыстар XX ғасырда да жалғасып, ол Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына дейін созылды. Бұл кезде Берлин-Бағдат теміржолы саяси-экономикалық байланыстардың басты құралы болды.

1. Hartshorne, Richard "TheFranco-GermanBoundaryof 1871", // WorldPolitics, – 1950. – P. 209-250.
2. PaulRohrbach, DieBagdadbahn. – Berlin: 1911. – 90 s.
3. LotharRathmann, Berlin-Bagdad: dieimperialistischeNahostpolitikdeskaiserlichenDeutschlands. – Dietz: 1962. – 141 s.
4. EdwardMeadEarle. Turkey, thegreatpowers, andtheBagdadRailway: a studyinimperialism. – Charleston: NabuPress, 2010, – 390 p.
5. McMurray, Jonathan S. "DistantTies: Germany, theOttomanEmpire, andtheConstructionoftheBaghdadRailway", – Westport: Praeger, 2001. – 168 p.
6. AydınTalay. EserleriyleveHizmetleriyleSultanAbdülhamid. – İstanbul: RisaleYay., 1991, – 673 s.
7. SeanMcMeekin. TheBerlin-Baghdad Express: TheOttomanEmpireandGermany's BidforWorldPower. – Cambridge: HarvardUniversityPress. – 490 p.
8. WallachJehuda L., AnatomieEinerMilitärhilfe, – Düsseldorf: 1976, – 284 s.
9. H.FriedrichKochwasser, DerBauderBagdad-Bahnunddieutsche
10. Orientpolitik, // Deutsch-türkischeGesellschaft V, – Bonn: 1975, – S. 103-112
11. Winterstetten, KarlBerlin-Bagdad, neueZielemitteleuropäischerPolitik. – München: AuflLehmann, 1915, – 80 s
12. HermannKarlMüller. DieBedeutungderBagdadbahn, – Hamburg: 1916 -30 s
13. Schaefer C.A. DieEntwicklungderBagdadbahnpolitik, – Weimar: 1916 – 78s.
14. StolperGustav, DeutscheWirtschaft 1870-1940, – Stuttgart: 1950, – 180 s.
15. CezmiEraslan. II. AbdülhamidveİslâmBirliği, – İstanbul: ÖtükenYay., 1992, – 463 s.

### ТАНЗЕНОВ Д.Ж.

тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

### ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫ ОТАРЛАУЫ

Патшалық Ресей империясы құрамына ертерек қаратылған және халқы сирек қоныстанған Сібірге қарағанда, әлі де болса жергілікті тұрғындардың тұтанып кетуге дайын тұрған қарсылықтарын басып отыруды талап ететін, көп ұлтты, халқы тығыз қоныстанған Түркістан өлкесі метрополия әкімшілігіне сақтықпен қарауды, ерте заманнан өңдеуге қолайлы жерлерге орналасқан, отырықшы егіншілермен санасуды талап етті.

XIX ғасырдың 60-90-жылдары патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстандағы саяси билігін арттыру мақсатында жүргізген барлық саясаты, оның Орта Азиядағы әскери-стратегиялық жоспарына бағындырылды. Дүнгендердің көтерілісі, Құлжа мәселесі, ағылшын-орыс бақталастығы – мұның барлығы осы аудандарда өзінің позициясын нығайту қажет екендігін көрсетті.

Мұны жақсы түсінген патша үкіметі Қазақстанды отарлаудағы ең сенімді жол – Орталық Ресейден орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аударту саясатына көшті. Мұндай жоспарды бастай отырып, ол өзара байланысты екі түрлі мақсатты көздеді. Ол біріншіден, 1861 жылғы Ресейде крепостниктік құқықты жою туралы Ереже жариялануынан кейінгі уақыттарда империяның өз ішінде қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету үшін орыс мұжықтарын отарлық тәуелділіктегі аймақтарға қоныс аударту болды. Себебі, ірі латифундияларың помещиктердің қолында шоғырлануы салдарынан миллиондаған шаруалардың отбасын асырап отырған жерлері азайып, ондай шаруалар көп жағдайда жерсізденіп қалған болатын. Екіншіден, қоныс аударушы орыс және басқа да еуропалық нәсілдегі шаруаларды жаңадан жаулап алған Түркістан аймағына орналастыру арқылы оларды бұл өлкеде өзінің әлеуметтік – саяси тірегіне айналдыру еді.

Оңтүстік Қазақстан территориясына орыс мұжықтарының алғашқы легі келгенге дейін патша әкімшілігі қазақ даласын әскери, казак-орыстардың тұрақтары Жетісу облысында ғана пайда болып, оның тұрғындарының саны уақыт өткен сайын өсіп отырды. Ал басқа облыстарда казактар өлкені патша әскерлері толық жаулап алған 1865 жылға дейін салынған қамалдарда ғана тұрды.

Жетісу казак әскері 1867 жылы Сібір казактық әскери базасы негізінде пайда болды. Қазан төңкерісіне дейінгі 50 жыл ішінде казак әскерлері өлкені отарлауда метрополияның екпінді күші рөлін атқарды.

Жетісу казачествосының өкілі Н.В.Леденов: «Қазақ даласы мен Орта Азияны отарлауда әскери қызметке жарамсыз шаруалар арқылы ғана отарлау мүмкін емес еді. Мұнда кез-келген уақытта тойтарыс бере алатын әскери-егінші қажет және де бұл талапқа Сібір казагы жауап бере алады. Жат өлкеде тек қана өнегелі және физикалық еңбекпен шыныққан қатқыл, жерлерді жарқын болашақ туралы тынымсыз арманмен еліккен өз еркімен келгендер ғана оларға артылған міндетті орындап шыға алады» [1], – деп жазады.

Облысқа орыстардың енуі 1831 жылы Жетісуға таяу жерде Сібір гарнизоны орналасқан Аягөз приказдығының құрылуымен басталған еді. Казак отрядтары өздері орналасқан маңдағы аймақтарды

барлауға, мұндағы қазақтарды патшаға ант беруге шақыруға және олармен жан-жақты қатынас орнату үшін үнемі жіберіліп отырылды.

1847 жылы жүз басы Абакумов 200 казакпен бірге Қапал өзені бойында жаңа қамал – Қапалдың негізін қалады. Аягөз бен Қапал қамалдары аралығында жолды күзету мақсатында 12 бекет салынды. Осы кезден бастап, Қапалға 9 – Сібір полкі казактары келіп, қамал маңындағы станицаны негіздеді. Патша әскерлерінің Жетісудағы жылжуының келесі нысаны Іле өзені бойы болды. Орыс әскерлері ілгері жылжи отырып, мұндағы өздеріне қарсы шыққан қазақ ауылдарын қатыгездікпен талқандап отырды. 1853 жылы Қапалдан бүкіл Іле өлкесін жаулап алу мақсатымен арнайы экспедиция шығып, маусым-тамыз айларында өлкеде тірек орталығын салуға қолайлы жер іздестірілді. Қамал тұрғызу үшін суы мол, жері құнарлы, құрылыс жүргізуге қажетті қалың орманды Үлкен және Кіші Алматы өзендері аралығындағы кең дала таңдалып, мұнда 1854 жылы Заилийское деп аталған бекініс салынды. Ал келесі жылы бұл елді мекен Верный форты деген атпен өзгертілді. Қамалға таяу жерге Іле өлкесіндегі алғашқы орыс поселкесі болып табылатын Алматы казак станицасының негізі де осы жылы қаланды. 1856 жылы мұнда тағы да 139 казак және 200 шаруа отбасы Томбы және Тобыл губернияларынан, Воронеж губерниясынан 242 шаруа отбасы келіп қоныстанды. Талғар, Есік, Қаскелең және Шамалған өзендері бойында да жаңа казак және шаруа поселкелері пайда бола бастады.

1855 – 1860 жылдар аралығында жаңа Іле өлкесін игеру кезеңі болды. Бұл уақыт аралығында жаңа бекіністер, поселкелер, байланыс жолдары салынды. Бұл патшалық Ресейдің, казактар мен олардың соңынан ерген шаруаларға сүйене отырып, Жетісуға аяғын нық басып тіреген кезеңі еді.

Империя шекарасы оңтүстікке: Лепсіден Ілеге, одан соң Шу өзеніне қарай жылжи берді. 1855 жылы Үржар және Лепсі станицалары, көктемге қарай Талғар өзені бойында Софийская станицасы құрылды. 1858-1860 жылдары Наджинская, Любавинская, Көксу, Сарқан, Қаскелең, Арасан, Қарабұлақ жән тағы да басқа станицалар салынды [2].

Осылайша, арнайы бұйрықпен және жеребе бойынша Жетісу облысының Солтүстік бөлігіне келіп орналасқан Сібір казактары өлкенің алғашқы отарлаушылары болды. Казактар мұнда басқа да өлкедегілер сияқты, 1861 жылы азамат Евдокимовтың атына берілген Император ІІ Александрдың рескриптында (өкіметінде) көрсетілгендей өздерінің «тарихи миссиясын» орындады. Онда «Казак сословиесі, мемлекеттік өмірде, дұшпандық пиғылда және жайсыз орналасқан тайпалардан империяның шекараларын қорғауға, сондай-ақ олардың жерлерін тартып алып орналасу мақсатында тағайындалған. Әрине, біздің шептеріміздің алдында қоныс аудару қиындықсыз мүмкін емес. Алайда бұл қоныс аудару Отан игілігіне адал берілген азаматтардың өз жанын құрбандыққа шалуы болып табылады» [3] – делінген еді. Алайда бұйрықпен келген отарлаушы казактар азшылық болғандықтан, жоғарыда баяндағанымыздай, 1854 жылдан Жетісуға Сібірден жер аударып барған қоныстанушылардың «жақсы тәртібімен» көзге түскендері және әртүрлі феодалдық салықтарды өтей алмаған «жөнге келмейтін» шаруалар қоныс аударып келе бастады. 50-жылдардың соңына қарай келімсектердің қатарын Еуропалық Ресейден келіп казактардың сословиеге тіркелген орыс шаруалары толықтырып отырды. Бұл жөнінде Телжан Шонанұлы: «Үкімет әуелі, қылмысты болып, жазаға бұйырылып, Ресейге зияннан басқа пайда тигізбейді деп түсінген шіріген жұмыртқаға есептелген адамдарды казак даласына орнықтыруға ұмтылды. Өлім жазасына кесілген және саяси өлімге арналғандарды жіберді. Екіншіден, тіпті салық төлемей шаруашылық күші үзіліп, Ресейге пайда келтіруден қалған мұжықтарды көшірді. Бұларды атты казак қылып жазды. Үшіншіден, бұрыннан басы бос жауынгер атты казактарды орналастырды, жауынгерлігінің үстіне казак-орыс бұрыннан казакпен соғысып үйренген», – деп күйінішпен жазды [4].

Жаңа жерлерге орнығу үшін үкімет оларға бірқатар жеңілдіктер мен артықшылықтар берді. Мысалы, 1859 жылы Томбы губерниясынан келген 300 отбасына 55 сомдық күміс ақша бөліп, азық-түлік үлесін тағайындады. Қоныстанушыларды әр түрлі салықтардан босатып, 30 десятинадан жер бөліп берді. Мұндай жағдайларда өлкеге әртүрлі дұшпандық пиғылдағы элементтердің көңіл аударуына мүмкіндік туғызды. Нәтижесінде 1867 жылға дейін Жетісуда құрылған 14 казак поселкелері мен станицаларында 14 648 адам өмір сүрді. Келімсектер мұндағы қазақтардың өңделген ең құнарлы егіс алқаптарын, су жүйелерін, мал жайылымдарын тартып алып, жергілікті халықтың дістүрлі мал жіне егін шаруашылығының дамуына орасан зор нұқсан келтіреді. Бұл жағдайды тіпті патша шенеуніктерінің өздері сол кездің өзінде-ақ мойындауға мәжбүр болды. Жетісу казак әскерінің басшысы, генерал-майор Г.А. Колпаковский Түркістан генерал-губернаторына жазған ресми хатында: «Жетісу облысында орналасқан алғашқы қоныстанушылар арнайы шақырумен және жеребемен келгендер еді. Мұнда үйсіз-күйсіз, күдік тудыратын саяси сенімсіз, өз еңбегінің жемісіне емес, үкімет тарапынан берілетін жәрдем ақшаға, қазақтардың егістік жерлері мен дайын су жүйелеріне сенген адамдар келді»[5],-деп жазды. Хатта казактардың жеке бастарына да мінездеме беріп, оларды «зерек және түсінігі бар», сонымен бірге олардың «азғындық, араққорлық, дөрекілік,

жалқаулық, шаруашылыққа селкостықпен қарау» сияқты жаман әдеттеріне ерекше тоқталып өткен. Осы хатта көрсетілгендей, казак-орыстардың шаруашылығының дамуын тежеп қана қоймай, сонымен бірге үкімет тарапынан берген түрлі артықшылықтарға сүйеніп, казак жұртына зорлық-зомбылықтар жасап отырған [6]. Ресейдің Орталық Азиядағы отарлау саясаты бойынша белгілі маман М.А. Терентьевтің дәл атап көрсеткеніндей, казактар казак жері табиғатына немқұрайлы қарап, ормандары ысырапсыз пайдаланып, біразын жоқ етті, жергілікті халықтан тартып алған егіншілікке жарамды жерлерді аз уақыт пайдаланып, тастап, жаңа жерлерге кетіп жатты [7]. Сол кездегі баспа беттерінде де казактардың барлық жеңілдіктерді қолдана отырып, өздеріне берілген жерлерді өңдеудің орнына, жерлер тартып алынған, шаруашылығы күйзелген казактарға жалға беріп, пайда тауып жатқандығы жайлы мақалалар жарық көрді [8].

Сонымен қатар мұрағаттық құжаттар мұнда ертеден мекендеген тұрғындарды ығыстыру нәтижесінде иеленген үлкен құнарлы аудандарды игеруге келгенде казактар көп жағдайда жоғары егіншілік мәдениетін таныта алмағандығын дәлелдейді. XIX ғасырдың 70-жылдары Жетісудағы патша әкімшілігі облыста тұратын казак-орыстардың шектен тыс жер иеленіп отырғандығын, ал ол жерлердің игерусіз екендігіне алаңдаушылық білдірді. Сондықтан да 1875 жылы казак-орыстардың иелігіндегі 214 511 десятина жерді алып, оның 7529 десятинасын қалаларға және 260 983 десятинасын казактарға қайтарған. Мұнымен бірге казактарға бұрын өз еріктерінен казактар пайдасына тартып алынған жайылым жерлердің бір қатарына малдарын жаюға рұқсат алған [9,34]. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. Кауфман бұдан кейінгі уақытта Жетісуда казактық отарлау процесін тежеу қажет деп санайды. Ол егін егуге, шаруашылықты дамытуға барлық жағдайлар жасалынған казактардың 22 376 десятина өңделген жерді меншіктей отырып, 8 жылдан соң осы жердің тек 1 526 десятинасында ғана егін еккендіктерін өзінің қызметі жөніндегі есебіне баяндады [10].

Генералдың бұл ойын Жетісу облысы әкімшілігі қолдап, өз кезегінде, өлкенің ауыл шаруашылығын, сауда қызметін, өндірісін дамыту үшін казак-орыстарға қарағанда жерді аз мөлшерде талап ететін, егін егуде тәжірибелі орыс шаруаларын бұл аймаққа қоныстандыру тиімдірек деп санады

Осындай қалыптасқан жағдайда патша үкіметі, өлкедегі өздерінің үстемдігін нығайту мақсатында, Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамельдің әскери министрлікке жазған пікіріндегідей, ең баянды және тіпті нағыз жол – орыстардың егінші мұжықтарын жаңа жаулап алынған жерлерге қоныс аударту болып табылатынын жақсы түсінді.

Жалпы патша үкіметінің XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген қоныс аудару саясатын әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаты жағынан өзгешеленетін 4 кезеңге бөліп қарауға болады.

Бірінші кезең (1867-1897 жж.) – бұл уақытта үкімет қоныс аударудың кең өріс алуына жан-жақты қолдау көрсеткен жоқ. Осы кезеңдегі патша әкімшілігінің басты міндеті, жаңа жаулап алынған территорияларды, өлкеге келген қоныс аударушы шаруаларға әр түрлі жеңілдіктер беріп орналастыру арқылы бекіту еді.

Екінші кезеңде (1897-1905 жж.) – Қазақстанға өз еркімен келген шаруалардың отарлауы күшейді. Ресейдің орталық аудандарында шаруалар қозғалысы өрістеуі себебінен үкімет қоныс аудару қозғалысын қолдауға мәжбүр болды.

Үшіншіден кезең (1906-1911 жж.) – елде орын алған 1905-1907 жылдардағы революция мен Столыпіннің аграрлық реформасынан кейін қалыптасқан жағдайға байланысты «мазасыз» шаруаларды Еуропалық Ресейден шет аймақтарға жоспарлы түрде көшіруімен сипатталды. Үкіметтің ойы бойынша қоныс аудару Орталық Ресейдегі жерге деген мұқтаждықты жойып, соның нәтижесінде революциялық қозғалысты әлсіретуге ықпал жасауға тиіс еді.

Төртінші кезең – 1910 жылғы 19- желтоқсанда қабылданған заңнан соң басталды. Онда Түркістан генерал-губернаторлығын басқару туралы ереженің 270-бабына енгізілген қосымшада: «көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігінің басқаруына өтеді» делінген еді. Яғни, казактар иелігіндегі жерлерді қоныс аудару мекемелерінің ашық түрде тонауы заң жүзінде бекітілді. Бұл «жаңа бағыт» деп аталатын, Түркістанда «мықты» шаруашылықтарды құру кезеңі болды. Осы кезең казак жерлерін күшпен тартып алудың күшеюімен, шаруалар қобалжуларының көбеюімен сипатталды.

Қоныс аудару қозғалысының алғашқы кезеңінде помещиктер арзан жұмыс күшінен айырылып қалудан қауіптеніп, шаруалардың шет аймақтарға көшуіне әр түрлі кедергілер қоюмен болды. Қоныс аударуға тек қана арнайы рұқсат қағазы барлар және үкімет тарапынан жеңілдіктер мен көмек ақша алғандар ғана бара алатын болды.

Патша әкімшілігі қоныс аударылып келген шаруалар өлкеде орыстандыру саясатын жүргізіп, отарлаушы әскерлерді толықтырудың негізі болады деп сенді.



Бұл пікірді Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман қолдай отырып: «Өлкеде орналастырылатын орыс қоныстары кең тарап, өзара тікелей байланыс орнатқан жағдайда ғана олар нағыз маңызға ие болып, үлкен күшке айнала алады. Осы негізге сүйеніп, облыста жаңадан құрылып жатқан орыс селоларын қазақ қоныстарымен және қалалармен біріктіріп, мүмкіндігінше отырықшы селолардың біртұтас жүйесі бола алатындай етіп орналастыру қажет»[9,35-36], -деп жазады.

XIX ғасырдың 60-жылдардың соңына қарай келген орыс, украин, белорус шаруаларын Оңтүстік Қазақстанға қоныстандыру Жетісу облысынан басталып, кейінірек одан өзгеше түрде Сырдария облысына тарады.

Генерал-губернатор фон Кауфманның нұсқауымен Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковский облысты орыс ашаруалары арқылы отарлаудың жаңа жоспарын жасап шықты. Онда Жетісудың 5 уезінде жалпы саны 1345 отбасы болатын 33 поселке, бұдан бөлек 47 жол бекетінің әрқайсысында 10 отбасынан тұратын поселкелерде 470 отбасы орналастыру көзделді [11].

Г.А. Колпаковский бұл ойын былай жеткізеді: «Жоспарда көрсетілген поселкелер орналасу тиіс жерлерде, қазіргі уақытта қазақтардың егістік алқабы немесе қыстаулары кең көлемде жайылып орналасқан суландыру жүйелері бар. Егер осы жерлердің барлығы мемлекет меншігінде болғанда өкімет ешқандай кедергісіз-ақ қазақтардың пайдалануынан алып қояр еді» »[9,37]. Сондықтан Г.А. Колпаковский қазақтардың жерін тәркілеу үшін заңдық негізді қазақ жерлері мемлекет меншігі деп жариялаған 1861жылғы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ережені» басшылыққа алды [12]. Алайда генерал Колпаковский жерінен айырылған қазақтардың наразылығының өсуі Орта Азия шекараларында саяси қиындық туғызады деп қауіптенді. Сондықтан өзі жазған «Жетісу облысында шаруаларды қоныстандыру туралы уақытша Ережеде» бұл мәселеге сақтықпен қарап, жері орыс шаруаларына алынған қазақтарға сондай көлемде басқа территориядан «сыйға» жер берілсін!»-деді. Алайда Колпаковскийдің бұл ойына Ташкенттегі штаб бастығы қарсы шығып, ескерту хат жазады. Хатта былай делінген: «Күндердің күнінде өзімізге, біздің ісіміз бірінші кезекте орыстық, ұлттық орыс мүддесі, қазақтар мекендеген жерлер олардың меншігі емес, мемлекеттік екендігін мойындауымыз керек. Отырықшы орыстар қазақтарды өлкеден ығыстырып шығаруы немесе түгел көшіріп жіберулері қажет. Ашығын айтқанда, отырықшы тұрмыс салтына және егін шаруашылығына қолайлы жерлерден олар, жарамсыз жерлерге ығыстырылады. Бұл біздің орыс шаруаларын қоныс аудару саясатын дамыту үшін қажет».

Хатта империя шенеунігі патшалық Ресейдің Түркістандағы «тарихи миссиясының» шын мәнін, яғни отарлаудың нағыз өзі екендігін ешқандай бүкпесіз баяндаған. Өлкеде өздеріне саяси – әлеуметтік тірек жасау мақсатында қазақтардың атамекен жерінен айырып, таулы-тасты, тұзды, шөлді жерлерге көшіруде қолданған шаралар шектен шыққан сорақы, терең шовинистік саясат болды. Бұл жолға өздерінің барлық іс-шараларын бағыттады.

1869 жылы генерал Колпаковский жасап, кейіннен генерал-губернатор Кауфман бекіткен ережеде орыс мұжықтарының жағдайын жеңілдетуді көздеген бірсыпыра шаралар белгіленді: әрбір ер адам басына 30 десятинадан жер берілді және 15 жыл мерзімге салықтардан және 100 сомға дейін қарыз ақша берілді [9, 37].

Кауфман мен Колпаковский дайындаған жоспары 1882 жылы асыра орындалды. Сол жылғы «Жетісу облысына шолу» жинағында жоспарланған 1375 отбасының орнына 1718 отбасы қоныс тепкендігін, олардың мүшелерінің 7398-і ерлер, 6219-ы әйелдер екендігі жазылған [13].

Бұл есепке демалысқа шыққан төменгі шендегі қоныс аударушылардың 152 отбасы мен 2041 қазақтар саны кірмегеннің өзінде облысқа келген келімсектердің аз ғана уақытта осындай көлемде келуі патша әкімшілігінің Жетісу өңірін отарлауды аса күшті қарқынмен жүргізгендігін көрсетеді.

Бұдан кейінгі жылдары да Жетісу облысына орыс шаруаларының келіп қоныстануы толастамады. Ресей помещиктерінің арзан жұмыс күшінен айырылып қалу қаупінен қорқып, жаппай қоныс аударуға қарсы болғанына қарамастан көшіп келе берді. Ресей шаруаларының тұрмыс жағдайының ауырлығы соншалық, қоныс аудару қозғалысындағы мұндай екпінді тоқтату мүмкін болмады.

Революцияға дейінгі қоныс аударушылардың тарихын зерттеген И.Гейер өз еңбектерінде қоныстанушылар туралы: «Әрбір көктем сайын Орал жоталарынан асып, бірде ат, енді бірде өгіз жеккен арбалар ұзыннан ұзақ шұбырып жататын. Мұндай арбалы керуендерді жан-жағынан шаршап-шалдыққан, шаңғы бөгіп, күнге күйген қалың топ қоршап келе жатады. Ал кенеп пен жөке жабылған жаппалардың тесіктерінен толып жатқан «көгілдір», «көкшіл», «тұз» көздер сығалайды. Бұл келе жатқандар – қоныс аударушылар армиясы болатын. Оларды алыста өгей ана болып қалған туған жерлерінен әлде бір жерде, сонау алыста орыс деревнясының тұрғыны білетін тар көкжиектен әрі жатқан беймәлім елде ұшы қиырсыз кең дала, ертегілерде ғана айтылатын мол астық туралы сыбыстар еліктіре, ентелетіп келе жатыр. Туған жердің күннен-күнге асқына түскен қатал экологиялық жағдайы мен дәренсіз күресте қалжырап, өз жанұясының бүкіл қажетіне жететіндей астықты әйтеуір бір алу жөніндегі үмітін үзіп, асыраушы жердің іске жарайтын қыртысын табандары

тозғанша қопарып, олар ет жүрегі елжірей қоймаса да, ескі күл-қоқыс орындарын тастап, еркін жер, арзан нан іздеп жолға шықты»[14],- деген мәлімет береді. Бұл мәлімдемені әрі қарай қоныс аудару мәселесін айналысқан зерттеуші А. Глебов былайша толықтыра түседі: «Азып тозған шаруалар жол-жөнекей адам айтқысыз қиыншылықтарды бастан кешірсе де, бұл оларға бөгет бола алмады. Қоныс аудару дегеніміз – «шындығында байырғы Ресейден Орал тауы жотасынан әрі қарай ағылған әлдебір орасан зор адам өзені. Суық түсісімен топ-топ болып тізбектеліп, теңіздің арғы жағындағы жылы жаққа іркілмей, бет алатын жыл құстары сияқты туған жерлерінде ашығып, қайыршыланған шаруалар да беймәлім өлкеде кеңшілік пен молшылық іздеуде», -деп суреттейді [15].

Жетісу облысы 1882-1885 жылдары аралығында Дала генерал-губернаторлығы қарамағына қараған болатын. Сондықтан облыс 1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже» бойынша басқарылды. Ереженің 120-бабындағы 1-қосымшада: «Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігі қарамағына өтеді», - делінген еді. Яғни, бұл қазақтардың мекендеген, ата-бабасынан мұралыққа алған жерлерін қажет болса тартып алып қоюға болады деген заң еді. Мұндай қосымша Сырдария облысын басқаруда басшылыққа алынатын 1886 жылы 12-маусымда қабылданған «Түркістан өлкесін басқару туралы Ережесінде» болмады. Сондықтан да Сырдария облысына қарағанда Жетісу ресейлік шаруалар арқылы отарлау әлдеқайда нәтижелі болды.

XIX ғасырдың соңына қарай үкіметтің арнайы шақыруымен салыстырғанда өз еркімен қоныстанушылар саны көп еді. А.А. Кауфман дерегіне қарағанда, қоныстанушылар үлес салмағы 60-85% – ды құраған [16].

Генерал Кауфман өзінің жасаған жоспарының асыра орындалғанын, яғни өлкені казактық отарлаудан слаян шаруалары арқылы отарлау мен алмастырып, олардың санының күннен-күнге артуын үлкен жетістік санады. Ол сонымен қатар: «Әрбір орыс адамы өлкеде Ресей империясының мықты тірегі болады» [10, 186], -деп сенді.

Алайда фон Кауфман мен Колпаковский жүргізген жоспары орындалғаннан кейін де қоныс аудару үлкен қарқынмен жүрді.

XIX ғасырдың соңындағы патша әкімшілігінің Жетісуда жүргізген қоныс аудару саясатына мәліметіне сүйенсек, 1900 жылы облыста казак-орыстардың 11 станицасы мен 17 поселкесінде 30 223 тұрғын өмір сүрді. Ал қоныс аударушы шаруалардың алғашқы поселкесі 1867 жылдан құрылса, 1869 жылы – 2 поселке, 1870 ж. – 6, 1871 ж. – 8, 1872 – 4, 1874 – 3, 1877-1878 жж. және 1883 жылы бір-бір поселкеден, 1893 ж. 2 поселке құрылды. Осылайша, 1900 жылдары 30 шаруа поселкесінде 39 750 адам өмір сүрді [17].

Қоныс аударушыларға арналған учаскелердің тапшылығынан 1897 жылы Жетісу облысы келімсектер үшін жабық деп жарияланғанымен бұдан кейінгі жылдары да өз еркімен қоныстанушылар легі толастамады.

Ал Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария облысында қоныс аудару қозғалысы, жоғарыда айтқанымыздай, Жетісу облысына қарағанда кешірек басталды және одан әлдеқайда баяу жүрді. Мұнда бекіністердегі тұрақты әскерлерді есептемегенде казак-орыстар поселкелері болмады [18]. 1866 жылы 16-маусымда Сырдария облысына орыс шаруаларын қоныстандыру мәселесі алғашқы рет күн тәртібіне қойылды. Ташкенттен нұсқау алған Түркістан облысы оң жақ флангасының бастығы облысқа қарайтын әскери бекіністердің коменданттарына орыс шаруаларын өздерінің қарамағындағы жерлерге қоныстандыруға қалай қарайтындығын сұрап, телеграмма жіберген еді. Бұл сұраққа тек қана Жүлек бекінісінің бастығы: «Қоныс аударушылардың 100 отбасына Жүлектің маңында бос жерлер жеткілікті», - деп жауап берді. Ал басқа бекініс коменданттары бұл саясатқа қарсы екендігін білдірді. Мысалы, Перовск қамалының коменданты: «Орыс шаруаларын орналастыру арқылы бұл жерлерді отарлаудың тіптен қажеті жоқ. Себебі, бұл жерлердегі қазақтардың мал шаруашылығы да, егін шаруашылығы да жақса дамыған. Олардың өнідері жергілікті әскерлерді қамтамасыз етуге де, тамақтарын асырауға да жеткілікті. Егер бұл жерге орыс шаруаларын орналастырар болсақ, олар егін егудің орнына тиесілі жерлерін қазақтарға беріп, өнім жинағанда оның жартысын иеленетін болады. Барлық еңбекті қазақтар істеп, олар орыстардың қызметшісіне айналады», -деп мәлімдеді. Осындай мазмұндағы жауап хат Әулиеата мен Шымкенттен де жіберілді. Мұндай мазмұндағы хаттардан біз тұрақты әскери офицерлері Жетісудағы жағдай бұл аймақта қайталануынан қауіптеніп, үкіметтің қоныс аудару саясатына теріс көзқараста екендігін, жергілікті халықты өз жайлауларынан ығыстыру империя үшін де, жергілікті тұрғындар мүддесі үшін де зиян екендігін түсінгендігін көреміз. Олар егер де орыс шаруаларын қоныстандыру қажет болса, онда тек бос жатқан жерлерде ғана орналастыру мүмкін, -деп жазады.

Бірақ бекініс коменданттарының бұл ойын патшалық Ресей әкімшілігі қолдамады. 1867 жылы генерал Кауфманның Түркістан генерал-губернаторлығы қызметіне келуімен өлкені отарлау тіптен басқа бағытта жүргізілді. Осы жылдың шілде айында поручик Маев, Кауфманға өзінің әскери-саяси

мақсатта жазылған Сырдария облысын Ресей шаруалары арқылы отарлау жоспарын ұсынды. Маев пікірі бойынша: «Отставкадағы солдаттарды шаруалармен араластырып, Ор мен Ташкент қалалары арасында, одан соң Шымкент және басқа қалалар аралығында бір-бірімен жалғасып жатқан, Жетісу облысындағы казак-орыс поселкелері сияқты, орналастыру қажет. Сол арқылы Жетісуда патша үкіметінің әскери тірегі болып отырған казактар сияқты мұнда қаруланған солдаттар мен шаруаларды араластырып, бір-бірімен байланысып тұратындай жол бойында орналастырған жағдайда ғана поселкелер империяның күшті саяси тірегі бола алады,-деген пікір білдіреді. Себебі, ол басым көпшілігі отырықшы тұрмыста өмір сүріп жатқан Орта Азия мемлекеттерімен шектесіп жатқан көп ұлтты Түркістан өлкесінде саяси жағдайдың шиеленісіп кетуінен қауіптенді. Маевтың бұл стратегиялық жоспары Түркістан әкімшілігінің қоныс аудару мәселелесіндегі бағдарламаға айналды [9, 40].

Дәл осы уақытта, нәтижесі бізге белгілі Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже жасалынып жатқан еді. Бұл туралы 1910 жылы Түркістанда тексеру жүргізген Н. Гаврилов былай дейді: «Көшпенділер орналасқан болыстарда ереже бойынша (270-бапта) барлық жерлер көшпенді казактардың пайдалануына берілген еді және заңда олар қолданбайтын, мал жаюға қажеті жоқ бос жерлерді алу туралы ештеңе айтылмайды [19]. Патша шенеунігі баяндаған казак шаруаларына «қажет емес» жерлер шындығына келгенде жоқ еді. Ал, егер де бар болса, ол жерлерді көшпенділер тұрмысына зиянын тигізбей алу мүмкін емес еді [20]. Ол үшін, яғни егіншілікке қолайлы жерлерде қоныс аударушыларды орналастыру үшін, мемлекетке өте қымбатқа түсетін суландыру жүйелерін жүргізу қажет болды. Бірақ бұл жұмыстарды жүзеге асыруға патша үкіметі ешқандай қаржы бөлмеді. Осылайша, екі жол – Сырдария облысында мекендеген казак жерлерін күшпен тартып алу немесе жергілікті халықтан жерді жалға алу ғана қалды. Бұл облыста орналасқан өзбек, татар және т.б. ұлт өкілдері отырықшы егіншілер деп саналды. 1873 жылы генерал Кауфман ұсынып, 1877 жылы бекітілген заң бойынша отырықшы егіншілер мекендеген жерлер олардың жеке меншігіне берілген болатын [21]. Сондықтан да патша үкіметінің қоныс аудару саясатының бірден-бір құрбаны, көшіп-қонып отырған жерлері мемлекет меншігі деп саналатын көшпенді казактар болды [22]. 1910 жылы 19-желтоқсан «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереженің» 270-бабында көшпенділердің жерін мемлекет меншігіне алу туралы қосымша енгізілгенге дейін Сырдария облысын отарлау Жетісуға қарағанда өзгеше түрде жүргізілді. Қоныс аударушыларға жерлер казак тұрғындарымен, ауылдарда үстемдік ететін әлеуметтік топтармен келісім жүргізу арқылы жалға алынды. Бұл жөнінде Н.Гаврилов:«Әрбір поселкені құру үшін орыстар көшпенділермен келісімге келулері қажет болды. Ал кейбір жағдайда алатын жерін ақшаға сатып алды ол үшін қазынадан арнайы қаржы бөлінді» [18, б.]. –деді. Мұнда жердің құнына тек арықтардың бағасына және осында орналасқан құрылыстарды бұзуға жұмсалған шығын ғана кірді. Заң жүзінде жерді сатуға немес сатып алуға тыйым салынғанымен, іс жүзінде бұл процесті Түркістан әкімшілігі қолдады. Мұнымен бірге, қоныс аударушылардың өздері де казак байларына жасырын пара беру арқылы өз дегендеріне көндіріп отырды. Бұл жөнінде 1912 дылы Түркістанда болған жерге орналастыру және егіншілік Басқармасының бастығы Кривашин мәлімдеме жасады: «Алғашқы құрылған поселкелерден басқасының барлығы өз бетімен келген шаруалардың қолдарымен жасалды. Олар Сырдария облысының солтүстік уездеріне келіп, казактармен жерлерін жалға немесе сатып алу туралы «заңсыз» шарттар жасады» [23].

Патша әкімшілігінің қоныс аударуға деген қатынасы елдегі нақты жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. Алғашқыда 1861 жылғы реформадан кейін помещиктер арзан жұмыс күшінен айырылып қалудан қорқып, қоныс аудару қозғалысына әртүрлі кедергілер жасап отырды. Деревняларда әлеуметтік жіктелу күшейіп, жерсіз шаруалардың көбеюі үкіметті еркін қоныс аудару туралы заңды шығаруды талап етті.

Сырдария облысында орыс шаруаларын қоныстандыру Маевтың жоспарында көрсетілгендей Орынбор-Ташкент даңғыл жолы бойында орналасуы тиіс болған поселкелер бұл аудандарда аз мөлшерде ғана салынды. Перовск уезінде 1882 жылы 2 поселке, 90-жылдары тағы 2 поселке құрылса, Қазалы уезінде орыс селолары мүлдем болмады. Себебі, бұл уездерде егін шаруашылығына қолайлы құнарлы жерлер аз еді. Қоныс аударып келген Еуропалық Ресей шаруалары су жүйелері жүргізілген суы мол, жері құнарлы Шымкент және Әулиеата уездері мен Талас Алатауына қарай ағылды.

Бұл жерде бір айта кететін нәрсе, облысқа келген қоныс аударушылардың саны 1891 жылдан кейін артты. Ал оған дейін 20 поселке құрылып, одан не бәрі 7702 адам ғана өмір сүрді. 1891 жылдан бастап бұл көрсеткіш бүтіндей өзгерді. 1891-1892 жылдардағы Ресейде орын алған ашаршылық салдарынан бқған дейін де өлкеге келе бастаған өз еркімен қоныстанушылардың стихиялы қоныс аударуы үдей түсті. Осы жылдары 22 жаңа село пайда болды. 1895 жылы облыста 45 орыс поселкесінде 15 330 адам өмір сүрді [24], ал 1900 жылы – 48 поселкеде 20 мың тұрғын болды.

Сырдария облысында ең бірінші орыс поселкесі Әулиеата уезінде Верный-Ташкент даңғыл жолы бойында Қара Балта деген атпен құрылды. 1875-1876 жылдары Михайловка, Чалдовар, 1877 ж. Дмитриевка поселкелері пайда болды. 80-жылдары бұл жерде 8 поселке, 90-жылдары 9 поселке құрылып, 1901 жылға қарай барлығы 1586 қожалық орналасқан 23 поселке салынды.

Шымкент уезінде негізінен 1887-1897 жж. аралығында құрылған 18 поселкеде 1901 жылдары 1007 қожалық өмір сүрді. Бұл уезде орыс селолары көп жағдайда пошта даңғыл жолы бойында Шымкент-Орынбор бағытында орналасты.

1886-1896 жж. аралығында облыстағы орыс поселкелерінің саны 8-ден 45-ке дейін жетіп, орыс шаруаларының жалпы саны 10 жыл ішінде 1255-тен 1600-ге дейін өсті.

Сырдария облысына қарасты негізінен қазақ болыстарынан тұратын Ташкент уезінде XIX ғ.соңында пайда болған 10 поселке суландыру жүйелерімен байланысты болды. Алғашқы поселке 1881 жылы Ташкентке таяу жерде Никольск деген атпен пайда болды. Бұдан соң Троицк селосы 1886 жылы құрылып, 4140 десятина суландыру жүйелері бар жердің 1340 десятинасы поселкелер қарамағына беріліп, қалған бөлігі канал құрылысына қатысқан жергілікті тұрғындар иелігіне қалдырылды.

1892 жылы Ташкент уезінде 6 поселке құрылып, оның үшеуі (Черняев, Кауфман және Саратов губерниясының немістері орналасқан Константиновское) Орынбор даңғыл жолы бойына салынды.

Қоныс аудару мәселесімен тек жергілікті әкімшілік ғана айналысты. Облыс басшысы жоғарғы бақылаушы билігін алып, жергілікті жерлерді – уезд бастықтары басқарды. Олар өздеріне берілген билікті пайдаланып, заң бойынша ешқандай рұқсат қағазынсыз өлкеге көшіп келген қоныс аударушыларды өз еліне қайтарып, жіберудің орнына, оларды өз мақсаттары үшін пайдалана білді. Өз еркімен келушілерге жергілікті халықтың жерін тартып алып беруден тайынбады. Жерінен айырылған қазақ шаруаларының қайда барып күн көретіндігі олардың алаңдатқан жоқ [19, 806-807.] 1891-1892 жылдары Ресейдегі ашаршылық салдарынан орын алған стихиялы қоныс аудару кезінде, орыс шаруаларына көмек көрсету үшін Шымкент, Түркістан, Қазалы, Перовск, Әулиета қалаларында уақытша комитеттер құрылды. Әскери министр арқылы қазынадан мұжықтарға қырық бір мың сом жәрдем ақша алынды. Бұл қаражат үй жайларды жалға алуға, азық-түлік және дәрі-дәрмекке, еңбек малдары мен тұқымдық дәндерді, ауыл шаруашылығына қажетті құрал-саймандарды сатып алуға жұмсалды.

Қоныстандырудың алғашқы кезеңінен 90-жылдарға дейін қоныс аударушылардың көпшілігі орта шаруалар болды. 1891-1892 жылдардағы Орталық Ресейде орын алған ашаршылықтан соң қоныстанушылардың басым бөлігі кедей шаруалар құрды.

Түркістан генерал-губернаторы кеңесінен әскери министрлікке 1891 жылғы 8-қарашада жолданған хабарламада: «Биылғы империяның ішкі губернияларында егіннің шықпай қалуына байланысты Түркістан өлкесіне 1000 отбасы келді (5000 жан) және 1300 отбасы келеді деп күтілуде. Бұл қоныс аударушылардың көпшілігінің жағдайы өте нашар. Олардың тіпті тұратын қоныс алуға және егін егуге де шамалары келмейді», - делінді.

1890 жылдары Түркістан өлкесінің әкімшілігі артық жердің жоқтығына байланысты жылдан жылға артып жатқан шаруалардың көшіп келу ағынын тоқтауын сұрап, үкіметке хаттар жолдауымен болды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Орта Азияға қоныс аударушылар негізінен Ресейдің Астрахань, Харьков, Воронеж, Самара, Орынбор, Саратов, Тобыл, Ставрополь, Курск, Пенза, Симбирск губернияларынан келді.

Қоныстанушылардың негізгі бөлігі жері өте құнарлы болып келген Ташкент-Верный даңғыл жолы бойында орналасты. Пайда болған поселкелер, Маев-Кауфман жоспарына сәйкес, әскери-полициялық тірек пункттері есебінде бағаланды. Сырдария облысы әскери губернаторы 1891 жылғы есебінде: «Жергілікті тұрғындар қыстауларының ортасында пайда болған орыс селолары әскери жағдай туа қалғанда үлкен маңызға ие болады. Жалпы алғанда поселкелерді маңызды жергілікті қыстауларды қоршай орналастыру пайдалырақ болар еді. Бұл мәселеде бірінші кезекте Ташкент қаласы тұруы қажет» [25], - деп баяндады.

Осылайша, стихиялы жүрген қоныс аудару қозғалысын патша әкімшілігі өздерінің әскери агрессиялық мақсатына бағындыруға тырысты.

Патша үкіметінің XIX ғасырдың соңында жүргізген қоныс аудару саясатына қорытынды жасайтын болсақ, бірінші кезекте, орыс шаруалары арқылы өлкені отарлаудың негізінде әскери-стратегиялық, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсат мүдде жатқандығын және соның нәтижесінде жаулап алынған территорияларда қоныстанушылар арқылы империя әкімшілігі мықты сүйеніш жасағандығын айту қажет.

Самодержавиенің қоныс аудару саясатын бос жатқан кең байтақ жерлерді игеру мақсатында емес, оған қарама-қарсы, жергілікті халықтың игерген, өндеген жерлерінен ығыстыру негізінде жүргізілді. Орта Азияны жаулап алған уақыттың алғашқы кезеңінде өлкеге қоныс аударушылар аз мөлшерде тек

шақырумен келген болса, 1886 жылдан бастап, мұнда өз бетімен қоныстанушылардың стихиялы көшіп келуі үдей түсті. Олардың көпшілігі ауқатты, тұрмысты шаруалар емес, керісінше өз елінде азып-тозғандар болатын. Қоныстанушылардың басым көпшілігі Түркістан генерал-губернаторлығының далалы облыстарына (Жетісу және Сырдария), яғни көшпенділер орналасқан жерлерге – олардың жерлерін жалға немесе тартып алып орнықты. XIX ғасырдың ортасынан 1906 жылға дейін қоныс аударушылар қорына Жетісу облысынан 752 197 десятина, ал Сырдария облысынан 159 561 десятина жер алынды [26].

XIX ғасырдың соңында орын алған қоныстанудағы бейберекетсіздіктің нәтижесінде Түркістан өлкесі қоныс аударушылар үшін жабық деп жарияланды. Бірақ бұл нұсқауға қарамастан, өз еркімен қоныс аударушылардың үлкен толқынының ағыны толастамады. Патша өкіметінің Еуропалық Ресей мен Сібірден келген славян шаруаларын Түркістан өлкесіне қоныс аударуының алғашқы кезеңі осылайша қазақ даласының оңтүстігінен басталды.

1. Леденев Н.В. История Семиреченского казачьего войска. – Верный, 1908. – С. 88, 90
2. Вопросы истории 1911. №9, с. 209.
3. Абдиров М.И. История казачество Казахстана. – Алматы, 1994. – С.121.
4. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы, 1995. 30 б.
5. Вопросы колонизации, 1911. №9, с. 210.
6. Русский вестник 1890. №1. с. 198.
7. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии.-Т. 2-3,-Спб., 1906.-С.268.
8. Иванов А. История колонизация в Туркестанском крае // Русский вестник. 1890. № 16. с.192.
9. Динашева Л.С. Оңтүстік Қазақстандағы қоныс аударушылар тарихы мәселелері: жаңа көзқарас (1867-1917 жж). – Алматы.1999.
10. Проект всеподданейшего отчета генерал-адъютанта К.П. Кауфмана.-Спб., 1885.-с.151-159.
- 11.Материалы для статистики Туркестанского края под ред. Маева, вып. 1., 1872.- с.196-198.
12. Материалы по истории политического строя Казахстана. –Алма-Ата, 1960. 1-т.,-с.323-340
13. Обзор Семиреченской области за 1882 год.-Верный, 1884.-с.3
14. Гейер И. Крестьянская колонизация Сырдаринской области.-Ташкент,1892.-с.1
15. Глебов А. Что могут дать переселения крестьянству – Спб., 1907. -с. 2.
16. Кауфман А.А. Переселение и колонизация. – Спб., 1905. – с. 31.
17. Обзор Семиреченской области за 1900 г. – Верный, 1901.-с. 6.
18. Восточное обозрение. Материалы для истории колонизации Туркестанского края.-Спб., 1885.№18.
19. Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае. – Спб., 1911.с.6.
20. Вестник Европы. 1891.№8,-с.806-807.
21. Шкапский О. Аму-Дарьинские очерки. К аграрному вопросу на нижней Аму-Дарье. Ташкент., 1900. с. 141-158
22. Вошинин В. Очерки Нового Туркестана. Свет и тени русской колонизации. Спб., 1914. – С. 15.
23. Записка главоуправляющего землеустройством и земледелием о поездке в Туркестанский край в 1912 г. Приложение всеподданейшему докладу. – Спб., 1912. –с.16
24. Всеподданейший отчет по Туркестанскому генерал-губернаторству за 1889-1891 гг. – Спб., 1895. – с. 50-51.
25. Вошинин В.Л. Переселение. // О земле, вып. 1, пос.издат, 1921.-с.127.
26. Пален К.К. Материалы к характеристике народного хозяйства в Туркестане. –Спб., 1911. таблица №1

**АХМЕТОВА А.Р.,** 2- курс магистранты, **МҰХАЖАНОВА Т.Н.,**

т.ғ.к., доцент, тарих, археология және этнология факультеті,  
әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

### **ЕДІЛ БҰЛҒАРЛАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ**

Түркі әлемінде Еділ Бұлғар патшалығының тарихы отандық ғылымда бұрын-соңды зерттелмеген тың мәселелердің бірі. Сондықтан диссертация жұмысының тақырыбына және осы мақалаға арналуы өте орынды деп есептеймін.

Мындаған жылдар бұрын, Шығыс Еуропа даласы ерте ортағасырларда жаңа этникалық топтардың қалыптасуы мен дамуына куәгер болып, келешекте Киев Русы сияқты қуатты мемлекетпен қатынасқа түсуіне, географиялық орналасуы себепкер болды. Өздерінің этникалық құрамына, діни наным-сеніміне, салт-дәстүріне, саяси ұйымына қарамастан, бұл екі мемлекеттің арасында саяси қатынастар болды.

Басқа да мемлекеттердің тарихы сияқты, бұлғарлардың да тарихы өз алдына екі маңызды бөліктен тұрады: мифологиялық және тарихилық. Халықтың өмірінде болған тарихи оқиғалардың нақты көрінісін мифологиялық бөлімінен көре аламыз. Ал тарихилық бөлімінде бұлғарлардың ең алғашқы тарихи мемлекеті ретінде Идель патшалығын айта аламыз. Бұл көріністі Джағфар тарихынан байқаймыз. Оның алып жатқан жері қазіргі Мәскеу мен Енисей аралығы еді. Патшалықты әртүрлі әулет басқарып келді.

II – IV ғасырлар аралығында Еділ мен Қарқаралы аралығында шығыстан келген хунну – түркілер, терістіктен келген угорлар, оңтүстіктен келген Орта Азиялық түркі («басқа түркі тілді», әдетте оларды иран тілді дейді) тілді көшпелілер (оларды шартты түрде «балқандық» деуге болады), жергілікті сармат – аландардың өзара бірігіп, араласуы нәтижесінде тарихи деректерде «Вар», «Бұлғар», «Теле» деп аталып жүрген мәдени – этникалық орта қалыптасты. Мұндағы саяси билікті Шығыстан келген хуннулар қолына алғанымен мәдени – рухани келбетті жасаушылар – Орта Азиялық «балқантаулықтар» болатын. 200 – 300 жылдық араласу нәтижесінде жаңа қауымның нәсілдік бейнесі де, ортақ тілі мен мәдениетінің алғы шарттары жасалынды. Бірақ бұл қауым қатаң тәртіпті мемлекетке бағына алған жоқ, бұл жөнінен оларды VIII – XIII ғасырлардағы «Дешті Қыпшақ» халықтарымен ұқсастыруға болады. 375 жылы жаңа қауымның белсенді бөлігі – ғұндар Еділден өтіп, алдарына аландарды салып алып, бірнеше жылдан кейін Европаның қақ төрінен бірақ шықты. Оның жайы белгілі. [1] Европадағы Аттила тарихы туралы аз айтылып жүрген жоқ. Олардың Европалық мемлекеті шамамен 480 – 500 жылдарға шейін өмір сүрді де, Европа халықтары арасына сіңіп кетті. Ал IV ғасырда «бұлғар» деп аталған тағы бір тобы Дон мен Кубань далаларына қоныс аударып, тарихта «болгар» (утригурлар) және «альцигар» (кутригурлар) деген атпен мәлім болған. 580 – 590 жылдары Ашина әулеті билеген туыстас көктүріктер билігін таныған бұлғарлар 50 жылдан кейін өз мемлекетін – «Ұлы Бұлғар хандығын» құрды. Оны Кубрат деген билікке ие болған «теле» (дуло, дулат) руының өкілі басқарды. Бірақ болгарлар мемлекеті 630 – жылдан 680 жылға дейін өмір сүре алды, өйткені, олардың күшін шығыс жағындағы көршісі ( ол да ғұн – теле ұрпақтары, тек Ашина (көкбөрі) әулеті билеген хазарлар күйреткен еді. Кубрат баласы Аспарух хан бір бөлігін Европаға әкетіп, Дунайдың сағасында басқа бір бұлғар мемлекетін құрды, бұл – бүгінгі славяндық Болгарияның іргетасы. [2] Ал хазарға бағынған бұлғарлардың бір бөлігі VIII ғасырдың басында Еділ – Кама өзендерінің тоғысқан жеріне көшіп, сол жерде «Еділ Бұлғариясының» негізін қалады. Бұлар бүгінгі қазан татарларының арғы бабалары. Хазар тағдыры да баянды болған жоқ, бүгінгі «чуваштар»- осы орданың «бір сынығы». Ал қазақтардың сол «вар-телебұлғар-ғұн» деп аталған ортаға қандай қатысы бар? Мұндай сұрақтың қойылуы заңды да. Түркі қағандарының бүкіл далаға өз билігін таратуы және ыдырауы заманында әлгі қауым тайпалары Ертіс пен Алтайға, Солтүстік Кавказға тарады. VII ғасырдан аты шыға бастаған «имектер» (яньмо) – осы ортадан шыққандар, ал имек (қимақ) тегі бүгінгі қазақтағы кіші жүздік жетіру тобының «телеу» деген аз руының (Телеу – Теле, шежіре бойынша, оның әкесі – Арғымақ, «аруғ имақ»), орта жүздік «найманның» (Ана Иман), оның ішіндегі «ергенекті-саржомарттың» (имен), кіші жүз алайдағы «саржомарт-жеменейдің» (Има ене) қанынан табылады. Ал ұлы жүздік «дулат» тобы (жаныс-Яныщай, сикым – альцигар, ысты, ботбай) мен кіші жүздің «байұлы» (сиық, шеркеш, шенеш, ысық) тобы өз тектерін бұлғарлардың альцигар (кутригур), утригурларынан таратады. Қарап отырсақ, бүгінгі қазақтың ана шеті мен мына шетіндегі руларының туыстығы ғасырлар тұңғығына кетіп жатыр. [3]

Деректер бойынша, Бірінші Бұлғар патшалығы (1018 — 1186) Византияға бағынған. Екінші Бұлғар патшалығы алғашқыда Батуға салық төлесе, XIII ғ-дың аяғы мен XIV ғ-дың басында Ноғай ордасына тәуелді болды. Бұлғарлар – ортағасырлық түркі тілдес тайпалар бірлестігі, сарматтардың бір тармағы. Ғұндар дәуіріне дейін Орта Азиядан ауа көшіп, Оңтүстік-Шығыс Еуропа жерінде мекендеген. Бұлғарлар Түркі қағанатының, кейіннен Авар қағанатының құрамында болды. Бұлғарлардың ішінде дулу тайпасының билеушілері ерекше рөл атқарды. Дулу тайпасының билеушісі — Құбырат (Кубрат) 635 жылы Бұлғарлар мемлекетінің негізін қалады. Алғашқы қаған Құбырат (632–642) – дулат тайпасынан шыққан еді. Жетісу, Талас тарабындағы қалың елден жаңа ғана бөлінбеген, кемі екі-үш ғасыр бойы осы өңірде орнығып тұрған жергілікті дулат II ғасырда, Батыс Ғұн қағанаты құлағаннан соң Алтайдан ауған жұрттың құрамды бір бөлігі дулат тайпасы болғаны қытай деректерінде таңбаланған. Сарыарқада ес жиып, Орал тауларының етегінде өсіп-өніп, Еділ бойында қайыра іргеленіп, ақыры V ғасырда жарым әлемді шайқаған, Еуропаны жапырып, екі Рим империясын бірдей аяғына жыққан жаңа Ғұн Ордасы Аттила өлгеннен соң Қара теңіздің терістік далаларына қайтып оралған. Әрине, түрік тектес басқа рулармен қатар, дулат та осы аймақта орнықты. Ғұн Ордасының жұрнақ-жұқанасы жаңа бір қуатты мемлекет құра алмағанымен, ұрпағын жалғап, нәсілін, тілін сақтап, өзінше тіршілік жасаған сияқты. Арада екі ғасыр өтпей, Ұлы Түрік қағанатының құрамына енеді. Жауынгер қағанаттың күш-қуаты өз алдына, егер Еуразияның қиыр батысы – Қиян Дала, Еділ бойында ілгеріде орныққан түрік тайпалары болмаса, айналасы отыз-қырық жылда соншама ұлан-байтақ өлкені ғұзырына қарата алмас еді. Қаратса да, баурап, ұстап тұра алмас еді. Енді міне, екінші сатыдағы үлкен ұлыс ыдырай бастаған кезде бұл тараптағы жұрт та дербестік жариялайды. [4] Бұлғар қағанаты құрылғаннан соң көп ұзамай, Еділдің төменгі ағысында Хазар қағанаты ту көтереді. Халқы мол, жері бай Хазар мемлекеті көп ұзамай-ақ іргелі елге айналды. Өзін Батыс Түрік қағанатының тікелей мұрагері санаған, қалыпты жора бойынша Византия империясынан алым алып, тақау төңірегімен елшілік қатынас орнатқан Бұлғар қағанатының дербес

ғұмыры небәрі қырық жылға созылыпты. Алайда, Еуропа тарихы, түрік халықтарының тарихында үлкен із қалдырған. Ол да өзін бұрнағы ұлы мемлекеттің нақты мұрагері санаған, іргесін кеңейтіп, құлашын ұзаққа сермеген Хазар қағанатымен соғыста ойсырап жеңілген Бұлғар VII ғасырдың 70-жылдарында үшке бөлінеді. Құбраттың үлкен ұлы, тақ мұрагері Ботбай қарауындағы халқының негізгі тобымен бірге Хазар қағанатының құрамына енеді. Кенже ұл Аспарух (Аспар) екі жүз мыңдай халықпен батысқа қарай үдере көшіп, Дунай бойында жаңа бір ұлыс – Бұлғар (Болғар) хандығын негіздейді. Ортаншы ұл Баян терістік тарапқа ауып, Еділдің жоғарғы ағысы, Кама бойында, ол да Бұлғар атанған хандық құрады. Дунай болғары жергілікті, саны мол славян нәсілімен араласып, уақыт оза келе тілі мен тегінен айрылып, христиан дінін қабылдап, ақыр түбі славян Болғария мемлекетінің құрамында жұтылып кеткені мәлім. Ал Еділдегі Бұлғар ұлысы IX ғасырда іргелі елге айналады, Батыс пен Шығыс арасындағы көпір есепті болады, мұсылман дінін қабылдайды, ақыры 1236 жылы Шыңғыс хан немересі Бату ханның ғұзырын мойындап, ізінше Алтын Орда құрамына қосылады, Алтын Ордан кейінгі бұлғар-татар Қазан хандығының тарихы қазіргі Татарстан тағдырына жалғасыпты. [5]

Азов теңізінің шығыс жағалауын, Кубань өңірі мен Дон өзен аралығын алып жатқан бұл мемлекет Ұлы Бұлғария деген атпен белгілі. Болгария жерін адамдар палеолит дәуірінде қоныстана бастаған. Болгария з. б. VIII — VI ғасырлардағы грек тіліндегі деректерге қарағанда, бұл жерлерді фракийлер қоныстанған. I ғасырда фракийлерді Рим империясы бағындырып, мұнда Мезия мен Фракия провинцияларын құрады. 395 ж. Болгария жері Византия империясының құрамына кірді. Ол Византиямен одақтасып, аварларға қарсы күрес жүргізді. Соның нәтижесінде Қара т-дің солт. және шығыс жағалауын жаулап алып, Фанагория қ-н Ұлы Бұлғарияның астанасы етті. Кубрат 640 жылға дейін билік жүргізіп, батыл қолбасшы ретінде танылды. Бұлғар – Еділ Бұлғариясының X – XII ғасырлардағы астанасы. Қала Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. X – ғасырда ірі сауда орталығына айналған қала 1399 жылы “Ұлы Бұлғар қаласы” деген атқа ие болды. Бұлғар қаласын 1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный басып алған. Қаланың қираған орны – Татарстандағы Еділ өзенінен 6 шақырым жердегі Бұлғар ауылының маңында орналасқан. [6]

Шығу тегі белгісіз бұлғар мен хазар халықтары орта ғасырлардың басында екі мемлекет құрды: біреуі — Еділде, екіншісі — Дунайда. Бұлардың аты з. б. VI ғасырында белгілі болды. Махмуд Қашқари Еділ өзенін бірнеше рет атап, Еділ бұлғарларын түркілер дейді де, олардың тілдерін печенегтермен жақындастырады. Башқұрттар қазіргі жерлерінің төңірегінде тұрған. Татарлар, Махмуд Қашқаридің айтуы бойынша Отекен (Отюкен) жерін мекендеген. Ұлы Бұлғария хазарлар мен аландардың біріккен күшінің соққысы нәтижесінде құлады. Ұланғайыр жұрттың ордасы бұзылғанымен, шет жақтағы Батыс Еуразия өз қалпында тұрған. Ел орталығындағы ағайын арасында қырқыс басталған кезде өз жолын тапқан түрік қауымының Аспарух хан бастаған Бұлғарлардың үлкен бір бөлігі батысқа — Дунайдың оң жағалауына көшіп, онда Болгария мемлекетін құрды. Бұлғарлардың екінші бөлігі Еділ өзені бойымен солтүстікке қарай жылжып, кейіннен Еділ Бұлғариясының негізін қалады. Құбыраттың екінші баласы — Ботбайдың қол астындағы бұлғарлар тобы Кубань өңірінде қалып қойды да, хазарларға тәуелділікке түсті. Солтүстік Кавказдағы балқар халқы сол Бұлғарлардың үрім-бұтағы болып есептеледі. Бұлғарлар болгар, татар, чуваш халықтарының қалыптасуында терең із қалдырды. Татарлар мен чуваштардың ұлттық мәдениеті мен өнерінде Бұлғарлардың ізі көбірек сақталған. Чуваш тілі түркі тілдерінің бұлғар тобына жатады. Ел орталығындағы ағайын арасында қырқыс басталған кезде өз жолын тапқан түрік қауымының үлкен бір бөлігі Қара теңіз – Азау Даласында Бұлғар қағанатының шаңырағын көтереді. Ұлы Бұлғарияда қолөнер мен сауданың дамуына кең мүмкіндіктер жасалды. Кубраттан кейін оның ұлы Ботбай билік жүргізді. Хазарлар мен аландар бірлесіп, Ботбай билік еткен кезеңде Ұлы Бұлғарияға шабуылды үдете түсті. Осындай шабуылдардан әлсіреген Ұлы Бұлғария хазарлар билігін мойындауға мәжбүр болды. Осыдан соң Аспарух бастаған бұлғарлардың бір тобы Дунай бойына көшіп, онда Болгария мемлекетінің негізін қалады. Бұлғарлардың екінші тобы Еділ бойына көшіп, онда Еділ Бұлғариясы атты мемл. құрды. Бұлғар тілі – ежелгі бұлғар тайпаларының тілі. Бұлғарлар бұрын Ғұн тайпалары одағына кірген, славян, фин-угор жұрттарымен қарым-қатынаста болған. IX — XII ғасырлардан сақталған деректер мен бейіттердегі (XIV — XV ғасырлар) жазуларға, тарихи есімдер түзіліміне қарағанда, бұлғар тілі қазіргі чуваш тіліне жақын болған. Бұл екеуі түркі тілінің бұлғар тобына кіреді. Бұлғар тобындағы тілдердің өзге түркі тілінен ерекшелігі — “з” орнына “р”, “ш”, “с” орнына “л” дыбысының қолданылуы. Бұлғар тілінің қазіргі башқұрт, татар тілдерінің қалыптасуына ықпал болды. Көшпелілер бұлғардарды VII — IX ғасырларда қазіргі Ресей жерінің түстігіне қарай ығыстырған кезде, олардың бір бөлігі венгр мен славяндардың құрамына енген, осыдан олардың тіліне бұлғар сөздері мол ауысқан. [7]

Өзінің бесжүзжылдық тарихында Бұлғар қаласы Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. X ғасырдың өзінде Бұлғар ірі сауда орталығына айналған. Қаланы өз көзімен көрген (992 ж.)

араб саяхатшысы Ибн Фадлан оны сол кездің өзінде “халықаралық жәрмеңке” деп суреттеген. [8] XII ғасырдағы феодалдық қырқыстардың әсерінен Бұлғар біршама уақыт өзінің маңызын жоғалтады. Бату хан шапқыншылығы да қаланың дамуын бәсеңдетіп, оның ішкі жағдайын шиеленістіріп жібереді. Тек XIII ғасырдың 80-жылдарынан бастап қайта дами бастаған бұл қаланы 1361 жылы Алтын Орда ханы Бұлан Темір қиратады. Араға аз уақыт салып, қайта қалпына келген қала 1399 жылы “Ұлы Бұлғар қаласы” деген атқа ие болады. XIV ғасыр — Бұлғардың ең гүлденген кезеңі. Осы тұста қалада “Мұнаралы мешіт”, “Қасиетті Николайдың шіркеуі”, “Хандардың қабірі”, монша ғимараты, т.б. көптеген сәулетті ғимараттар мен қоғамдық құрылыстар салынған. [9] Бұлғар қаласын 1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный бағындырғаннан кейін, Еділ бойы өңірінің орталығы Қазан қаласы болды. Бұлғардың қираған орны Татарстан жерінде, Еділ өзенінен 6 км жердегі осы аттас ауылдың маңында. Петр I-нің тұсында-ақ қаланың ескі құрылыстары зерттеліп, бұлғар қабірлерінің басына қойылған құлпытастар топтастырылып, оларға жазылған жазулар оқылды. Бұдан кейін тек 1870 жылдан бастап кейбір ғалымдар шағын қазба жұмыстарын жүргізіп, тек көне заттар жинаумен шұғылданды. 1938 жылдан бастап Мәскеу Мемлекеттік тарих музейі, КСРО Ғылым Академиясы Заттай мәдениет тарихын зерттеу институтының, Татар АССР-і Мемлекеттік музейінің біріккен экспедициясы (А.П. Смирнов басқарған) қаланың орнында кең көлемді зерттеу жұмыстарын бастап, оны 1945, 1947 — 48, 1950, 1957 жылдары жалғастырды. Көп жылдық қазба кезінде табылған теңгелердің ең көнесі X ғасырға, ал соңғылары XV ғасырдың 20-жылдарына жатады. Әр кездерде жүргізілген зерттеулер кезінде табылған асыл бұйымдар мен тұрмыстық заттар қалада қолөнердің, әсіресе, зергерлік кәсіптің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Ал 1957 жылы жүргізілген қазба барысында табылған Қытай селодоны, Сирия мен Палестина жерінен әкелінген зерлі ыдыстардың сынықтары қаланың халықаралық байланыстары жөнінде мәліметтер береді. Бұлғардың Грекия, Армения, т.б. елдермен қарым-қатынасы болған. Татарстандық ата-аналар балаларына көне Бұлғар қаласының орнынан табылған тарихи мұраларды көрсеткісі келсе Мәскеудегі мемлекеттік тарихи мұражайына аттанады. Советтік және ресейлік артефакт туралы заңға сәйкес Татарстанның археологиялық қазынасының дені республикадағы ұлттық музейлерге таратылған.

Қорыта келгенде, Бұлғария жері этникалық татарлар үшін аса маңызды болса, Свияжск орыстар мен орыс православтық христиандары үшін де аса маңызды болып табылады. Мұнда үш монастырь мен бірнеше православ шіркеуі бар. Негізі, мұндай тарихи қазынаны аялап ұстап, елге танытып, әлемге насихаттаудың өркениетті үлгілерін әлемнің әр шалғайынан кезіктіруге болады. Сан ғасыр теңізден өтсе де, бүгінге жұрнағы жеткен бұл жәдігерлердің халқымыздың мәдени қазынасын айшықтаудағы орны ерекше деп ойлаймын.

1. М.И. Артамонов История хазар. // Л.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 1962. 523 с.
2. Жумагулов К.Т. Аварский каганат в истории Евразии // наука и высшая школа Казахстана, №18 (160) 1 октября 2007г. — с. 6-7
3. Жумагулов К.Т. К истории Аварского каганата // Материалы республиканской научно – теоретической конференции. – Караганда, 2009. — с.221-226
4. Р.Бариев ВОЛЖСКИЕ БУЛГАРЫ: ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА, С.-Петербург, 1999.
5. Мұхажанова Т.Р. VIғ. Аварлар және Византия // Қаз ҰУ. Хабаршы, тарих сериясы. Алматы – 2000.- № 1 (16).
6. Хвольсон Д. А. Известия о хазарах, буртасах, болгарях Ибн-Даста. Пб., 1869.
7. В.Ф. Генинг, А.Х. Халиков Ранние болгары на Волге (Больше-Тарханский могильник). // М.: 1964. 201 с.
8. Ибн-Фадлан. Записки о путешествии на Волгу. Пб., 1891.
9. М.Протектор История. // Пер. Г. С. Дестуниса. СПб., 1860.

**КОЛОМИЙЦЕВА М.**, магистрант 1 курса кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения, **МИЙМАНБАЕВА Ф.Н.**, доцент КазНУ им. аль-Фараби

## **ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ АНГЛИИ С ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИЕЙ В ПРАВЛЕНИЕ ЕЛИЗАВЕТЫ ТЮДОР**

В XVI в. Османская империя играла значительную роль в экономических и международных отношениях в Европе и на Ближнем Востоке. Западноевропейские страны были заинтересованы в поддержании традиционных торговых отношений с Левантом. Турецкая агрессия в Средиземном море, а также открытие морского пути в Индию вокруг Африки отнюдь не привели к упадку средиземноморской торговли европейцев с Востоком, и она по-прежнему имела большое значение, хотя и стала менее прибыльной по сравнению с торговлей в Индии вокруг мыса Доброй Надежды.



Османское государство имело торговые связи со многими странами, в том числе с Венецией, Генуей, Францией, Венгрией, Австрией, Польшей, Россией, поощряло транзитную торговлю с Востоком.

Контакты западноевропейских государств с Османской империей имели и самостоятельное политическое значение. Так как попытки создать общеевропейский союз для борьбы с турецкой угрозой оказались безуспешными, многие страны стремились установить дипломатические отношения с Портой, заключить с ней политический союз или по крайней мере склонить ее к нейтралитету [1, с.3].

Во второй половине XVI в. в связи с изменением международных отношений борьба за влияние в Османской империи усилилась. Развитие капиталистического уклада в западноевропейских странах требовало расширения торговых связей, повысило спрос на товары, поступающие из Леванта (шелк и хлопок-сырец, красители, пряности и прочее). Это обострило торговое соперничество западноевропейских стран в Леванте.

В 70-е годы XVI в. в борьбу за торговые привилегии и политическое влияние в Турции включилась Англия. Вскоре англичанам удалось получить «капитуляции», аналогичные французским, и установить прочные дипломатические контакты с турецким правительством. Политическому альянсу Англии и Турции, которые нуждались в союзниках, благоприятствовали и внешнеполитическая конъюнктура, и положение дел в самой Турции. Значение Франции как политического партнера Турции было подорвано гугенотскими войнами. Назревала открытая война Англии с Испанией за колонии и преобладание на морях, и в этой борьбе она пыталась заручиться поддержкой противников Филиппа II: Франции, Нидерландов и Турции. Османская империя в этот период переживала внешнеполитические затруднения и первые крупные военные поражения, вызванные глубокими внутренними причинами, важнейшими из которых были распад военно-ленной системы, народные восстания и центробежные устремления отдельных крупных феодалов. Турция была ослаблена также войной с так называемой Священной лигой (Испания, Венеция, Генуя и другие государства) [1, с.4].

Установление дипломатических контактов между Англией и Турцией было связано с началом торговли между двумя странами. В 1575 г. два крупных лондонских купца, Эдвард Осборн и Ричард Стэйпер [2, с.46], на собственные средства послали своих служащих (Джона Уайта и Джозефа Клементса) через территорию Польши в Константинополь с целью добиться от турецкого султана Мурада III разрешения на визит английского торгового агента Уильяма Харборна. В 1578 г. он посетил Константинополь. Добившись пожалования Осборну и Стэйперу свободы торговли в турецких владениях, а также получив послание султана королеве Елизавете, он вернулся в Англию. В письме султан заверил английскую королеву в благосклонном отношении к Англии и согласии на торговлю ее подданных в его владениях [1, с.5].

Эти привилегии (или «капитуляции») были пожалованы англичанам в 1580 г. «Капитуляции» подтверждали заключение «прочной дружбы, мира и союза» между двумя странами и содержали 22 статьи, которые определяли торговые права англичан и гарантировали охрану их личности и имущества. Английские подданные получали право торговать повсюду во владениях турецкого султана, уплачивая обычную пошлину (в размере 5 %) и освобождаясь от всех других сборов. Запрещалось обращать их в рабство. Имущество умерших английских купцов не подлежало конфискации, а передавалось их соотечественникам. Турецкие подданные обязывались укрывать английские суда в гаванях во время шторма, оказывать помощь потерпевшим кораблекрушение. Одна из наиболее важных привилегий – право назначать консулов во владениях султана. Таким образом, английские подданные освобождались от подчинения французским консулам, под покровительством которых находились купцы всех стран, торгующих с Портой, за исключением венецианцев.

А) Ши үстінде жатуы. Омар (р.а.) бір күні Рақым елшінің бөлмесіне кіргенде, Пайғамбарымыздың ши үстінде жатқанын көреді. Бір бетіне шидің ізі түсіпті. Бөлмесінің бір бұрышында иленген тері, бір бұрышында бір уыс арпа салынған кішкене дорба жатыр. Хақ пайғамбардың бөлмесіндегі заттар осы ғана. Омар (р.а.) осыларға көзі түсіп, тұла бойы шымырлап, көз жасының көл тарам-тарам болғанын да байқамай қалады. Аллаһ елшісі одан неге жылағанын сұрағанда, ол: «Пайғамбарым! Дәл қазір патшалар сарайларында құс төсекте жатыр. Ал сен бар болғаны кураған ши үстінде жатырсың», – дейді. Осы кезде Рақым пайғамбар Омарға: «Омар! Бұл дүние солардікі ал, ақырет біздікі болуын қаламайсың ба?» – дейді. Басқа бір риуаятта Пайғамбарымыз: «Бұл дүниеге менің қандай қатысым бар. Мен бар болғаны бір ағаш саясын көлеңкелеп, сәлден соң сапарын қайта жалғастыратын жолаушы секілдімін», – дейді.

Ә) Садақаға сақтығы. «Бірде таңға дейін ұйықтай алмай, түні бойы уһіліп шықты. Таңертең жары: «Пайғамбарым, түнде бір жеріңіз ауырды ма? Қатты қиналып шықтыңыз ғой», – деп сұрайды. Аллаһ елшісі: «Жатар алдында төсегімді қамдап жатып, жерге түсіп қалған бір құрманы алып жеген едім. Бірақ, кейіннен есіме түсті. Біздің үйде садақа мен зекет құрмалары да болып жатады. Ал осы құрма солардың бірі болса ше?! Осыны ойланып, таң ағарып атқанша кірпік іле алмай шықтым» деп жауап қатады. Садақа мен зекет Пайғамбарымызға харам етілген. Бірақ, осы құрма өзіне сый ретінде келген құрмалар болуы да мүмкін. Тіпті, мұның садақа мен зекетке қарағандағы сый құрмасы болуы әбден мүмкін. Өйткені, Пайғамбарымыздың шаңырағында садақа мен зекет түнге қалмайтын, келе салысымен дереу таратылатын. Иә, Хақ Пайғамбарымыздың рухы мен еркі қашан да алмастай таза болды. Солай ғұмыр кешіп, Хақ тағалаға да дәл сол саф күйінде көтерілді [3, 45-46 бб.].

Б) Пайғамбарымыздың қайырлы іске асығуы. Бір күні мешітке келіп, жамағаттың алдына шығып, намазға тұрды. Артынша дереу намазын бұзып, бөлмесіне қарай асыға басып жөнелді. Асыққаны сонша – сырттан қараған адам оны өрт сөндіруге кетіп барады деп ойлап қалғандай. Сәлден кейін қайтып оралды. Аптығы толық басылған. Намазға тұрып, жамағатқа имам болды. Намаздан кейін сахабалар не үшін аптығып абыржығанын сұрады. Ол: «Бағана маған кедейлерге таратылатын заттар келген болатын. Мен оны таратуды ұмытып кетіппін. Дәл намазға тұрған кезде есіме түсті. Үйімде таратылар дүние тұрғанда, жайбарақат намаз оқығым келмеді. Айшаға (р.анһа) барып, тез арада мұқтаждарға таратып бер дедім», – дейді. Міне, зүһді, тақуалығы һәм оның дүниеге қызықпауы... Сан рет дүние көрініп, өзін қабылдатқысы келсе де, ол қолымен қағып, кері қайтарған.

В) Сан күндер аш қалуы. Оның нәр татпай аш жүретін күні көп еді. Арпа нанымен болса да, тойына ас ішкен кезі болған емес. Кейде бірнеше ай өтсе де, Аллаһ елшісінің қазанында сулы суанды сорпа да қайнамайтын. Бір күні нәпіл намазын оқып жатты. Әбу Һурәйра (р.а.) намаздан кейін: «Пайғамбарым! Сырқаттанып қалдыңыз ба? Намазды отырып оқығаныңыздың себебі неде?», – деп сұрады. Ол: «Әбу Һурәйра! Бірнеше күннен бері нәр татқаным жоқ. Аштық әлімді алып, тұруға дәрменім қалмады. Амалсыз намазды отырып оқып жатқаным сондықтан», – деп жауап береді. Әбу Һурәйра осыны естігенде, еріксіз көз жасына ие бола алмады. Аллаһ елшісі осы сәт өзін ұмытып, маған: «Жылама, Әбу Һурәйра! Бұл дүниедегі аштық ауыртпалығы кісіні ақырет азабынан құтқарады», – деп жұбату айтты. Ел ішінде дүниелік тұрғыдан ең кедей болып өмір кешті. Әрі бұл күйді ол өз қалауымен таңдады. Қаласа, шалқып өмір сүруіне болатын еді [9, 10 б.]. Өзіне берілген сый-сияпаттардың өзі ауқатты тұруға жететін. Бірақ, ол мұны ешқашан ойламайтын. Бұл Пайғамбар мен жамағаты дүниені толығымен тәрк етті деген сөз емес. Кейбір қара ниеттілер солай етіп көрсеткісі келеді. Қалаған адам табыс тауып, бай бола алады. Аллаһтың әмір еткеніне қатысты зекетін беріп, қоғам үшін жақсылық жасай алады. Иә, ешкім бұған қарсы емес. Тіпті, адал табыс табу Исламда құндылық саналады.

Омар (р.а.) – Пайғамбарымызға жақын адамдардың бірі. Ол Әз елшінің зүһд өмірін: «Аллаһ тағалаға ант етейін, мен Хақ пайғамбардың таң атқаннан күн батқанға дейін аштықтан азап шеккендігін білемін. Өйткені, қарнын тойдыру үшін кейде құрманың ең нашарын да таба алмайтын», – деп жеткізеді. Алайда, Пайғамбарымыз кімнің шаңырағына бас сұқса да, үй иелері құрақ ұшып, ең мол дастархан жаяр еді. Дастархан болмай-ақ өзіне келген сый-сияпаттардың өзі жанұясына жетіп артылмайтын ба еді? Бірақ, ол қандай дүние келмесін дереу таратып отырған. Дүниенің қызығын не

үшін көрмейсіз? – деп сұрағанда, ол: «Исрафил қолына «Сұрды» ұстап, Хақ тағаланың әмірін күтіп тұрғанда, қалай ғана дүниенің қызығын татайын? Осындай күй кешкен адам дүниеден қызық іздей ме?», – деп жауап беріп еді.

Г) Ғибадаттағы тереңдігі. Қадірлі Айша (р. анһа) анамыз айтады: Бір күні түнде Аллаһ елшісі маған «Айша! Осы түні Раббыма құлшылық етейін. Маған рұқсат етесің бе?», – деп сұрады. Мен: «Сенімен бірге болуды мен де қалаймын. Бірақ, сенің жан қалауың мен үшін бәрінен артық», – дедім. Аллаһ елшісі орнынан тұрды да, намаз оқи бастады. Ол сол түні таңға дейін «Көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күндіздің алмасуында, әлбетте, ақыл иелері үшін ғибраттар бар» (Әли Имран, 3/190) Аятын оқып, көз жасын төкті. Таң рауандап атқанда, азан оқуға келген Біләл оған: «Пайғамбарым-ау, өзінді неге мұнша қинағансың? Хақ тағала сенің өткенің мен болашақтағы барлық күнәларыңды кешірді ғой», – дейді. Сонда Пайғамбарымыз: «Маған мұншалықты нығмет берген Раббыма шүкірлік еткен құл болмайын ба?» – деп жауап қатты. Аллаһ елшісі өз өлшемін сақтап, шүкірлік шыңын қорғай алмаудан қорқып жылауда [3, 48-50 б.].

Оның барлық ғұмыры құлшылыққа сай жоспарланған тәрізді. Құлшылық қылмаған бір сәттік уақыты да жоқтай. Әлбетте, оның ғибадатын ораза, намаз, т.б. түрлерімен шектеуге болмайды. Ол істеген әрбір ісін құлшылық ниетімен жасайтын.

Біз оны «Заһидтер заһиді» деп атасақ, бұл өзге теңеу таппаған шарасыздығымызды ұқтырады. Әйтпесе, оның зүһдінің басқа сөз, басқа теңеумен жеткізіуіміз керек еді.

Сахабалар ғасыры Ислам тарихында «асрус-са‘адат» (алтын ғасыр) деп аталады. Себебі, олар тек өздерінің ғана емес, барша Ислам үмбетінің бақыты үшін жан аянбай күресті. Өмірде адамдар арасындағы, қара халық пен басқарушылардың, әр түрлі дін өкілдерімен қарым-қатынаста («өзі тоқ болып, көршісі аш жатқан бізден емес», «бір адамның көңілін қалдыру, Қағбаны жыққанмен тең, зыммиге (мұсылмандардың басқаруын өз еркімен қабылдаған, Бірақ мұсылман болмаған өзге діндегі) зәбір көрсетсе, маған зәбір көрсеткендей», «Аллаһтың алдында бүкіл адамдар тең» (ұлтына, жынысына, түсіне, қоғамдық жағдайына қарамастан) яғни, қоғамдық өмірдің барлық саласында Исламның басты ұстанымдарын жасампаз дәстүрге айналдырған сахабалар тарихта теңдессіз із қалдырды. Әділетті төрт халифа дәуірінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» орнауы, хазірет Омардың халифалығы тұсында халық тұрмысының көтеріліп, садақа берерлік адам қалмауы – олардың Ислам ұстанымдарын жетік меңгергендігінің айғағы. Тіпті олар тірі кезінде-ақ жәннатпен сүйіншілеген болатын. Сондай сахабалардың қатарынан саналатын Әбу Бәкір (р.а.), Омар (р.а.), Осман (р.а.), Әли (р.а.) сынды тұлғалардың тақуалық өміріне тоқталамыз [4, 20-21 бб.].

А) Әбу Бәкір Сыддық (р.а.). Ислам дінінің Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейінгі ең ардақты тұлғасы – Әбу Бәкір (р.а.). Ол Ислам діні жолында жанын да, малын да пида етуімен, туралық, шынайылығымен басқаларға жарқын үлгі болды. Бүкіл ғұмыры биязылық, жомарттық, жанкештілік тәрізді адамдық асыл қасиет өрнектеріне толы. Сахабалардың ішінде сопылық дәстүрді ұстанған алғашқы тұлға болып саналады. Себебі ислам келмей тұрып, Меккедегі ең бай адамдардың қатарында саналатын. Ислам дінін қабылдағаннан кейін бүкіл байлығын Аллаһ жолында пида етті. Әбу Бәкір Васитидің айтуынша, ең алғашқы сопылық сөзді Әбу Бәкірдің (р.а.) Тәбук соғысына арнап ислам әскерін қамтамасыз ету үшін бүкіл дүниесін алып келгенде Аллаһ елшісі (с.а.у.): «Уа Әбу Бәкір! Отбасың мен балаларыңа не қалдырдың?», дегенде «Аллаһ пен Расуллулаһтың сүйіспеншілігін қалдырдым» деп жауап берген екен. Тасаввуф ілімінде харам ас жайында Әбу Бәкірдің (р.а.) қызметшісі әкелген сүтті ішіп, оның харам жолмен келгенін естігеннен кейін, саусақтарын аузына тығып, құсып ішіндегі барлық харам асты шығарып, «Егер бұл ас ішімнен шықпайынша, жаным денемнен шығып кеткенше тоқтамас едім» деген оқиғаларын үлгі етеді етеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әбу Бәкір (р.а.) жайында «Бүкіл үмбетімнің иманын таразының бір жағына, Әбу Бәкірдің екінші жағына қоятын болсақ, Әбу Бәкірдің иманы ауыр басады» деген хадисі бекер емес. Ол Пайғамбарымыздан кейін құпия ілімге қол жеткізген адам. Меккеден Мединаға Пайғамбарымызбен бірге хижрет жасап, бір үңгірде түнеп, Пайғамбарымызды (с.а.у.) жан-тәнімен мүшриктерден (Ислам дініне қарсы адамдар) қорғаған болатын. Осы оқиғаға байланысты тіпті, Құраннан Аят түсіп оның сыддықтығын бір дәлелдеді [6, 77 б.].

Ә) Омар ибн Хаттаб (р.а.). Пайғамбарымыздың «менен кейін пайғамбар келгенде, ол Хаттабұлы Омар болар еді» деген марапатына ие болған хазірет Омар (р.а.) тұла бойындағы асыл қасиеттерімен де ерекше тартымды. Ол алдыңғы қатарлы тақуа мұсылмандардың бірі болды. Халифа болып тұрған кездің өзінде жамаулы шапан киіп, Қадисия соғысынан қолға түскен олжаларды көріп, қынжыла жылап, «неге жылайсың, қайта жеңіске жеткеніңе қуанбайсың ба?» дегендерге, «әрине қуануым керек. Алайда молшылық келген жерге дұшпандық пен реніш қоса келеді» деп, дүниенің алдамшы байлығына еш қызықпағандығын көрсеткен еді. Ұлы мен қызы оған бір күні: – Егер дәмді, қуаты мол тағамдармен қоректенсең, қызметіңді жақсы атқару үшін күш жинайсың, – дегенде халифа Омар (р.а.) оларға: – Әрине, сендер менің жағдайымды ойлайсыңдар. Бірақ, мен екі досымның (Аллаһ

расулы мен хазірет Әбу Бәкір) осы жолды таңдағандарына куә болдым. Егер олардың жолынан айырылсам, олардың жандарына жете алмай, ақыретте бірге бола алмай қаламын, – деп жауап берді. Тағы да бір реті келгенде былай деген еді: – Аллаһқа ант етейін! Біз бұл өмірдің ләззаттарына елікпейміз. Егер бір қозы сойылып, одан дәмді тағамдардың пісірілуін, жүзімнен сусындар дайындалып дастарқанымә әкелінуін бұйырсам, әрине, бұл болар еді. Бірақ біз мұндай ләззаттардың қарымын о дүниеге қалдырғымыз келеді. Өйткені Аллаһ «сіз барлық тамаша нығметтеріңізді осы дүниеде тауысып бітірдіңіз, ләззатын таттыңыз»,– дейді. Мен Аллаһтың берген нығметтерін бұл дүниеде тауысқым келмейді. Омар (р.а.) – тақуалығы және құлшылығымен де шынның ұшар басындағы біртуар тұлға. Болмысынан ашуға тез Омар қасында біреу Құран оқыса, ашуы тез тарқайтын. Хазірет Пайғамбарымыздың: «Ақыретте жауапқа тартылмастан бұрын, өздеріңізді бұл дүниеде жауапқа тартыңыздар» деген өсиетін үнемі жадында ұстап, құдайдың құтты күні жастыққа бас қоярда: «Ей, Омар, бүгін Аллаһ үшін не істедің?» деп сұрайтын [4, 70 б.]. Суфизм идеясының бастаулары негізгі қайнар көздері осындай ұлы тұлғалардан басталғанын нық сеніммен айтамыз.

Б) Осман ибн Аффан. Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Әркімнің Жәннатта бір досы бар. Менің Жәннаттағы досым – Осман», – деп хадисінде атап кеткен үшінші халифа сахабалардың арасында да үлкен құрметке ие болатын. Мемлекеттің күшті, бай болғанына қарамастан, ол кей кездері мешітте ұйықтайтын. Денесіне тас іздері түсетін. Бұған куә болған адамдар оның қарапайымдылығына таңғалып, «міне, нағыз мүминдердің әмірі» дейтін. Күндіз ораза ұстап, түндерін де Аллаһқа құлшылық етумен өткізетін. Түнде Құран оқудан айырықша ләззат алатын. Тіпті тірі кезінде-ақ Пайғамбарымыздың Жәннатпен сүйіншіленген үшінші халифасы – Осман (р.а.) әдептілік пен ар-ұяттың жарқын үлгісін паш етті. Оның табиғаты өте жұмсақ, көркем мінезді болатын [7, 88 б.]. Тәбук соғысы – Ислам тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Хазірет Осман осы соғысқа жәрдем ретінде Сирияға жіберу үшін дайындаған үш жүз түйені жүгімен қоса берді, әрі мың динар ақша және елу ат бағыштаған еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оның бұл жомарттығына байланысты, «бұдан кейін істейтін қателері Османға зиян келтірмейді» деп сүйіншілеген болатын. Атап өткендей, хазірет Османның ең үлкен ерекшелігі – жомарттығы. Ол мал-мүлкін Аллаһ жолында жұмсаудан еш тартынбайтын. Бірде мұсылмандар ауыз су таппай қиналды. Рума құдығынан басқа ішер су таба алмады. Бұл құдық бір яһудидікі болатын. Суды мұсылмандарға өте қымбат бағамен сататын. Бұл жағдай Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанына қатты батты. Сахабалармен бірге отырған бір сәтте, Рума құдығын кім сатып алса, Жәннатта да оның осыған ұқсас құдығы болатынын Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтты. Мұны естіген Осман бірден, сол яһудиді тауып алып, құдықты сатып алғысы келетінін айтады. Яһуди құдықты толық сатуға көнбей, өте қымбат бағаға оның жартысын ғана сатты. Осман қуаныштан төбесі көкке жетіп, Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп, құдықтың жартысын сатып алып мұсылмандарға бағыштағандығын айтты. Аллаһ расулы (с.а.с.) Османның бұл әрекетін мақтап, оған ыстық ілтипат білдірді. Хазірет Осман ақыры бұл құдықтың қалған жартысын сатып алып, садақа етті.

В) Әли ибн Әбу Талип. Мүминдердің әміршісі, Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) күйеу баласы, Аллаһтың арыстаны, ғылым қаласының қақпасы ретінде танылған төртінші халифаның ғұмыры дастанға толы. Оның шыншылдығы, батырлығы, РасулАллаһқа (с.а.с.) жақындығы, тақуалығы мен парасаттылығы кейінгі ұрпаққа өнеге. Бойындағы өшпес иманы мен мұқалмас жігері жағынан да сахабалардың ара-сында орны ерекше. Әли әл-Муртада – бойына жақсылық атаулыны жия білген Ислам тарихындағы айтулы тұлғалардың бірі. Қайсарлық, батырлық, ілімді және жомарттығымен бірге өте кішіпейіл еді. Базардан сатып алған заттарды айналасындағылардың өтінішіне қарамастан, өзі көтеріп, адасқандарға жол сілтеп, әлсіз, дәрменсіз жандардың жоғын жоқтап, қиналғанда қастарынан табылатын. «Үш нәрсе кішіпейілділіктің негізін құрайды: кездескен кезде бірінші болып сәлем беру, үлкен жиналыстарда төрде шокиып отырмау, рияшылдық пенижасандылықты жаны сүймеу» деген нақылдар Әлидің (р.а.) сөздері. Пайғамбарымыз оның ілімінің жоғарылығын: «Мен – ілімнің қаласымын, Әли – оның қақпасы. Ілім үйренгісі келгендер сол есіктен енсін» – деп білдірді. Оның нәпсінің жетегінде кетудің өте үлкен қасірет екенін мынандай сөздерінен байқаймыз: «Қорқыныштың да қорқыныштысы бар. Оның ең қорқыныштысы – нәпсінің жетегінде кету және еш өлмейтіндей қайырсыз құмартуға беріле салу. Нәпсінің жетегінде кету адамды ақиқаттан адастырып, құмартушылыққа бой алдыру ақыретті ұмыттырады. Абай болыңыздар! Дүние бетін бұрып әрі кетуде, ақырет болса жақындап келеді. Бұлардың әрбірін қалаушылардан болыңдар, бүгін тіршілік ету уақыты (бұл дүниеде) есеп жоқ, ертең болса есеп күні (ақыретте) тіршілік-күйбең жоқ». Сопылардың ұстанатын ең басты принциптерінің бірі дүниеден бас тарту, осы жайында Хазіретті Әли: «Дүние жинаған адам дүниесімен бірге жоқ болып, аты да заты да қалмайды. Дүние жинаушылар тірі кезінің өзінде өлік сияқты».

Бірде намаз оқу үшін дәрет алып дайындалып, аяқ-қолы дірілдеп, бетінің өңі кеткенін көргендер сұрағандарға «Алла алдында жауапкершілікті атқаратын уақыт болды, бұл жауапкершіліктен тау,

жер, тіпті аспан бас тартқанда, адамзат баласы өз мойнына алды. Сондықтан өз деігейінде орындалмай қалам ба деп қорқамын», -деп жауап берген екен. Негізінен әулиелердің басы осы Әлиден (р.а.) басталады.

Сонымен қорыта келгенде, сопылық бауырластықтың қалыптасуына, Жалпы суфизм (тасаууф) ілімнің шығуына бірқатар еуропа ғалымдары айтқандай христиандық, буддистік діндердің мистикалық ағымымен, кейбіреулері франкомасондармен байланыстыруы тіпті, қисынға келмейді. Яғни, біздің айтпағымыз, суфизм бұл құран мен сүннеттен тұрып, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) пен ардақты сахабалардан бастау алатындығын кішігірім дәлелдеп өттік. Кеңірек алдағы тарауларда тоқтала өтеміз.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) хадисінде менен кейін келетін ең қайырлыларың сахабалар, табиғиндер, таба-табиғиндер деп көрсеткендей бұл кезең Ислам тарихында «алтын ғасыр» деген атпен қалған. Біздің тоқталатын тақырыбымыз табиғиндер дәуіріндегі аскетизмнің, яғни тақуалық өмірнен мысалдар бере отырып, суфизм (тасаууф) ілімнің қалыптасуы осы табиғиндердің кезеңінен (Увейс Карани, Хасан Басри, Зәйнүл-Абидин, Омар ибн Әбдулазиз т.б.) басталады. XII ғасырда өмір сүрген белгілі араб тарихшысы, фикх, хадис ілімінің маманы Абуль Фарадж ибн әл-Жаузи өз еңбегінде дүниеден бас тартып, аскетикалық өмір сүрген 200-ге жуық табиғиндерді көрсетеді [13, 184 б.]. Хужвири еңбегінде тек Увейс Карани, Харим ибн Хайян, Хасан Басри, Саид ибн Мусайиб сынды табиғиндерге, Фарид ад-дин Аттар тек Жаффар Садық пен Хасан Басриге көңіл бөледі. Ал Сулеми (1021 қ.б.) мен оның шәкірті Кушайри (1072 қ.б.) сахабалар мен табиғиндердің зухд өмірінен емес, өз еңбектерін Фудаил ибн Йиад және Ибраһим ибн Адхам сынды тұлғалардан бастайды. Ал біз бірнеше табиғиндердің тақуалық өміріне кішігірім тоқтала өтеміз.

Табиғиндер тарихымен терең зерттеп, жүйелі зерттеген доктор Абдұррахман Рафәт әл-Бәшәнің «Табиғиндер өмірінен өнегелер» атты еңбегінен үзінділер келтірміз.

А) Уәйс әл-Қарани. Уәйс әл-Қарани – табиғин дәуірінде өмір сүрген тақуа кісілердің бірі. Йеменде өмір сүрген ол Мұрад тайпасына қарасты, Қаран деген аймақтан шыққан. Имам Шағрани «Табақат» атты еңбегінде Уәйсті былай суреттеген: «Орта бойлы, кең иықты, үлкен көзді, бидай өңді кісі еді. Басын үнемі төмен иіп жүретін, көзін жерден алмайтын. Ешкіммен сөйлеспейтін, базар орындарына бармайтын. Елдің күлгеніне ол жылайтын. Ешкімнен ештеңе сұрамайтын...»

Уәйстің асқан тақуалығы, құлшылыққа берілгендігі, дүниені еш көзге ілмегендігі замандастарын таңғалдырған. Ештеңе ішіп-жеместен, ұйықтамастан ғибадат, құлшылықпен, зікірмен өткізетін күндері аз емес еді. Әсбағ ибн Зәйд ол туралы былай деген: «Уәйс кеш түскенде: «Бұл түн руку түні болсын» дейтін. Сөйтіп таңға дейін рукуда тұратын. Ертесі күні: «Бүгінгі түн сәжде түні болсын», – деп, сол түні таңға дейін сәждеден маңдайын көтермейтін. Кеш түскенде үйіндегі аса қажетті азығынан басқасын түгел садақа етіп таратып, былай дұға ететін: «Алла тағалам, аштықтан, жалаңаштықтан өлгендер үшін мені жауапқа тарта көрме». Одан неге бұлай істейтіні сұралғанда: «Құлшылығымды періштелердің құлшылығына ұқсатқым келеді» дейтін [11, 204 б.].

Уәйс әл-Қарани Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде өмір сүріп, көптеген сахабалармен жүздесе де, Пайғамбарымызды өз көзімен көре алмаған. Сондықтан тасауууф ілімінде сырттай әулие кісілердің игілігіне қауышу «Уәйси» мақамы ретінде қабылданған.

«Хилиятул әулия» кітабында Хазірет Омар (р.а.) мен хазірет Әлидің (р.а.) Уәйспен кездескендігі туралы мынадай мәлімет бар. Уәйс қажылық өтеу үшін Меккеге келеді. Бұл уақыттарда хазірет Омар үнемі Уәйс келіп қала ма деп құлағын түріп жүрген кездер еді. Өйткені Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ол туралы айтқанын естіген. Сол себепті хазірет Омар (р.а.) Йеменнен келген қажыларға жолығып араларында Уәйс есімді кісі бар-жоғын сұрастырды. Бір қарт кісі: «Уа, Омар, сен айтқандай Уәйсті білмедім, Бірақ арамызда ешкіммен сөйлеспейтін, базарға, қаламызға бармайтын Уәйс бар. Ол біздің түйелерімізді бағады, кешкісін біз оған тамақ береміз» деді.

Хазірет Омар (р.а.) қасына хазірет Әлиді (р.а.) ертті де, сол кісімен жолықтыруды өтінді. Екеуі іздеп барғанда, Уәйс бір ағаштың көлеңкесінде намаз оқып отыр екен. Намазын аяқтаған соң, екеуі оған сәлем беріп: «Сіз кімсіз?» – деп сұрады. Уәйс елдің түйесін бағып күнелтіп жүрген жалдамалы малшы екенін айтты. Есімін сұрағанда «Абдуллаһ» деді. Алайда хазірет Омар (р.а.): «Бәріміз де Абдуллаһ, Құдайдың құлымыз. Әке-шешенің саған қойған атын айт» дегенде: «Уәйс» екендігін айтты. Екі сахаба онымен біраз сөйлескеннен кейін өздеріне дұға етуін сұрады. Уәйс олардың хазірет Омар (р.а.) мен хазірет Әли (р.а.) екенін білгенде, қатты қуанып, екеуіне ұзақ қайырлы дұға етті [10, 39-40 бб.].

Бірде Харем ибн Хайян бата сұрап Уәйсқа барады. Уәйс өзеннің жағасында дәрет алып отыр екен. Жақындап барып сәлем береді. Риязатты ұстанып, құлшылыққа қатты берілгендіктен, өңі сарғыш тартып кетіпті. Оны сырттай жақсы көретін Харем жылап қоя береді. Харемнің жылағанына Уәйс те қосыла жылайды. Сөйтеді де: «Әй, Харем ибн Хайян, дүниенің ауыртпашылықтарын қалай қабылдап жүрсің?» дейді. Сонда Харем: «Әй, Уәйс, сен мені өмірі көрген емессің. Атымды қайдан білдің?»

дегенде Үәйс: «Мүминдердің жаны бір-бірін таниды», – деп жауап қатады. Харем Үәйстен өзіне насихат айтуын сұрайды. Үәйс: «Аuzu биллаһи минаш-шайтанир-ражим» деді де жылап мына Аятты оқиды: «Біз көктер мен жерді, және олардың арасындағыларды ермек үшін жаратпадық. Оларды тек бір шындықпен (белгілі бір мақсат үшін) жараттық. Алайда олардың көбі білмейді. Үкім күні барлығының жиналатын күні. Сол күні достың досқа жәрдемі болмайды. Оларға еш көмек берілмейді. Тек Алланың көмек еткендері ғана (азаптан құтылады). Күмәнсіз, Ол асқақ, әрі мейірімді» («Дұхан» сүресі, 38-42). Аятты оқып, көп жылайды. Есін жия алмай бір мезет талқысып та кетеді [8, 45 б.].

Табиғин дәуіріндегі асқан тақуа тұлғалардың бірі Үәйс әл-Қарнидың кейіннен Сыффин соғысында шейіт болғандығы айтылады.

Ә) Хасан Басри. Медина қаласында дүниеге келген. Оны Пайғамбарымыз (с.а.у.) әйелдерінің бірі Үммү Сәләманың қолында өскен. Сөйтіп ол пайғамбардың жұпар иісі сінген, нұрымен нұрланған ортада жүрді. Мүминдер аналарының үйлеріндегі таза қайнарлардан қорек әрі білім алды. Аллаһ Елшісінің мешітінде алдыңғы қатардағы сахабалардың қолынан дәріс алды. Көптеген тариқаттардың мұрагерлік тізбегі осы ғалымнан бастайды және тасаууф тарихында алғашқы сопылық мектептің (Басра) негізін салушылардан болып есептеледі. Хасан Басри 80 жылдай ғылыммен, даналықпен және фикһпен өмір сүрді. Оның айтқан даналық сөздері мен өсиеттері ұрпаққа қалдырған ең бағалы мирасы болып, қазіргі күнге дейін жүректерді жібітіп жүр. Дүние жайында сұраған адамға оның айтқан әңгімесі:

«Дүние және Ақырет жайында сұрайсың ба? Дүние мен Ақырет Батыс пен Шығыс сияқты. Біріне жақындасаң, екіншісінен ұзайсың. Осы дүниені сипатта дейсің бе? Несін сипаттайын, басы – ауыртпашылық, соңы – жоқшылық. Халалына есеп бересің, харамына жаза аласың. Бай болсаң сынаққа, кедей болсаң қайғыға батасың», – деп жауап берген екен [10, 56 б.].

Б) Омар ибн Абдүләзиз. Халифа бола тұра дүниелік қызықтардан бас тартып, өзінің ғибадаттағы тереңдігімен мұсылман қауымына үлгі бола білген. Омар ибн Абдүлазиз хижраның 2-ші ғасырындағы атақты реформаторы және бесінші әділетті халифа болып саналады. Оның билік еткен уақытында елдің тұрмыс тіршілігі жақсарғаны соншалық, садақаға мұқтаж адам қалмаған. Өзі ешқашан мемлекеттік қазынадан ақша алмаған, себебі «әділетті төрт халифа» дәуірінде осылай болғандықтан, тек қана өзіне тиесілі жер телімі болған. Тіпті, ауыстыратын киімі болмаған, оған дәлел бір күні Жұма намазына кешігіп келетін себебі жуылған киімін кепкенін күтетін. Оның осындай аскеттік өміріне Хасан Басри әсерін тигізген болатын. Бір күні Хорасан аймағының басшысы Омарға халықты күшпен, яғни қылыш пен қамшымен бағындыруды ұсынғанда, қатты ашуланған халифа айқалап: «Сен өтірік айтасын! Оларды тек әділдік пен ақиқат қана тура жолға сала алады. Есінде болсын Аллаһ бұзақыларды жақсы көрмейді», деп жауап қайырды.

В) Зейнүл-Абидин. Шын есімі Әли ибн Әл-Хусәйн. Мұхаммед пайғамбардың шөбересі, Хазіретті Әлидің немересі болып келеді. Жастайынан көкірегі ілім-білімге толып, рухани тереңдікте жүрді. Тақуалық пен ғибадаттың шыңына жеткені соншалықты, дәрет, намаз кезінде тұла бойы толқып дірілдейтін болды. Сол жайында сұрағандарға:

- Қойыңдар! Кімге бара жатқанымды, кімнің алдында тұрғанымды, кімге мінәжат етіп жатқанымды білмейтіндей, не болды сендерге?! – дейді екен. Оның сәждесінің ұзақ уақытқа созылуы оған «Сәжжәд» (сәждесі ұзақ уақытқа созылған адам) деген атақ тақты. Рухының пәк, жүрегінің таза болуы оны «зәкий»(зерек) деген атпен аталуға себеп болды [12, 210 б.].

Әл-Бәшәнің «Тәбиғиндер» атты еңбегінде Зейнүл-Абидиннің тақуалығы туралы қызықты мәлімет ала аламыз: « Аллаһ Тағала Зейнүл-абидиннің рызығын кең қылған екен. Саудасынан үлкен кіріс түсетін. Қызметшілері еккен егінінен де жақсы өнім алатын еді. Саудасы мен шарушылығы ол үшін береке мен мол қаржының көзі еді. Бірақ Зейнүл-Абидин байлығын бұлдап, көкірегін көтерген емес. Нығметке бөленіп, асып-тасып кеткен жоқ. Дүниелегі мал-мүлікті ақыретке кеме ретінде жұмсайтын. Оның байлығы салих құлдарға берілген үлгілі байлық еді. Оған қайырымдылық істерінің ішінен ең жағымдысы – құпия садақа беру болатын. Қараңғы түнде адамдар шырт ұйқыға кеткенде, ұрыларша баспалап, денесінің нәзіктігіне қарамастан, ұн толған қапты арқалап, қараңғы көшелерде жүріп, мұқтаж жандарға білдірмей садақа тарататын. Мәдиненің кейбір тұрғындары ризықтарының қайдан келгенін білмей өмір сүретін еді. Али ибн Әл-Хусайн қайтыс болған кезде олардың да ризықтары тоқтады. Сонда ғана олар бұл азық-түліктің қайдан келгенін білді [12, 212 б.].

Зейнүл-Абидин мәйітін жуып жатқандар оның арқасында қарауытқан таңбаларды көріп: «бұл не?» десті. Олар бір-біріне:

- Мәдинедегі жүз үйге үздіксіз тасылған азық-түлік салынған қаптардың ізі. Олар қазір бұл кісімен бірге асыраушыларын да жоғалтып алғандай болды, – десті».

Сол кезеңде осындай алып тұлғалар көп болғандықтан тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып, ұрпақ санасында өшпес із қалдырды.



Көріп отырғанымыздай, аталмыш дәуірде өмір сүрген кез-келген тұлғаларды алып қарасақ, аскеттік өмірінен көріністер ала аламыз және ең бастысы осы кезеңде зухд мектептердің қалыптаса бастағанын көреміз. Бұл дегеніміз сопылық тариқаттардың қалыптасуына алғышарттар болып есептелінеді.

Сонымен қорыта келгенде, сопылық бауырластықтың қалыптасуына, жалпы суфизм (тасаууф) ілімінің шығуына бірқатар еуропа ғалымдары айтқандай христиандық, буддистік діндердің мистикалық ағымымен, кейбіреулері франкомасондармен байланыстыруы тіпті, қисынға келмейді. Яғни, біздің айтпағымыз, суфизм бұл құран мен сүннеттен тұрып, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) пен ардақты сахабалардан бастау алатындығын жоғарыда кішігірім дәлелдеп өттік.

VII-IX ғасырларда өмір сүрген кез-келген тұлғаларды алып қарасақ, аскеттік өмірінен көріністер ала аламыз және ең бастысы осы кезеңде зухд мектептердің қалыптаса бастағанын көреміз. Бұл дегеніміз сопылық тариқаттардың қалыптасуына алғышарттар болып есептелінеді.

- 
1. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі / араб тілінен ауд. Х.Алтай. 1991. – 675 б.
  2. Мұхиддин Әбу Зәкәрия Яхия ибн Шәрәф ибн Мурри. Хадистер жинағы (риядус-салихин) / қазақ тіліне ауд. А.Болатұлы. – Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2011. – 656 бет.
  3. Ибрагим Д.Ө. Адамзаттың асыл тәжі. Мұхаммед пайғамбардың өмірі. Мекке – Мәдина кезеңдері. Алматы: "Алтын қалам" баспасы, 2004, – 418б.
  4. Әділбаев А. Саңлақ сахабалар / Жалпы ред. басқ. Ә. Дербісәлі, – Алматы, 2010. – 336 б.
  5. Тримингэм Дж.С. Суфийские ордены в исламе. Пер с англ. А.А. Ставиской, под. ред. И с предисл. О.Ф. Акимушкина. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1989, – 328 б.
  6. Хасан Камиль Йылмаз. Тасаввуф и тарикаты. Перевод с турецкого. М.: ООО «Издательская группа «САД», 2007. – 300 стр. 1-е издание.
  7. Мұхаммед Юсуф Кандахлауи. Сахабалар салған сара жол – 2. -Алматы: "Көкжиек-Б" баспасы, 2011. – 560 бет.
  8. Қайрат Жолдыбайұлы: «Сопылық жолы – ауыр жол, ұстансаң оны а. тәуір жол...». muslim.kz сайтынан алынды. 10.12.2012
  9. Эрнест Карл В. Суфизм / пер. с англ. А. Горькавого. – М.: ФАИР-а. ПРЕСС, 2002. – 320 с.
  10. Исаұлы М. Сопылық ақиқаты // Жас қазақ үні. -2007. – 30 қараша а. (№47-48). – 6 б.
  11. Қартабаева Е.Т. Сопылық бағыт қалыптасуының алғышарттары // «Қожа Ахмет Яссауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты халықаралық конференция (29 қыркүйек – 1 қазан 2008 ж.) / ред. Д. Махранов. – Алматы, 2008. – 293-296 б.
  12. Абдұррахман Рафәт әл-Бәшә. Тәбиғиндер. Өмірінен өнегелер. Алматы: «SIYAUSH», 2012. – 304 б.
  13. Қартабаева Е.Т. Ортағасырлық сопылық бауырластықтардың қалыптасу тарихынан // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынас және халықаралық құқық сериясы. – 2009. №4-5. – 55-58 б.

**ҮШІНШІ СЕКЦИЯ/ТРЕТЬЯ СЕКЦИЯ**  
**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ**  
**ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН (ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ)**  
**ТЮРКСКИЙ МИР (КУЛЬТУРНО-ГУМАНИТАРНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ В СРЕДНИЕ**  
**ВЕКА, НОВОЕ И НОВЕЙШЕЕ ВРЕМЯ)**  
**(КРУГЛЫЙ СТОЛ)**  
**THE INTERNATIONAL COMMUNITY AND KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS OF**  
**MODERN GLOBALIZATION AND INTEGRATION (ROUND TABLE)**

---

**МӘШІМБАЕВ С.М.,**

д.и.н., профессор кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения,  
КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

**ДАНИЯ-ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ**  
**(1991-2010 ЖЖ)**

Астанасы – Копенгаген (1,3 млн адам), жер көлемі – 43 мың кв шақырым. Гренландия – 2,175 млн кв. Ірі қалалары – Орхус және Оденс. Халқы – 5,3 млн адам. Діні – инутст (Эскимос). 30 мың немістер, 200 мың мұсылмандар (түріктер, арабтар, пакистандар. Лютерандар). Мемлекеттік тілі – дат. Ұлттық мейрамы – 16 сәуір 1940 (королдің туған күні). 5 маусым – конституция күні. Ақшасы – дат кроны.

Әкімшілік басқару бөлісі. Дания 14 амто (облыстан тұрады.). Фадер аралы мен Гренландия автономия өзін-өзі басқару жүйесі.

Мемлекеттік құрамы – конституциялық монархия. Қазіргі корелевасы Маргарита II. 1972 жылдан бері такта отыр. Атқарушы билік – үкімет, премьер-министр. Заң шығарушы билік – бір палаталық парламент. (Фолькетинг) – 179 депутат. Депутаттар 4 жылға сайланады. Омбудсмен – конституциясының бұзылмауын, үкімет қызметін бақылаушы адам. Парламент тағайындайды. Дат соттының судьялары корелева бекітеді.

Саяси партиялар: Дания социал-демократиялық, халықтық консервативтік, Социалистік халық, Дат халық партиялары. Қызыл-жасыл альянс.

Экономикалық дамуы. Дания жоғарғы деңгейдегі өндіріс аграрлық дамыған ел. Минералды ресурстарға бай болып келеді. Мұнай, көмір, газ, түсті металдар. Солтүстік теңізде мұнай өндіреді. Мұнай өндіруден европада үшінші орында (Норвегия және Ұлыбританиядан) кейін. Елде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысында өнеркәсіп өнімдерін шығару 1,5 есе өскен. Данияда коррупция деген атымен жоқ. Дания социал-демократ партиясы мемлекетті басқару реформасын жүргізу арқылы жеттіп отыр. Данияның дамуындағы бір ерекшелігі салық саясатының жүргізілуінде, жеке кәсіпкерлердің таза табыстарына салынатын салықтың мөлшері жоғары жеке кәсіпкерлер 37% салық төлесе, жоғарғы деңгейде жалақы алатындар мемлекетке 52% салық төлейді. Мемлекет салық арқылы әлеуметтік салаларға білім беру, дәрігерлік көмек, емделу, зейнетақы төлемдері басқа европа елдеріне қарағанда мемлекет өз міндеттеріне алған. Білім халыққа қызмет көрсету тегін болып келеді. Дания 1973 жылдан Европалық Одақ ұйымына мүше. Еврoзонада жоқ, шенген зонасына мүше.

Данияның ауыл шаруашылығы жоғарғы деңгейде дамып отыр. Ішкі ұлттық өнімнің 15% ауыл шаруашылығынан. Өнімнің 12% экспортқа шығарылады, халықтың 7% ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Жұмысшылардың 4% фермерлік шаруашылықта, мал шаруашылығы мен жеміс-жидек саласында қызмет атқарады. Экспортқа шошқа еті, гүл және саңырауқұлақ (гриб) шығарылады. Басты экспорттары Германия 37% және Швеция 22% болып табылады.

Дания жерінің 11% орманды болып келеді. Жылына 2 млн кубм дровесин дайындалады. Балық шаруашылығыда жақсы дамыған. Балық жемі және момын өндіру өндірістік негізге қойылған. Балықтың әр түрлерінен тағамдар жасап экспортқа шығарып отырады. 2005 ж. Данияның ұлттық ішкі өнімі 258,7 млрд доллар, жан басына шаққанда 47,813 доллардан келеді. Инфляция – 2%, басты сауда серіктестігі – Германия 21%, Швеция – 11%, Ұлыбритания – 10%, Норвегия – 6, Франция – 5% және АҚШ – 5%.

2001 жылы Данияда парламент (фолькетинг) сайлауына 1929 жылдан келе жатқан солшыл центристер блогы жеңіліс тауып, оңшыл центристер блогы жеңіске жетті. 179 депутаттық орынның 100 депутаттық орнын жеңіп алды. Шаруалар партиясы «Венстре» басшысы Андерс Фог Росмуссен премьер-министр болды. Данияның үкіметінің басты мәселелерінің бірі шет елден келген

эмигранттар болып келеді. Эмигранттар жалпы халықтың 7% құрайды. Дания парламенті эмигранттар мәселесін қайтадан қарау туралы заңнамаларды қарауға ұсыныс жасалады. Эмигранттар құқықтарын тежеу немесе елден кетуге жағдай жасауды қарастырылды.

1991 жылы 31 желтоқсанда Дания Королдігі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындап, 1992 жылы 6 мамырда елшілік қатынас орнатты. Екі елдің арасындағы ынтымақтастықты дамытуға 2000 жылы 25-26 қазанда ҚР-сы президенті Н.Ә. Назарбаевтың Данияға ресми сапарынан басталды. Кездесулердің барысында мемлекет басшысы Дания Королі Маргарет II, премьер-министрі П.Н. Расмуссен, парламент төрағасы И.Хансен келіссөздер жүргізді. 2005 жылы екі елдер арасындағы сауда айналымы 98,9 млн доллар (Қазақстан экспорт – 61,5 млн доллар, импорт – 37,4 млн доллар). Қазақстан Данияға негізінен минералды тауарлары жіберіледі. Даниядан Қазақстанға химия, машина құрал жабдықтары, аппараттар, тамақ өндірісінің тауарлары әкелінеді. 1993-2003 жылдарда Дания инвестициясының көлемі – 1,7млн доллар болды.

Қазақстан Данияның компаниялары жұмыс істейді. Олар: «Novo Nozolinsk» (францевтика), «Cfstrol A/C» (отын өнімдерін шығару және сату), «Voung Refrigeration» (тоңазытқыштар), «Саулет Порса Систем (жиһаз)», «Централ Азия Сафари (туризм)». 1997 жылдан Қазақстанда Жоңғар қақпасы және Шелек аймағында желдік энергетикалық қуатын пайдалану туралы келісімдерге қол қойылды. 1999 жылы «Қазтелеком» және «Геле Даптан» компаниясымен байланыс салаларына жаңа технология құралдарын құруға келісті. Данияның «ALSTOM POWER» компаниясы, «Экибастуз ТЭЦ» Астана және Атырау қалаларында орталықтандыру жылу жүйесін жаңарту және жаңарту салаларын дамытуға көмектесуде.

Дания Каспи теңізінің қайраңына мұнай бұрғылау құралдарын пайдалану үшін «Белуга» технологиясын сынақтан өткізу. 2003 жылы Данияның «Маерск Ойл казахстан Гмбх» компаниясы Маңғыстау мұнайын бірігіп игеруге келісті. 1995 жылы Арал теңізін құтқару және балық өндіру шараларын жүргізу үшін «Каттегеттан Аралға дейін» жобасын Дания компанияларымен бірігіп игеруге келісті. Бұл үшін Дания жағы аралдықтарға 120 мың доллар бөліп, 3 тоңазтқыш салып берді. 2004 жылы қазан айында «Данияның Қазақстандағы күндері» атты фестивалдар өттіп, даттық өнер кайраткерлерінің концерттері өткізілді.

---

1. Еуропалық Одақ және Қазақстан Республикасы, С.М. Мәшімбаев Алматы 2013.

2. Еуропа және Солгүстік Америка елдерінің қазіргі заман тарихы 2000-2010 жж, С.М. Мәшімбаев, Алматы, Қазақ университеті 2014

**ZH. M. A. ASSYLBEKOVA,**

professor, Al-Farabi Kazakh national university

Khawaja Abdullah Sidiqi, master course student, Al-Farabi Kazakh national university.

### **THE SOVIET INVASION OF AFGHANISTAN AND THE U.S. RESPONSE, 1978–1980**

At the end of December 1979, the Soviet Union sent thousands of troops into Afghanistan and immediately assumed complete military and political control of Kabul and large portions of the country. This event began a brutal, decade-long attempt by Moscow to subdue the Afghan civil war and maintain a friendly and socialist government on its border. It was a watershed event of the Cold War, marking the only time the Soviet Union invaded a country outside the Eastern Bloc—a strategic decision met by nearly worldwide condemnation. While the massive, lightning-fast military maneuvers and brazenness of Soviet political objectives constituted an “invasion” of Afghanistan, the word “intervention” more accurately describes these events as the culmination of growing Soviet domination going back to 1973. Undoubtedly, leaders in the Kremlin had hoped that a rapid and complete military takeover would secure Afghanistan’s place as an exemplar of the Brezhnev Doctrine, which held that once a country became socialist Moscow would never permit it to return to the capitalist camp. The United States and its European allies, guided by their own doctrine of containment, sharply criticized the Soviet move into Afghanistan and devised numerous measures to compel Moscow to withdraw.

## The Soviet Invasion of Afghanistan and the U.S. Response, 1978–1980



Soviet combat vehicles move through Afghanistan. (Department of Defense)

In the summer of 1973, Mohammed Daoud, the former Afghan Prime Minister, launched a successful coup against King Zahir. Although Daoud himself was more nationalist than socialist, his coup was dependent on pro-Soviet military and political factions. Since 1955 Moscow had provided military training and materiel to Afghanistan; by 1973, a third of active troops had trained on Soviet soil. [1] Additionally, Daoud enjoyed the support of the People's Democratic Party of Afghanistan (PDPA), founded in 1965 upon Marxist ideology and allegiance to Moscow. In 1967 the PDPA split into two factions: the Parchamists, led by Babrak Karmal (who supported Daoud), and the "Khalqis" led by Noor Taraki. For the next five years, Daoud attempted the impossible task of governing Afghanistan's Islamic tribal regions, while also struggling to reconcile the PDPA split. But the more radical Khalq faction never fully recognized Daoud's leadership, while Karmal viewed the coup largely as a means to consolidate his own power. In response, Daoud hoped to mitigate both of these threats by steering Afghanistan away from Soviet influence and improving U.S. relations, while decreasing the influence of radical elements in the government and military. [2]

Daoud's middle course ended in disaster. On April 28, 1978, soldiers aligned with Taraki's "Khalq" faction assaulted the presidential palace, where troops executed Daoud and his family. In the following days Taraki became the Prime Minister, and, in an attempt to end the PDPA's divisions, Karmal became Deputy Prime Minister. In Washington, this Communist revolution was met with alarm. The Carter administration recognized that Taraki would undo Daoud's attempt to steer Afghanistan away from Moscow, and it debated whether to cut ties with Afghanistan or recognize Taraki in the hopes that Soviet influence could be contained. Although the President's Assistant for National Security Affairs Zbigniew Brzezinski advocated the former course, Carter supported the Department of State's advocacy of recognition. Shortly after the revolution, Washington recognized the new government and soon named Adolph Dubs its Ambassador to Afghanistan. Until his kidnapping and death at the hands of Afghan Shia dissidents in February 1979, Dubs strongly pursued good relations with the Taraki regime in the hopes that U.S. support would keep Soviet influence at bay.

Once again, the tumult of internal Afghan politics complicated both U.S. and Soviet jockeying. In the summer of 1979, Hafizullah Amin, a longtime ally of Taraki who became Deputy Prime Minister following the April Revolution, received word that Babrak Karmal (Daoud's early supporter) was leading a Parcham plot to overthrow the Taraki regime. Amin took the opportunity to purge and execute many Parchamists and consolidate his own power. Complicating matters further, this internal strife damaged the Kabul Government's major national program, namely, to bring the Communist revolution to the Islamic tribal areas beyond Kabul. By the winter of 1978, this program was met by armed revolt throughout the country. In response, Amin and Taraki traveled to Moscow to sign a friendship treaty which included a provision that would allow direct Soviet military assistance should the Islamic insurgency threaten the regime. This insurrection intensified over the next year and it became increasingly obvious to the Soviets that Taraki could not prevent all-out civil war and the prospect of a hostile Islamic government taking control. By mid-1979 Moscow was searching to replace Taraki and Amin, and dispatched combat troops to Bagram Air Base outside of Kabul. This move prompted the Carter administration to begin supplying non-lethal aid to Afghan

mujahedeens, or Islamic insurgents. In August, a high-ranking Soviet military delegation arrived in Kabul to assess the situation. [3]

U.S. officials interpreted this mission as one last Soviet attempt to shore up the Taraki regime, and also an opportunity to devise a military takeover. Regarding the latter, most analysts in Washington believed that such a move remained possible but unlikely.

But this calculus was bound to change. Amin sensed the Soviet mission was designed to strengthen Taraki at his expense. In response, forces loyal to Amin executed Taraki in October—a move that infuriated Moscow, which began amassing combat units along its border. At this juncture Washington was still unsure how to interpret the Soviet maneuvers: was the Soviet Union planning a full takeover or did it remain committed to preserving the April Revolution? Analysts remained skeptical that Moscow would occupy the country given the political and economic costs. By the winter of 1979, faced with mutinies and an uncertain leadership, the Afghan Army was unable to provide basic security to the government against the onslaught of Islamic fighters nearing Kabul. By that point the Soviets were sending in motorized divisions and Special Forces. Washington demanded an explanation, which the Soviets ignored. Finally, on Christmas Eve, the invasion began. Soviet troops killed Amin and installed Babrak Karmal as the Soviet's puppet head of government. [4]

Although the Carter administration had closely watched this buildup from the outset, its reaction following the invasion revealed that, until the end, it clung to the hope that the Soviets would not invade, based on the unjustified assumption that Moscow would conclude that the costs of invasion were too high. In response, Carter wrote a sharply-worded letter to Brezhnev denouncing Soviet aggression, and during his State of the Union address he announced his own doctrine vowing to protect Middle Eastern oil supplies from encroaching Soviet power. The administration also enacted economic sanctions and trade embargoes against the Soviet Union, called for a boycott of the 1980 Moscow Olympics, and stepped up its aid to the Afghan insurgents. In sum, these actions were Washington's collective attempt to make the Soviets' "adventure" in Afghanistan as painful and brief as possible. Instead, it took ten years of grinding insurgency before Moscow finally withdrew, at the cost of millions of lives and billions of dollars. In their wake, the Soviets left a shattered country in which the Taliban, an Islamic fundamentalist group, seized control, later providing Osama bin Laden with a training base from which to launch terrorist operations worldwide. [5]

1. Hauner, Milan. *The Soviet War in Afghanistan: Patterns of Russian Imperialism*. Lanham: University Press of America, 1991. Print.

2. Leon B. Poullada, "Afghanistan and the United States: The Crucial Years." *The Middle East Journal*, 35. 2 (Spring, 1981), 178-90.

3. Mitrokhin, Vasili, and Christopher M. Andrew. *The World was Going our Way: The KGB and The Battle for the Third World*. New York: Basic Books, 2005. Print.

4. Urban, Mark. *War in Afghanistan*. New York: St. Martin's Press, 1990. Print.

5. Kalinovsky, Artemy. "Decision-Making and the Soviet War in Afghanistan: From Intervention to Withdrawal." *Journal of Cold War Studies* 11.4 (2009): 46-73. Print.

**ASSYLBEKOV AZH.M.-A.,**

professor of the department of the world history and historiography,  
Al-Farabi Kazakh national university

**NADEZHUK E.,**

master course student, Al-Farabi Kazakh national university

## **BILATERAL RELATIONS OF KAZAKHSTAN AND THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION: COMPARATIVE CHARACTERISTICS**

The process of political and economic integration of the world community will inevitably challenge the stability of economies and political systems of nation-states. Obviously, in these conditions, building of effective partnerships between key players in the international arena is becoming a priority direction of development.

The comprehensive development of cooperation between the EU and Central Asia is beneficial to both parties. It will create conditions for combating existing at the moment in the world common to all challenges, in particular the spread of Islamic radicalism and the threat of international terrorism.

Kazakhstan is the top priority for most EU member states in Central Asia. Half of foreign investment in Kazakhstan is of European origin and about 40 per cent of Kazakh exports go to Europe. Last year the EU and Kazakhstan concluded negotiations on an 'enhanced' PCA, embodying Astana's special relations with Brussels. This year the enhanced PCA should be signed, although attention is warranted owing to the

country's lack of democratic reform and poor human rights record. Kazakhstan's fear of being locked into the Eurasian Economic Union (EEU) gives the EU some leverage, which could be taken up by the European Parliament or member states to persuade Kazakhstan to make some concrete reform steps. [1]

Bilateral relations develop very intensive. Let's consider some examples of these processes.

The Italian government has had diplomatic and political ties with post-Soviet republics since 1991. But like many other EU countries, following 11 September 2001, Italy has developed deeper relations with Central Asian states and with Afghanistan. Italy has supported EU initiatives within the 2007 Strategy for Central Asia. It has promoted cooperation in bilateral and multilateral initiatives through the programmes of international organizations in several fields, such as trade, culture, society and the rule of law. However, the strategic goals of Italy in the region are mainly focused on two issues: energy and security.

Since 1992, Italy has built bilateral ties with all five Central Asian republics. Its political and diplomatic relations privilege Kazakhstan and Uzbekistan: within the region, Italy has embassies only in Astana and Tashkent.[2] The Astana embassy covers Kyrgyzstan and the Tashkent embassy has responsibility for Tajikistan. The Italian strategy aims to deepen political relations with Central Asian energy-rich nations, and in particular, Kazakhstan. Since 1992, there have been several high-level political meetings between representatives of Italy and Kazakhstan. These engagements have helped to develop bilateral cooperation and agreements in fields such as trade, cultural exchange and the fight against organised crime and illegal trafficking.

In November 2009, the Kazakh president, NursultanNazarbayev, met Italian government representatives in Rome. At that meeting, a Strategic Partnership Treaty was signed, in which Kazakhstan made a formal commitment to cooperating in the promotion of the rule of law and democratization. As one official of the Italian Ministry of Foreign Affairs said, 'in the last few years, there has been an intensification of high-level visits and meetings – such as the meetings in March and April 2012 in Astana between Italian Premier Monti and his Kazakh counterpart Masimov – which underline the Kazakh role as Italy's main partner in the region'.[3]

On security in the region, Italy will likely support EU initiatives after the planned NATO withdrawal from Afghanistan in 2014. The Afghanistan withdrawal is the cause of some concern regarding regional stability and security.

United Kingdom's relations with Central Asian states and the wider region are guided by its commitment to advancing the UK's prosperity and security interests, underpinned by a values-based approach to foreign policy. These priorities form the foundation of the UK's approach to the region, which it regards as increasingly important for its own prosperity and security.

While being one of the strongest EU countries, the UK has maintained diplomatic relations on a bilateral basis with each Central Asian state for two decades, having established ties relatively quickly after the countries became independent in 1991. It has embassies in all five states, in particular, it established UK's embassy in Kazakhstan in 1992. [4]

Its commitment to engaging with these structures and initiatives is consistent with its broader view that an effective EU policy, regardless of the nationality of the officials in charge of implementing that policy, serves the UK's national interests. In line with its values-based approach to foreign policy, the UK attaches considerable importance to values such as democracy, human rights, good governance and rule of law in Central Asia. It believes that shortfalls in these areas have a direct impact on regional stability and growth, which in turn are crucial both to the UK's own prosperity and security. The UK promotes these values pro-actively on a bilateral basis, for example through political engagement with regional governments and through programs with local non-governmental organizations (NGOs) and civil society, where this is possible. It also promotes them through EU mechanisms and through programs implemented by international organizations such as the Organization for Security and Co-operation in Europe (OSCE) and the World Bank. At the same time it acknowledges that several of the states in Central Asia are a long way from meeting their commitments to international bodies on areas such as democracy and human rights, but regards engagement with governments and civil society across the region as the most effective way to address these concerns.

The UK's involvement with the region varies by country and by issue. For example, economic relations are by far the strongest with Kazakhstan. This is the largest recipient in Central Asia of UK investment in the region, particularly in the energy sector, with the UK featuring among the country's leading sources of investment. In addition, bilateral trade with Kazakhstan amounts to around £1bn annually. [5]

The growing number of senior-level ministerial visits to Central Asia testifies to the increasing importance that the UK attaches to its ties with the region and to its recognition of the impact that developments in the countries can have on the UK's prosperity and national security interests.

The November 2015 visit of NursultanNazarbayev to London – a new stage in the development of bilateral relations between the two countries. [6]
Туған жерге деген сағыныш (ностальгиялық күй), туған туыстары және достарымен қатынасты үзбеу сияқты мәселелер де Қазақстанға оралған немістердің арасында орын алып отыр [12].

Сталиндік заманда – сатқындар, Орта Азия мен Сібірде – фашистер, тарихи отанында – русактар (руссиш швайне), Еділ бойында – сауатсыздар деген жағымсыз атқа ие болған немістер Германияда өгейдің күйін кешті. Жергілікті тұрғындардың тарапынан сенімсіздік пен өзге халықтықтың жағдайына ұшырап, бөгде адам ретінде жат жерліктің күйін кешті [13].

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы неміс диаспорасының тарихын бірнеше мәселелер негізінде қарастыру қолға алынды:

Біріншіден, миграцияның теориялық-әдіснамалық проблемалары аясында немістердің ел аумағындағы спецификалық элементтері қарастырылды;

Екіншіден, елімізде немістердің пайда болу тенденциялары мен процестері айқындалды;  
Үшіншіден, неміс ұлты өкілдерінің миграциялық дағдарысы талдауға алынды;  
Төртіншіден, еуропалық халықтардың Қазақтың кең сахарасына қайтып оралу фактілерінің себеп-салдары анықталды.

1. Ерофеева И.Ф. Типы миграции немцев в Казахстан в дореволюционный период. – 159-160 с.
2. Немцы России (энциклопедия). В 3-х томах. – Москва: Изд-во «Энциклопедия Российских Немцев», 1999-2006 (Предс. редкол. В. Карев, О. Кубицкая).
3. Материалы по переселенческому хозяйству в Степной и Тургайской областях, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию Степных областей. – Том II. Акмолинская область, Акмолинский уезд. – СПб., 1907. – С. 3 (вторая пагинация).
4. Немецкое население Центрального Казахстана в первой половине 20-х гг. XX в. // Культура и интеллигенция меняющихся регионов России: XX в. Интеллектуальные диалоги: XXI век. Россия-Сибирь-Казахстан: Материалы VI Всерос. науч. и науч.-практ. конф. с международным участием (Омск, 3-5 окт. 2006 г.) / Отв. ред. В.Г. Рыженко. Ч. 2. Омск: Межд. ин-т стратегич. проектир., 2006. – 328 с. – С. 252-257.
5. Обзор деятельности правительственной агрономической организации в Сибири и Туркестане в 1913 г. – Петроград, 1915. – С. 40.
6. Составлено автором по материалам: Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 год. Уральская область. Вып. 88. – СПб., 1904; Тургайская область. Вып. 87. – СПб., 1904; Акмолинская область. Вып. 81. – СПб., 1904; Семипалатинская область. Вып. 84. – СПб., 1905; Астраханская губерния. Тетрадь 2. – Вып. 2. – СПб., 1904; Семиреченская область. Вып. 85. – СПб., 1905; Сыр-Дарьинская область. Вып. 86. – СПб., 1905; Закаспийская область. Вып. 82. – СПб., 1905.
7. Иларионова Т.С. Желания и возможности: проблема выезда немцев из СССР в контексте послевоенных Советско-Западногерманских отношений (1955-1964). – 367 с.
8. Армборст К. Эмиграция российских немцев в ФРГ в 1970-1987 гг.: основания и причины. Стр. 385).
9. [http://www.np.kz/hotnewstop/7816-nashi\\_nemcy.html](http://www.np.kz/hotnewstop/7816-nashi_nemcy.html)
10. <http://www.postsoviet.ru/print/publications/64/>
11. [http://rus.azattyq.org/content/Kazakh\\_germans\\_in\\_Germany/1866712.html](http://rus.azattyq.org/content/Kazakh_germans_in_Germany/1866712.html)
12. <http://www.nur.kz/912679-kazakhstanskije-nemcy-mogut-vernutsya.html>
13. <http://www.kp.ru/daily/24074/310841/#close>

#### **ТУЛЕШОВА Ұ. Ж.**

гуманитарлық ғылымдар магистрі, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ассистенті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

### **X-XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ВИЗАНТИЯНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Византия тарихы мен мәдениетін зерттеу медивистиканың ең маңызды салаларының бірі. Кез келген ортағасырды зерттеуші ғалым бұл тақырыптан аттап өте алмайды. Сондықтан да осы алып мемлекеттің тарихын, әсіресе, мәдениетіндегі өзіне тән еш қайталанбас ерекшеліктерін жете білген дұрыс. Себебі, аталып отырған мәдениеттің ықпалы Қазақстанның байырғы тұрғын халықтарын да айналып өткен жоқ және бұл халықтар мәдениетінің де әсерін өзіне алып отырды.

Византия мәдениетінің ерекшеліктері Византияның ерте кезеңінде-ақ интенсивті дамып, кейінгі кезеңдерде нақты қалыптасты. Византиялық мәдениеттің ерекшелігіне ең алдымен византиялық мәдениеттің «ашықтағын», яғни алуан түрлі мәдениеттердің әсер етуін жатқызу керек. Оған мемлекет сыртындағы көрші мемлекеттер мен халықтар мәдениеттерімен қатар империяның полиэтникалық халықтарының, яғни ішкі мәдениеттердің де әсері болды. Грек-римдік мәдениет византиялық мәдениеттің негізінде бола отырып, оның қалыптасуы мен дамуы барысында Шығыстың көптеген халықтары мәдениетінің элементтерімен байытылды, бұл өз кезеңінде Византия мәдениетінің Батыс Европа мәдениетінен ерекшелігін қасиеті. Дәл осы грек-римдік мәдениеттің алуан түрлі шығыстық мәдениеттердің, соның ішінде күштілерінің арасында жеңіске жетуіне Византияда антикалық мәдениеттің мұраларының маңызды масштабтарда сақталынуы әсер етті. Осында шығыс және батыс өзара әсерлесуі аясында, біздің ойымызша, кейінгі антикалық элементтер мен ортағасырлық қоғамдық туындап келе жатқан мәдениетінің органикалық синтезі жүзеге асты.

X ғ. Византия мәдениетінің тарихындағы жаңа кезең басталады. Осы уақыттан бастап қоғамдық сана тұрақтануы басталып, христиандық богословияның жүйеленуі аяқталады. Ғылымда, богословияда, философия мен әдебиеттегі жетістіктердің барлығының ортақтануы мен классификациясы жүзеге асады.

Қоғамдық ой, әдебиет, өнер шынайылықтан бөлініп, жоғары, абстрактілік идеялар шеңберінде тұйықталып қалады. Осы уақытта византиялық эстетиканың негізгі принциптері толығымен қалыптасады. Идеалды эстетикалық объект рухани аяға көшіріліп, ол енді анықталған эстетикалық категориялар арқылы сипатталады, олар мысалы, ғажап, жарық, түс, образ, белгі, символ. Бұл категориялар рухани мәдениет пен өнердің жаһандық мәселелерін жарықтандыруға көмектеседі. Көркем шығармашылықта дәстүрлілік пен канондық басымдылыққа ие болады. Өнер енді ресми діннің догматтарына қарсы келмейді, керісінше оған белсенді қызмет етеді [1].

XI-XII ғғ. Византия мәдениетінде маңызды дүниетанымдық қозғалыстар орын алады. Ауылдық қалалардың дамуы, кәсіпшілік пен сауданың артуы, қала тұрғындарының саяси және интеллектуалды санасының өсуі, орталықтандырылған мемлекет жағдайындағы феодал үстем табының консолидациясы, Комниндар тұсында Батыспен жақындасуы осының барлығы мәдениетке әсерін тигізбей қойған жоқ. Позитивті білімнің қорлануы, жаратылыстану ғылымдарының баяу болса да үзіліссіз артуы, Жер және Ғаламшар туралы адамның көзқарастарының артуы, теңізде жүзу, сауда, дипломатия, заңды оқу қажеттілігі, Европа мен араб әлемімен дамыған мәдени араласудың барлығы да Византия мәдениетінің баюы мен византиялық қоғамның дүниетанымындағы ірі өзгерістерге алып келді [2, с.125].

Византияның VIII-IX ғғ. халық массаларын пайдалануға орталықтандырылуына негізделген қоғамдық құрылысы уақыт өте келе өзгере бастады. Ресми түрде орнықтырылған дәстүрлерге қарамастан X ғ. бастап қоғам ақырындап қайта құрылады. Ең алдымен X ғ. бастап ірі жер иелігі кең тарайды, онымен бір уақытта Константинопольдің экономикалық өмірдегі монополиясы жойылып, провинциялық қалалар бой көтере бастайды. XI-XII ғғ. Византияның саяси және шаруашылық өмірінің орталықтануы нәтижесінде тас және кірпіш шіркеулер империяның барлық дерлік ауылдық жерлерінде салынады. Аталып отырған кезеңде ауылдық жерлерде де, қалаларда да экономикалық алға жылжудың іске асуы нәтижесінде империяда феодалдық құрылыс өзгеріске ұшырайды, ауылдық жерлерден ірі жер иелері жаңа аристократия буынын қалыптасады. Елдің саяси өмірінде де өзгерістер жүзеге асады. Византияның билеушілері XI ғ. дейін өз мемлекетін Европаның жалғыз заңды империясы ретінде таныды. Бір жағынан көптеген жеңілістерді бастан кешіруі, екінші жағынан Батыс елдерімен кеңейіп жатқан қарым-қатынастар бұл идеяларынан бас тартып, изоляцияны жоюға алып келді. Византия империясы белсенді түрде дипломатиялық қатынастарға түсіп, көрші және алыстағы мемлекеттермен одақ құрады, келісімдерді әулеттік некемен бекітеді, Батыстан рыцарьларды қызметтерге шақырады, Батыс көпестері үшін нарықтар ашады. Барлық осы өзгерістер саяси, экономикалық қатынастар артынан мәдени өзара әсерлесуді туындатады: тілдік қиындықтар мен діни қайшылықтарға қарамастан мұндай байланыстар жүзеге асып отырады [3, с. 236-237].

Император Феодосийдің 395 ж. қазасынан кейін Рим империясының шығыс бөлігі батыс бөлігімен қайтадан қосылған жоқ және бұрынғы он төрт диоцездің ішінен сегізі (Египет, Азия, Понт, Сирия, Шығыс, Македония, Греция және Фракия) құрамына кірген жеке мемлекет Византия бөлініп шықты. Византия тұрғындары өздерін «ромейлер», яғни римдіктер деп атап, өз мемлекетін «ромейлер империясы» деп атады. Шынымен, империя тұрғындарының басым бөлігін гректер мен Шығыстың эллиндік халықтары құрағанымен және ең басынан негізгі тіл латын емес грек тілі болғанмен, византия тікелей ежелгі Рим империясының тікелей жалғастырушысы болды. Батыста империя көрші тайпалардың жаулап алушылық жорықтарынан және құлдардың көтерілісінің нәтижесінде V ғ. өзінде жойылса, Шығыста империя сақталынып, өз бетінше мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген феодалдық мемлекет Византия империясына айналды. Алайда, тарихтан көретініміздей Шығыста да жаугершілік соғыстар, құлдар мен колондардың көтерілістері болғаны белгілі, бірақ империяға бұл тығырықтардан дұрыс жол тауып, ірі жер иеленушілердің үстем етуші билігін, орталықтандырылған бюрократиялық билеу механизмін, жоғары мәдениетін сақтап қала алды. Византия мәдениетінің ерекшеліктері тек қана мәдени салада ғана қалыптасып, дамыған жоқ. Ортағасырдағы ең алдыңғы қатардағы мәдениеттің ерекшеліктері ғасырлар бойы түзіліп, империядағы барлық салаға тәуелді болып, олардың әсеріне душар болып отырды. Ең алдымен Византия империясы мәдениетінің ерекшелігі, оның өміршеңдігі державаның экономикасына байланысты болды. Революциялық дағдарыс пен жаугершілік соғыстардың артқан кезеңінде империяның шығыс бөлігі батысқа қарағанда аз тоналды. Оның құрамына империяның табиғи жағынан ең бай өңірлері Египет империяны асыраушы, Антиохия, Тир, Бейрут сияқты ірі сауда, өнеркәсіптік және мәдени орталықтары бар Сирия, Кіші Азияның кең байтақ жерлері кіріп, олар сонымен қатар Римнің тонаушылық саясатының зардаптарын үлкен дәрежеде басынан кешіре қойған жоқ. Бұл аудандардың өзара және Шығыс елдерімен экономикалық байланыстары империяның ең мүшкіл кезеңдерінде де тоқтамады, Египеттегі Александрия, Сириядағы Антиохия, Европадағы Фессалоника мен Константинополь сияқты ірі қалалардың өмірі бір минутқа да тоқтаған жоқ. Әсіресе, Константинополь қаласының маңызы зор болып, ол Маркстің айтуынша, «Шығыс пен Батыс

арасындағы алтын көпір» болып, Үндістанға теңіз жолы ашылғанға дейін ірі сауда нарығының рөлін атқарып отырды. Константинополь арқылы Европаның Қара теңіз елдерімен, Иракпен, Қытаймен, Үндістанмен жасаған барлық дерлік сауда саттық байланыстары жүріп отырды. Дәл осында қымбат жүннен және жібектен жасалған маталарды шығаратын көптеген өнеркәсіп орындары, қолөнер бұйымдары және алуан түрлі әшекей бұйымдары жасалды. Византияның ірі делдалдық саудасы және оның алуан түрлі өндірістік орындары императорларға өз қолдарында өте қомақты қаражат жинақтауға мүмкіндік беріп отырды. Византия билеушілерінің кірісі кей уақытта Европаның ең ірі феодалдық мемлекеттерінің кіріс көлемінен әлдеқайда артық болған. Сондай-ақ, византиялық алтын монета (номисма, бизант) сол замандағы әлемдегі барлық мемлекеттерде болып, халықаралық айырбастың ең кең тараған құралына айналды. Византияның кең көлемдегі қаржы ресурстары сол уақытта бітпестей көрінген, оның сыртқы саясатында маңызды рөл атқарып отырды [4].

Византия империясының дамуындағы тағы бір ерекшелік оның аграрлық құрылымының өзіндік ерекшелігі. Мұнда Батысқа қарағанда, әлдеқайда жоғары дәрежеде шаруалардың еркін тұрғындары және кей жерлерде тіпті ежелгі қауымдастықтардың сарқыншақтары да сақталынды. Еркін шаруаларды крепостнойларға айналдыру және ұсақ меншік иелерінің ірі жер иеленушілердің жұтып қоюы бұл жерде жүзжылдықтарға созылып, Батыстан әлдеқайда артта қалды. Бұл үрдіс мұнда да өз шегіне жеткенде, көрші тайпалардың енуімен олардың рулық қоғамдық қатынастары бірге келіп, еркін шаруалардың жойылуын қайтадан артқа жылжытып отырды.

Дәл осы сияқты кейбір провинцияларда өте берік орныққан құл иеленушілік та V ғ. бастап құлдардың күші пайдаланылғанымен жетекші рөл атқара қоймайды. Егер де еркін шаруалардың сақталынып қалуы византиялық биліктегілерге өзінің әскери күштерін үзіліссіз толықтыруға және жанартуға мүмкіндік беріп отырса, яғни Византияның сыртқы саясатында тұрақтылығын сақтап отырса, құл иеленушіліктің сақталынып қалуы империяның үстем етуші тобына революциялық дағдарыстың шиеленіскен уақытында III-V ғ. ішкі саяси тұрақтылығын ұстап отырды. Шығыста ірі жер иеленушілер өздерінің экономикалық және әлеуметтік позицияларын сақтап, олардың үстемдігіне қауіп төндіріп отырған күштерге қарсы тұруымен қатар, бір уақытта Батысқа қарай жылжи бастады. Батыста құл иеленушілікті қалпына келтіру әрекеті жүзеге аспағандықтан, Византияға да өз кезегінде экономикалық, әлеуметтік қатынастарды феодалдық қайта құру жолына түсу қажет болды, бірақ феодалдана отырып ірі құл иеленушілер мен жер иеленушілер орталықтандырылған билік аппаратын шығыс деспотизмі формасында сақтап, өздерінің саяси үстемдігін орната алды.

Сонымен қатар, Византияның тұрақтылығына оның астанасының ешбір салыстырусыз стратегиялық орналасуы әсерін тигізді. Константинополь түбекте орналасып, екі жағынан оны су шайып жатқан және құрлық жағынан бұл қала екі қатарлы қорғанмен қоршалды, мұның бәрі астананы сол уақыттағы әскери техника жағайына қалаға кіру мүмкін болмады. Бұл астананың қабырғасында көптеген дұшпандардың әскерінің қабырғасы қайысқан, Византия теңіз флотынан көптеген әскер жеңіліс тапқан, ал империя астанасы мүлт етпей тұрғанда, империяның өзі де өмір сүруін тоқтатпайтыны белгілі. Византия тарихындағы жоғарда айтып өткендей маңызды ерекшелігі феодализация үрісінің ұзаққа созылып кетуі болды [3, с. 104-110].

V-VI ғғ. өзінде империяның сыртқы жауларының жеңістері нәтижесінде империяның батыс бөлігіндегі ірі жер иеленушілерінің шығысқа эмиграциясы байқалып, онда олар императордан сый ретінде немесе сатып алу арқылы өте үлкен жерлерге ие болады, жеке әскер иеленеді, жеке соттары болады, түрмелерге және т. б. ие бола отырып, осылайша, феодалдық сеньерларға айналды. Бұл құбылыспен бір уақытта колондардың қанауан құтылуы мен патрония көмегімен тұтастай еркін ауылдарың ірі жеке меншік иесіне қарауы да жүзеге асты. Әсіресе ірі шіркеулік монастырь жер иеліктері қарқынды дамиды. Монастырьлар императорлардың және жеке тұлғалардың жомарт сыйлары арқасында жеке княздіктерге айналады. VI ғ. бір Константинопольдің өзінде 70 астам монастырь жұмыс жасап, ал Египетте бұл уақытта 6 млн. тұрғынына 500 мыңға жуық монахтар қызмет етті. Византияда шіркеу ертеден ақ маңызды саяси күшке айналып, кей уақытта үстем етуші ірі жер иеленушілерге қарсы шығып та отырды. Үстем етуші топтардың екеуі де ақсүйектер мен шіркеу де өз қуаттарын қарапайым халықты пайдалану мен кедейлендіру арқылы арттырып отырды. Императорлық билік уақыт өте келе феодализацияның мұндай құбылыстарымен күресуге тырысты, алайда көбіне жүзеге асып отырған жоқ. Бұның себебі де бар, көбіне императорлар сол үстем етуші топтың өзімен таққа отырғызылды және негізінен тек соған ғана сенім артып отырды.

Егер осылайша, Батыс пен Шығыстағы феодализация үрдісін қатар қояр босақ, келесі қорытынды жасауға болады. Батыста жаугершілік жорықтардың нәтижесінде толық дерлік жүзеге асып отырады, сонымен қатар, жаулап алушылар құл иеленуші мемлекеттің әскери бюрократиялық аппаратын қалдықсыз жойып жібереді; салық жүйесі жойылып кетеді, мемлекеттік биліктің қанауы азайып, еңбек етуші массаның эксплуатациясы әлдеқайда жұмсара түседі.



Ал Шығыста болса, Византияда, феодалдандыру үрдісі қуатты орталықтандырылған күш пен барлық әскери бюрократиялық күштің сақталынуы жағдайында жүзеге асты. Сондықтан да бұл үрдіс өте ұзақ уақытқа созылып, қарапайым халық үшін өте ауыр жағдайда өтті [5, с. 59-89].

Енді осы тарауды қорытындылай келетін болсақ, Византия мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуына империяның саяси, экономикалық және әлеуметтік тарихи жағдайы тікелей себепшісі болды. Византия империясының тарих сахнасынан жойылғаннан кейін мың жарым жылдан кейін ағылшын жазушысы Редьярд Киплинг былай деп жазады:

Запад есть Запад,  
Восток есть Восток,  
И вместе им не сойтись...

Алайда Рим империясының өмірінің соңғы кезеңінде Батыс пен Шығыс мәдениеті қосылып, бірігіп ғұмыр кешті, бірікпейтінді қосты. Осы бір ғаламат бірігу Византия мәдениетінің ерекшелігінің негізі енді. Алайда, Византия мәдениетінің мыңжылдың ғұмырында этникалық бірлестік пен осы мәдениеттің ортақ тілінің қалыптаса алмауы таңғалдырады. Византиялықтар белгілі бір этнос болған емес, олар өздерін ромейліктер деп атап, Византияның әрбір ірі провинцияларында өздерінің қоғамдық тілдері болды, ал басымдық етуші тілдер латын және грек тілі болды. Тіпті, айтып өту маңызды деген ойдамыз, Византия империясы деген атауды тарихшылар Рим империясының шығыс бөлігін белгілеу үшін ойлап тапқан, ал тарихта шынайы Византия империясы деген атауы болған мемлекет болған емес. Сондықтан византиялық мәдениеттің ерекшеліктерін нақты бөліп алып көрсету өте күрделі, себебі ол өзін құраған халықтардың мәдениеттерінің арасында қалқып жүр. Бірақ Византия мәдениеті ескі дәстүрлер жалғасып, сол уақытта жаңа бір қағидалар пайда болғанда қалыптасып, ескінің де, жаңаның да ең құнды қасиеттерін сіңіріп алып, жаңа өзіндік ерекшеліктерге толы үлкен мәдениет қалыптастырды. Осы бір ескі мен жаңаның өзара әсерлесуі нәтижесінде кейінгі дәуірлерде Шығыстың да, Батыстың да тарихи мәдени дамуында ең маңызды әрі басты рөл атқарған Византия мәдениеті қалыптасты.

Византия мәдениетінің тағы бір маңызды ерекшелігі жоғарда атап өткен әрбір мәдени кезең алдындағысын қайталамайтындай ерекшеліктерге бай. Әрбір кезеңнің өзіне тән соғыстар, билік үшін талас тартыстар, мемлекет пен шіркеу күресі және т. б. әсер етуші саяси жағдайлары ол кезеңнің құлдырап, кейін жойылуына алып келді мұның барлығы тұтас Византия империясы мәдениетінің де жойылуына лап келуі ғажап емес еді, алайда бұл мәдениет мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп, жеке дара мәдени құндылықтарды құрып, күллі әлем мәдениетінің әрқайсысына өз әсерін тигізе алды.

Жалпы X-XII ғғ. Византия мәдениеті үшін гүлдену сипаты тән. Бұл кезеңде византиялық мәдениетте түбегейлі өзгерістер орын ала бастайды. Әдебиетте, ғылымда, өнерде, т. б. мәдениет салаларында басқа уақыт, даму дәуірі басталады. Осы кезеңде византиялық қоғам діни қараңғылықтың қысымынан ақырындап құрқарыла бастайды. Әдебиеттегі шығармалар діни дүниетанымнан алшақтап, ендігі кезекте авторлардың өзіндік ойы мен даралығы жоғарғы баға алады, жаңа көптеген жанрлар қалыптасып, ескі жанрлар басқа түрлермен және формалармен байытылады.

Бұл кезеңдегі барлық мәдениет салалары мемлекеттік қажеттіліктерінен туындады. Мысалы, тарихи ғылым мен дін, әдебиет империяда үстемдік етуші топтың идеологиясын нығайту үшін қару қызметін атқарды.

Осы кезеңде Византия империясында діни дүниетаным мен қарым-қатынастарда, оның құралымында да өзгерістер орын алады. Бұл өзгерістер әрине, империяның саяси және әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты.

Енді осы мәселелерге жекелей, әрқайсына толық сипаттама бере отырып, оның дамуының тарихи ерекшеліктерін көрсете отырып тоқталып өтелік.

- 
1. Удальцова З.В. Византийская культура. – М., 1988. - 289 б.
  2. Литаврин Г.Г. Византийское общество и государство в X-XI вв. М., 1977.- 398 с.
  3. Каждан А. П. Византийская культура (X-XII вв.) – СПб., 1997.- 279 с.
  4. The Oxford Handbook of Byzantine studies / Ed. by E. Jeffreys with J. Haldon, R. Cormack. – New York, 2008. – 3-20 p.
  5. Каждан А.П. История византийской литературы. – СПб., 2002.- 528 с.

**КАИРМАГАМБЕТОВ М.,**

магистрант 2 курса,

**МИЙМАНБАЕВА Ф. Н.**

к.и.н., доцент кафедры кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения,  
КазНУ им. аль-Фараби

## **ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ПРАВИТЕЛЬСТВА ЛЛОЙДА ДЖОРДЖА**

Внешняя политика Великобритании всегда в любое время играла большое значения для всей Европы, да и для всего мира, оставаясь на протяжении многих веков ведущей державой. Морской флот Англии всегда держал под контролем все «горячие точки» имеющиеся в мире. Не раз именно благодаря Англии поддерживался баланс сил в Европе, именно Англия была той сдерживающей силой, которая не давала лишний раз другим странам заявить о своей военной агрессии или экспансии.

Внешняя политика Англии в период общего кризиса капитализма является классовой политикой, осуществляемой в интересах монополистических групп капиталистов, которым принадлежит экономическая и политическая власть в стране. Во имя интересов английских монополий Англия вместе с другими империалистическими державами развязала первую мировую войну. Английские государственные деятели и буржуазная историография создали весьма широко распространенную легенду о том, будто бы английское правительство делало все возможное для того, чтобы предотвратить возникновение первой мировой войны, и Англия вступила в войну «вынужденно», с тем чтобы отстоять «святость договоров», «международное право», «справедливость», «свободу малых государств» и тому подобные высокоморальные принципы [1, с.13]. Однако эта легенда лишь искусная маскировка истинной роли Англии в развязывании мировой империалистической войны и целей, которые английские правящие круги преследовали в этой войне. Первый конгресс Коминтерна в Манифесте, обращенном к пролетариям всего мира, отмечает, что роль правящих кругов Англии в развязывании войны «выступает во всей своей неизмеримой преступности в свете развернувшихся событий и дипломатических разоблачений... [2, с. 333.]»

В Лондоне хотели войны. Поэтому держали себя так, что в Берлине и Вене надеялись на нейтралитет Англии, в то время как в Париже и Петрограде твердо рассчитывали на ее вмешательство.

Подготовленная ходом развития в течение десятилетий война была спущена с цепей при прямой и сознательной провокации Великобритании. Правительство последней рассчитывало при этом оказывать поддержку России и Франции лишь на столько, чтобы, истощая их, истощить Германию, своего смертельного врага. Но могущество немецкой военщины оказалось слишком грозным и потребовало не показного, а действительного вмешательства Англии в войну» [3, с. 203].

В 1925 году в секретной памятной записке Остин Чемберлен, тогдашний министр иностранных дел Англии, сделал признание, подтверждающее этот вывод. «Сомнительно, – писал он, – чтобы даже в 1914 году Германия отважилась бы развязать мировую войну, если бы она точно знала, что Британская империя придет на помощь Франции» [4, с. 51].

К аналогичному выводу об ответственности Англии за войну приходят и те английские авторы, которые добросовестно пытаются понять истинный ход событий. К. Зиллиакус, леволейбористский публицист, пишет, что «внешняя политика Англии играла решающую роль в политике силы, которая привела к первой мировой войне» [5].

Зиллиакус отмечает, что германский канцлер Бетман-Гольвег в своих мемуарах пишет, что, если бы он только знал заранее о позиции Англии, он сдержал бы Австрию и своих собственных милитаристов и войны не было бы. «Другими словами, – писал Зиллиакус, – если бы все, кого это касается, в Германии и Австрии знали заранее», что Англия выступит против них, «они были бы вынуждены сохранить мир» [5, с. 123]. Именно поэтому английское правительство и вело двойственную политику, которая должна была привести к войне.

В войне Англия надеялась, разгромив Германию, устранить своего наиболее опасного империалистического соперника. Англия добивалась ликвидации угрозы на море со стороны германского военно-морского флота, путем нанесения поражения Германии имелось в виду ослабить ее экономически и тем самым удалить немецкие товары с мировых рынков, где они серьезно теснили английские товары. Правящие круги Англии рассчитывали военной силой выбить Германию с позиций, захваченных ею на Ближнем Востоке, снять германскую угрозу Британской колониальной империи и отнять у Германии ее колонии. Нанеся поражение союзнику Германии – Турции, Англия рассчитывала расчленив Османскую империю и захватить наиболее важные в стратегическом и сырьевом отношении принадлежавшие Турции территории. «Действительная сущность современной

войны, – указывал В. И. Ленин, – заключается в борьбе между Англией, Францией и Германией за раздел колоний и за ограбление конкурирующих стран...» [6, с. 138.]. Эти империалистические цели войны нашли свое отражение в серии секретных договоров, заключенных Англией с Францией и другими союзниками.

Установление в Англии господства финансового капитала и монополий означало усиление реакционности ее внутренней и внешней политики. «Империализм, – писал В. И. Ленин, – есть эпоха финансового капитала и монополий, которые всюду несут стремления к господству, а не к свободе. Реакция по всей линии при всяких политических порядках...» [7, с. 283.]. Внешние дела Англии накануне войны велись так, реакционно и реакционно, как и в наиболее реакционных государствах Европы. Однако война отбросила английскую политику еще больше вправо, в чрезвычайной степени усилила ее реакционность. Произошло это потому, что во время войны усилилось господство монополий, увеличилось подчинение их влиянию государственного аппарата, выросла роль в стране чиновничества, бюрократии, военщины. В то же время многие буржуазно-демократические свободы были упразднены в условиях войны. Имея в виду эти процессы, В. И. Ленин отмечал в 1917 году, что «и Англия и Америка, крупнейшие и последние – во всем мире – представители англо-саксонской «свободы» в смысле отсутствия военщины и бюрократизма, скатились вполне в общеевропейское грязное, кровавое болото бюрократически-военных учреждений, все себе подчиняющих, все собой подавляющих» [8, с. 387.]. Эти изменения явились результатом воздействия военных условий на экономику и политику английского империалистического государства.

Агрессивная, империалистическая война не могла не привести к большому усилению реакции во внутренней жизни страны. Известный английский либеральный публицист Норман Энджел пишет: «Мы отказались от относительной свободы и терпимости, от демократии, от уважения человеческой жизни, порядка, которыми мы располагали в довоенные годы, не потому, что сознательно решили, что это плохие вещи. Мы отказались от этих вещей потому, что они мешали нам «выиграть войну», а для выигрыша войны нужна была неограниченная власть, «действие», насилие, безжалостность, – и мы приобрели вкус к этим методам... Эта огромная переоценка моральных и социальных ценностей была побочным продуктом... военной необходимости» [9, с. 56.].

Режим «военной каторги», установленный в Англии в годы войны, не смог предотвратить проникновения в страну идей Великой Октябрьской социалистической революции, идей мира, заложенных в ленинском Декрете о мире. Они овладевали умами трудящихся, и в английском народе начал быстро нарастать протест против империалистической войны, которую вела Англия. Этот протест был настолько могуч, что грозил сорвать военные и внешнеполитические планы английского империализма, и поэтому вызвал глубокую тревогу в правящих кругах страны. Как отмечается в официальной английской «Истории Парижской мирной конференции», «вся ситуация была изменена русской революцией... Успешное свержение русскими рабочими власти царя придало уверенность рабочим других стран. В рабочих организациях начали приобретать популярность утверждения о том, что правительство неспособно заключить мир и что нет возможности добиться победы» [10, с. 206.].

Поэтому правительство Ллойд Джорджа решило выступить с заявлением о военных целях Англии. Перед Ллойд Джорджем стояла трудная задача. Он должен был так изложить военные цели английских правящих кругов, чтобы трудящиеся Англии сочли их справедливыми и прониклись готовностью продолжать нести тяготы войны во имя достижения этих целей, в то же время. В заявлении должны были найти новое подтверждение тем истинным целям войны, к которым стремились английские империалисты. Заявление о целях войны имело в виду противопоставить советской программе немедленного всеобщего мира без аннексий и контрибуций, сформулированной в Декрете о мире и завоевывавшей все большую и большую поддержку со стороны английских трудящихся. Ллойд Джордж вспоминает о тех днях конца 1917 года: «Среди рабочих росло волнение, носившее тревожный характер; оно в любой момент могло стать опасным... Необходимо было убедить народ, что мы продолжаем войну не во имя одного лишь мстительного или грабительского триумфа, но имеем определенные цели мира и что эти цели справедливы и вполне достижимы» [11, с. 39]. Состояние умов трудящихся тревожило не только правительство и буржуазию, но и оппортунистических, реформистских лидеров английских тред-юнионов и лейбористской партии. Поэтому Ллойд Джордж без какого-либо труда достиг единства действий с этими лидерами. В связи с тем что в Англии на протяжении 1917 года росло в рабочем классе убеждение, что буржуазные правительства неспособны обеспечить окончание империалистической войны и заключение демократического мира и что рабочий класс поэтому должен взять дело войны и мира в свои руки, реформистские рабочие лидеры созвали 28 декабря 1917 г. общеанглийскую конференцию лейбористской партии и конгресса тред-юнионов для обсуждения целей войны. Конференция

одобрила подготовленный Рамсеем Макдональдом, Артуром Гендерсоном, Сиднеем Уэббом и некоторыми другими правыми лейбористами меморандум о целях войны, в котором фразами о необходимости борьбы за то, чтобы «сделать мир безопасным для демократии», прикрывались империалистические военные цели английской буржуазии [12, с.175.]. Меморандум лейбористов и профсоюзных чиновников отвечал нуждам правительства как нельзя лучше. С внешней стороны он выглядел как требование демократического мира и поэтому должен был встретить к себе сочувственное отношение со стороны трудящихся, а по существу являлся замаскированной поддержкой империалистических военных целей. Именно поэтому, отмечает Ллойд Джордж, мирные предложения лейбористов и профсоюзных лидеров «не отличались существенно от предложений, выдвинутых нами. Они значительно облегчили мою задачу» [11, с. 39.].

После этого правительство сформулировало свой документ о военных целях и согласовало его с частью либеральной партии, которая не была представлена в правительстве (группа Асквита – Грея), и с правительствами доминионов. 5 января 1918 г. Ллойд Джордж изложил эти «новые» цели войны перед многочисленными представителями тред-юнионов. Аудитория состояла из правых реформистских лидеров, и поэтому сообщение Ллойда Джорджа было встречено ими с одобрением. Лейбористская партия опубликовала документ, в котором говорилось, что «великая речь, произнесенная Ллойд Джорджем перед делегатами конгресса тред-юнионов 5 января 1918 г., является свидетельством существенного единства целей, которые в настоящее время воодушевляют английский народ» [5, с. 158.]. Этими действиями лейбористские и профсоюзные лидеры помогали английской буржуазии обманывать трудящихся в отношении истинных целей войны, подтверждали и закрепляли свой союз с ней в империалистической войне за грабительские, экспансионистские цели. Это была убедительная проверка характера внешней политики лейбористской партии, и она показала, что лейбористы не имеют самостоятельной внешней политики, сколько-нибудь принципиально отличной от политики буржуазных партий, что политика английского империализма является и их политикой. В декабре 1917 – январе 1918 года правые лейбористы дали свидетельство своей решимости обеспечить «континуитет», то есть преемственность, в вопросах внешней политики в случае прихода их партии к власти.

Ни в манифесте лейбористов о целях войны, ни в речи Ллойда Джорджа не содержалось отказа от тайных империалистических договоров. Сам Ллойд Джордж признает, что изложенные в его речи 5 января и одобренные лейбористами условия мира представляли взгляды министров и их сторонников – независимых либералов... и были впоследствии отражены в Версальском договоре [11, с. 40].

Таким образом, и в 1917-1918 годах цели английского империализма в войне оставались прежними, изменилась лишь их маскировка. В связи с победой в России социалистической революции, и расколом мира на две системы – капиталистическую и социалистическую, – английская внешняя политика приобретает еще большую реакционность. Ибо в результате этого вначале в качестве одной из главных целей Англии в войне, а затем и в послевоенной внешней политике становится борьба против социализма, против власти трудящихся в России, против революционного движения во всем мире. «Правительства, – пишет К.Зиллиакус, – начали мировую войну под давлением соответствующих плутократических кругов, полагая, что она будет такой же, как предшествующие войны, но вскоре они обнаружили, что она превращается в мировую революцию. Последняя к концу войны стала в их глазах главным врагом» [5, с. 239]. Поэтому в период между двумя мировыми войнами важнейшей целью внешней политики Англии была борьба за сохранение и упрочение капиталистической системы в целом. Добиться этого английские правящие круги рассчитывали путем ликвидации социалистического государства в России, подавления революционного движения в других странах и усиления буржуазной диктатуры внутри самой Англии.

В области борьбы против социализма наиболее ярко проявляется тесная органическая связь между внешней и внутренней политикой английского империализма. Эта связь существует и оказывает сильнейшее влияние во всех областях внешнеполитической деятельности английских правящих кругов. Тесную связь и взаимодействие между внутренней и внешней политикой государств неоднократно подчеркивал В. И. Ленин. «Выделять «внешнюю политику» из политики вообще или тем более противопоставлять внешнюю политику внутренней, – писал он, – есть в корне не правильная, не марксистская, не научная мысль» [13, с. 31].

Как внутреннюю, так и внешнюю политику английские монополии используют для создания условий, в которых они могли бы получать возможно большие прибыли. Содействие своим капиталистам в борьбе за рынки сбыта, источники сырья, сферы приложения капиталов является важнейшей целью внешней политики Англии. Английский публицист ЛевисБрод в биографии Антони Идена, одного из министров иностранных дел Англии периода между двумя мировыми войнами, отмечал, что государства «в их отношениях друг с другом твердо руководствовались

эгоистическими соображениями..., торговые интересы обществ являлись краеугольным камнем их внешней политики» [14, с. 246].

Р. Г. Хаутрей, видный английский экономист и крупный чиновник министерства финансов, писал в 1930 году, имея в виду прежде всего английское правительство, что «правительства рассматривают поддержку деятельности своих охотников за прибылями во всех частях мира как крайне важную цель их государственной политики» [15, с. 23].

Таким образом, межвоенная внешняя политика Англии являлась орудием в руках правящих кругов для достижения их экономических и политических целей.

Английский империализм является колониальным империализмом, что породило большое влияние на внешнюю политику страны колониальных монополий. Отсюда борьба за расширение и сохранение колониальной империи является важной целью внешней политики Англии. Эту борьбу английские правящие круги ведут, с одной стороны, против своих империалистических соперников и конкурентов, также добывающихся приобретения новых колониальных владений, а с другой – против национально-освободительного движения народов колониальных и зависимых стран, стремящихся к свободе и независимости. В связи с обострением противоречий между империалистическими державами и начавшимся после первой мировой войны кризисом колониальной системы колониальный аспект английской внешней политики в период между войнами приобрел особое значение.

Проблема сохранения Британской империи включает в себя не только отношения между Англией и колониями, но также и отношения между метрополией и доминионами, когда-то являвшимися переселенческими колониями, а затем в ходе упорной борьбы добившимися независимости в вопросах внутренней политики. К исходу первой мировой войны доминионы настолько укрепили свои экономические позиции, что заявили требование на признание за ними суверенитета и в области внешней политики. Связи между доминионами и метрополией ослаблялись как под воздействием неравномерности развития капитализма в Англии и доминионах, так и благодаря проникновению в экономику доминионов других империалистических держав, прежде всего США. Поэтому забота о сохранении доминионов в составе Британской империи занимала важное место в английской внешней политике на первом этапе общего кризиса капитализма.

Ведущим принципом английской внешней политики в Европе был и остается принцип «баланса сил». Английские буржуазные политики и историки утверждают, что в основе его лежит исключительно стремление Англии не допустить установления гегемонии на европейском континенте какой-либо державы. На деле же имеется в виду установление английского контроля над европейской политикой путем противопоставления и столкновения одних европейских государств с другими и тем самым их взаимного ослабления.

Таким образом, события, развернувшиеся на международной арене в 1918-1939 годах, имели величайшее значение для судеб не только Англии, но и всего человечества. Они в значительной степени оказались неожиданными для английских правящих кругов, которым пришлось мобилизовать все ресурсы своей дипломатии, чтобы попытаться отстоять позиции Британской империи. Поэтому история английской внешней политики в этот период вдвойне поучительна, в ней причудливым образом сочетались традиционные английские внешнеполитические методы с импровизацией, вызванной действием сил, которые Лондон безуспешно пытался поставить под контроль. Изучение английской внешней политики и дипломатии во время первого этапа общего кризиса капитализма помогает лучше понять современную английскую внешнюю политику.

1. «Коммунистический Интернационал в документах», – М.: Наука, 1985. – 296 с.
2. В. И. Ленин, Доклад о внешней политике на Объединенном заседании ВЦИК и Московского Совета 14 мая 1918 г., Соч., т. 27
3. «Протоколы конгрессов Коммунистического Интернационала. Первый конгресс Коминтерна. Март 1919 г.», Партиздат, 1933
4. «Локарнская конференция 1925 г. Документы», Госполитиздат, 1959
5. K. Ziliacus, *The Mirror of the Past; lest it Reflect the Future*, L 1944
6. В. И. Ленин, Конференция заграничных секций РСДРП, Соч., т. 21,
7. В. И. Ленин, Империализм, как высшая стадия капитализма, Соч., т. 22
8. В. И. Ленин, Государство и революция, Соч., т. 25
9. N. Angell, *Preface to Peace*, L., 1925
10. H. W. V. Temperley (Ed.), *History of the Peace Conference of Paris*, vol.I, L., 1920
11. Давид Ллойд Джордж, Военные мемуары, т. V, Соцэжгиз, 1938
12. H. W. V. Temperley (Ed.), *History of the Peace Conference of Paris*, vol.I, pp. 217—218; M. A. Hamilton, Arthur Henderson: a Biography, L., 1938
13. В.И. Ленин. О карикатуре на марксизм и об «империалистическом экономизме», Соч., т. 23
14. L. Broad, Sir Anthony Eden. *The Chronicles of a Career*, L., 1955
15. R. G. Hawtrey, *Economic Aspects of Sovereignty*, L., 1930

**АТЫҒАЕВ А.А.,**

С.А.Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған лицейдің тарих пәнінің мұғалімі.  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

### **1861-1865 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ-ҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ**

Америкадағы азамат соғысы (1861 – 65) XIX ғ. II жартысында АҚШ-тың солтүстігінде жалдама еңбек пен оңтүстік штаттардағы құл еңбегі арасындағы қайшылықтардан туған соғыс. 1861 жылдың басында екі соғысушы жақтар бір-біріне қарама-қарсы тұрды. Құрама штаттардың 31 миллион халқының 3/2-сі Солтүстікте өмір сүрді.

1861 жылдың 15 сәуірінде құлиеленуші конфедерацияның әскері Оңтүстік Каролинадағы Самтер фортын күштеп басып алды. Оңтүстікпен Солтүстік арасындағы құлиеленуші плантаторлар бастаған Азамат соғысы осылайша басталды. Құлиеленушілер өз жеңістеріне толығымен сенімді болды. Соғыстың басталған кезінде үкімет басында тұрған либерал буржуазия өкілдері еңбекшілер мен «қаралардың» белсенділігінен қауіптеніп, Одақты қалпына келтіруді өздерінің негізгі мақсаты етіп қойды. Құлдықты жою мәселесін айналып өтіп отырды. Солтүстік халық бұқарасы мұнымен келіскісі келмеді, наразылығы күшейді және үкіметтен соғыстың мақсаты мен оны жүргізудің әдісін өзгертуді талап ете бастады. Жұмысшы табы өздерінің жиналыстарында азаттыққа тек құлдықты батыл жою арқылы ғана қол жеткізуге болатынын мәлімдеді. Ел ішінде радикалды талаптар қоюдың күшеюі және майдандағы сәтсіздіктер Авраам Линкольннің үкімет саясатын өзгертуіне түрткі болды. Ол 1861 жылы шілдеде жау тыңшысының әрекетін жоюға бағытталған бірқатар шешімдерге қол қойды. Конгресс үкіметті құлатуға бағытталған бүлікке қатынасушыларды жазалау туралы, Солтүстіктің үкіметіне қарсы әрекет жасап отырған бүлікшілердің мүлкін тәркілеу туралы шешімдер қабылданды. Бүлікшіл газеттерді жапты. Бас қолбасшылықты Авраам Линкольн өз қолына алып 1862 жылы 27 қаңтарда жаппай шабуылға шығу туралы бірінші бұйрығын берді. [1.434-435 б.]

Линкольн әскери күштердің қозғалысынан кейін бірінші күні-ақ шекаралық штаттардың мәселелеріне килікті. Шекаралық құлиеленушілік штаттар-Миссури, Кентукки, Мериленд және Дэлавер конфедерация құрамына кірген жоқ. Бұл көтерілісшілердің ірі жеңілісі мен Линкольн басқармасының табысы болды. Көтерілісшілердің біркелкі құлиеленуші фронты құрып, оны Солтүстікке қарсы қол аямағаны үлкен саяси маңызға ие болды. Конфедерацияға кірмеген төрт штат Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы буфер болып табылды. Әсіресе, егер Мэриленд штаты конфедерацияға қосылғанда, онда Одақ астанасы көтерілісшілердің аймағында болар еді. Шекаралық штаттардың ахуалы өте қауіпті болды. Күрес тоқтаусыз жүріп отырды.

1862 жылдың ортасына дейін созылған соғыс және депрессия жұмысшылардың жағдайын төмендетті. Жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін тез арада шара қолдану керектігін Балтимор шаруалары Линкольнға жариялады. Мұндай талаптар басқа қалаларда да болды. 1861 жылы Филадельфия жұмыссыздарының митингісі болды. Бұған қатысушылар Шығыста 1 миллионға жуық адам жұмыс іздеп жүргендігін айтты, ал батыста жұмысшы қолдардың жетіспейтіндігі белгілі болды. Қатысушылар жұмысшыларды тез арада батысқа өткізуді ұсынды.

Азамат соғысының басталғанына небәрі бірнеше ай болды, бірақ осы қысқа уақыттың ішінде жұмысшылардың сана сезімі біршама жоғарылады. 1861 жылы 31 шілдеде билік органдарына қарсы әрекет жасағандар үшін жазалау заңдары қабылданды, ал 1861 жылы 6 тамызда көтерілісшілер мен құлдардың билікке қарсы соғыс үшін қолданылатын мүліктерін конфескелеу заңы қабылданды. 37-інші конгрестің 1-ші сессиясының шешімі бойынша тікелей салық салу заңы үлкен рөл атқарды. Бұл кезде билікке қарсы шығатын бірнеше газеттер жабылды. Линкольннің шешімімен демократиялық партияның заңсыз ұйымдары көтерілісшілерді ашық түрде қолдаушылар тұтқындалды. Сатқындарды тұтқындау мен сынау шаралары эпизодтық характерге ие болды. Алда Линкольн билігінің саясатының өзгеруі үшін үлкен күрес күтті.

Егер де осы уақытқа дейін солтүстік халқы бәсекелестерді болдырмауға ұмтылған болса, онда оңтүстіктегілердің агрессиясы ұлттық жалауды алып тастауы, солтүстік халқының мазасын алды. Солтүстіктегілер шын көңілімен республиканы бөлгендерге, қарсылық білдірді. Линкольннің армия үшін 75 мың адамды шығару ұсынысына 3 мың адам қарсы шықты. Солтүстік немесе басқа ұлт өкілдерінен тұрған иммигранттардың отрядтарынан негізгі полктер құрылды. Үкіметті жақтаған әсіресе Солтүстік буржуазиясы, оның ішінде кредиторлар, оңтүстіктегілердің қарыздарының жойылуын сезіп, олар да қарсы шықты. Солтүстіктегі демократиялық партияның біраз бөлігі, «әскери демократтар» деп аталынған тобы, үкіметке әскери күштерімен көмегін көрсетті.

Солтүстіктің талантты қолбасшысы Дэвид Фарагут табысты екі операцияны жүзеге асырды. Ол Миссисипи мойнағына эскадра енгізіп, Оңтүстіктің ең ірі қаласы Жаңа Орлеанды тізе бүктірді.

Мобил бухтасына өтер жолды қоршап тұрған қорғанысты айналып өткен Д. Фаррагут конфедераттардың бронды кемелерін қолға түсірді және портты блокадаға алды.

Солтүстіктер Миссисипи өзені алқабында үздіксіз жеңістерге жетіп отырды. Алғашқы уақытта олар Теннеси штатындағы Конфедерацияның шекаралық шебін бойлай бұзып, оның барлық батыс бөлігін иеленді. Миссисипидегі стратегиялық маңызды Мемфис портын алуымен федерация орталығына қарай 320 шақырым ене алды. Генерал Улисс С. Грант басшылығындағы әскер шабуылдап отырып Теннеси өзеніндегі Шайло қаласын алды. Тың күштер келіп жетіп конфедераттардың қоршауын бұзғанға дейін қалада бекініп, қаһармандықпен қорғады. Екі жақтың да шығыны 10 мыңнан асып түсті. [2. 227-230 б.]

Алайда федералды әскер Виргинияда үздіксіз сәтсіздіктерге ұшырады. Әсіресе конфедераттардың астанасы Ричмонд түбінде жағдай қиын болды. Конфедераттардың екі үлкен артықшылыққа ие болды. Біріншіден, Вашингтон мен Ричмонд аралығындағы күшті қорғаныс айлағы (көптеген өзендер) болуы болса, екінші басымдылық «тас қорған» атанған Роберт Э.Ли және Томас Дж. Джексон сияқты талантты генералдардың басшылық жасауы еді. Бұл екеуі де Солтүстіктің атақты генералдарының өзінен бір бас жоғары тұрды. Солтүстік генералы Джордж Маккеллан Ричмондты басып алу жоспарын баяу жүзеге асыра бастайды. Алайда, жеті күндік (25.06-1.07.1862) ұрыс нәтижесінде екі жақта үлкен шығынға ұшырайды, Солтүстіктегілер бас сауғалап қашуға мәжбүр болды. Үкімет соғысушы штаттардың теңіз блокадасын (қоршап алу) жариялады. Құрлықтағы алғашқы соғыс 1861 жылы шілдеде Булл-Ран бұлағы маңында болып өтті, солтүстіктегілердің жеңілуімен аяқталды.

Оңтүстік армиясының ұйымдастырылуы күштірек және офицерлер құрамы жоғары маманданған болып шықты, негізінен америкалық армияның офицерлер кадрлары оңтүстіктің адамдары болған. Самтер құлағаннан кейін Конфедерация өзіне тағы 4 штатты қаратып үлгерді. Булл-Рандағы екінші жеңістен соң, генерал Ли Потомак өзенінен өтіп, Мэрилендке енді. Роберт Э. Лидің өз армиясын екіге бөлгендігі және сол қанат күшінің әлсіз екендігі жөнінде мәліметі бола тұра Солтүстіктің бас қолбасшысы Маккеллан батыл әрекет жасай алмады. 17 қыркүйек 1862 жылы қос армия Антитам түбінде (Мэриленд) шайқасты. Екі жақтың жалпы шығыны 4 мың адам өлідей және 18 мың адам жаралыға жетті. өзінің сандық басымдығына қарамастан Маккеллан генерал Ли әскеріне тегеурінді соққы бере алмады. Ол өз күштерін сақтай отырып, Потомакқа шегінді.

Антитам түбіндегі шайқас әскери көзқарас тұрғысынан шешуші болмағанмен, оның маңызды салдары болды. Оңтүстік штаттардың конфедерациясының режим дайын тұрған Ұлыбритания мен Франция ойларын кейінге қалдырды, бұл Оңтүстікті көптен үмітпен күткен Еуропа елдерінің дипломатиялық және экономикалық қолдауынан айырды.

Булл-Раннан кейінгі жағдайда солтүстіктегілер өз армиясын ұйымдастыру үшін белсенді шараларды қолданғанымен, шығыстағы соғыс өзінде тұрақты сипатқа айналып қалды және соңына дейін сақталып жатты. Вашингтон қаласы барлық уақыт ішінде майданды қала болып қалаберді, Оңтүстіктегілер соғыстың аяқталуына дейін диверсияларды өткізді, ал астананың қорғанысы солтүстіктегілердің тактикалық жоспарларындағы бастапқы орын алып жатты. Соғыстың алып жатқан территориясының үлкен емес бөлігінде Виргиния мен Мэриленд, Пенсильванияны алып 4 жыл ішінде кезекті соғыстармен қан-төгістер өтіп жатты, бірақ еш нәтиже бермеген. Бұл әсіресе соғыстың алғашқы кезеңдерінде айқындалды және солтүстіктерінің мықты стратегиясымен байланысты болған. Билік басында тұрған либералды буржуазия, актер мен қаралар массаларының белсенділігінің дамуынан қорқып, соғыстың басты мақсаты одақтың қайта құрылуы деп жариялады, оның бұрынғы қалпында, яғни конституция негізінде құлиеленушілік құрылымда болды. Құлдардың босатылуы олардың жоспарларына жатпады. Осыған сәйкес армия да нәтижелі соққыларды бермеуге тырысты. Офицерлердің ішінде оңтүстіктегілердің жасырын жақтаушылары болды. Солардың қатарына көптеген адамдар жоғарғы қолбасшылығы генерал Мак-Клелланды да жатқызды. Көктемде 1862 жылы бұл генерал конфедерацияның астанасы Ричмондке басып кіру ұмтылысын өткізді. Бірнеше айға созылған бұл қантөгіс сәтсіз аяқталды. [3. 121-123 б.]

Солтүстік әскерлері Ричмондтан шығып кетті, ал Вашингтон сол қалпында қарсыластардың рейдтері астында қала берді: Бұл компанияның Антитам төңірегіндегі тұңғыш жеңісінен кейін де Мак-Клеллан, талқандалған оңтүстіктегілерді әрі қарай қуған жоқ. Ол әскери басшылығынан, яғни соғыстың болуына жақтаушылардың талаптарына сәйкес босатылды. Ал батыстағы соғыс операциялары басынан бастап табыстырақ болып табылды. Соғыс операциялары Миссисипи өзенімен Теннеси штаттарын алып жатты. Мұнда 1862 жылдың алғашқы айларында генерал Грант басында тұрған армия батыс Теннесиді қарсыластардан босатып, ал кейін Миссисипи өзені маңындағы Мемфис қаласын басып алды. 1862 жылы сәуір айында Фаррагут адмиралының эскадрасы Мексикан шығанағынан Миссисипидің басындағы Оңтүстіктің ірі портына Жаңа Орлеанға кірді. Бұл қаланың құлиеленушілік көпестік «қауымдастығы» одақ әскерін қарсылықпен қарсы алды,

сондықтан бұл әскерлердің басында тұрған генерал Батлерге қатаң шараларды қолдануға мәжбүр болды. Ал қаланың жұмысшы топтары әскерге, керісінше жақсылықпен қарсы алған. «Тек төменгі қабаттардағы адамдармен ғана федералистер өзінің жақтаушыларын тапты»-деп мәлімдеді Жаңа Орлеандағы Ресей консулы. Батлер Жаңа Орлеандық негрлерден қаруланған отрядты құрды. Генерал Хантер, Оңтүстік Каролинадағы басып алған аудандарда жасағандай, Фримонд, Миссури құлдарын босатқандағы жасаған істері сияқты Батлер де өзінің еркімен бір жағынан қорқыныштан да отрядты құрды. Үш генералдың бұйрықтарына Линкольн рұқсат бермей қойды, Линкольн ол кезде жеңіл саяси буржуазия сипатында қызмет еткен.

Оңтүстіктің экономикалық артта қалу жағдайында жеңіске деген үміттері тек тәуелсіздікке ғана емес сонымен бірге Одақтың иеленуіне жеткісі келген негізінен Халықаралық есепте негізделген сипатта болған. Оңтүстіктің басшылары, ағылшындар мен француздар американдықтардың мақтасынсыз жүре алмайды деген үмітте болып, олардан Конфедерацияның жағына өтеді деп ойлаған. Бірақ бұл үміттер сәтсіз болды.

Соғыс басталған кезде Англия мен Францияда мақта өндіруші өндірістік орындары мен мақта шикізатының кіші қоры болған еді. Әрине фабрикалар жабылып қалды. Бұдан зардап шеккендер тек қана жұмысшылар болды, ал фабриканттар мақта құнын көтеруді есептей бастады, ал кейін төлемақыны төмендетуді ойлады. Негізінен мақтаның жетіспеушілігі Еуропада тек қана екі жылдан кейін сезіле бастады.

Оңтүстіктің саясаткерлері ең маңызды жерлерде қателесіп қалған, олардың ойлауы бойынша ағылшын жұмысшылары Англия үкіметінен мақта үшін соғыс талап етеді деді. Бірақ көптеген шығындар мен тоқыма фабрикаларының жабылуына қарамастан, ағылшындар Солтүстіктегілердің құлиеленушіліктегі қарсылығына едәуір жақтасты. Бұл күресте қатысқан К.Маркс былай деп жазды «Басшылықта тұрған даналардың әсеріне байланысты емес, Англия жұмысшы класының қарсыласуы, Батыс Еуропаны Атлант мұхитының сол жағындағы құлеленушілікті тарату масқара (позор) идеясынан құтқарды». Англияның басшы кластары Оңтүстіктегілердің жағдайына түсіністікпен қарап, яғни ағылшындар мен олардың арасындағы экономикалық және саяси байланыс сипатында болды, ағылшындықтар көмек беруге талпынды. Англияның жерлерінде Оңтүстіктегілер үшін әскери кемелердің құрылысы салынып дайындалды, ол американың теңіз саудасына үлкен әсерін тигізді, бірақ бұл ағылшындықтардың көмегі соғыс қозғалысында Оңтүстікке еш өзгертулерді ендірмеді. Керісінше, солтүстік штаттарының әскері әлсіз еді; Бүлікшілер өз жоспарында шет елдердің соның ішінде Англияның көмегіне сеніп отырды. Англия буржуазиясы АҚШ-тың әлсіреуі мен құлдырауына қызығушылықпен қарады.

Оңтүстік штаттар Англия өнеркәсібіне мақта жеткізушісі болып еді. Англия буржуазиясы оңтүстік штаттарында өз экономикалық орнын сақтап қалуға үміттенді. Солтүстікте 20 млн-ға жуық халық болса, ал Оңтүстікте небәрі 12 млн халық еді. Оңтүстікте өнеркәсіп саласы мүлдем болмады десе де болады. Мұнда оның экономикасында тек мақтаға көңіл бөлінгені соншалық, халыққа қажетті тамақ өнімдері, соның ішінде нан өнімдері де жеткілікті мөлшерде де өндірілмеді. Бұдан бөлек, Солтүстік штаттар Оңтүстік штат теңіз жағалауларына қоршау жасап тастады, осымен Оңтүстікке қажет болған тауарлар мен тамақ өнімдерін жеткізілуіне шек қойылды.

Алайда Солтүстік штаттар өздерінің болашақ жетістіктеріне қол жеткізу мен жоспарларын жүзеге асыруы үшін оларға ең алдымен бар күшін салып, осыған қажетті уақыт табуы керек болатын. Ал Солтүстік буржуазиясы мұндай әрекетке қатты қызығушылық таныта қоймады. Осының нәтижесінде Солтүстік әскері соғыстың бірінші кезеңінде ылғи сәтсіздіктерге ұшырап отырды. Ағылшын үкіметі соғыстың алғашқы күнінен бастап Оңтүстікке қолдау көрсетуді ойластырды: ол құлиеленуші конфедерацияны соғысушы жақ ретінде мойындап, енді тек қана осы Азамат соғысына кедергі болатын жағдайларды іздестірді. Кейіннен мұндай сылтау табылды. 1861 жылдың күзінде Солтүстік флотының капитаны Уилкс теңізде «Трент» атты ағылшын кемесін ұстап, ол жерден Еуропаға дипломатиялық тапсырмамен бара жатқан конфедерацияның екі агентін тұтқындады.

Америкадағы Азамат соғысының жүру барысын бақылауға алған Маркс Солтүстіктің бастапқы әскери сәтсіздіктерін көрсетті. Маркс: «Линкольн үкіметі құлдыққа қарсы күрес сипатын бере алмады», деп жазды. Генерал Фремонд Миссури штатында құлиеленушілерге қарсы көтеріліске шыққан құлдарға босату туралы жарлық шығарғанда Линкольн үкіметі оны жарамсыз етті. Солтүстік әскерлерінің басқаруымен жасалған стратегиялық жоспарда көптеген кемшіліктер болды. Бұл жоспарды Маркс пен Энгельс сынға алды. Маркс: «Қара тәнділерден құралған полктің өзі Оңтүстіктіктердің жүйкесіне едәуір әсерін тигізді», -деп жазды. Линкольн егер де соғысты жүргізу әдісін өзгертпесе, онда АҚШ-та революция орнауы мүмкіндігін де Маркс атап көрсеткен болатын. [4. 171-172 б.]



Соғыс АҚШ-тың экономикалық дамуына өзінің кесірін тигізді. Соған қарамастан Азамат соғысы кезінде де Американың өнеркәсібі (кен өндіру, металлургия, теміржол салу т.б.) мен ауыл шаруашылығы өзінің даму қарқынын тоқтатпады.

XIX ғасырдың соңғы ширегіне қарай бүкіл ел штаттар мен территорияларға бөлініп бітті. Батыста қоныстануды тездеткен 1862 жылы гомстедтер туралы акт болды. Ол бойынша жерді өңдеп, қоныстану шарты мен азаматтарға 64 гектар көлеміндегі жер тегін таратылды.

Батысты қоныстандыруда теміржолдар да көп қызмет атқарды. 1862 жылы конгресс "Юнион пасифик рейл-роуд" фирмасына Айова штатындағы Каунси-Блафса қаласынан батысқа қарай теміржол жүйесін салуға рұқсат қағазын берді. Осылайша елде теміржол құрылысы кең етек жайды. Трансконтинентальді теміржол торабы тоқтаусыз өсе берді де 1884 жылға қарай 4 магистраль Миссисипи өзенінің орталық бөлігін Тынық мұхиты жағалауымен қосты. Ол ішкі рыноктың және өндіргіш күштердің дамуына әсерін тигізді. [5. 118-119 б.] 1862 жылдың қаңтарында солтүстік әскерлері шабуылға шықты. Миссисипи өзені бойымен генерал Гранттың әскері Оңтүстікке қарай сәтті жылжып бара жатты. Бір мезгілде теңіз десанты және құрлықтан келген Жаңа Орлеан алынды. Алайда Ричмондтағы фронттың орталық бөлігінде Мак-Клееланның басқаруындағы Солтүстік әскері сәтсіздікке ұшырады. 1862 жылдың наурыз айында Мак-Клеелан ығыстырылды. 1862 жылдың орта шенінде Линкольн үкіметі халық қысымы нәтижесінде соғыстың шиеленісіне әкелген шараларды қабылдауға мәжбүр болған. Президент Линкольн 1862 жылы 20 мамыр күні АҚШ азаматтарына батыстан 160 акрдан жер алуға мүмкіндік беретін гомстед туралы заң қабылдады. Бұл заң бір көзге қарағанда әскери сипаттан біршама алшақ болғанмен соғыс нәтижесіне және оның өтуіне едәуір үлесін тигізді, әрі маңызды болды. Ал ең маңызды шараларының бірі құлдарды босату туралы президенттің прокламациясы болып табылады. 1862 жылдың 22-қыркүйегінде Линкольн 1863 жылы 1 қаңтарынан бастап бүлікшілердің қол астында болған барлық құлдарды босату туралы үкім шығарды. Бұл шешім мемлекет үшін үлкен мәнге ие болды, американдықтар мұны жақсы ниетте қабылдады. Линкольн үкіметінің іс-шаралары Азамат соғысы тарихындағы жаңа революциялық кезеңнің бастамасын білдірді. 1862 жылы 30 желтоқсанда Авраам Линкольн құлдарды азат ету туралы Прокламацияға қол қойды. [8. 33-34 б.] Бұл Прокламацияға сәйкес 1863 жылдың 1 қаңтарынан барлық соғысқан штаттардың құлдары босатылды. Сөйтіп, президент Линкольн құлдықты жою туралы Прокламацияның алғашқы нұсқасын жариялайды. Ол бойынша, 1863 жылдың қаңтарынан бас көтерген штаттардың құлдар еркіндік алатындығын мәлімдеді. Прокламация күрделі өзгеріс тудырмағанымен, саяси жағынан соғыстың мақсаты Одақты сақтап қалу ғана емес, сондай-ақ құлдықты жою керек екендігін көрсетіп берді. [9. 80-82 б.]

Солтүстіктің халықаралық беделі көтерілді. Ал, Солтүстіктің экономикасы дамыды заводтар мен фабрикалар жұмыс істеді, фермерлер мол астық жинап, өнімді Еуропаға жіберді, ал адам саны иммигранттар есебінен толығып отырды. 1863 жылы орыс флотының екі эскадрасы Нью-Йорк және Сан-Франциско қалаларына кіріп келді. Оларды үкімет те, халық та достық сипатта күтіп алды. Бұл эскадралардың Америкаға келуі Ресеймен Америка қатынасының дамуына оң әсерін тигізді: американдықтар мұны АҚШ үкіметіне Ресейдің жанашырлық әрекеті деп қабылдады.

Солтүстіктің ірі буржуазиясы Азамат соғысынан үлкен табыстарға жетті. Американдық миллионерлердің көптеген әулеттері Азамат соғысы жылдарында өз дәрежелерін одан әрі жоғарылатты. Сол кездегі капиталистер пайдаға батып жатқан кезде қарапайым халық барлық қиындықтары бастан кешірді, ал бай адамдар әскери қызметтен бос еді: заң оларды әскерден 300 доллар жарна берген жағдайда босатты. [6. 211-213 б.]

1863 жылы 1 қаңтарында қара тәнділерге Солтүстік әскерінде қызмет етуге рұқсат берілгеннен бастап, қара тәнді әскерлердің саны 186 мыңға жетті. (олардың 134 мыңы құлиеленуші штаттардан шыққан болатын). Одан бөлек, 30 мың шамасындағы қара тәнді халық флотта қызмет етті. Линкольн қара нәсілді халықтың соғыстағы маңызды рөлін мойындаған болатын.

Әскери операциялардағы шиеленіс 1863 жылы жаздың соңына дейін жетті. Шілде айының басында Геттисберг маңында Пенсильванияда, генерал Лидің оңтүстік әскерлердің және генерал Мидтің солтүстік әскерлері арасында үш күндік соғыс болып өтті. Оңтүстік армия жеңіліп ысырылды. 1864 жылдың қыркүйек айында Шерманның армиясы Атлантаға Оңтүстіктің әскери өндірісінің орталығына басып кірді. Одан кейін теңізге қарай жылжи бастады. Желтоқсан айында солтүстіктегілер Саванны, ірі Атлантикалық портын басып алды. Конфедерацияның орталық аудандары қиратылды, ал оның ресурстары таусылды. [7. 393-395 б.]

1864 жылы қарашада Линкольн президенттікке қайта сайланды. Құлиеленушілер 1864 жылғы президент сайлауына үлкен үміт артты. Линкольннің кандидаттығына Мак-Клеелан кандидаттығы қарсы қойылған еді. Демократиялық партияның сайлау бағдарламасы құлдықтың сақталуын қарастырды. Линкольн 4 жылға қайта сайланды.

1865 жылдың 14 сәуірінде Линкольн қатты жарақат алып, ертесіне қаза тапты. Мұны құлиеленушілер мен олардың одақтастары әдейі жасаған болатын. Халық қатты қайғырып, А. Линкольн өмірі туралы өлеңдер шығарып, оны мәңгілік есте сақтайтындықтарын білдірді.

Авраам Линкольннің өлтірілуі құлиеленушілердің өз биліктерінен оңайлықпен айырыла қою ойы жоқ екенін көрсетті, бұл жағдай әсіресе қайта құру жылдарында айқын көрініс тапты. Қорыта айтқанда, Авраам Линкольн Америка тарихы мен оның халқының есінде жақсы әрекеттерімен қалды. Оңтүстіктегі бірқатар ұрыс қимылдары әлі де бірнеше айға созылғанымен Генерал Улисс С. Гранттың Оңтүстік қолбасшысы Роберт Э. Лиді тұтқындаумен 600 мың адамның өмірін әкеткен азамат соғысы аяқталды. [2. 388-392б.] XIX ғасырдың алғашқы ширегінде басталған құлиеленушілік мәселесі сол екінші жартысында үлкен саяси дағдарысқа ұшырап, елдің енді ғана тұралап келе жатқан экономикасына едәуір кері әсерін тигізді. Көп жылдардан бері келе жатқан саяси шиеленістер нәтижесінде, американ қоғамы екіге (біріншісі құлиеленуші плантаторлар, екіншісі капиталистер мен буржуазия өкілдері) бөлініп бір-бірімен соғысады. Бұл соғыс АҚШ тарихында 1861-1865 жылдардағы Азамат соғысы немесе екінші Американ революциясы деген атпен қалды.

1. Егер. О. Всемирная история. Москва 1999 С. 634-638.
2. Иванов Р. Ф. Авраам Линкольн и Гражданская война в США Москва 2004 С. 446
3. Иванов Р. Ф. Гражданская война в США. М. 1960.
4. Всемирная история VI том Москва 1959. С. 460-476.
5. Альтер Л. Б. Буржуазная политическая экономия США Москва 1961 С. 158-168
6. Хрестоматия по новой истории Москва 1990 С. 211-231
7. История США. М. 1987 С 539
8. Куропятник. Г. П. Вторая американская революция. М. 1961.
9. Иванов Р. Ф. Дипломатия Авраама Линкольна М. 1987

**МҰХАНОВА Н.Ж.**,

дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының 1-курс магистранты,

**МҰХАТОВА О.Х.**,

тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Мұрағат ісінің қоғамдық маңыздылық деңгейі мұрағат саласындағы құқықтық және заңнамалық реттеулерге байланысты [1]. Алғаш рет тәуелсіз Қазақстан тарихында ұйымдардағы іс-қағаздарын жүргізу мен мұрағат ісіне байланысты нормативті-құқықтық актілер жоғары деңгейде бекітілді. Бірден бір маңызды құжат «Құжаттама және құжатты басқаруда ассоциацияларда (бизнес), Қазақстан Республикасының барлық ұйымдық-құқықтық нысандары формасындағы мекемелер мен ұйымдарда, 1992 жылғы 30 маусымға дейінгі №562 Қазақстан Республикасының Министрлер Кеңесінің қаулысымен аталған негізгі ережелер бекітілген [2]. Қазақстандағы мұрағат қызметіне байланысты барлық қызмет түрлері тәуелсіздік кезеңінде үштұғырлы міндетті шешуге бағытталды: мұрағат құжаттарын қабылдау, сақтауды қамтамасыз ету және пайдалану. Бұл мәселелерді шешу үшін мұрағат саласының нормативті-құқықтық базалық қызметін құру қажет болды [3]. Бірінші база Қазақстан Республикасының мұрағат саласының барлық қызметін реттейтін нормативті-құқықтық акт 1998 жылы 22 желтоқсанда №326-1 ҚР Президенті Н.Назарбаевтың қол қоюымен «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағат туралы» Заң бекітілді, ол Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделген. [4]. Заң 6 тарау, 27 тармақтан тұрады. Бірінші тарауы «Жалпы ережелер» деп аталады, мұнда аталған Заңның негізгі түсініктері ашылған, ведомстволық мұрағат, мемлекеттік мұрағат, Ұлттық мұрағат қоры және басқалар. Заңға сәйкес «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры Қазақстан халқы тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының ұлттық мұрасы ретінде мемлекеттік қорғауға алынады» [5]. Екінші тарау «Ұлттық мұрағат қоры» деп аталады. Мұнда Ұлттық мұрағат қорының құрамы анықталған, оған құжаттардың әр түрлі 7 түрі кіреді: заңнамалық актілер және басқа да ресми құжаттар, басқару, ғылыми-зерттеу, жобалық-конструкторлық, технологиялық, патентті-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, телеметриялық және басқа да әлеуметтік, тұрақ бағдарлық (машиноориентированная) және аудиовизуалды құжаттама, тарих мен мәдениеттердің құжаттық ескерткіштері, жеке ата тек бойынша құжаттама және басқа ұлттық бағалылықты көрсететін құжаттар, басқа да Қазақстан Республикасының меншігіне алынған құжаттардың сақтандырылған көшірмелері кіреді. Үшінші тарау мемлекеттік есеп, сақтау, қорғау, құжаттарды Ұлттық мұрағат қорына тұрақты сақтауға жіберу

бойынша сұрақтарға арналады. Құжаттарды пайдалану мәселелері төртінші тараудың бірінші тармағында қарастырылған. Мемлекеттік реттеу және мұрағат ісін басқару елеусіз қалдырылған жоқ, оған арнайы бесінші тарау тиесілі. Алтыншы тараудың тармақтары халықаралық байланыс және контактілер, шарттар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мұрағаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін шарттар қарастырылған. Жетінші тарау – бұл қорытынды ережелер.

Қазақстанның мұрағаттары туралы осы заңның негізінде сақтау, толықтыру және ұлттың зердесі – Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын пайдалану жалғастырылуда. ҚР «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағат туралы» Заңымен құжаттарды сақтау, қорғау және пайдалану мәселелеріне толық туралау жұмыстары жүргізіліп, олар құрылған жалпы құжаттар санының шағын ғана бөлігін құрап, Ұлттық мұрағат қорының құрамына кіргізілді. Сонымен бірге 2009 жылдың ортасына дейін құжаттамамен байланысты басқару қызметтері мен құжаттардың жұмысын ұйымдастыру мәселелері толықтай реттелген жоқ. Сондай-ақ, құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасында нормативті-құқықтық базаның жетіспеушілігінен оның бағыты мемлекеттік құрылымдарда басымдық танытты. Нәтижесінде мемлекеттік емес құрылымның үлкен бөлігі, дәлелдеме сұрағы үшін, әр уақытта нормативті құқықтық актілердің қызметтік аумағына түспей, құжаттардың заңдық күші бірінші кезектегі маңыздылықты білдірді [6]. Бұл алдыңғы актілерді қайта қарау қажеттілігін тудырды және «Қазақстан Республикасының құжаттамалық қамтамасыз ету сұрақтары бойынша бірнеше заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының қабылдануы осы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік берді.

«Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңда 3 топтан тұратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген және олар мұрағат саласына байланысты мына сұрақтарды қамтиды: мұрағаттар, мұрағат қорлары және Ұлттық мұрағат қоры құрамындағы коллекциялар және оны толықтыру көздері, мемлекеттік реттеулер және іс-қағаздарының жай-күйінің мемлекеттік бақылаулары мен мемлекеттік меншікке жатқызылатын құжаттарды ведомстволық сақтау мәселелері.

Қоғамды толық деректік базамен қамтамасыз ететін және оның өсуін барлық жағынан ерекшелеп көрсету әрбір тарихи уақыт кезеңінде еліміздегі мұрағат мекемелерінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан да құжаттардың құндылығына сараптама жасау үдерісінде болған өзгерістер неғұрлым толық көрсетіліп, таңдалынып сақтауға алынады [6.46]. Бұл мақсатта құжаттардың құндылығын мемлекеттік сараптама арқылы жүргізу нақты 3 бағыттағы критерилер негізінде жасалады: шығу тегі, мазмұны, ішкі ерекшеліктері, сонымен қатар құжаттың физикалық күйі. Бұдан басқа құжаттың құндылығына сараптаманы өкілетті ұйым немесе жергілікті атқарушы ұйымдар бекіткен сараптама тексеру комиссиясы жүргізетіні нақтыланған. Қазіргі уақытта бұндай орган Алматы және Астана қаласындағы, облыстардағы мұрағат және құжаттаманы басқаратын мәдениет және ақпарат Министрлігі болып табылады [6.47]. Сонымен қатар ұйымдардағы – жергілікті немесе өкілеттігі бар атқару ұйымдардың келісімінсіз жеке меншікте орналасқан, Ұлттық мұрағат қорын толықтыру көздері, құжаттарды жоюға жол берілмейтін норма қалыптасты. Осы норма мемлекет үшін ерекше тарихи, ғылыми, экономикалық, саяси және мәдени маңызы бар құжаттарды қоғамдық меншік нысаны болуына қарамастан қорғауға мүмкіндік береді. Айта кету керек, бұл норма құжаттары мемлекеттік емес ұйымдарға қатысы бар. Ол Ұлттық мұрағат қорының келісімімен мұрағат ісі саласында және басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету бойынша сәйкес қарым-қатынас туралы келісімшарт арқылы немесе ынтымақтастық нәтижесінде іске асады [6.47].

Заңның 17 және 18 тармақшалармен толықтырылуы негізгі маңызға ие. Олар өкілетті ұйымның стандартын әзірлеуге мүмкіндік береді, құжаттаманың және мемлекеттік ұйымдардың құжаттамасын басқарады және оның типтік ережелерін бекітеді, сонымен қатар мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметтерінде қалыптасқан стандартты құжаттар тізімін мақұлдайды. Осы ереженің жүзеге асырылуы жалпы мемлекеттік дәрежедегі ұйым жұмыстарында құжаттарды бірыңғай қалыптастыруда және ұйым жұмыстарының құжаттарымен әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттің қоғамдық өміріндегі барлық ұйымдармен қамтуда талаптар қояды. Ерте кездегі құжаттарды жоймауды, біріктіру және құжаттарды стандарттау және олармен жұмыс жасау технологиясы сәйкес халықаралық стандарт ИСО 15489 ұсынымымен «Ақпарат және құжаттама. Құжаттаманы басқару» болып бекітілді. Бұл сұрақтардың реті болмауы тек басқару қызметінің тиімділігінде кері әсерін берген жоқ, сонымен қатар заңдық талаптар мен азаматтардың қызығушылығын қанағаттандыру болды. Мысалы, республиканың мұрағат мекемелерінде сақталған құжаттардың негізінде, жыл сайын орташа, әлеуметтік-құқықтық сипаттағы азаматтардан алынған 300 мыңнан көп сұранымдар орындалады. Олардың үштен бір сұралымдарына дұрыс емес жауап беріледі. Себептері әр түрлі, олардың ішінде басқару қызметіндегі құжаттама негіздерін ұйымдастыруды білмеу, құжаттардың сақталу мерзімін білмеу, сонымен байланысты құжаттардың сақтау уақыты біткен соң жою мәселелері бар [6.48].

Сондай-ақ, өзгертулер «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба» Заңының 7-тармағына енгізілді. Онда электрондық құжаттың құрылуындағы, жіберудегі, бекіту және сақтаудағы негізгі талаптар баяндалған, тек негізгі Заңда әрекет етуші редакция болған жоқ [6.48]. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар» туралы Заңына енгізілген толықтырулар мен өзгерістер бір жағынан мұрағат ісінің дамуы мен жетілдірілуіне, екінші жағынан ұйымдық-құқықтық құрылым мен меншік нысандарының біліктілік дәрежесіне қарамастан барлық ұйымдарда бірыңғай құжат қолдануды жасауға, үшіншіден, азаматтардың өздерін қызықтырған қажет ақпаратты алуға және құқықтарын қорғауға мүмкіндік берді.

Мұрағат ісінің нормативті-құқықтық базасының жетілдірілуі қазіргі уақытта республикада жүргізіліп жатқан реформалардың бөлігі болып табылады. Осылайша, мысалы, 2009 жылы 29 желтоқсанда 185-номерімен «Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын пайдалану, тіркеу, сақтау және алудың бірыңғай ережелері» бекітілді. Ол 6 тарау және 67 параграф, 57 бағдарламалардан тұрады [7]. Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын алу, сақтау, тіркеу және пайдаланудың бірыңғай ережелері Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңымен сәйкестендіріліп жасалған. Ереже Қазақстан Республикасының сәйкес заңнамаларымен жүзеге асырылып, мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік мұрағаттарға таратылады және Ұлттық мұрағат қорында құжаттардың тұрақты сақталуына, сонымен қатар таратылған ұйымдардың қабылдауымен басқа да мұрағат құжаттарын уақытша сақтауды жүзеге асырады.

2010 жылы шілдеде ҚР Президенті қол қоюымен «ҚР кейбір заңнамалық актілерінің компетенция сұрақтарын өкілетті ұымдарда және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қайта қарауымен нормативті-құқықтық актілерді қабылдауда талаптарды орындаушы субъектілер арқылы құзыретін қарау сұрақтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат берілген құжаттарды қысқарту және мемлекеттік ұйымдардың қадағалау функциялары мен бақылауын оңтайландыру қызметіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңы бекітілді [8]. Республикада ҚР байланыс және ақпарат Министрлігіне қарайтын ақпарат және мұрағат Комитеті құрылды. Тікелей әкімшіліктің Комитеті республикалық бюджет қаржыландырған 7 мемлекеттік мұрағат мекемесінде орналасқан. Сонымен қатар Комитет 14 облыстық, 2 қалалық (Астана және Алматы қк.) мұрағаттар мен құжаттамаларын басқарып, жетекшілік жұмыстарын үйлестіреді және де 220 облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік мұрағаттар мен олардың филиалдарын жергілікті бюджеттің есебінен қаржыландырады. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар» туралы Заңға сәйкес Комитет ұйымдастырушылық-әдістемелік басқару мен іс-қағаздарының және орталық мемлекеттік мұрағаттарды толықтыру көзі болып табылатын 1000-жоғары республикалық мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы ведомстволық мұрағаттардың, ұлттық компаниялар, акционерлік қоғамдар және т.б. күйін бақылауды жүзеге асырады [8.27].

2011 жылы республикада «Ұлттық мұрағат қорының, басқа мемлекеттік мұрағат құжаттарын және арнайы мемлекеттік мұрағат құжаттарын алу, сақтау, тіркеу және пайдалану шарты» бекітілді. Бұл республикада қабылданған және бекітілген нормативті құқықтық актілер арасындағы ең маңызды құжат болып табылады. Бірінші рет Қазақстанда және мүмкін барлық посткеңестік кеңістікте дамыған құжат, ведомстволық (жеке) мұрағат жұмысындағы ұйымдар басқаруымен бірге, ғылыми-техникалық, аудиовизуалды және электрондық құжаттама нормалары бар. Ережеде ұйымдардағы мұрағатта, құжаттың бағалылығын сараптаудан өткізу және сараптау нәтижелерін өңдеу құжаттарды қабылдау тәртібінде жүргізіледі. Шартта құжатты сақтау режимі, түрі және ақпаратты тасушының ерекшеліктеріне әсері, ұйымның ведомстволық (жеке) мұрағат қызметінде материалдық-техникалық қамтамасыз ету талаптарына байланысты нормативтік параметрлері жазылған. Ғылыми және практикалық мақсатта қолданылатын құжаттардың түрі және ретіне байланысты сұрақтарын жазғанда ерекше назарға алынған, сонымен бірге Ұлттық мұрағат қоры құрамына қатысты мемлекеттік мұрағатқа сәйкес тұрақты сақталынатын құжаттарды жіберетін ұйым туралы да ерекше айтылған [2.57].

Жаңа редакцияда мұрағат анықтамаларын беретін мемлекеттік қызмет Стандарты қосымшаларымен бекітілген. Құжаттаманың және құжаттамалық басқарудың Үлгі ережесі қосымшасымен бірге мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, сонымен бірге Ұлттық мұрағат қорының және басқа мұрағат құжаттарын ведомстволық және жеке мұрағат құжаттарын қабылдау, сақтау, тіркеу және оны пайдалану Ережесі бекітілді. Осы Ереже арқасында құқықтық орнықтырудың байланыстары мұрағат ұйымдарымен – толықтыру көздерімен өзекті мәселелер шешілді [1.49]. Типтік ережеде нормалар, құжаттарды рәсімдеу мен дайындау заңдылықтары келтіріледі, 3 түрлі бланкіде ұйымдастырушылық және әкімшілік құжаттар енгізілді, құжаттардың реквизиттері талаптарды белгілейді. Өте көп тараған құжаттарды дайындау мен ерекшеліктері айрықша ескертіледі. Олар: бұйрық, хаттама, акт, анықтамалар және хаттар. Ұйымдардағы, құжаттарды қалыптастыру және тіркеу, оларды оперативті сақтау және ұйымның ведомстволық (жеке)

мұрағатына жіберудегі жұмыс номенклатураларын құру ретіне арнайы орын бөлінген [2.56]. Осы Ереженің жаңалығы келесідей қорытындыланады: ведомстволық және жеке мұрағат құрамына ғылыми-техникалық және аудиовизуалды құжаттама кіреді, сонымен қоса электронды тасушыдағы құжаттар, электронды құжаттардың бағалылығын сараптау тәртіптері бойынша сұрақтар қарастырылады, электронды құжаттаманы тіркеу мен тіркеуді жөнге келтіру және анықтамалық базалық деректер туралы сұрақтар қарастырылады. Бірақ, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық құжаттары электронды құжаттармен жұмыс үдерісінде пайда болған барлық сұрақтарды кең реттей алмайды [3.44-45].

2013 жылы ҚР «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңына 15 жыл толды. Осы уақыт аралығында мұрағат ісінің нормативтік базасы құрылды. Дегенмен нормативті базаларға және оның алдағы жетілуіне сараптама жасауға болады.

Қазақстан Ұлттық мұрағат қорының жалпы көлемі 2012 жылдың 1 шілдесіндегі жағдайы бойынша 20 миллионнан жоғары сақтау бірлігін құрады. Республиканың мұрағат мекемелері 2011 жылы және 2012 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз етуде әлеуметтік-құқықтық сипаты бойынша 450 мыңнан жоғары азаматтарға мұрағат анықтамалықтарын берді, оның ішінде 1476 шет ел мемлекеттерінің азаматтары мұрағат құжаттарын проапостилиндірді. 37 мыңнан аса саяси, экономикалық, республиканың және оның аймақтарының мәдени өсу бойынша сұрақтарға сауалнама жүргізілді. Көптеген ақпараттар оның құралдарында жарияланды және 1500 мақалалар мен теле-радиобағдарламалар жүргізілді. 15 мың құжаттар жинағы шығарылды. Оқу залдары арқылы 1 млн. іс қолданушыларға берілді. Осы аталған бір жарым жылда шамамен 93 мың іс қалпына келтірілді, мемлекеттік сақтауға беруге 440 мың іс дайындалды, мемлекеттік сақтауға 520 мың іс қабылданды [8.27].

Осылайша тәуелсіздік жылдарындағы республика мұрағат саласының нормативті-құқықтық реттелуін халықаралық талаптарға сәйкес жүргізілгендігін байқауға болады. Мұрағат ісінің заңнамалық негіздері ХХ ғасырдың соңынан бастап қалыптаса бастағанды және оның бірнеше бағыттарда жүргізілген. Мұның өзі мұрағаттардың қызметіне серпіліс беріп, жаңа бастамаларға ұмтылдырды.

---

1. Данник Л. Правовое и методическое обеспечение центрального государственного архива г. Алматы // Вопросы документооборота. – 2013, №6. – С.49.

2. Адельгужин А. О новых нормативных правовых актах в области делопроизводства и архивного дела//Делопроизводство в Казахстане. – 2012, №2. – С. 54.

3. Жусупов Е. Некоторые вопросы нормативно-правового регулирования и передачи электронных документов на государственное хранение//Вопросы документооборота. – 2011, №12. – С.42.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.

5. Ұлттық мұрағат қорлары және мұрағаттар туралы. Қазақстан Республикасының 1998 жыл 22 желтоқсандағы Заңы. №326-1// Егемен Қазақстан. – 1998 жыл, 29 желтоқсан.

6. Жусупов Е. Комментарий к закону РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам документационного обеспечения»// Делопроизводство в Казахстане. – 2009, №7. – С.46.

7. Единые правила комплектования, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда. – Астана, 2010.

8. Архивы Казахстана: современное состояние, проблемы и перспективы развития// Вопросы документооборота. – 2012, №10. – С.25.

### **ӘЛБЕКОВ С.Б.,**

дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының 1-курс магистранты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## **ШИНН ФЕЙН ПАРТИЯСЫ: ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Ирландия XVI ғасырдан бастап Англия корольдігінің, ал 1707 жылдан бері біріккен Британ корольдігінің үстемдігінің астында ХХ ғасырдың басына дейін болды. 1801 жылы Ирландия біріккен Британия мемлекетінің үш мүшесінің бірі болып жарияланды, Англия және Шотландия мен қатар. Дегенмен, Ирландия XVI-XX ғасырларда отар ел болды. Оның Азия, Африка және Америкадағы отарлардан ерекшелігі, Ирландия өзі батысеуропалық христиан мемлекеті бола тұра өзі секілді батысеуропалық мемлекет тарапынан жаулап алынып отарланды.

Осы отарлық кезеңдегі уақыт ішінде ирландықтар өздерінің тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күресті тоқтатқан емес. Алайда ХХ ғасырдың басына дейін тәуелсіздікті алу талпыныстары сәтсіз аяқталып отырды, дәл осы кезеңде ирландықтардың күрестерінде жаңа серпін орын алды, жаңа ұйымдар мен партиялар құрыла бастады. Сондай партиялардың бірі Шинн Фейн партиясы. Шинн

Фейн партиясы Ирландияның тәуелсіздік жолындағы күресінде маңызды рольге ие болды, сол себепті осы партияның құрылу тарихын және бағдарламасын талдау маңызды зерттеу болып келеді.

Шинн Фейн (аудармасы «Біз өзіміз») партиясы ұлтшыл ұстанымдағы қозғалыс болды, оның ресми құрылған уақыты 1905 жыл болып келеді. Партияның негізін қалаушы Эдинбургте дүниеге келген ирландық журналист Артур Гриффит (1872-1922 жж.). Гриффит Шинн Фейн партиясының негізгі ресми хабаршысына айналған бірнеше газеттерді шығарды, олар «Юнайтед айришмен» және «Шинн Фейн» басылымдары. Шинн Фейн партиясы Граттаның ескі концепциясына қайта оралды, олар Дублинде жеке Ирландия парламентін құрып осы парламент арқылы Вестминстерге қарсы тұруды көздеді, яғни парламент мүшелері негізінен ирланд ұлтшылдарынан құралып Вестминстерге бойкот жариялау керек болды. Бұл ұсыныс үлкен қолдауға ие болмады, алайда ирландықтардың осы ұсынысқа қатысты пікірлері әр түрлі болды. Шинфейнерлер ағылшын-бур соғысында британдықтар жеңіліп жатыр деп есептеді және жеңілгендерін қалады, бірақ 1900 жылы ирландықтар Дублинге келген королева Викторияны жақсы көңілмен қарсы алған болатын. Тіпті «Юнайтед айришмен» халық королеваны «жақсы қарсы алғанын» мойындауға мәжбүр болды [1].

Осы жәйттан кейін Шинн Фейн партиясының басшылары өздерінің тәуелсіздік үшін күрестегі тактикаларын өзгерте бастайды. Партия 1905 жылы ресми құрылғаннан үш жылдан кейін, яғни 1908 жылы, елдің тарихында алған рет партиялық бағдарлама ретінде жеке қаржыға сүйенген еркін экономикалық даму платформасын қалыптастырып ұсына алды.

Шинфейнерлер тарапынан гомрулерлердің абай, сақ ұстанымдары қатаң сынға ұшырады, протекционистік тарифтердің қорғауымен қарқын өндірістік даму талаптарының жоспары, ұлттық банктік және сақтандыру жүйелерін құру, өз сауда флотын, жергілікті табиғи ресурстардың икемді игеру және т.б. талаптары Шинн Фейн партиясына отаршылдық эксплуатацияның қатаң қарсыластарының көңілін аудартты [2].

Шинн Фейн партиясының бағдарламалық пункттерінің көбісі отарлық езгіні жою, Ирландияның жеке тәуелсіз өнеркәсібін қалыптастырып және дамытуға арналды, осы арқылы олар ирланд халқының шын мәніндегі тәуелсіздік алғанын қалады, тек қағаз жүзінде тәуелсіз болып экономикалық тұрғыдан Британияға тәуелді болғанын қаламады.

Шинфейнерлердің басшылары азат Ирландия елін құруды ойлады, бірақ метрополимен саяси қатынастарды үзбей, яғни Англия мен Ирландияны бір басшы билігіндегі монархия қылу көзделді, монарх британ королі болуы тиіс болды. Осылайша олар юнионшыл топтардың қолдауына ие болғылары келді. Шинн Фейн мүшелері өз мақсаттарына жету үшін жаппай күшсіз қарсыласу кампанияларын ұйымдастыру арқылы жетуді көздеді [2].

Шинфейнерлердің бұл қадамдары, яғни өз ықпалын арттыру үшін басқа да ирланд қозғалыстарының қолдауына ие болу мақсатымен біріккен корольдік құрамында қалу ұсыныстары логикалық тұрғыдан дұрыс болды. Себебі, жоғарыда айтылғандай, жалпы халық ішінде британ монархиясына деген жағымды көзқарас кең тараған еді, оны тіпті шинфейнерлердің ресми басылымы «Юнайтед айришмен» мойындауға мәжбүр болған еді. Осы себепті шинфейнерлер тәуелсіздікті алу жоспарын біраз өзгертілген түрде ұсынды, Британиядан мүлде бөлініп кетудің орнына кең түрдегі автономды, британ монархын өз ел басшысы ретінде мойындайтын мемлекет құру көзделді. Бірақ дегенмен бұл мемлекет ирланд халқының жеке ұлттық мемлекеті болуы тиіс еді.

Шинфейнерлер жұмысшылардың өздерінің әлеуметтік хұқықтары үшін күрестеріне, таптық күреске қарсы болды. Олар бұның орнына таптардан жоғарырақ идеяны ұсынды, ол бөтен британ үстемдігіне қарсы ирландықтардың «жалпы ұлттық бірігу» идеясы [2]. Шинфейнерлер ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі Ирландиядағы ұлт-азаттық күрестің көшбасшыларына айналады. Өз ықпалын арттыру мақсатындағы юнионистерге Британиямен бір монархия қарамағында қалу идеясын ұсынғандарына қарамастан, олар парламентаристік, республикашыл ұйым болды, бұл ұсынысты тактикалық әрекет деп қарастыруымызға болады. Осыдан кейін көптеген юнионистер шинфейнерлер қатарына қосылып оның оңшылдар тобын құрады, осылайша партия құрамында біртіндеп келіспеушіліктер мен қайшылықтар туа бастады. Оның негізгі себебі партияның көптеген мүшелері Ирландияның бір тұтас, яғни бүтін Ирланд аралын қамтитын ұлттық мемлекет болғанын қалады және британ үстемдігіне қарсы болды. Алайда шинфейнерлер арасында ұстанымдары жұмсақтау адамдар да болды, олар Британия мен қарым-қатынаста ондай қатты радикал және ұлтшыл болмады [3]. Шинфейнерлер құрамындағы осы оңшыл топ өкілдері 1921 жылы ағылшын-ирланд келісіміне қол қойған болатын, бұл келісім бойынша Ирландияның солтүстік аймақтары әлі де болса Британияның бақылауында қала берді, қалған Ирландия болса бөлек жеке Ирландия мемлекеті деп жарияланды, алайда әлі де болса Британия мен байланысын үзбеді. Бұл жағдай Шинн Фейн партиясының көптеген мүшелері ұнамады, себебі ол партияның тұтас, бөлінбес Ирландия мемлекеті түсінігіне қайшы келді [4]. Осы мәселеге байланысты Шинн Фейн партиясы бөлініп бұрынғы тұтастығын жоғалтады, алайда тұтас Ирландия идеясы сақталып қалды [5].

1. Ирландия: История страны / Питер Невилл ; пер. с англ. Н. Омелянович под ред. К. Ковешникова. – М.: Эксмо; СПб.: Мидград, 2009. – 352 с.
2. История Ирландии / Отв. ред. Л. И. Гольман. – М.: Мысль, 1980. – 390 с.
3. // [http://www.endic.ru/enc\\_sie/Shinfener](http://www.endic.ru/enc_sie/Shinfener)
4. Dillon M. 25 years of Terror. The IRA's War against the British. London, 1994.
5. Alvin Jackson. Ireland 1798-1998: War, Peace and Beyond. 2nd Ed. Wiley-Blackwell, Oxford, 2010.

**КАРИМОВА Д.К.,**

магистрант II – го курса, Факультет истории, археологии и этнологии,  
КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

### **ВЛИЯНИЕ КОЛОНИАЛЬНОГО ПРОШЛОГО НА ПРОЦЕСС НАЦИЕСТРОИТЕЛЬСТВА ИНДИИ**

В новейшее время для жизни и самосознания народов важное значение приобретает понятие нация. Возникновения наций – это формирование национального государства. Национальное строительство – это основополагающий компонент любого государства, условие его стабильности и самостоятельности. Появление общей идентичности и духа патриотизма, разделение всеми гражданами страны чувства сопричастности к судьбе своей страны, означает, что они являются нацией на основе единого гражданства. Особый интерес в этом отношении представляют истоки нациестроительства в Индии. На данный момент современную Индию называют страной с самой большой демократией мира.

Более века Индия была колонией Британской Империи, добившись независимости в 1947 году, она вступает на новый путь, где пост-колониальное прошлое до сих пор продолжает играть важную роль в процессе нациестроительства страны.

Индийская нация сложилась в политической борьбе с английским колониальным владычеством. Для ее создания потребовалось теоретическое обоснование, которое было выработано, по словам К. Янга, группой индийских интеллигентов – националистов «благодаря истолкованию истории в духе нового прочтения прошлого с точки зрения современных представлений» [1, с. 95]. Авторитетный текст, который дает такое истолкование, был написан в 1944 г., первым премьер-министром Индии Дж. Неру и назывался «Открытие Индии», книга была написана им в тюрьме, в момент, когда борьба за освобождение страны от колониального владычества близилась к победному завершению. В данном труде, автор рассказывает об истории освободительной борьбы, о культуре, религии, быте и традициях Индии. Также, автор выделяет важнейшие проблемы в жизни индийского народа [2].

Британское правление транслировало политические идеи, концепции и модели. Концепция правового государства, как модель демократической политической системы, основанная на разделении властей, и утверждающее свободу и достоинство верующих и неверующих людей, являются условия формального равенства личных прав, свободы самоорганизации. В основе этого лежит стремление верующих общин и их лидеров, в сохранении автономии и глубины веры [3, с. 177]. Состояние колониальной зависимости от Британии, развитой экономически и политически, стимулировало национальное самоопределение и идентичность, которые вывели на первый план индийскую политическую мысль категории нации. Ускорение развития политических процессов и политической мысли связаны с началом роста националистических настроений. Движение за свободу Индии, по замечанию Шошибхушона Чоудхури, было порождено реакцией против западного влияния желанием национального самоутверждения [4, с. 152].

Таким образом, необходимо отметить, что Британская модель демократической политической системы, нашли отражение в современной индийской Конституции, в которой говорится не только о свободе вероисповедания, но также, отмечаются равные права всех религий. Индийская Конституция дает возможность всем меньшинствам, определяемым по признаку религии или языка, создавать свои образовательные учреждения.

В 1935 году был принят Акт об устройстве Индии (Government Of India Act 1935), которой был направлен на создание сильной исполнительной власти и двух палат одинакового значения: нижняя палата олицетворяла единение народа, вторая, его многообразие и многонациональный характер. В акте подробно оговорено четкое разделение компетенции центра и штатов [5, с. 172]. Текст конституции 1950 года содержал значительную часть положений акта 1935 года.

Сейчас, Индия является федеративной республикой, состоящей из двадцати девяти штатов, шести союзных территорий и Национального столичного округа Дели. Все штаты и две союзные

территории (Пудучерри и Национальный столичный округ Дели) имеют собственное избираемое правительство. Остальные пять союзных территорий управляются администратором, назначаемым центральной властью, и, следовательно, находятся под прямым управлением президента Индии. [6]

Колонизация региона Южной Азии, Великобританией, которая началась в 18 в., и продолжавшаяся, в течение двух веков – вплоть до августа 1947 г., оказала огромное влияние на судьбы народа Индии. Одним из наследий, оставленных англичанами, здесь явился английский язык. Языковая политика Англии в Индии была разработана лордом Т.Б. Макколем, которая в 1835 г., получила статус закона. Согласно этому документу официальным языком колониальной администрации, образования, особенно на её высших ступенях и ряда других сфер, являлся английский язык. Это способствовало тому, что ко времени провозглашения независимости Индии в 1947 г. английский, занимал очень прочные, практически незаменимые позиции во всех высших структурах власти. Это и явилось основным фактором того, что в конституции Индии официальным языком наряду с хинди до 1965 года провозглашался английский. В 1956 году индийские штаты были реорганизованы согласно языковому признаку [7].

В сентябре 1957 года был создан Парламентский комитет по государственному языку, председателем которого утвержден министр внутренних дел Г.Б. Пант. Комитет должен был сообщить свое мнение президенту республики по поводу отчета Комиссии по государственному языку. Отчет Комитета был представлен президенту в апреле 1959 года. В нем предлагалось после 1965 года, когда хинди станет «основным государственным языком», сохранить английский язык в качестве государственного «вспомогательного языка для целей, которые должны быть определены парламентом, и на срок, являющийся необходимым» [8, с.524]. Комитет рекомендовал поручить центральному правительству, разработку плана перехода от английского языка к хинди. Однако, стало ясно, что 15-летний период, срок которого истек в 1965 году, недостаточен для замены английского языка языком хинди. На сессии парламента 1962 года было объявлено решение правительства о продлении срока замены английского языка на неопределенный период [8, с.525].

В настоящее время позиции английского языка, по сравнению с первыми пост – колониальными годами, еще более укрепились. Сегодня английский язык в Индии обладает высоким фактическим статусом. Он является основным языком в работе Централных (федеральных) и провинциальных институтов власти, судебных органов высшего звена, в школьном и, особенно, в высшем образовании. Основные официальные, деловые, финансовые и иные документы осуществляются на этом языке. Он занимает ведущие позиции в сфере науки, высоких технологий, коммуникации, средствах массовой информации. В городах резко возросло количество частных школ, где преподавание полностью ведется на английском языке. Сейчас в Индии практически нет такой отрасли, где бы широко не применялся английский язык. Есть еще один важный момент, который также способствует сохранению за английским языком прочных позиций – это наличие весьма влиятельной элиты, которые состоят из англоязычных чиновников, не желающих терять свою монополию в высших и средних эшелонах власти. Именно поэтому, они энергично выступают за то, чтобы сложившийся статус английского языка в языковой иерархии Индии оставался неизменным.

Первый парламент, на хинди называется Сансад (Sansad) был избран в апреле 1952 года, после первых всеобщих выборов 1951-1952 годов. Нижняя палата получила название Совет Штатов или Лок Сабха (Lok Sabha), а верхняя, Палата Народа или Раджая Сабха (Rajya Sabha). На данный момент «Раджая сабха», имеющая постоянный состав, состоит из 245 членов, чей мандат длится 6 лет. Большинство депутатов избираются в ходе непрямого голосования законодательными органами индийских штатов и территорий, пропорционально их населению. 543 из 545 депутатов «Лок сабхи» выбираются прямым всенародным голосованием на срок 5 лет. Остальные два члена назначаются президентом из англо-индийской общины в том случае, если президент полагает, что община не представлена в парламенте должным образом [9, с.129].

Исходя из вышесказанного колониальная политика Британской Империи, подарила Индии хорошо зарекомендовавшую себя на британских островах систему организации государственной власти. Необходимо отметить, что в индийском парламенте проявились все принципы деятельности парламента Великобритании [9, с. 127].

Конституция Индии была принята Учредительным собранием в конце 1949 года, через два года после достижения Индией независимости и вступила в силу 26 января 1950 года [10, с. 4]. Она является самой большой по объёму конституцией в мире. В конституции, Индия определяется как суверенная, социалистическая, светская либерально-демократическая республика, имеющая двухпалатный парламент, функционирующий по Вестминстерской парламентской модели. Государственная власть разделена на три ветви: законодательную, исполнительную и судебную. [11, с.28]. Главой государства является президент Индии, который избирается электоральной коллегией сроком на 5 лет путём непрямого голосования. Главой правительства является премьер-министр,



которому принадлежит основная исполнительная власть. Премьер-министр назначается президентом и, как правило, является кандидатом, поддерживаемым политической партией или политической коалицией, имеющей большинство мест в нижней палате парламента [12, с.116].

Таким образом, новый этап в истории Индии начался с того, что после достижения независимости в 1947 году, она выбрала демократическую форму государственного и общественного устройства. В связи с нациестроительством необходимо отметить, что проект собирания индийской политической нации на территориальных основаниях приобрел общенародный смысл благодаря активной работе лидеров Индийского Национального Конгресса. Фактически, источником нациестроительства Индии выступило право, история, религия и народная религиозная культура. Нация, как общность юридически равных граждан стала и нацией-семьей, нацией-общиной, нацией-домом, которая выражает религиозно-культурную самобытность. Влияние колониального исторического прошлого сыграло важную роль в становлении Индийского национального единства, которое впоследствии стало восприниматься как единство в многообразии, обретенное во многом через солидарность традиционного общества.

1. К.Янг «Диалектика культурного плюрализма: концепция и реальность» // Этничность и власть в полиэтничных государствах: Сб. статей. М.: Наука, 1994
2. Дж. Неру «Открытие Индии»: М.: Издательство иностранной литературы, 1955., с.681
3. Е. Б. Рашковский На оси времен. Очерки философии истории. М., Прогресс-Традиция. 1999.
4. Studies in the Bengal Renaissance / Ed. by A. Gupta. Calcutta: Jadavpur University, 1958.
5. К.А. Антонова История Индии. – М.: 1977.
6. <http://www.webcitation.org/6174V7WHm>
7. States Reorganisation Act, 1956. Constitution of India
8. K.M. Matthew Manorama Yearbook 2003. — Malayala Manorama, 2006.
9. Gledhill Alan. The Republic of India: The Development of Its Laws and Constitution. — 2nd edition. — Stevens and Sons, 1964
10. Pylee Moolamattom Varkey. The Longest Constitutional Document // Constitutional Government in India. — 2nd edition. — S. Chand, 2004.
11. K.C. Wheare Federal Government. — 4th edition. — Oxford University Press, 1964.
12. Sharma, Ram (1950). «Cabinet Government in India». Parliamentary Affairs 4 (1)

### **ЖОЛДАСОВ А.Т.,**

дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының 2-курс магистранты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

### **БӨКЕЙ ЖӘНЕ ЖӘНГІР ХАНДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРЫНЫ: АЛҒАШҚЫ МҰРАҒАТ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Бөкей хандығы құрылып, дамыған XIX ғасыр жалпы қазақ қоғамы өмірінің күрт өзгерістерге ұшыраған кезеңі. Бұл уақытта қазақтың дәстүрлі көшпелі өмірінің шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуындағы күрделі өзгерістер алдымен, Бөкей хандығының XIX ғасырындағы тарихынан көрініс тапты. Хандық тарихына қатысты материалдар оның территориялық аумағындағы әлеуметтік-экономикалық өмір тынысының бастауларын Кіші жүздің XVIII ғасырдағы тарихына бойлап енуді қажет етеді.

1801 жылы құрылған Бөкей хандығында ішкі-сыртқы факторлар әсерінен әлеуметтік қатынастар өз дамуының жаңа түріне ене бастады. Хандық халқының көз алдында өзгеріп жатқан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі қоғамның дәстүрлі белгілерінен қазақтардың бас тартуы өте қиындықпен жүрді. Капиталистік тауар-ақша қатынасының дендеп енуі, жерді тартып алушылық, тағы басқа көріністер шаруашылықта дағдарысты күшейтіп, көшпелілердің тұрмыс деңгейін құлдыратты, нәтижесінде дәстүрлі қоғамдық құрылымды дағдарысқа ұшыратты. Отаршылдық саясаттың экстенсивті көшпелі мал шаруашылығына килігіп араласуы, хандық қазақтарының әлеуметтік дамуына әсер етті.

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңіндегі үлкен өзгерістер, әсіресе рухани салада ерекше өзгерістер болып жатыр. Халықтар тарихындағы мәдениеттің маңызы мен ролі қайта зерделенуде. Адамзат гуманистік дамудың басты негізі мәдениет екенін түсінуде. Қазақстанның қазіргі жалпы ұлттық мәдениетінің дамуы мен қайта өрлеуі қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін түсіну арқылы, халықтың тарихи және этномәдени жадын жаңғырту арқылы жүзеге асады. Бұл салада Бөкей хандығының мәдени мұрасын зерттеудің тарихи маңызы зор. Шындығында да XIX ғасырда Бөкей хандығы материалдық және рухани мәдениетінің дамуымен ерекшеленеді. Бөкей хандығы Қазақстандағы бүкіл мәдени ұжымдардағы істердің қолға алынуына негіз болды.

Бөкей хандығындағы мәдени өмірде “Қару – жарак палатасының” орны зор болды. Бұл қару – жарак үлгілері жиналған мұражай тектес бөлме еді. Қару – жарак палатасын ұйымдастыру туралы ой ханға 1827 жылы Петербург қаласында болып, астана мұражайларын көргеннен кейін туған еді. 1828 жылы хан Жанқұста 23 бөлмеден тұратын сарай салды. Оның бір бөлмесі мұражайға бөлінді. Хан әр түрлі сирек заттарда, тарихи жәдігерліктерді әсіресе отбасы үшін қымбат заттар мен қару-жарақтарды сұрап тума-туысқандарына хат жазады. Жәңгір ханның әкесі Бөкей хан әулеттің үлкені ретінде, отбасылық жәдігерліктерді, қымбат сыйлықтарды сақтаған екен. Бөкей ханның мұралары “Қару -жарак палатасының” негізін құрады. Ханның замандастарының айтуынша қару-жарак палатасының төрінде қызыл ағаштан жасалған кең шкаф тұрды. Оның ішінде әр түрлі қару-жарак түрлері, винтовка, семсер, қылыш, қанжарлар ілініп тұратын. Бұлардың ішінде екі қылыш болды. Қымбат тастармен әшекейленген бұл қылыштар патша сыйлығы болатын. Сонымен қатар мұнда жылқы әбзелдері, ер-тұрмандар, күнделікті өмірде сирек кездесетін күміспен, қымбат тастармен әшекейленген заттар тұратын. Архивте мұражай коллекциясының бағасы туралы мәлімет бар; мылтық және суық қару – 6415 сом 75 тиын күміс, ат әбзелдері 1600 сом күміспен. Хандықтағы бірінші штаб-лекарь Александр Сергачев. Ол Қазан университетінің медицина факультетін аяқтап 1832 ж. көктемінде хан Ордасына келді. 3 жылдан кейін ол Саратов губерниясының ояздық дәрігері болып тағайындалды. Ал 1838 жылы қайтадан Ішкі Қырғыз Ордасы ханының дәрігері болып бекіді. 1840 жылдардың басында оны лекарь Евланов ауыстырды. 1848 жылы Орда дәрігері болып А.Г. Тунорев бекіді. Қазақ даласындағы бірінші дәрігерлік пункт осылай қалыптасты. 1840 жылы ханның кепілдемесі бойынша Бөкей хандығына мал дәрігері Константин Петрович Ольдеков жіберілді. Ол Санкт-Петербургтегі дәрігер – хирургиялық академиясының толық курсы тәмамдаған еді. Мал дәрігерлік қызметте және ағарту ісінің тарихында көптеген жақсы бастамалар осы кісінің атымен байланысты. 1848жылы хан Астраханнан шешекке қарсы егуші татар Абдулмамак Юсуповты шақырды. Ол қазақ жастарын шешекке қарсы егуге үйретті [1]. Ішкі Ордадағы игілі істердің негізін қалаған тұлғалар Бөкей мен оның баласы Жәңгір туралы, олардың тұлғалық бейнесін танытуды жөн көріп отырмыз.

